Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ: 37.018.8.011.3-052.005.336.5 Қолжазба құқығында

**КАСТАЕВ СЕРИК КАНАТОВИЧ**

# Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
Беркимбаев К.М.
пед. ғыл. док., проф.
Нышанова С.Т.
пед. ғыл. канд., доц.

Шетелдік ғылыми кеңесші
Гриншкун В.В.
пед. ғыл. док., проф.

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2025

**МАЗМҰНЫ**

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР** 3
**АНЫҚТАМАЛАР** 4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** 5
**КІРІСПЕ** 6
**1 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ІСКЕРЛІКТЕРІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** 15
1.1 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру мәселесінің зерттелуі 15
1.2 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы педагогикалық тапсырмалар технологиясы 26
1.3 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары 43
**2 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ІСКЕРЛІКТЕРІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** 58
2.1 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұны 58
2.2 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмалар технологиясының дидактикалық мүмкіндіктері 74
2.3 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі 91
**3 ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ** 102
3.1 «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» элективтік курс бағдарламасын жүзеге асыру әдістемесі 102
3.2 Педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігінің қалыптасу деңгейін диагностикалау 125
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелері 140
**ҚОРЫТЫНДЫ** 161
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** 164
**ҚОСЫМШАЛАР** 180

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысы (ҚР Үкіметінің 03.06.2020 № 346 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы (ҚР 24.11.2021 №75-VII Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.11.2022 №145 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Астана. 18 ақпан, №407-IV, 2011.

«Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің м.а. 2022 жылғы 15-желтоқсандағы №500 бұйрығымен бекітілген.

«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Педагогикалық үдерісс -** динамикалық жүйе, оның жүйе түзуші факторы педагогикалық мақсат, ал жалпы сапасы - мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі болып табылады. Педагогикалық үдерісс - педагог үшін негізгі жобалау объектісі.

**Оқыту -** бұл педагогикалық үдерістің нақты жолы, оның барысында арнайы дайындалған адамның (педагог, насихаттаушы және т.б.) басшылығымен жеке тұлғаны тәрбиелеумен және дамытумен тығыз байланыста тәрбиелеудің әлеуметтік негізделген міндеттері жүзеге асырылады. Оқыту - екі жақты үдерісс.

**Педагогикалық жағдаят -** бұл белгілі бір уақытта және белгілі бір кеңістікте оның жағдайын сипаттайтын педагогикалық үдерістің ажырамас бөлігі.

**Педагогикалық тапсырма** оқу үдерісінде білім алушының оқу іс-әрекетін белсенді ету және дамыту мақсатында пайдаланатын сұрақтар, есептер және басқа да құралдар сияқты ұғымдар жіктемесін қамтиды.

**Оқу тапсырмалары -** оқу нәтижелеріне қойылатын талаптар формасы. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылау үшін қолданылады. Оқу тапсырмалары мұғалімнің нұсқауы бойынша оқушылар орындайтын өзіндік оқу жұмысының мазмұны мен көлемі бойынша әр түрлі, оқу үдерісінің ажырамас бөлігі және оны белсендірудің маңызды құралы.

**Ұйымдастырушылық білім -** ақпараттың жиынтығы, ұйымдастырушылық жұмыс саласындағы білім, оқу іс-әрекетінің мақсаттары мен міндеттерін түсіну, жеке тұлға мен ұжымның ерекшеліктерін білу, ұйымдастырушылық жұмыс ережелері.

**Ұйымдастырушылық іскерлік -** оқу-тәрбие міндеттерін орындау мақсатында ұжым іс-әрекетін реттеуге бағытталған білім мен тәжірибе негізінде практикалық әрекеттер жүйесін жүзеге асыруға дайындық.

**Педагогикалық іскерлік дегеніміз** – бұл белгілі бір қатынастармен байланысты және өзгермелі жағдайларда педагогикалық мәселелерді шешуге бағытталған педагогикалық ықпал ету жүйелері.

**Оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігі -** оқыту мақсаттары мен анықталған нәтижеге сәйкес оқыту үдерісін жүзеге асыруда ұжым мен жеке оқушыға интериоризацияланған әдістер мен тәсілдер арқылы тиімді педагогикалық ықпал ету.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР - Қазақстан Республикасы

ҚР МЖМБС - Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЖОО - жоғары оқу орны

АКТ- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

М.Әуезов атындағы ОҚУ- М. Әузов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ОҚМПУ - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

БӨЖ - білім алушының өзіндік жұмысы

ОББӨЖ - оқытушының басшылығымен орындайтын білім алушының өзіндік жұмысы

МОӘК - мамандықтың оқу-әдістемелік кешені

ПОӘК - пәннің оқу-әдістемелік кешені

ПТ – педагогикалық тапсырма

ЭТ- эксперимент тобы

БТ- бақылау тобы

# КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Қоғам өмірінің барлық салаларын жаңарту жағдайында мұғалімнің атқаратын функциясы едәуір күрделене түсуде. Қазіргі заманауи мектепке өзінің кәсіби қызметін модельдеуге және жүйелі түрде жетілдіруге, педагогикалық үдеріске ғылым мен инновациялық практиканың жетістіктерін тез және тиімді енгізуге қабілетті жоғары оқу орындарында кәсіби мамандарды дайындау қажеттігі туындап отыр. Болашақ мұғалімдерді даярлауда оның кәсіби құзыреттерінің, яғни ұйымдастырушылық, көшбасшылық, креативтілік, шығармашылық, метапәндік және т.б. іскерліктерінің қалыптасуы жолында орта мектептегі заманауи оқушы моделін күшейтуге қызмет ететіні белгілі.

Еліміздегі білім беруді модернизациялаудың негізгі бағыты ашықтыққа, жалпы адамзаттық құндылықтарға бағдарлануымен, оқыту мен тәрбие үдерісін интеграциялануымен сипатталады, бұл болашақ мұғалімдерді даярлау ісінде кәсіби білімі мен оқу-тәрбие іс-әрекетін, ұйымдастырушылық іскерлігі мен жеке тұлғалық сапалық қасиеттерінің қалыптасуын талап етеді.

Осы орайда болашақ педагогтерді даярлауда бағдар алатын басты құжаттардың бірі «Педагог» кәсіптік стандарты болады. Аталған құжаттағы «Педагогтің кәсіптік құзыреттілігінің шеңбері» бойынша: «Қоғамдастықпен ынтымақтастықта технологиялар мен ресурстарды қолдана отырып, барлық білім алушылар үшін қауіпсіз, қолайлы ортаны және оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізу бойынша нәтижелі процесті ұйымдастырады» деген құзыреттерді береді және соған сәйкесінше түзілген көрсеткіштің бірі ретінде «оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына сәйкес білім беру процесін құрылымдауды» негіздейді [1]. Ендеше, болашақ мұғалімдердің инновациялық технологияларды, педагогикалық түрлі ресурстарды меңгеріп, оқушы үшін қолайлы орта жасауға даярлығын міндеттейді. Ал білім субъектілері үшін қолайлы орта, бұл сабақты дұрыс құрылымдау, кез-келген сабақ үдерісін шығармашылықпен ұйымдастыру, берілетін тапсырма түрлерін қызықты әрі тиімді ұйымдастыру болып саналады.

Болашақ мұғалімдерді даярлауға қойылған міндеттерді шешу мемлекеттік нормативтік құжаттарда, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында білім беру мазмұнына қойылатын талаптарға «білім мазмұнының академиялық және практикалық бағыттылығы арасындағы тепе-теңдікті сақтау» деп көрсетіледі [2]. Мұндағы академиялық және практикалық бағыттылықтың маңызын арттыруда болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігінің рөлі жоғары.

Сондай-ақ «Педагог мәртебесі туралы» Заңында педагогтерді «өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға» міндеттейді [3]. Аталған сыртқы нормативтік құжаттарға сәйкес ЖОО-да оқу үдерісін ұйымдастыру жүзеге асырылады.

Қазақстан Репсубликасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасындағы Университеттің үшінші миссиясы: «Білім беру және жастарды тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік

саясаттың мақсаттарына, мазмұнына және қол жеткізілген нәтижелеріне сай келетін студенттерді тәрбиелеудің кешенді жүйесі құрылатын болады» деп берілді [4]. Осы орайдағы қазіргі ЖОО-да оқуды жетілдірудің мүмкін болатын жолдарының бірі – болашақ мұғалімдердің заманауи педагогикалық тапсырмаларды орындауы мен оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін жетілдіру болып табылады. Бұл өз кезегінде білім беру қызметін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық білігінің болуы университеттің үшінші миссиясын дамытудағы субъективті бағдарламалық идеялардың іске асырылуына ықпалы жоғары екендігі алға шығарылады.

Зерттеулер көрсеткендей, қазіргі уақытта педагогикалық жоғары оқу орындарында мектептегі оқу жұмыстарының табысты болуы үшін қажетті оқыту іс-әрекеті бойынша олардың ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруға жеткілікті көңіл бөлінуде. Мұндай дайындықты жүзеге асыру құралдарының бірі - педагогикалық тапсырмаларды ЖОО-да қолдану.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру мәселесі психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде жеткілікті қарастырыл-ғаны байқалады. Осы салада теориялық зерттеулер жүргізілген, ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру үшін әртүрлі жұмыс түрлерін қолдануды көрсететін практикалық тәжірибе жинақталған. Десек те, оқушылардың оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастырудағы педагогикалық тапсырмалардың рөлі мен әлеуеті толығымен ашылмаған. Болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру үдерісінде педагогикалық тапсырмаларды қолдану ерекшеліктерін зерттеу қажет. Педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің оқыту үдерісін ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастырудың мол мүмкіндіктері бар. Сонымен, әлеуметтік өзгерістер мен білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында кәсіптік білім беруді дамыту ұйымдастырушылық іскерліктерді жүзеге асыруға қабілетті мұғалімдерді даярлауды талап етеді.

Педагогика ғылымын дамытуда болашақ мұғалімдердің педагогикалық шығармашылығы мәселесі В.И. Загвязинский [5], В.А. Кан-калик [6] және т.б. зерттеулерінде көрініс тапты және педагог шеберлігінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде ұйымдастырушылық іскерліктер Ф.А. Гоноболин [7], В.А. Сластенин [8] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. Студенттерде педагогикалық іскерліктердің тізбесін және оларды қалыптастыру жолдарын анықтауға байланысты мәселелер С.И. Архангельский [9], О.А. Абдуллина [10], С.И. Киселгоф [11], М.А. Кудайкулов [12], Н.В. Кузьмина [13,14], И.Т. Огородников [15], А.И. Щербаков [16] және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қамтылады.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастыру іскерліктері мен қабілеттерін қалыптастыруды зерттеген Б.Д. Красовский [17], В.М. Минияров [18], М.Ю. Забияко [19], С.В. Иванова [20] және т.б. педагог-ғалымдардың еңбектері біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыз үшін қызығушылық танытатын және басшылыққа алатын ғылыми еңбектер ретінде қарастырылады.

Болашақ мұғалімдерді даярлаудың түрлі аспектілерін зерттеумен Н.Д. Хмель [21], К.А. Дуйсенбаев [22], Қ.Бөлеев [23], К.Беркимбаев [24], Б.А. Тұрғынбаева [25], С.К. Абильдина [26], Ш.Ж. Колумбаева [27], А.С. Косшыгулова [28] және т.б. педагог-ғалымдар шұғылданды.

Жоғары оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау жағдайында тапсырмалардың педагогикалық ықпалы және оларды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану ағартушылар мен ғалымдарды біраз уақыттан бері қызықтырып келеді. Педагогикалық тапсырмалардың болмысты тану мен іс-әрекет түрлерін бағдарлы меңгертуге бағытталуын, адамның қоршаған шындықпен өзара әрекеттесуінің ерекше тәсілі ретінде Я.А. Коменский [29], Ж.Ж. Руссо [30], И.Г. Песталоцци [31] және басқа да көрнекті ойшылдар анықтады.

К.Д. Ушинский [32], С.Т. Шацкий [33], А.С. Макаренко [34], В.А. Сухомлинский [35] және басқалардың еңбектерінде педагогикалық тапсырмаларды түзетін оқу міндеттерін, тапсырмаларды орындаудағы психологиялық, педагогикалық аспектілері ашылды.

Қазақ ағартушылары, олардың ішінде А. Құнанбаев [36] өзінің қара сөздерінде тұлғаның дамуы, өзін дамытуы, үшқыр ойлылығы мен білім, ғылымға ден қоюы секілді мәселені көтереді, ал Ы.Алтынсарын [37], А. Байтұрсынов [38], М.Жұмабаев [39] және т.б. өздерінің еңбектерінде тапсырмалар, оның ішінде практикалық сипатты тапсырмалар негізінде тұлғаны жан-жақты тәрбиелеу мен дамыту, танымдық белсенділікті арттыруды қарастырғаны белгілі.

Шетелдік педагогтер мен психологтар тапсырмалардың оқыту үдерісіне және жеке тұлғаның дайындығы мен кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруға әсерін зерттеді. Бұл аспектіде Richardson M.W. [40], Brindley J.Бриндли [41], Prabhu, N.S. [42], Anderson A. & Lynch T. [43], Ellis R. [44], Handoyo P.W. [45], Agnes W. [46] және басқа да зерттеушілерді атап көрсетуге болады.

Педагогикалық тапсырмалардың түрі және олардың мазмұндық сипаты, оқыту мен бағалау жөнінде Н.И. Кондаков [47], Л.М. Фридман [48], В.И. Гинецинский [49], В.С. Аванесов [50], С. Барр [51], П.И. Пидкасистый [52], Т.И. Шамова [53], С.Я. Батышев пен С.А. Шапоринский [54], Д.Д.Зуев [55], Е.Т.Коробов [56], В.А. Онищук [57]. Г.С. Костюк [58] және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері негізге алынады.

Болашақ мұғалімдерді даярлауда педагогикалық тапсырмаларды (оның ішінде сұрақтарды және жүйелі педагогикалық іс-әрекет түрлерін айқындау бойынша) З.И. Васильева, Т.К. Ахаян [59], В.А.Аванесов [60], Ю.К. Гуськов, Н.Н. Кобозев [61], И.А. Зязюн [62], Г.Т. Хайруллин, Н.Д. Хмель, А.А. Бейсенбаева, Т.С. Сабыров [63] және т.б. зерттеушілер өзіндік тұжырымдарын береді. Ал, педагогикалық технологиялар мәселесін әзірлеумен В.П. Беспалько [64,65], М.В. Кларин [66], В.М. Шепель, Н.Е. Щуркова [67] және басқалар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ғалымдардың еңбектерін талдау білім беру саласында педагогикалық тапсырма түрлерін қолдану, болашақ мұғалімдерді даярлау мәселелерінің

теориялық негіздерін құрап, болашақ мұғалімдерді даярлаудағы генерациялық идеяларды ортаға тастайды.

ЖОО жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлау саласындағы зерттеулер білім беру ортасын қалыптастыру, оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру үшін мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерінің қажеттілігін көрсетіп, ЖОО-да жаппай педагог-таланттарды дайындауды міндеттейді. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде даярлау, жалпы білім беретін мекемелерде болашақта оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мәселелерін шешуге, алған іскерліктері негізінде нәтижелі оқыту үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу тақырыбы және жазылған ғылыми әдебиеттерді зерделеу барысында біз, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде даярлау мәселесі толық мәнді зерттелмегеніне көз жеткіздік.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруда:

- студенттердің ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмаларды пайдаланудың мүмкіндік деңгейінің болуы және оларды болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісінде пайдаланудың жеткіліксіздігі;
- педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру қажеттілігі мен оның теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделмеуі;
- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру мүмкіндіктерінің болуы және ол бойынша арнайы әдістеменің болмауының арасындағы **қарама-қайшылықтарды** көруге болады.

Айқындалған қарама-қайшылықтарды шешу, бізге педагогикалық тапсырмаларды орындау біртұтас құбылыс ретінде танып, болашақ мұғалімнің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруға дайындығын қалыптастыру жүйесінің қажетті бөлігі ретінде кәсіби-педагогикалық дайындық теориясы мен практикасында жеткіліксіз зерттелгендігін анықтап, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың әдістемесін дайындауды зерттеу мәселесі ретінде ұсынып, зерттеу тақырыбын: **«Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру»** деп таңдауға негіз болды.

**Зерттеу мақсаты:** болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін әзірлеу және оны эксперимент жүзінде тәжірибеден өткізу.

**Зерттеу нысаны:** ЖОО-дағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

**Зерттеу пәні:** болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың әдістемесі.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** егер, педагогикалық тапсырмалар арқылы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалса, «болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігі» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланса, соған сәйкес қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оларды шығармашылықпен жүзеге асыру әдістемесі жасалса және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысында тексерілсе, онда педагогикалық тапсырмалар арқылы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың жоғары деңгейі қамтамасыз етіледі, өйткені, аталған кәсіби даярлық мазмұндық-мақсаттық, іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік аспектілер тұрғысынан қамтамасыздандырылады.

**Зерттеу міндеттері**

- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;
- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұнын нақтылау;
- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;
- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

**Зерттеудің жетекші идеясы**

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету болашақ педагогтерді кәсіби даярлау жүйесінде педагогикалық тапсырмаларды қолдану барысына байланысты.

**Зерттеудің жалпы теориялық және әдіснамалық негізін:** педагог тұлғасының субъективті даму теориясы; мұғалімнің жеке тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру теориясы мен білім берудегі іс-әрекеттік тұғыры ((Л.С.Выготский [68], П.Я.Гальперин [69], А.Н.Леонтьев [70], В.В.Давыдов [71], И.А.Зимняя [72], С.М.Джакупов [73], Ш.Т.Таубаева [74,75] және т.б.), оның негізін тұлға теориясы мен іс-әрекет теориясы (К.А. Абульханова-Славская, Б.Г.Ананьев, Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, А.Н. Леонтьев, С.А.Рубинштейн); педагогикалық технологияның теориялары мен практикасы (В.П.Беспалько, М.В.Кларин, М.А.Чошанов және т.б.); модельдеу теориялары (К.Б.Батроев, А.У.Варданян, М.Вартофский, Ю.А.Гастаев, Б.А. Глинский, Б.С.Грязнов, В.В.Давыдов, В.А.Стофф және т.б.); кәсіби-шығармашылық іс-әрекет теориялары (В.И.Андреев, Ю.К.Бабанский, В.П. Беспалько, В.А.Кан-Калик, Н.Д.Никандров, П.И.Пидкасистый, В.А.Сластенин, А.Б.Усова және т.б.); педагогикалық тапсырмаларды әзірлеу және оларды қолдану бойынша идеялар мен ережелер, педагогикалық тапсырмаларады қолдану теориясы (В.А. Аванесов және т.б.) құрайды.

**Зерттеу көздері.** Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; Педагогикалық іс-әрекет саласындағы қызметкерлер мен оларға теңестірілген

тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы; «Педагог» кәсіптік стандарты; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын» бекіту туралы (2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы); Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы; Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; ТМД елдерінің және еліміздің ғылыми-педагогикалық, мерзімдік басылымдары; пәндердің оқу бағдарламалары; зерттеу тақырыбына сәйкес оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдары; автордың жеке іс-тәжірибелері мен жарық көрген ғылыми-педагогикалық және әдістемелік еңбектері.

**Зерттеу әдістері:**

- теориялық әдістер (зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, диссертациялар мен мерзімдік ғылыми басылымдарды зерделеу, нормативті-құқықтық құжаттарды талдау; талдап қорыту, модельдеу);
- эмпирикалық әдістер (бақылау, сауалнама, сұрақ-жауап, тестілеу; анықтау, қалыптастыру, бақылаушы эксперимент түрлерін ұйымдастыру); зерттеу барысында алынған мәліметтерді математикалық-статистикалық әдістер арқылы өңдеу.

**Зерттеу базасы:** Эксперимент жұмыстары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті.

**Зерттеудің негізгі кезеңдері:**

**Бірінші кезең (2019-2020 жылдар)** – болжамды-іздестіру кезеңі. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру мәселесінің жай-күйі зерттелді. Бұл кезеңде философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге, оның ішінде осы мәселе бойынша диссертациялық зерттеулерге теориялық талдау жасалды. Сонымен қатар, ЖОО педагогикалық білім беру бағдарламаларында педагогикалық тапсырмаларды қолдану тәжірибесі талданды. Зерттеудің объектісі, пәні, мақсаты мен міндеттері анықталды, жұмыс болжамы ұсынылды, тұжырымдамалық аппарат нақтыланды. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмаларды қолдану жүзеге асырылды. Эксперименттің анықтаушы кезеңі жүргізілді. Осы кезеңдегі зерттеудің жетекші әдістері: әдебиеттерді теориялық талдау, жоғары мектептің нормативтік құжаттары мен оқу бағдарламаларын талдау, эксперимент, бақылау, сауалнама, тестілеу, модельдеу.

**Екінші кезең (2020-2021 жылдар)** – теориялық-эксперименттік кезеңі. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тапсырмалар мазмұны жасалды және әзірленді. Педагогикалық тапсырмаларды пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруды сынақтан өткізу мақсатында эксперименттің қалыптастырушы кезеңі жүргізілді.

Тапсырмаларды пайдаланудың жеке компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін тексеру және өңдеу жүзеге асырылды. Бұл кезеңде ғылыми зерттеудің келесі әдістері қолданылды: эксперимент, модельдеу, іс-әрекет өнімдерін талдау, математикалық-статистикалық өңдеу әдісі.

**Үшінші кезең (2021-2022 жылдар)** – жалпылау кезеңі. Эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау және жалпылау жүргізілді, соның негізінде зерттеу мәселесі бойынша қорытындылар тұжырымдалды. Диссертациялық ресімдеу және зерттеу нәтижелерін жоғары мектеп жұмысының тәжірибесіне енгізу жүзеге асырылды. Зерттеудің негізгі әдістері: зерттеу және педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелері мен өнімдерін талдау және математикалық статистика әдістері.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы**

1.Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды. Осы мәселені жүзеге асырудағы педагогикалық тапсырмалар технологиясы анықталып, басты әдіснамалық тұғырлар негізделді.

2.Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұны нақтыланды.

3.Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді.

4.Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы**

- «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» элективтік курс бағдарламасы жасалды және оқу үдерісіне ендірілді;

- болашақ мұғалімдердің оқыту ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсымалар негізінде қалыптастыруға бағытталған «Педагогикалық тапсырмалар» оқу әдістемелік құралы әзірленіп, эксперимент жүргізілген ЖОО тәжірибесіне ендірілді.

Диссертациялық зерттеу жұмысында қол жеткізілген ғылыми нәтижелерді және әдістемелік ұсыныстарды, педагогикалық тапсырма түрлерін жалпы білім беретін мектептердің, педагогикалық орта арнаулы және жоғары оқу орындарының тәжірибесінде, педагогтердің біліктілігін арттыру және педагогтердің кәсіби даму орталықтарында пайдалануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар**

1. Мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері мен оқу-тәрбие үдерісінің құраушылары педагогикалық тапсырмалар түрлері мен мазмұнын, технологиясын анықтайды және оларды ЖОО пайдалану болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін жетілдіру құралы ретінде қарастырылады.

2. «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері дегеніміз білім алушылардың қалыптастырылған құндылықтары тұрғысынан ұйымдастырушылық білімі мен іскерліктерін педагогикалық міндеттерді шешу мақсатында оқушылар тобының іс-әрекетін жобалауға, ұйымдастыруға, реттеуге бағытталған практикалық әрекеттерді саналы, нәтижелі және уақтылы орындай алуы (дайындық құраушысы ретінде)». Оқу үдерісінде дайындық құраушысын жүзеге асырудағы педагогикалық тапсырмалар болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың тиімділігіне кепілдік беретін ерекшеліктерді ескеру шеңберінде ғана сәтті болады (тапсырманы: мақсатты орындау ортасы; орындауда игерудің белгілі бір үйлесімі мен реттілігі; «саналы сезіну» жағдайы; саналы орындаушы тұрғысынан ретті меңгеруі).

3. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі оқушылардың іс-әрекетін жобалауға, ұйымдастыруға, реттеуге бағытталған практикалық әрекеттер бойынша болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық білімі мен іскерліктерінің және қалыптастырылатын құндылықтарының дамуын қамтиды; аталған іскерлікті қалыптастырудағы іс-әрекет құрылымына сәйкес анықталған мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік және рефлексивтік-бағалаушылық құраушылардың көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтайды; олардың жүзеге асырылуын мазмұндық-мақсаттық, іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік тұрғыдан қамтамасыз етіледі.

4. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру әдістемесі: оқытудың технологиялық картасы негізінде жобаланып, ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды қолдану, оқыту техникасын жүзеге асыру тұрғысынан пайдалануға негізделеді және төмендегіше жүзеге асырылады: болашақ мұғалімдерді оқыту және оқушылардың іс-әрекеті, олардың құраушылары туралы теориялық мағлұматтармен каруландыру, мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктері жөніндегі мағлұматтарды меңгерту, оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру үдерістерін жүзеге асыратын мұғалімнің даярлығымен мақсатты таныстыру, оқу-тәрбие іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша білімдер мен іскерліктерді практикалық әрекеттер (практикалық тапсырмалар) негізінде студенттердің меңгеруін қамтамасыз ету, ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруда жүзеге асыру. «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» атты элективті курсты, «Педагогикалық тапсырмалар» атты оқу-әдістемелік құралдарындағы сұрақтарды (деңгейлік), педагогикалық міндеттерді, тесттік және оқу тапсырмаларын болашақ мұғалімдерге біз ұсынған формалар, әдістермен кезеңдеп меңгерту барысында әдістеменің тиімділігі артады.

**Диссертациялық зерттеу нәтижелерін тәжірибеде сынақтан өткізу және ендіру** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Педагогика және психология кафедрасының отырысында, ғылыми семинарларда, сонымен қатар, 7 халықаралық ғылыми-тәжірибелік және ғылыми-теориялық конференцияларда талқыланды. Сонымен қатар зерттеудің

нәтижелері мен қорытындылары 8 мақалада, соның ішінде 4-еуі ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда, ал 4-еуі Scopus мәліметтер базасына енетін журналда жарияланды.

**Диссертация құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық жұмыстың құрылымы нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, белгілеулерден, қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшалардан тұрады.

Зерттеу жұмысының кіріспесінде зерттеу тақырыбының өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, нысаны, пәні, болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негіздері, зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық пен тәжірибелік маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеудің әдістері, базасы мен кезеңдері баяндалады.

**«Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың ғылыми-практикалық және әдіснамалық негіздері»** атты бірінші бөлімде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру мәселесіне тарихи-педагогикалық талдау жасалады, зерттеп отырған даярлықты қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тапсырмалар технологиясы айқындалады және зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мазмұндалады.

**«Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың теориялық негіздері»** атты екінші бөлімде зерттеу міндеттеріне сәйкес болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұны және болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмалар технологиясының дидактикалық мүмкіндіктері айқындалады. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, ғылыми тұрғыда негізделді.

**«Тәжірибелік-эксперимент жұмысының мазмұны мен нәтижелері»** атты үшінші бөлімде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» элективтік курс бағдарламасын жүзеге асыру әдістемесі мазмұндалды, педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігінің қалыптасуы деңгейін диагностикалау сипатталды, әзірленген әдістемені сынақтан өткізу бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасы, ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруды бағалаудың деңгейлері, құралдары таңдалды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізіліп, нәтижелері ұсынылды.

**Қорытындыда** болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруды зерттеудің нәтижелері және болашақтағы бағыттары айқындалып, тұжырымдар мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалды.

**Қосымшада** жұмыс барысы мен тәжірибелік-экспериментте пайдаланылған материалдар ұсынылады.

# 1 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ІСКЕРЛІКТЕРІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру мәселесінің зерттелуі

Қазіргі белсенді түрде өзгеріп жатқан алмағайып заманда өзара байланысты екі тенденция бар – интеграция және дифференциация. Осылардың нәтижесінде әр түрлі қарама-қайшылықтар туындап жатады. Білім берудің тұтастығы ыдырап, сонымен бір уақытта шашыраңқы құбылыс көрініс табады, тұтас ғаламдық құбылыста жүйенің әр түрлі текті әрекеттері біріктіріледі. Бұл тенденциялар педагогикалық болмысқа да тән, оның ықпалыменен заманауи адам жеке-дара да, тұлғаның белгілі бір типі ретінде де қалыптасады және дамиды. Педагогикалық болмыста бұл тенденциялар мақсатты оқыту-тәрбиелеу кезінде де, әлеуметтендіру үдерістерінің стихиялық түрде орын алатын кезінде де пайда болады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты басты бағыттардың бірі - сәт сайын өзгеріп отырған әлемдегі оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруға сәйкес болашақ мұғалімдердің іскерліктерін қалыптастыру проблемасы. Бұл өз кезегінде білімді және ғылымды дамытуға арналған мемлекеттік *құжаттардағы үштік спираль моделін құруды, педагог-талант бағдарламаларын әзірлеу, инновациялық қызметтерді ұйымдастыруда форсайттық зерттеулерді (Foresight)* қолға алуды көздейді. Сондықтан да ең алдымен біз, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің зерттелу жайына мән беруді жөн санаймыз.

Оқыту іс-әрекетінің басты ерекшелігін «өзін-өзі дамыту, өздігінен білім алу іс-әрекеті» деп бөліп көрсетуге болады, ал оның басты нәтижесі – өз іскерліктерімен, бағыттылығымен, жеке қасиеттерімен тұлғаның дамуы болып табылады. Осыған байланысты мұғалім мақсатты оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруға қажетті белгілі ұйымдастырушылық іскерліктерге ие болуы керек.

Болашақ мұғалімді оқыту іс-әрекетінің кәсіби ұйымдастырушылық әрекетіне даярлау үдерісі білімді, нақты іскерліктерді игеруге, нақты мінез-құлық бейнелерін меңгеруге және т.б. негізделеді.

Педагогикалық әдебиеттерді талдау болашақ мұғалімнің кәсіби жалпы педагогикалық іскерлігін зерттеудің бірнеше кезеңін бөліп қарастыруға мүмкіндік береді (В.А. Сластенин, Н.В. Кузьмина, Ю.К. Васильев, К.А. Дуйсенбаев, М.Ю. Забияко, т.б.) [76]:

І кезең (ХХ ғасырдың 20-40-жылдары) - бұл кезең **мұғалімнің жеке тұлғасын зерттеуге бағытталған** еңбектермен сипатталады (Ф.Ф. Королев, Н.Д. Левитов, С.Л. Рубинштейн және басқалар). Бұл кезеңге педагогикалық іс-әрекетті *зерттеудің профессиографиялық әдістерін қолдану*, мұғалімнің жеке басының кәсіби маңызды қасиеттерін зерттеу, мамандықты тиімді игеруге ықпал ететін кәсіби іскерлікті зерттеу (зерттеу проблемасын), болашақ

мұғалімді даярлау проблемаларының теориялық-әдіснамалық негіздерін әзірлеу тән болды.

II кезең (XX ғасырдың 50-жылдарының аяғы - 80-жылдарының ортасы) бұл кезеңде болашақ мұғалімді даярлау мәселелері оқу-тәрбие үдерісінің анықталған заңдылықтары, **педагогикалық іс-әрекет құрылымдары** негізінде шешіле бастады (Ю.К. Бабанский, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин, В.А. Сластенин және т.б.); теориялық және эксперименттік деңгей әдістерін қоса кіріктірген кешенді әдістер неғұрлым кеңінен қолданылды; практик-педагогтердің тәжірибесі бүкіл ел бойынша нақты педагогикалық үдерістің сапалы өзгеруіне ынталандырушы ретінде әсер ете отырып, шын мәнінде жаңашыл сипат алды, *«нормативтен инновациялық іс-әрекетке жаппай көшуге ықпал етті».*

XX ғасырдың 50-жылдарының аяғы - 60-жылдарының басында кеңестік педагогика ғылымында төмендегідей тұжырымдамалар жасалды: гуманистік білім беру (В.А. Сухомлинский), **педагогикалық ынталандыру** (З.И. Равкин және т.б.), оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру (М.А. Данилов, М.Н. Скаткин, И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, Г.И. Щукина және басқалар); оқытуды оңтайландыру теориясы (Ю.К. Бабанский); педагогикалық диагностика (Б.С. Гершунский), оның құрылу тарихы болашақ педагогтарда **инновациялық іскерліктерді қалыптастырумен органикалық байланысты** болды [76,б. 256].

XX ғасырдың 70-жылдарының соңында А.М. Арсеньев, К.Н. Волков, М.И. Кондаков, Н.И. Коржаков, В.В. Краевский, М.Н. Скаткин еңбектерінде педагогика ғылымын тәжірибеге енгізу мәселесі бойынша жемісті ойлар айтылды; А.А. Арлашов, В.И. Журавлев, П.И. Карташов және басқалар *педагогика ғылымын практикада сәтті жүзеге асыру үшін ерекше жағдайлар жасау* керектігін, олардың арасында *практик-педагогтердің жаңа генарциялық идеяларды шығару* қажеттілігін қалыптастыру, шығармашылық бастаманы дамыту, жергілікті жағдайларды ескере отырып, игеру барысына бағдарлану қажеттілігін атап көрсетті.

III кезең ретінде XX ғасырдың 80-жылдарының аяғы - 90-жылдарының соңы, педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық, тұтас үдерісс ретінде зерттеумен сипатталды (В.А. Кан-Калик, Н.В. Кузьмина, Н.Д. Никандров, В.С. Шубинский, Н.Д. Хмель, Н.М. Яковлева, т.б.). *Педагогикалық іс-әрекетке дайын болу бірқатар жалпы педагогикалық іскерліктермен* анықталды. Іскерліктер сипатына қойылатын талаптардың өзгеруі – бұл ғылыми ақпараттың өсуіне, ескі білімдердің жаңасына тез ауыстыруға жауап беру болып табылды.

Төртінші кезең XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы – болашақ мұғалімдердің құзыреттіліктерін қалыптастыруды зерттеумен және даярлаумен байланысты [77-80]. Сонымен қатар, құзыреттілікті қалыптастыру, құзыретті маман даярлау бойынша да жүргізілген жаңа буын зерттеу жұмыстары біздер үшін қызығушылық танытады.

XX ғасырдың 60-жылдары педагогтердің профессиограммасы мәселесімен Ю.С. Алферов, Е.Г. Осовский [81], Ф.Н. Гоноболин [82], Н.В. Кузьмина [83],

Р.И. Миттельман [84], В.А. Сластенин [7,с. 160], А.И. Щербаков [16,с. 226], т.б. айналысты.

Педагог мәселесімен айналысатын зерттеушілер (Н.В. Кузьмина, А.И. Щербаков [85], С.Г. Вершловский, В.А. Сластенин, Д.Н. Гоноболин және т.б.) профессиограммаға енген мұғалімдердің жеке ерекшелік қасиеттерінің жиынтығын атайды. В.А.Сластенин өзінің зерттеу жұмысында заманауи мұғалімнің портретін былайша анықтайды [86]:

- *жоғары азаматтық белсенділік* және әлеуметтік жауапкершілік, оның іс-әрекетінің негізгі бағыты - жоғары кәсіби парыз;

- *балаларға деген сүйіспеншілік,* оларға жүрегіңізді беру қажеттілігі мен іскерлігі;

- шынайы интеллигенттілік, рухани мәдениет, басқалармен бірлесіп жұмыс істеуге деген **ұмтылыс пен іскерлік;**

- жоғары кәсібилік, ғылыми-педагогикалық ойлаудың инновациялық стилі, жаңа құндылықтар жасауға және шығармашылық шешімдер қабылдауға дайын болу, **педагогикалық іс-әрекеттің жеке стилін иемдену;**

- үнемі *өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі;*

- физикалық және **психикалық саулық, кәсіби жұмысқа қабілеттілік.**

Педагогикалық іс-әрекетті және педагогикалық іскерлікті зерттеушілердің барлығы дерлік жеке тұлғалық қасиеттердің рөлі туралы айтады. Бұл мамандық жанқиярлық пен риясыз берілгендікті қажет ететіндігі ерекше атап өтіледі.

Мұғалімнің келтірілген жеке тұлғалық қасиеттерін Г.М.Коджаспированың айтуы бойынша келесілермен толықтыруға болады [87]:

- **аттракция (көрнекілік)** - адамға деген құрметтеуді әлеуметтік тұрғыдан орнату, барлық нәрсенің өлшемі адамға құндылық ретіндегі қарым-қатынас;

- **эмпатияға қабілеттілік** (сезінушілік, жанашырлық, басқа адамның мазасыздануына үйрену);

- оқушылардың қажеттіліктеріне сезімталдық - оларға деген **ашықтық және қабылдаушылық;**

- рефлексияға қабілеттілік;

- креативтілік – **шығармашылыққа қабілеттілік;**

- **экстраверттілік** – адамдармен қарым-қатынас жасауға бағыттылық;

- оқыту мен тәрбиелеу үдерістерін **диалогтық түсіндіруге қабілеттілік;**

- педагогикалық үдерістің себеп-салдарлық байланыстарына енуге, өзінің іс-әрекетін талдауға, жұмыс нәтижесін болжауға, өзінің әрекетіне теориялық негіздеме беруге, **жаңа теория жасауға** мүмкіндіктері дамыған *кәсіби-педагогикалық ойлау.*

Жалпы қазіргі уақытта құзыреттілікпен қатар, болашақ мұғалімдердің педагогикалық мәдениетін қалыптастыру негізгі мәселе ретінде қарастырылуда [88]. Педагогикалық мәдениет аясында зерттеушілік мәдениет (Таубаева Ш.), педагогикалық мәдениет (Ауезов Б.) және т.б. бағыттардағы зерттеулерде жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Жалпы педагогикалық іскерлікті қалыптастыру мәселесінің қазіргі кезеңде дамуы төрт бағытта жүзеге асырылады. Н.В.Кузьмина [14,с. 57] еңбектерінде педагог іс-әрекетінің психологиялық құрылымы ғылыми негізделген, бұл

зерттеудің бірінші бағыты ретінде анықталған. Бұл бағыттың мәні педагогикалық іскерлікті зерттеу педагогикалық іс-әрекеттің дамыған құрылымымен анықталатындығында. Бұл бағыт педагогикалық іскерлік мәселесін зерттеудегі құрылымдық тұғыр деп аталады.

Екінші бағытқа тән ерекшелік - В.А.Сластениннің зерттеулерінде ғылыми негіздері ашылған мұғалімнің профессиограммасын әзірлеу [89]. Мұндай профессиограмманы құрастырудың ең маңызды қағидасы - «эксперименттік әдістерді пайдалану және педагогикалық еңбек шеберлерінің шығармашылық өмірбаянын монографиялық зерттеу негізінде» педагогикалық мамандық адамына қойылатын талаптар жүйесін жобалау. Жоғары мектеп педагогикасындағы бұл бағыт профессиографиялық тұғыр ретінде анықталады.

Үшінші бағыттың мәні педагогикалық іскерліктің педагогтің іс-әрекетінің жекелеген түрлерінің мазмұнына (ата-аналармен жұмыс, оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмысы және т.б.) негізделіп оқытылатындығында көрінеді. Бұл бағыт педагогикалық іскерлік мәселесінде мазмұндық (мағыналық) тұғыр деп аталады.

Келесі, төртінші бағыт, мұғалімнің әртүрлі функцияларын орындауға қажетті педагогикалық іскерлікті зерттейді. Бұл бағыт функционалды тұғыр деп аталады [90].

Біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыз төртінші бағытты дамытуды жалғастырады, яғни болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру. Іскерліктер мәселесін анықтауда екі тұжырымдамалық тұғыр бар.Т.А. Ильина, Е.Н. Кабанова-Меллер, К.Н. Корпиков, Н.Д. Левитов және басқалар іскерлікті аяқталмаған дағды ретінде түсіндіреді деген көзқарасты ұстанады.

Басқа тұжырымдамалық тұғыр шеңберінде (О.А. Абдуллина, Н.В. Кузьмина, К.К. Платонов, Л.Ф. Спирин және басқалар) іскерлік жасалған білім мен дағды негізінде қалыптасқан шығармашылық іс-әрекет ретінде қарастырылады [91,92].

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесінде ұйымдастырушылық білім, іскерлік және дағдыларды дамыту мәселесімен әр түрлі ғалымдар Н.А.Ершова, Б.Д.Красовский, М.В.Макарова, А.Я.Магаберидзе, И.Л.Руденко, Л.Т. Тюптя, Л.И.Уманский және т.б. [93-95] айналысты. Ал, С.Б. Елканов, В.С. Кузнецова, Н.В. Кузьмина, Л.М. Лузина, А.Н. Чиж еңбектерінде педагогикалық ЖОО студенттері арасындағы ұйымдастырушылық іскерлік олардың өзін-өзі тәрбиелеуін ұйымдастыруды қамтыды [96,97].

Ұйымдастырушылық іскерлікті қалыптастыру мәселесіне көптеген ғалымдар көңіл бөлді, мысалы, А.С.Макаренко іскерлікті қалыптастыруға болатындығын және оларды әр білім алушы игере алатынын атап көрсетті. Ол болашақ мұғалімді даярлайтын педагогтар студенттерді қажетті іскерлікпен және дағдылармен қаруландыру үшін барлық мүмкіндікті пайдалануы керек деп есептеді.

Авторлар ұйымдастырушылық іскерлік пен дағдыларды зерттей отырып, олардың құрылымын түрліше қарастырды. С.Б.Елканов мұғалімдерге қажетті ұйымдастырушылық іскерліктерді тізбелей отырып, оқушылардың жеке

басының дамуын, олардың оқуы және мінез-құлқының мотивтері мен әдістерін қалыптастыруды, олардың іс-әрекетін ұйымдастыруды педагогикалық тұрғыдан мақсатқа сай келтіруді шығармашылықпен басқара алу іскерлігіне нұсқайды.

Б.Д.Красовский ұйымдастырушылық іскерлік дегенді білім мен тәжірибеге негізделген және оқу міндеттерін орындау мақсатында *ұжым іс-әрекетін реттеуге бағытталған практикалық іс-қимыл жүйесін* жүзеге асыруға дайын болуы деп түсіндіреді. Бұл өз кезегінде қазіргі білім берудегі үштік спираль моделін толықтыруға қажетті тұжырым деп санаймыз. Демек, мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігі [93,с. 173]:

1) *ұйымдастырушының қызметі және оның командасымен арасындағы байланыс туралы білім жүйесімен;*

2) психикалық әрекеттерінің (бақылау әрекеті, **бағдарлау жылдамдығы,** мақсат қою, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі реттеу және т.б.) жүйесімен;

3) практикалық әрекеттерімен көрінеді.

В.Д. Саморовская ұйымдастырушылық іскерлік пен дағдыларды «тәжірибеде алынған дайындық ...түпкі мақсатқа жету жолында әрбір жаңа тапсырманың ұтымды әдістерін, шешімдерін оңай және жылдам табу, осы шешімдерді басшылыққа ала отырып, саналы түрде әр түрлі жағдайларда өздерінің және топтың әрекеттерін реттейді» деп санайды.

Л.П.Тюптя ұйымдастырушылық іскерлік пен дағдыларды «психология және педагогика білімдерін, сондай-ақ ұйымдастырушылық іс-әрекеттің ерекшеліктерін пайдалануға негізделген іс-әрекеттерді орындау әдістері мен тәсілдеріне ие болу» деп түсінеді. Ұйымдастырушылық іскерліктің мәнін анықтау үшін келесілерді қарастырған жөн:

- мұғалімнің ұйымдастырушылық іс-әрекеті білім алушылар ұжымының да, әрбір оқушының және өзінің де іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталады;

- ұйымдастырушылық іс-әрекет әрдайым мақсатпен анықталады, ал ұйымдастырушылық іс-әрекеттің түпкі мақсаты - *мақсат пен мазмұнның бірлігі* ретіндегі әрекеттерді сәтті аяқтау;

- ұйымдастырушылық іс-әрекет білім, тәжірибе негізінде жүзеге асырылады және дағдылар осы негізде қалыптасады.

Оқу-тәрбие іс-әрекетін ұйымдастырушылықты зерттейтін авторлар ұйымдастырушылық іскерліктің әр түрлі санын ажыратады. Мәселен, З.Г. Матвеева, В.И. Николаев он төрт іскерлікке тоқталды. Авторлар ұсынатын іскерліктер тізімінің басым көпшілігі біздің зерттеу тақырыбымызға сәйкес келеді. Бұған ұқсас тізімді Л.И. Уманский, В.Д. Саморовская да берген. В.С. Кузнецова келесі ұйымдастырушылық іскерліктерді ажыратады: нақты ұжымға *білім берудің мақсаттары мен міндеттерін анықтау;* балалардың *іс-әрекетін жоспарлау;* оқушыларды жалпы іс-шараларға тарта отырып, олардан *команда құру мүмкіндігі;* барлық студенттерді *еңбекті ұйымдастыру әдістерімен қаруландыру*; *сынып белсенділерінің іс-әрекетін үйлестіру*; мұқият әрі уақтылы есепке алу және *бақылау;* өзінің және оқушылардың сыныптағы іс-әрекеттерін қорытындылау.

Л.Т.Тюптя ұйымдастырушылық іскерліктерді келесі жиынтықта және дәйектілікте қарастырады [98]:

1) ұжымды және олардағы өзара қарым-қатынастарды ұйымдастыра білуді;

2) жұмысты жоспарлауды;

3) әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыруды;

4) жеке және ұжымдық жұмыстарды біріктіруді;

5) белсенділермен жұмыс жасау кезінде оның әрекеттерін үйлестіруді;

6) жұмысты бақылау және есепке алуды;

7) ұйымдастырушылық жұмыс әдістерімен қаруларнуға және ұйымдастырушылық функцияларды уақытында беруді ұсынады. Бұл реттілік оқу іс-әрекетінің құрылымын, оның кезеңдерін көрсетеді және болашақ мұғалімнің осы ұйымдастырушылық іскерлігінің пайда болуының ішкі механизмдерін ашпайды.

М.Н. Станкиннің айтуы бойынша ұйымдастырушылық іскерліктердің құрылымына мыналар кіреді: **барлығын өз энергиясымен қуаттау мүмкіндігі;** әркімге іскерлігіне не қабілеттілігіне сәйкес жұмыс таба білу; шығармашылық және **орындаушылық бастама;** ұйымдастырушылық қызметке бейімділік; өзіңізге және басқа адамдарға деген талапшылдық; тәуелсіздік және күнделікті **практикалылық;** көпшілдік, табандылық пен белсенділік, жоғары тиімділік және **жеке ұйымшылдық** [99].

В.С. Кузнецова өз зерттеулерінде болашақ мұғалімдерде ұйымдастырушылық іскерліктерді дамытудың кәсіби бағдарланған дидактикалық құралдарының тұтас, мақсатты кешенін қалыптастыру кезеңдерін анықтады.

С.Б. Елканов студенттердің бойында ұйымдастырушылық іскерліктің қалыптасу кезеңдерін көрсетіп, педагогикалық ойындар мен ұйымдастырушылық іс-әрекетке еліктеу жаттығуларын мысалдар келтіре отырып, ұйымдастырушылық іскерліктерді өзіндік тәрбиелеу үдерісінің аспектісін қарастырады, сонымен қатар кейбір практикалық кеңестер береді [96,с. 189]. Студенттердің бойындағы ұйымдастырушылық іскерлікті қалыптастыру олардың оң педагогикалық бағдармен дамыған белгілі бір жеке психологиялық қасиеттерін иеленетін кезі – мектептегі оқу барысында мейлінше тиімдірек пайда болады, бұл болашақта студенттермен оқу-тәрбие жұмысын жүзеге асыру кезінде ескерілуі керек.

Басқа авторлардың да зерттеулері көрсеткендей, студенттердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің деңгейі бұрынғысынан мүлдем басқаша екенін атап өткен жөн. Әр түрлі авторлар ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастырудың әртүрлі критерийлері мен белгілерін ажыратады, мысалы, Л.Т.Тюптя:

- алдағы жұмысты орындау тәсілдерін іздеудің жылдамдығы мен дұрыстығына;

- әр түрлі жағдайларда орындау дәлдігі мен белсенділік қарқынын сақтауға;

- білім алушылардың тәрбиелік іс-әрекетінің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізгі талаптарына мейлінше сәйкестігіне;

- алынған сапаның тұрақтылығына;
- педагогикалық қызметтің сенімділігі мен тиімділігіне;
- педагогикалық еңбектің шығармашылық сипатына;
- жоғары ұйымшылдыққа, студенттермен байланыстың нақтылығына баса назар аударады.

Педагогикалық білім беру практикасын зерттеушілердің көпшілігі қазіргі кәсіби маңызды педагогикалық іскерліктің, оның ішінде ұйымдастырушылық іскерліктің даму кезеңінде арнайы білім берудің субъектісі бола алмайтындығын атап өтеді. Оларды қалыптастыру студенттердің практикалық іс-әрекетінде жүзеге асырылады, олар бұлар туралы әрдайым біле бермейді, сондықтан қажетті нәтиже бермейді. Мұндай іскерліктер бөлшектелуімен және тар бағытталғандығымен, оларды қолдану шектеулігімен ажыратылады.

Білім алушылар ұйымдастыру үдерісінің мағынасын түсініп, алдына нақты мақсат қойып, іскерліктерді құрайтын *іс-әрекеттердің логикасы мен дәйектілігін* ашудың нақты іскерлігін игерген жағдайда ұйымдастырушылық іскерлікті дамыту мақсаты іске асады.

Іскерлікті мақсатты түрде дамытудың ең маңызды шарты – білім алушылар іс-әрекетінің «сатылы бағдарламасы», мұнда әрбір келесі кезеңде жеке ұйымдастырушылық іскерліктер қалыптасады, ал нәтиже жалпыланған ұйымдастырушылық іскерлікті қалыптастырады.

Болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру үдерісін талдай отырып, А.И.Лутошкин олардың құрамын «ұйымдастырушылық дарындылықтың негізгі өзгеше қасиеттері, анықтаушылары» ретінде айқындаған компоненттерін атап өткен жөн. Ол таланттың сипаттамаларына келесі қасиеттерді жатқызды:

1. Басқа адамды түсіну үшін қажет ұйымдастырушылық түсінік, оның ішкі әлеміне еніп, оның көңіл-күйі мен әл-ауқатын сезінуі керек.

2. Белсенді психологиялық ықпал ету мүмкіндігі. Мұның бәрі ұйымдастырушының ағымдағы жағдайды дұрыс бағалай білу және оны пайдалана білу іскерлігіне байланысты. Ұйымдастырушы басқа адамдарға әр түрлі құралдарды қолдана отырып, әсер етеді.

3. Ұйымдастырушылық жұмыстарға бейімділік, басқалардың нұсқауынсыз ұйымдастырушылық жауапкершілікті өз мойнына алу, ұйымдастыру жұмыстарына өздігінен араласу.

4. Ұйымдастырушы тұлғасының бағыттылығы. Адамның ұйымдастырушылық іскерліктерінің кеңдігі, оның белгілі бір ұйымдастыру іс-әрекет түріне «таңылуы». *Ұйымдастырушының даралығы.*

Зерттеу жұмыстарына сәйкес,, біздер зерттеу жұмысымыздың теориялық және практикалық компоненттерді қамтитын және олардың байланыстылығын көрсететін ұйымдастырушылық іскерліктердің (іскерліктің) құрылымының түрліше болатынын анықтадық. Бұл іскерлікті қалыптастыру кезінде тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. **Сапа, іскерлік, бейімділік** бір-біріне бағынатын қасиеттер болып түсіндіріледі. Сонымен, адамның бейімділігі негізінде оның алғашқы іскерліктері, белгілі бір іс-әрекет түрінде іскерлігі қалыптасады, одан әрі жалпы теориялық біліммен байыту

практикалық іс-әрекет үдерісінде бекітілген белгілі бір дағдылардың дамуына әкеледі.

Білім белгілі бір дағдыларды (іскерлікті) қалыптастырудың негізі болып табылады. Білім әлемнің идеалды бейнесін көрсетеді, ал шындықтың абстрактілі көрінісі. Кез-келген білім бастапқыда жеке пәнде оның жеке білімі түрінде пайда болады. Білімді қалыптастыру өте күрделі үдерісс, өйткені кейбір білім ақпарат деңгейінде қалады, ал басқалары дағдыларды қалыптастыруға негіз болады. Дегенмен, студенттердің өз бетінше жаңа білімді игеруі үшін әдістемелік білім мен категориялар жүйесін меңгеруі өте маңызды. Мысалы, психологиялық-педагогикалық білім әдіснамалық және категориялық аппарат, әлеуметтену және тұлғаны дамыту заңдылықтары, білім беру мен оқыту технологиясы, балалардың жасқа байланысты анатомиялық-физиологиялық және психикалық даму заңдылықтары туралы түсінік береді. Жалпы іскерлік іскерлікті игеруге сәйкес іскерлікті анықтайтын білімді игеру базасында пайда болады.

Жалпы, ұйымдастырушылық іскерлікке ұйымдастырушылық іскерлік, ұйымдастырушылық дағды жатады деп атап өтуге болады. Бұл проблеманы зерттеушілердің біраз бөлігі ұйымдастырушылық іскерлік құрылымының біртектілігі туралы сөз қозғайды. Мәселен, З.Г. Матвеева конструктивті және коммуникативті ұйымдастырушылық іскерлікті анықтайды. Конструктивті ұйымдастырушылық іскерлік дегеніміз - берілген іскерліктің мазмұны туралы, осы іскерлікті жүзеге асыруға болатын көріністер туралы білім мен идеяларды қамтитын дағдылар. Коммуникативті ұйымдастырушылық іскерлік дегеніміз - алда тұрған жұмыстарды баурап алу, басқаларға әсер ету, оларды сендіру, тапсырыс беру, күтпеген жағдайды бағдарлай білу.

Біз өз кезегімізде жалпыланған және ерекше ұйымдастырушылық іскерліктерді ажырату қажеттілігін атап өтеміз. Жалпыланған ұйымдастырушылық іскерлік жеке іскерлікті қамтитын блоктар бола отырып, жалпы білім беру іс-әрекетінің құрылымын сипаттайды. Алайда, белгілі бір ұйымдастырушылық іскерлікті білім беру іс-әрекетіндегі жалпыланған ұйымдастырушылық іскерліктің әртүрлі блоктарына қосуға болады. Мысалы, ұйымдастырушылық – іс-әрекеттегі адамдарды жұмысты орындауға қызықтыру іскерлігіне ұйымдастырушылық белсенділік те, рефлексивтік-аналитикалық ұйымдастырушылық іскерлік те кіреді.

Ұйымдастырушылық іскерлікті қалыптастыру үдерісін зерттей отырып, біз оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлікті қалыптастыру критерийлерінің бірі жеке тұлғаның психологиялық, ұйымдастырушылық және практикалық дайындығы деген алдын ала қорытындыға келдік. Көптеген авторлар кәсіби дайындық нәтижесінде маманның кәсіби дайындығын атап көрсетеді. Бұл мәселені еңбек психологиясында негіздеу кезінде М.А.Дмитриев, А.А.Крылов, Б.Ф.Ломов зерттеулеріне сүйенсек, олар кәсіби маңызды білім адамның кәсіби қызметке дайын болуының алғышарты екендігіне назар аударады. Болашақ мұғалімнің кәсіби қызметіне дайындығы дегеніміз – оның мектепте тез және тиімді бейімделу іскерлігі және одан әрі кәсіби жетілдіру мүмкіндігі. В.П.Кузовлевтің көзқарасын ұстанатын болсақ,

[100,101], оның педагогикалық ЖОО студенттерін кәсіби даярлауға арналған зерттеуінде біз ұйымдастырушылық және практикалық дайындықты мотивациялық, когнитивті және іс-әрекеттік компоненттерден тұратын жеке қасиеттер жиынтығы ретінде анықталады. Бұл дайындық байқалатын педагогикалық іскерлік - ұйымдастырушылық және коммуникативтік іскерлік арқылы көрінеді. Дайындық деңгейінің критерий индикаторы - сәйкесінше жұмылдыру, ақпараттандыру, дамыту, сондай-ақ перцептивті және коммуникативті дағдылардың қалыптасу дәрежесі.

Қазіргі кезеңдегі болашақ мұғалімдерді кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінде ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру мәселесі педагогикалық-психологиялық зерттеулерде қарастырылған. Осылайша, В.С.Кузнецова болашақ мұғалімдерде ұйымдастырушылық іскерліктерді өзін-өзі тәрбиелеу әдістемесін және оны ең аз жүзеге асырудың бағдарламасын егжей-тегжейлі зерттеп, ұсынады. Зерттеуші сонымен бірге студенттің ұйымдастырушылық жұмысы туралы білімді қашан және қаншалықты алатындығын және іскерлікті игеруін қамтамасыз етеді. В.С.Кузнецова «Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының әдістемесі» типіндегі арнайы практикумды, «Педагог-тәрбиешінің ұйымдастырушылық қызметінің негіздері» арнайы курсын өткізуді ұсынады. Онда осы бағдарламаға қатысушы студенттердің алған дағдыларын бекітуге арналған практикасының арнайы тапсырмалары және жаттығулары қарастырылады. В.С.Кузнецова болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру мен дамытудың кәсіби бағдарланған дидактикалық құралдарының тұтас, мақсатты кешенін қалыптастыру идеясына алғашқылардың бірі болып жақындады.

Болашақ маманның бойында ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру жолдарын анықтау олардың даму деңгейлерін айқындауды және орнатуды көздейді. Ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру деңгейі объективті жағдайларға, әр түрлі факторлардың әсеріне байланысты. Оқушылардың әр түрлі топтарының өмір сүру жағдайы мен іс-әрекеттері түрліше болғандықтан, олардың ұйымдастырушылық іскерлігі мен дағдылары әр түрлі жолмен дамиды.

Ұйымдастырушылық іскерліктердің даму деңгейін анықтау олардың қалыптасу жолдары мен шарттарын анықтауға ғана емес, сонымен қатар студенттерді оқыту іс-әрекетіне дайындау бойынша жұмысты саралауға және нақтылауға көмектеседі. Мұнда студенттер арасындағы ұйымдастырушылық іскерліктердің даму деңгейіне әсер ететін факторларды таңдау объективті және субъективті факторлардың жиынтығына байланысты.

Болашақ мұғалімнің дайындығына кедергі болатын объективті факторларды бөліп көрсету қажет. Атап айтқанда, ұйымдастырушылық білім беру қызметіне дайындық білім беру бағдарламаларының жетілмегендігімен анықталады. Бағдарламалардың көпшілігінде студенттерде ұйымдастырушылық іскерліктер мен іс-әрекеттерді қалыптастыру қарастырылмаған, сонымен қатар, сабақтан тыс уақытта бұл іскерліктерді қалыптастыру жүйесі жеткілікті деңгейде дамымаған. Оларды қалыптастыру негізінен практикалық іс-әрекетте жүзеге асырылады, студенттер оны әрдайым

орындай бермейді және сондықтан қажетті нәтиже де бермейді. Мұндай кездейсоқ қалыптасқан дағдылар үзінділермен және шектеулі тасымалдаумен, қолданылу аясының тарылуымен сипатталады.

Ұйымдастырушылық іскерліктердің қалыптасуы мен дамуы студенттердің белгілі бір іскерлікті құрайтын іс-әрекеттердің ретін ашып, оларға осы дағдыларды игеру мақсаттарын қойып, оларды игерудің құндылығын түсінген жағдайда мақсатты бола түседі. Дағдыларды мақсатты түрде дамытудың маңызды шарты - ұйымдастырушылық іскерліктерді игеру үшін студенттер іс-әрекетінің арнайы бағдарламасы.

Ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру үдерісінің тәсілдерін талдау мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

Ұйымдастырушылық іскерлік болашақ мұғалімдерді оқу-тәрбие жұмысына кәсіби даярлау үдерісінде орталық буындардың бірін алады. Ұйымдастырушылық іскерлік болашақ мұғалім үшін кәсіби жағынан маңызды болғандықтан, ерекше назар аударып, педагогикалық ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісінде оларды қалыптастыру бағдарламасын жасауы керек.

Болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін мақсатты түрде қалыптастыру «оқыту + дамыту» принципі сақталған кезде, яғни алынған дағдылар жаңа ұйымдастырылған кезде жүзеге асады, ал олар кейінгі ұйымдастырушылық іскерліктерді дамытуға негіз болады.

Біз өз зерттеуімізде болашақ мұғалімнің оқыту іс-әрекетіндегі ұйымдастырушылық іскерлігінің мазмұнын бөліп көрсетеміз. Бұл іскерліктерді қалыптастыру кезінде тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктерін, қасиеттерін, іскерліктерін, бейімділіктерінің бір-біріне қатысты бағыныштылықта болуын ескеру қажет. Сонымен, тұлғаның бейімділігі негізінде алғашқы дағдылар қалыптасады, белгілі бір іс-әрекет түріне белсенділік, одан әрі жалпы теориялық біліммен байыту практикалық іс-әрекетте бекітілген белгілі бір іскерлікті дамытуға әкеледі.

М.Ю. Забияко барлық ұйымдастырушылық іскерліктерді тәрбие іс-әрекетінің мазмұндық компонентіне және әрбір кезеңде басым болатын ойын жаттығуларының түрлеріне байланысты топтарға бөледі: *гностикалық ұйымдастырушылық іскерліктер, іс-әрекеттік ұйымдастырушылық іскерліктер, рефлексиялық-аналитикалық ұйымдастырушылық іскерліктер* [19, с. 36]. Бұл ұйымдастырушылық іскерліктер өз кезегінде белгілі практикалық әрекеттермен сипатталатын жалпыланған және ерекше дағдылардан тұрады. Зерттеушінің пікірінше қазіргі зерттеулерде ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру факторларына жеткіліксіз көңіл бөлінуде, олардың әсерін талдау үстірт сипатта болуда. Болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру үшін оқыту үдерісінде қолданылатын формалар мен әдістер де жеткіліксіз дамыған.

М.Ю. Забияконың зерттеуіне сәйкес болашақ мұғалімнің тәрбиелік іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастырудың қолданыстағы практикасындағы формалардың бірі ойын болып саналады. Әртүрлі авторлар ойынның дағдыларды қалыптастыруға әсерінің тиімділігін дәлелдеді, бірақ бұл форма анда-санда ғана және дәйексіз қолданылды. Ізденушінің пікірінше

осыған байланысты, тәрбие беру іс-әрекетінде ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру ойын дағдылары технологиясының шеңберінде осы іскерлікті игерудің ең қолайлы тәсілі ретінде және ең сәттісі де болып табылады. Бұл жағдайда қолданылған ойындық педагогикалық технологиялардың белгілі бір кезең-кезеңмен дамуы ескерілуі керек.

С.В. Ивановaның зерттеуінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастырушылық іскерліктерімен қатар ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыру қарастырылады [20,с. 243]. Сонымен қатар, ұйымдастырушылық қабілеттерінің өзі жекелеген іскерліктерден тұратыны сипатталады. Сондай-ақ, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерттеумен өзара тәуелді принциптерді: антропологиялық, іс-әрекеттік және құзыреттілік тұғырын қамтитын ұйымдастырушылық қабілеттерді қалыптастыру үдерісінің көп өлшемділігін көрсетеді.

В.Д.Шадриковтың [102] пікірі бойынша іс-әрекеттік тұғыр шеңберінде ұйымдастырушылық қабілеттерді қалыптастыру қажеттілігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі – іс-әрекет үдерісінде функционалды жүйе құрылатын **жеке қасиеттер динамизмінің пайда болуы**. Өзінің салыстырмалы статикалық сипатына қарамастан, олар іс-әрекеттің талаптарына нәзік бейімделудің оперативтік ерекшеліктерін игере отырып, қозғалысқа келеді.

Зерттеушілердің еңбектеріне сәйкес ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыруда жоғарыда аталған барлық тәсілдерді біріктіре отырып, ең тиімдісі іс-әрекеттік тұғырды атап өтуге болды.

Н.А. Ершова, И.А. Зимняя, Б.Д. Краковский, А.Я. Магаберидзе, М.В. Макарова, И.Л. Руденко, О.В. Тюптя, Л.И. Уманский, Ю.С. Ценч және т.б. ғалымдар мұғалімдердің кәсіби іс-әрекет жүйесіндегі ұйымдастырушылық білім, іскерлік және қабілеттерінің даму мәселесімен айналысты. Ю.С. Ценч өзінің диссертациялық зерттеу жұмысында ұйымдастырушылық құзыреттілік мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке ұйымдастырушылық іс-әрекеттерді орындау білімі, іскерліктері мен амалдарын жұмылдыру қабілеті деп түсіндіреді [103].

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерін талдай отырып, В.Г.Суранов ұйымдастырушылық құзыреттің анықтамасын қалыптастырды: «алған білім, іскерлік, дағдылар, жинақталған тәжірибе мен дамыған қабілеттер негізінде ұйымдастырушылық іс-әрекетті жүзеге асыруға *педагогтың қабілеттілігі мен дайындығын* түсінеміз» дейді [104].

Қорыта келгенде, болашақ мұғалімдердің ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыру мәселесін зерделеу тарихи кезеңдерде құрылымдық, профессиографиялық, мазмұндық, функционалдық және тұжырымдамалық тұғырлар тұрғысынан жүзеге асырылғандығын көреміз.

Сонымен, мектептердегі оқыту үдерісін ұйымдастырудағы мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің құрылымдық компоненттері құрылымдық, профессиографиялық, мазмұндық, функционалдық, тұжырымдамалық, құзыреттілік тұғырлар тұрғысынан олардың білімнен, іс-әрекеттен (іскерліктен) және сәйкесінше жеке тұлғалық сапалық қасиеттерден тұратыны айқындалды. Аталған құраушылардың әрқайсысының өзіндік мазмұны бар және олар сөз тіркестеріне сәйкес іскерлік түрлерімен нақтыланады.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру мәселесінің зерттелуі бойынша жүргізілген теориялық талдау төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің, іскерліктерінің анықталуы және оның мазмұнында ұйымастырушылық іскерліктің негізгі буын ретінде қарастырылуы (В.А. Сластенин, Н.В. Кузьмина, т.б.);

- ұйымдастырушылық іскерліктердің өзін құраушылардың анықталуы мен олардың жиынтығының толықтырылуы (Б.Д. Красовский, Л.Т. Тюптя, В.С. Кузнецова, М.Н. Станкин, т.б.);

- ұйымдастырушылық іскерлік түрлерінің ажыратылуы (З.Г. Матвеева, М.Ю. Забияко, т.б.);

- ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастырудың әдіс-тәсілдері мен формаларының (ойын, жаттығулар, т.б.) зерттелуі (С.Б. Елканов, М.Ю. Забияко, т.б.);

- ұйымдастырушылық қабілеттердің қалыптастырылуы (С.В. Иванова, В.Д. Шарринова, т.б.).

Бұл зерттеу жұмыстары біздің ғылыми жұмысымыз үшін де құндылығы жоғары еңбек ретінде қарастырылады. Жүргізілген зерттеу жұмыстарына сәйкес педагогикалық тапсырмалар арқылы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруды толық мәнді зерделеген жұмыстардың болмағандығын көруге болады. Осыған сәйкес педагогикалық тапсырмалар және оларды практикалық міндеттерді шешуде ғылыми білімдер жүйесі ретінде қолдану бойынша материалдарды мазмұндау келесі тақырыпта қарастырылады

## 1.2 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы педагогикалық тапсырмалар технологиясы

ЖОО оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық жүйе құраушыларының өзіндік орны мен рөлі бар. Әрбір құраушы оқу-тәрбие үдерісінің, оның нәтижелі болуы үшін белгілі бір функцияларды орындайды. Солардың бірі - педагогикалық тапсырмалар. Педагогикалық тапсырмалар және олардың оқу-тәрбие үдерісіндегі түрлеріне сәйкес олар білім алушылардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру, білімді меңгерту мен іс-әрекетті жүзеге асыруға дағдыландыру құралы ретінде пайдаланылатыны айқындалған [105]. Педагогика ғылымы мен практикасында белгілі болған педагогикалық тапсырмалардың оқу-тәрбие үдерісінде әртүрлі функцияны атқаратыны, оның ішінде оқыту, тәрбиелеу, дамыту және бақылау функциялары ерекше аталып көрсетілген зерттеу еңбектерін айтуға болады.

Тапсырма, оның ішінде педагогикалық тапсырма оқыту үдерісінде оқушылардың оқу-танымдық міндеттерін жүзеге асырады, ұғымдар жүйесін қалыптастырады және осылайша **«педагог-білім алушы»** жүйе іс-әрекетін байланыстырушы болып табылады. С.И. Ожегов сөздігінде: «Тапсырма – орындау үшін берілетін тапсырма», «міндет – атқаруды, шешуді талап ететін» - деп беріледі [106]. Өз кезегінде міндет зерттеу мен оны шешуде талап етілетін күрделі және деңгейлі сұрақ ретінде қарастырылатынын көруге болады.

Тапсырма - бұл білім алушылардың қажетті дайындық бөлігін игеруге бағытталған *педагогикалық форма.* В.Аванесовтың пікірі бойынша, құрастырылған әрбір тапсырмалар белгілі бір мақсатқа бағытталады, басқаша айтқанда, олардың өз миссиясы мен сипаттамалары бар. Тапсырмалардың басты миссиясы – *білім алушылардың белсенді өзіндік білім алу іс-әрекетін қоздыру, білім алушыларды дамыту,* құзыреттің талап етілген деңгейіне дейінгі қажетті білімді, іскерлік пен дағдыны меңгерту [107].

Педагогикалық тапсырманы тұлғаның дамып жетілуіне, білім сапасының жақсаруына, сондай-ақ педагогикалық жұмыстың өнімділігін арттыруға ықпал ететін дамыту, тәрбиелеу және оқыту құралы ретінде де анықтауға болады. Оқу уақытының бір бөлігі үшін осындай тапсырмалар білім алушылардың білім, іскерлік және дағдыларының жетілуіне мүмкіндік береді. Біздің жағдайымызда педагогикалық тапсырмалардың болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда маңызы жоғары екенін көрсету.

Педагогикалық тапсырмалардың болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру және олардың әлеуетін айқындау педагогикалық тапсырмалардың түрлері мен олардың атқаратын функцияларын терең түсінумен жүзеге асырылады.

Оқу-тәрбие үдерісінде білім алушыларды дамыту мен олардың іс-әрекетін белсендіру үшін сұрақ, міндет және т.б. түрлі педагогикалық тапсырма түрлері қолданылады. ЖОО-да білім алушылардың оқу белсенділігін арттыру факторы ретінде өзіндік жұмыстардың түрлері (БӨЖ, ОББӨЖ) қарастырылады. Өзіндік жұмыстар үшін пәндік салаға сәйкес тапсырмалар жүйесі қолданылады және олар оқу үдерісінің құраушысы ретінде жүзеге асырылады.

Педагогикалық еңбектер мен ғылыми-зерттеу нәтижелеріне сәйкес жоғарыда айтып өткендей «педагогикалық тапсырмалар» ұғымы кең мағынада қарастырылады және оның аясында оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын: сұрақтар (оның ішінде деңгейлік), тест және тестік емес тапсырмалар, жаттығулар, т.б. түсініледі.

Т.А. Бабакова педагогикалық тапсырма құраушыларына төмендегідей анықтама береді [108].

Оқу тапсырмалары - оқу нәтижелеріне қойылатын *талаптар формасы*. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылау үшін қолданылады. Олар мазмұны мен формасы бойынша ерекшеленеді. Оқу тапсырмаларының негізгі түрлеріне: *сұрақ, жаттығу, тапсырма, практикалық тапсырма, бағдарламаланған тапсырма* жатады. Оқу тапсырмаларының түрлері бір-бірінен формасы мен мазмұны бойынша ерекшеленеді.

**Сұрақ** - жауап беру үшін ақпаратты қамтымайтын сұрақ түрінде тұжырымдалған тапсырма.

**Жаттығу** - іскерліктерді өңдеуге және олардың сапасын тексеруге бағытталған тапсырма баяндау түрінде де, сұрақ түрінде де тұжырымдалуы мүмкін.

**Міндет** – мазмұны, формасы бойынша проблемалық, шарттан (бастапқы деректермен) және талаптан (жауап табу қажет сұрақ) тұратын тапсырма.

**Практикалық тапсырма** табиғи объектілерді (заттарды), құрылғылар мен материалдарды қолданумен байланысты.

**Бағдарламаланған оқыту** - оқу материалы логикалық түрде аяқталған бөліктерге (ақпарат қадамдары) бөлінетін және білім алушыларға кезең-кезеңімен оқытылатын оқыту түрі. Ақпараттың әрбір бөлігін қабылдағаннан кейін студент тапсырмаларды орындайды, оның көмегімен білімді игеру сапасы анықталады. Әдетте, білімді тексеру үшін бағдарламаланған тапсырмалар қолданылады.

**Бағдарламаланған тапсырма** - жауап бағдарламасын орнататын тапсырма, әдетте, ол дұрыс таңдалуы керек жауаптардың нұсқаларын қамтиды. Бағдарламаланған тапсырмалар - мазмұнына жауаптардың ықтимал нұсқалары (дұрыс және бұрыс) енгізілген оқу тапсырмалары, олардың ішінен білім алушы дұрыс жауапты таңдауы немесе қысқа дұрыс жауапты (сөз немесе сөз тіркесі) жазуы тиіс.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы педагогикалық тапсырмалар технологиясын айқындау үшін «технология» ұғымының мәнін анықтау қажет етіледі.

*Ашық Уикипедияда*: «технология (грек тілінен. Τέχνη) **«өнер, шеберлік, іскерлік»** + (λόγος) «**сөз, ой, мағына, ұғым»)** — қажетті нәтижеге жету үшін әдістер мен құралдардың жиынтығы; кең мағынада — практикалық есептерді шешу үшін ғылыми білімді қолдану. Технология жұмыс тәсілдерін, жұмыс режимдерін, әрекеттер тізбегін қамтиды — яғни «қалай, қалай, не арқылы?» деген сұраққа жауап береді» делінген [109].

«Технология» ұғымының мәнін анықтау бойынша жүргізілген зерттеулерге сәйкес келесідей жіктеулерді ұсынамыз:

- белгілі бір маңызды **әрекетте, өнерде, шеберлікте мақсатқа жету** үшін қолданылатын әдіс (В.Даль сөздігі);
- белгілі затты, тұлғаны сапалы өзгертуде қолданылатын *білім мен әдіс-тәсілдер жүйесі* (И.Г.Зайнышев);
- адамдардың күрделі үдерістерінің салыстырмалы бірдей орындалатын ретті, **өзара байланысты процедурасы**, әрекет және операция жүйесіне бөлу жолымен жоспарланған нәтижелерге жетуді жүзеге асыру тәсілдері деп болжанады, жобаланады әрі жалпы және арнайы ғылыми принциптер негізінде жүзеге асырылады (С.Я.Батышев);
- өндірістің негізгі бөлігі, «технология» мағынасында өндіру, өңдеу, тасымалдау және т.т., өндірісті техникалық бақылау, кейде өндірістік үдерістердің сипатталуы мен оларды орындау жөніндегі нұсқаулар түсініледі (П.Р.Атутов, В.А.Поляков);
- адамның түрлендіруші іс-әрекетінің құралы ретінде ғылыми білімдерді қолдану тәсілі (П.Р.Атутов);
- нәтижесінде алға қойған мақсат орындалып, іс-әрекет нысаны өзгеретін іс-әрекет (Н.Стефанов);
- іс-әрекет құралы және оған сәйкес келетін құрылымдық-іс-әрекеттік блоктар (механизмдер) жиынтығы ретінде алынады. Технология үдерістік категория. Бір жағынан, ол нақтылы іс-әрекет жүйесімен байланысты болса,

екінші жағынан, іс-әрекеттердің нормативтік тәсілдері негізінде аталған іс-әрекеттің құралдары жүйесі арқылы іске асады [110].

Сонымен, «технология» ұғымын мақсатқа сәйкес нәтижеге бағытталған іс-әрекеттер мен оларды өзгертетін әрекеттер ретінде түсінуге болады деп білеміз.

Айтып өтілгендей педагогикалық тапсырма түрлерін, олардың әлеуетін оқу-тәрбие үдерісінде дұрыс пайдалану зерттеп отырған мәселені шешуге қол жеткізеді. Оған осы бағытта жүргізілген жұмыстарды негіз ретінде атап көрсетуге болады.

Ұ.Әбдіғапбарова және т.б. өздерінің зерттеу жұмысында студенттердің өзіндік оқу іс-әрекетін басқаруға дайындау мәселесін шешуді қарастырады [111]. Оның ішінде әзірленген және қолданылатын құралдар (оқу-әдістемелік тапсырмалар кешені, бейнематериалдар, компакт-дискілер, білім беру веб-сайттары мен веб-квесттер, электрондық оқулықтар, Интернеттің ақпараттық желілері, кейбір Microsoft Office бағдарламалық пакеттері) және технологиялар (оқу-әдістемелік тапсырмалар кешені, технологиялық карта негізінде арнайы курс бойынша сабақ жүйесін құрылымдау, зертханалық және практикалық сабақтар, оқу-әдістемелік тапсырмалар негізінде педагогикалық практика, компьютерлік бағдарламаларды қолдану) болашақ мұғалімдердің оқушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін басқару саласындағы құзыреттілігі мен теориялық ойлауын дамытудың маңызды факторы болып табылатынын дәйектейді.

Зерттеуге сәйкес педагогикалық тапсырмалар нәтижеге қол жеткізетін құрал мен технологиялар құрамында белгілі бір жүктемені атқаратынын көруге болады.

Тапсырмалардың, оның ішінде міндеттердің түрі мен класына қарамастан, барлық педагогикалық міндеттер педагогикалық үдерісті басқаруға қызмет етеді, әлеуметтік басқарудың міндеттері болып табылады.

Жеке міндеттер - бұл жалпы мәселенің шешімі, яғни жеке міндеттер жалпы мәселені шешудің технологиясы сияқты көрініс табады. Мұндай төрт жеке міндет бар [112]:

- жағдаятты және нақты жағдаяттарды талдау негізінде педагогикалық міндет қою;
- педагогикалық өзара әрекеттесу (әсер ету) тәсілін құрастыру;
- педагогикалық міндеттерді шешу үдерісі;
- педагогикалық міндеттерді шешу нәтижелерін талдау.

Ретті түрде жүзеге асырылатын процедуралар жүйесі жалпы міндеттерді шешу технологиясын ұсынады. Міндеттер теориясында міндеттерді шешу тәсілдері мен үдерісін ажырату қабылданған.

Педагогикалық тапсырмалардың ішінде оқу міндеттерін және оларды шешу тәсілдерін жүзеге асырудың маңызы ерекше. Сондықтан да, міндеттерді шешу орындалатын амалдар жүйесі ретінде қарастырылады.

Педагогикалық әрекет әдісін жүзеге асыру бағдарлық (шамалаудан) бөліктен басталып, оның нәтижесімен аяқталады. Өйтпеген жағдайда, педагогикалық міндетті шешу аяқталмайды. Педагогикалық міндеттердің мәнін

барлық зерттеушілер жүйеде «міндетті шешуді талдау» дәйекті әрекеттерін бөліп көрсетуі кездейсоқ емес.

Тапсырмаларды, оның ішінде міндеттерді «шешу тәсілі» сөз тіркесі, өзінің мәні бойынша «міндетті шешу үдерісі» түсінігімен мазмұндас болып келеді. Тапсырмаларды, оның ішінде оқу міндеттерін шешудің нақты шаблоны болмағандықтан олар шығармашылық сипатта болады. Мұнда, ақыл-ой қызметінің жүзеге асырылуы теориялық пен практикалық ойлаудың алмасуымен қамтамасыз етіледі. Алдымен жағдаятты талдау жүреді, олар топтың анықтау әрекетімен іске асады және нәтижесінде оқу-тәрбие нәтижелері, оқушылардың жіберетін қателіктері мен қиналатын тұстары, педагогикалық ықпалға реакциясы жобаланады.

Міндеттерді шешу барысының соңында қорытынды есеп әзірлеп шыққан нәтижелерді қолда бар моделімен салыстыру негізінде бағалау жүзеге асырылады. Бұл талдаудың нәтижелері теориялық негіздемені ұсыну және жаңа педагогикалық міндеттерді шешу үшін қажетті базаны құрайды.

Оқыту саласындағы педагогикалық міндеттерді шешудің жалпы схемасы келесідей болуы мүмкін (Ю.Н.Кулюткин бойынша) (кесте 1).

Кесте 1 - Педагогикалық міндеттерді шешудің жалпы схемасы

| Шешу кезеңдері | Аналитикалық үдерістер | Құрылымдық үдерістер |
|---|---|---|
| Жобалау | Жағдаятқа бағдарлау және оқушылардың іс-әрекетке дайындығын диагностикалау | Міндеттер қою және оны шешу жолдарын әзірлеу |
| Жүзеге асыру | Оқушылардың іс-әрекеттерінің сәттілігі туралы жедел ақпарат алу | Оқу міндетін шешу және оны жедел реттеу жөніндегі іс-әрекетті ұйымдастыру |
| Бағалау | Қол жеткен нәтижелерді талдау | Одан әрі жұмыс бағытын анықтау |

*Зерттеулерге сәйкес педагогикалық міндеттерді шешу жолдарын келесідей етіп көрсетуге болады:*

1. Педагогикалық үдеріске бөлінген барлық уақытты ұйымдастыру;

2. Барлық оқу циклі бойынша білім алушыларға жолданатын оқу ақпаратын, жыл, ай ішінде ұйымдастыру;

3. Білім алушының кәсіптің шыңына жетуін қамтамасыз ететін барлық педагогикалық ықпалдардың сабақтастығы мен реттілігін ұйымдастыру;

4. Білім алушыны педагогикалық ықпал ету объектісінен *шығармашылық қарым-қатынас, таным және еңбек субъектісіне ауыстыру;*

5. Білім алушылардың жаңа білімге деген қызығушылығын қалыптастыру, қабілеттерін айқындау, олардан *өзін-өзі дамытуды қамтамасыз ететін өнімді, күшті жақтарын іздеу.*

Педагогикалық міндеттерді шешу көбінесе мұғалімнің кәсібилігіне және ол педагогикалық жобалаумен байланысты.

Педагогикалық жобалау - бұл педагог пен білім алушылардың алдағы іс-әрекетінің негізгі бөлшектерін алдын-ала әзірлеу. Кез-келген мұғалім үшін

жобалау ұйымдастырушылық, коммуникативті немесе гностикалық (мазмұнды, әдістерді және оқушылармен өзара әрекеттесуді іздеу) сияқты маңызды функция болып табылады.

Кез-келген жобалау бірқатар ұйымдастырушылық міндеттерді шешуді, нақты жобалау іс-әрекетінің стратегиясын, мұғалімнің және оның жақын ортасының құрылымын қайта құруды қамтиды.

Педагогикалық жобалау субъектісі педагог болып саналады; объект-педагогикалық жүйелер, үдерістер және олардың компоненттері, сондай–ақ педагогикалық жағдайлар; мақсаты – педагогикалық міндеттерді шешу; нәтижесі - педагогикалық объектінің жобасы.

Педагогикалық үдерісті жобалау технологиясы оның сәтті өтуінің басты шарты болып табылады. Бұл мұғалімнің іс-әрекетінің мазмұнын, құралдары мен бағдарламаларын және оқушылардың іс-әрекеттерін салыстырмалы түрде дербес құруға бағытталған тығыз байланысты түрлерін ажыратуға болатын педагогикалық міндетті шешудің кезеңдерінің бірі.

Бұл жағдайда мұғалімнің құрастырушылық әрекеттері:

- педагогикалық мақсаттар мен міндеттер жүйесін модельдеу;
- сабақта, оқудан тыс жұмыста және т.б. педагогикалық өзара әрекеттесу мазмұнын модельдеу;
- педагогикалық іс-әрекетті модельдеу;
- білім алушылардың іс-әрекетін модельдеу;
- мазмұнды, педагогикалық технологияларды, басқа да педагогикалық құралдарды іріктеу және құрастыру;
- педагогикалық диагностиканы жобалау.

В.А. Сластенин педагогикалық іс-әрекеттің құрылымын тек құрастырушылық компонент қана емес, іскерліктердің төрт жетекші тобы құрайды деп санайды:

1. Диагностикалық іскерліктер – білім алушылардың даму жағдайын, педагогикалық іс-әрекетті, педагогикалық өзара әрекеттесуді зерттеу іскерліктері.
2. Педагогикалық мақсаттар мен міндеттерді қоя білу - ұйымдастырылған өзара әрекеттердің нәтижесін болжай білу.
3. Педагогикалық құралдар жүйесін таңдау іскерлігі - әртүрлі педагогикалық құралдарды меңгеру, қойылған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін педагогикалық құралдарды құрастыру іскерлігі.
4. Рефлексивті іскерліктер - өзінің және білім алушылардың рефлексивті іс-әрекетін ұйымдастыра білу.

Субъектілердің, соның ішінде оқушылар мен мұғалімдердің, білім алушылар мен оқытушылардың барлық іс-әрекеттерін әртүрлі мәселелерді шешу үдерістерінің жүйесі ретінде сипаттауға және жобалауға болады (Г.А. Балл, Г.С. Костюк және т.б.). Педагогтің практикалық әрекеттері оның педагогикалық міндеттерін шешу шеңберінде қарастырылады, ал педагогикалық міндет оның ақыл-ой қызметінің құрылымдық бірлігі ретінде қарастырылады (Ю.Н.Кулюткин, Г.С. Сухобская) [113]. Н.В. Кузьмина «педагогикалық міндет оқушыларды бір күйден екінші күйге ауыстыру қажет

кезде пайда болады: оларды белгілі бір біліммен таныстыру, іскерлікті, дағдыларды қалыптастыру (білмеді-білді, білмейді-үйренді, түсінбеді-түсінді) немесе білімнің, іскерліктердің, дағдылардың бір жүйесін қайта құру (дұрыс емес қалыптастырылған) [114].

Педагогикалық міндеттерді шеше білу - бұл адамның санасын, ойлау стилін, кәсіби ұстанымын және айқын бағытын білдіретін тұтас күйімен сипатталатын жалпы кәсіби іскерлік.

Педагогикалық міндеттерді жіктеудің әртүрлі нұсқалары Г.А. Балл, Ю.Н. Кулюткин, В.А. Сластенин, Г.С. Сухобская, Н.В. Чекалеваның еңбектерінде ұсынылған. Оқу міндеттерінің типологиясын талдай отырып, Г.А. Балл іс-әрекеттің екі категориясын және сәйкесінше міндеттерді анықтайды:

- оқу іс-әрекетін құрайтын әрекеттер және осы әрекеттер (оқу міндеттері) шешімдеріне бағытталған міндеттер;

- субъект жүзеге асыруды үйренуі керек әрекеттер (критериалды әрекеттер) және ол шешуге үйренуі керек міндеттер (критериалды міндеттер).

Болашақ мұғалімнің субъективті ұстанымының қалыптасуы оны қазіргі мұғалімнің (О.Фадеев) кәсіби міндеттерінің негізгі түрлеріне сәйкес келетін оқу және критерийлік міндеттерді шешу тәсілдерін игеру үдерісінде жүреді.

«Міндет» (тапсырма) - педагогикадағы көп мағыналы термин. Әдебиет пен практикада ол:

- жағдаяттың синонимі ретінде («педагогикалық міндетті шешу» немесе «педагогикалық жағдаятты шешу»);

- мақсаттың синонимі ретінде («жұмыстың мақсаттары мен міндеттері...») немесе мақсатқа жетудің құрамдас бөлігі ретінде («осы мақсатқа жету үшін тапсырмалар жүйесін шешу қажет болды»);

- оқу құралы, жаттығу ретінде («математикалық есеп», «педагогикалық есептер жинағы»);

- күрделі сұрақтың, мәселенің белгісі (таңбалануы) ретінде («бұл маңызды міндет») қолданылады.

Педагогикалық тапсырмалар ішінде педагогикалық міндеттер және оларды шешу өте маңызды болып табылады. Олардың ерекшелік сипаттарын төмендегіше көруге болады (Қосымша А).

*1. Педагогикалық міндет - педагогикалық жағдаятты мұғалімнің немесе оқушының санасында көрсетудің субъективті тәсілі.*

Егер жағдаят педагогикалық үдерістің барысына айтарлықтай әсер ететін жағдайлардың жиынтығы болса, онда міндет - бұл педагогикалық жағдаяттың бейнесі, оны педагог немесе тәрбиеленуші қабылдауы, сана мен іс-әрекетте көрініс табуы.

Бұл мағынада педагогикалық міндет - оны педагогикалық іс-әрекеттің мақсатына жақындататын жаңа деңгейге аудару, түрлендіру мақсатында қалыптасқан педагогикалық жағдаяттарды түсіну. Технологиялық тұрғыдан жағдаятты міндет ретінде түсіну кезең кезеңмен жүреді:

- педагог (тәрбиеленуші) педагогикалық жағдаяттың бейнесін қалыптастыратын оқиғаны эмоционалды-бейнелі қабылдауы;

- нәтижесінде маңызды шарттар бөлінетін, педагогикалық жағдаяттың моделі жасалатын жағдайларды талдау;

- жағдаяттың даму перспективаларын және осы үдерістің ықтимал салдарын болжау және бағалау;

- шешуді қажет ететін бастапқы деректер мен сұрақты немесе қайшылықты бөліп алу;

- бөліп алынған қайшылықты шешудегі мақсатты ұстанымдарды (көзқарастарды) тұжырымдау;

- тұжырымдалған мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі іс-әрекеттің жобасын әзірлеу;

- көзделген нәтижеге қол жеткізуді диагностикалау және түзету құралдарын іріктеу.

Сипатталған алгоритмнен жағдаят тек педагогикалық міндетті тұжырымдау үшін ғана емес, сонымен қатар оны шешуді жүзеге асыру формасы екенін көруге болады.

Мұғалімнің шеберлігі - жағдаятты педагогикалық міндетке айналдыра білу, яғни қалыптасқан жағдайларды педагогикалық мақсатқа жақындата отырып, қатынастарды қайта құруға бағыттау. Егер мұғалім оны байқамаса немесе оған мән бермесе, жағдаят міндет (тапсырма) болмауы мүмкін. Ол міндет (тапсырма) ретінде қабылдануы мүмкін, бірақ егер мұғалім туындаған жағдаятқа дауыстап (айқаймен) жауап берсе, осылайша жанжалды шешпей, оны нашарлатса, оны шешу мүмкін емес. Осылайша, жағдаят мақсатты педагогикалық іс-әрекет жағдайындағы міндетке айналады *(жағдай + мақсат = міндет)* [115].

*2. Педагогикалық міндет - бұл балада, оны оқыту мен тәрбиелеудің шарттары мен құралдарында талап етілетін өзгеріс.*

Міндеттер көбінесе «кіші мақсаттар» ретінде ұсынылады, олар жиынтықта іс-әрекеттің мақсатын нақтылайды және екі нұсқаның бірінде тұжырымдалуы мүмкін: қадамдар тізбегі немесе мақсатқа жетудің құрамдас бөлігі ретінде. Бірінші жағдайда, әрбір келесі міндетті шешуге көшу алдыңғы міндетті (тапсырманы) орындау кезінде ғана қабылданады, оның нәтижелері одан әрі диагностиканың тақырыбына айналады. Екінші жағдайда, педагогикалық міндеттер қатар шешіледі және олардың нәтижелерін біріктіру мақсатқа жетуге әкеледі. Кез-келген нұсқада міндетті тұжырымдау нақты нәтиже алуды («айқындау», «негіздеу», «белгілеу» және т.б. сөздерден басталуы керек) меңзеуі қажет, ал алдағы әрекеттерді жобаламауы («талдау», «өткізу», «зерттеу», «жүйелеу») әрекет жоспарын қайталамауы тиіс.

Мақсатқа байланысты міндеттер белгілі бір нәтижеге назар аударуды және осы нәтижеге қол жеткізудегі мотивацияны анықтайды. Алайда, міндеттер нәтиженің өзін жүйенің соңғы күйі ретінде емес, нәтижеге қол жеткізуге қосқан үлесін анықтайды.

*3. Педагогикалық міндет - бұл мұғалім мен баланың өзін-өзі дамыту механизмі болып табылатын педагогикалық қиындықты немесе дағдарысты жеңу.*

Мұғалім мен бала үшін педагогикалық міндеттерді шешу өзін-өзі дамыту механизмі болып табылады, өйткені жоғарыда айтылғандай, бұл жағдайды талдау мен модельдеуді, оның даму перспективаларын болжауды және бағалауды, оның мінез-құлқын, іс-әрекетін және қарым-қатынасын жобалауды қамтитын қиындықты жеңудің саналы үдерісі. Мұғалім үшін педагогикалық міндетті шешу, сонымен қатар, білім алушыға немесе тәрбиеленушіге педагогикалық көмектің қажетті сипаты туралы мәселені шешу болып табылады (сүйемелдеу, қолдау немесе басшылық ету).

*4. Педагогикалық міндет - бұл белгілі бір құзыреттілік деңгейін шешуді талап ететін нақты қиындық.*

Көбінесе міндет «күрделі сұрақ, зерттеу мен шешуді қажет ететін мәселе» ретінде анықталады. Бұл анықтамада педагогикалық міндеттің объективті сипаты ғана емес, сонымен қатар талдау, модельдеу, шешім нұсқаларын таңдау қажеттілігі - оны шешудің теориялық сипаты ашылады. Міндетті шешудің саналы, мақсатты әрекеті ретіндегі іс-әрекеттер өз дамуында үлгі бойынша іс-әрекеттерден шығармашылық іс-әрекеттерге дейін өтеді (С.С. Бакулевская). Интеллектуалды және шығармашылық әрекеттер бағалау, мағыналау, түсіну, рефлексия сияқты операциялар арқылы жүзеге асырылатын өзіндік мағынаны толтырумен сипатталады.

Осыған байланысты педагогикалық міндеттерді шешудің әртүрлі технологиялары ерекшеленеді [113,с. 17-18]:

- репродуктивті технологиялар оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі түрде қайталанатын типтік педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталады.

- продуктивті технологиялар типтік емес (немесе вариативті) педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталады және мұғалімнің жеке іздеу әрекеттерін талап етеді.

- алгоритмдік технологиялар түбегейлі болжанбайтын жағдайларда эвристикалық педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталғандығымен сипатталады (мысалы, балалардың шығармашылығын ұйымдастыру) [116]. Көп жағдайда «эвристикалық міндеттер» термині «шығармашылық міндет», «проблемалық міндет» және «стандартты емес міндет» терминдерімен синоним болып табылады.

Өнертапқыштық міндеттерді (ТРИЗ) шешу теориясы негізінде жасалған эвристикалық педагогикалық міндеттерді шешу алгоритмі А.В. Корзуннің зерттеуіне сәйкес проблемамен жұмыс істеудің келесі кезеңдерін қамтиды [117]:

1. Проблемалық жағдаяттың алдын-ала сипаттамасы.

2. Проблемалық жағдаяттан белгілі нақты міндеттерді бөліп алу (Не қажет? Не бар? Неліктен қажет нәрсені ала алмайсыз?).

3. Нақты бір міндеттің дерексіз моделін тұрғызу, қайшылықты тұжырымдау.

4. Міндетті шешудің дерексіз моделін құрастыру, идеалды түпкілікті нәтиже ұсыну.

5. Ресурстарды анықтау және нақты шешімге қол жеткізу.

6. Егер шешім тек тұжырымдамалық деп түсінілсе - ұсынылған шешімді іске асыру үшін шешілуі керек ішкі мәселелерді тұжырымдау.

7. №3 қадамнан бастап анықталған ішкі міндеттерді шешу үшін ойлау тізбегін қайталау және шешімді нақтылау.

8. Рефлексия.

Педагогикалық міндет - белгілі бір жағдайларда (мысалы, проблемалық жағдаятта) белгілі бір процедураға сәйкес осы жағдайларды түрлендіру арқылы қол жеткізуге болатын іс-әрекет тәсілі. Міндеттер жағдаятты түсіну тәсілі ретінде сұрақта тұжырымдалған талаптарды (нәтижені), шарттарды (белгілі) және ізделген (белгісіз) қамтиды.

Н.И.Кисляков, И.И.Моногарова, Т.Г.Мороз, Д.А. Щегольков өздерінің ғылыми мақалаларындағы келесі қадамдар-тапсырмалар түрінде ұсынылған кәсіби педагогикалық міндеттерді шешу алгоритмінің жалпы қабылданған түрі деп санауға болады [118].

1. Жағдаятты талдау және педагогикалық міндет қою. Кәсіби іс-әрекеттің нақты жағдайын ескере отырып, міндетті тұжырымдау. Мұғалім кәсіби тәжірибені ескере отырып, тапсырманың мәнмәтінін дербес анықтайды.

2. Нұсқаларды жобалау және осы шарттар үшін олардың ең жақсысын таңдау. Педагог сипаттаған мәнжазбада мәселенің шешімін табу үшін сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау, оларды орындау үшін қажетті нақты әрекеттерді таңдау.

3. Педагогикалық міндетті шешу үшін ғылыми, әдістемелік әдебиеттерді зерделеу.

4. Педагогикалық міндетті шешу, шешім нұсқасын мұғалім нақты материал түріндегі кәсіби іс-әрекет жағдаятының ұсынылған мазмұнын ескере отырып таңдайды (сабақтың конспектісі, нақты әдісті қолдану сипаттамасы, педагогикалық технология, жұмыс бағдарламасы және т.б.).

5. Педагог ұсынған шешімнің тәсілін (әдісі, әдістемесі, тәсіл және т.б.) тұжырымдау және тиімділігін бағалау.

6. Осы шешімді іске асыру үдерісінде педагогтің кәсіби іс-әрекетінің этикалық нормалары немесе дарынды білім алушының құқықтары бұзылмауы үшін ұсынылған шешімді іске асыру үшін қажетті әрекеттерді көрсету.

7. Шешім нәтижелерін талдау. Ұсынылған шешімді дәлелдеу (негіздемесі). Ұсынылған шешім кәсіби іс-әрекеттің басқа қандай жағдаяттарында қолданылады? Ұсынылған шешімде басқа жағдаяттарда нақты не қолданылуы мүмкін?

Педагогикалық міндет - педагогикалық үдерістің негізгі бірлігі болып табылатын ерекше жүйе. Сондықтан, міндеттерді шешу технологиялары туралы не білуіміз керек? Егер сіз біздің өмірімізге проблемаларды қою және шешу объективі арқылы қарасаңыз, онда оның бәрі оларға еніп кететіні белгілі болады. Міндеттер өмірдің жылдам ағымында бір-бірін алмастырады, ал адам оларды шешіп, кейде қиын жағдаяттардан шығуды үйренеді, өмірлік тәжірибе жинақтайды, қабілеттерін дамытады, таланттарын көрсетеді [119].

Педагогикалық міндет - бұл педагогикалық шеберліктің негізгі ұяшығы, оның шешімі мұғалімнің кәсібилік деңгейін көрсетеді [115,с. 17]. Білім алушыға, болашақ мұғалімге, мұндай міндеттерді алдын-ала «теориялық» шешу, ең алдымен, педагогикалық ойлауды қалыптастыруы, мектеп

практикасына жақын жағдаяттарда қарым-қатынас стилі мен дағдыларын дамытуы үшін қажет.

Педагогтің шығармашылық іс-әрекеті ойлаудың икемділігін, болжау, идеяларды қалыптастыру, рефлексия, жетілдіруге деген ұмтылысты қамтиды. Оның негізінде педагогтің іс-әрекеті эвристикалық, педагогикалық мәселелерді шешуге бағытталады. Кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешу тәжірибесі білім алушыға кәсіби іс-әрекет дағдыларын дамытуға, мұғалімнің кәсібилігінің негізі ретінде тұрақты педагогикалық ұстанымды қалыптастыруға көмектеседі.

В.А. Кан-Калик және Н.Д. Никандров мұғалімнің шығармашылық үдерісінде әр түрлі педагогикалық міндеттерді бір уақытта немесе дәйекті түрде түсіну керек деп санайды [5,с. 28-29]. Ең алдымен, бұл мұғалімнің барлық іс-әрекетінің жалпы педагогикалық міндеті болуы керек, ол сайып келгенде шығармашылық үдерістің барлық бөлшектерін анықтайды, оның жалпы тұжырымдамасы ретінде әрекет етеді. Содан кейін жеке тұлғаны қалыптастырудағы белгілі бір кезеңді көрсете отырып, оқу немесе тәрбие саласындағы педагогикалық іс-әрекеттің белгілі бір кезеңімен байланысты кезеңдік педагогикалық міндет түсінілуі керек. Соңында, педагогикалық үдерістің әрбір микроэлементтерінде үнемі туындайтын жағдаяттық (жеке) педагогикалық міндеттер түсінілуі керек.

Е.С. Игнатенконың дайындаған материалдары негізінде педагогикалық міндеттерді шешу технологияларын көрсетуге болады. Технология дегеніміз - кез-келген өндірістік немесе әлеуметтік проблеманы ғылыми негізде шешудің дәйекті, кезең-кезеңімен жүзеге асырылу үдерісі [120].

Міндеттерді шешу үдерісі барлық іс-әрекеттерге енеді, мақсатты қалыптастыру кезінде, әрекет тәсілдерін таңдау кезінде және әрекет бағдарламасын құру кезінде шешім қабылдау үдерісін анықтауға болады. Әр түрлі адамдар (немесе әр түрлі жағдаяттағы бір адам) әр түрлі шешім қабылдайтынын ескеру қажет.

Шешу - бұл проблемалық жағдаяттың бастапқы белгісіздігін төмендететін ойлау операцияларын қалыптастыру. Шешу үдерісінде шешімдерді іздеу, қабылдау және іске асыру кезеңдері бөлінеді. Шешу барысында адамның мінез-құлқының типтік құрылымы - бастапқы проблеманы шешу жоспарына сәйкес көптеген қарапайым аралық міндеттерге бөлу жүзеге асырылады [121].

Шешім қабылдау - бастапқы жағдай туралы ақпаратты түрлендіру негізінде мақсатқа жетуге әкелетін әрекеттер тізбегін қалыптастыру актісі. Шешім қабылдау үдерісі мақсатты іс-әрекет жүйесіндегі ақпаратты өңдеу мен психикалық реттеудің барлық деңгейлерінде орталық болып табылады [122].

Шешім қабылдау дегеніміз - адамға ең тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін жалғыз әрекет нұсқасының қол жетімді баламаларының ішінен саналы таңдау. Басқаша айтқанда, шешім қабылдау процедурасы - баламаларды қалыптастыру және салыстыру, анықтамалық болжау мен іс-қимыл бағдарламасын таңдау, құру және түзету.

А.А. Ашихмин «шешім қабылдау белгілі бір мақсаттың немесе мақсаттар жиынтығының барлық іс-әрекетіне бағынуды жүзеге асыратын таңдау операциясына негізделеді. Ерте ме, кеш пе, келесі әрекеттер әртүрлі

нәтижелерге әкелуі мүмкін және тек бір әрекетті жүзеге асыруға болатын сәт келеді және осы сәтте орын алған жағдайға оралу мүмкін емес (әдетте) [123].

Шешім қабылдау жағдаяттарының әртүрлі классификациясы бар және [124] әрекет туралы шешім қабылдау қажет жағдаяттардың төрт түрін анықтайды:

1. Таңдау жағдаяты (іс жүзінде таңдау реакциясының классикалық жағдаяты): осы жағдаяттардың барлығында адам сигналдарды таңдауды (іріктеуді) жүзеге асыруы керек, оларды реакцияны қажет ететіндерге және оны қажет етпейтіндерге жіктеуі керек.

2. Қиын жағдаят. Күрделі жағдаяттар - бұл адам бір уақытта бірнеше ақпарат көзінен алынған ақпаратты ескеруі немесе бірнеше әрекетті орындауы керек жағдаяттар.

3. Артықшылық жағдаяты. Әр түрлі ықтимал реакциялар адам үшін әр түрлі мағынаға ие болған кезде, қандай да бір себептермен ол екеуінің бірін таңдайды.

4. Ықтималдық жағдаяттары. Мұндай жағдаяттар адам өзінің иелігіндегі ақпараттың жеткіліксіз көлемімен белгілі бір операцияларды орындаған жағдайда пайда болады.

Шешім қабылдаудың бірнеше түрі бар (болжамды қалыптастыру үдерістері мен оларды бақылау арасындағы қатынасты бағалауға сәйкес) [125]:

1. Импульсивті шешімдер (шешімдер іс жүзінде бақылаусыз қабылданады);

2. Тәуекелді шешімдер (бақылау – ішінара);

3. Теңдестірілген шешімдер (гипотезаларды қалыптастыру және оларды бақылау теңдестірілген);

4. Мұқият шешімдер (бақылау болжамдардың қалыптасуын баса бастайды);

5. Инертті шешімдер (бақылау гипотезалардың қалыптасуын тежейді).

Шешім қабылдау тәсілдерінің басқа жіктелуі де бар (Мескон бойынша):

1. Интуитивті шешімдер. Таза интуитивті шешім - бұл оның дұрыс екенін сезіну негізінде жасалған таңдау. Шешім қабылдаушы бұл ретте әрбір балама бойынша «қолдау» және «қарсы» деген саналы салмақпен айналыспайды және тіпті жағдаятты түсінуді қажет етпейді. Тек адам таңдау жасайды.

2. Пайымдауға негізделген шешімдер. Мұндай шешім кейде интуитивті болып көрінеді, өйткені олардың логикасы айқын емес. Үкімге негізделген шешім - бұл білімге немесе жинақталған тәжірибеге негізделген таңдау. Адам қолданыстағы жағдаяттағы балама таңдаулардың нәтижесін болжау үшін бұрын ұқсас жағдаяттарда не болғанын біледі. Ақылға сүйене отырып, ол бұрын табысқа жеткен баламаны таңдайды.

3. Ұтымды шешімдер. Ұтымды және шешімге негізделген шешімдердің басты айырмашылығы – біріншісі өткен тәжірибеге тәуелді емес. Ұтымды шешім объективті аналитикалық үдерістің көмегімен негізделеді.

4. Ақырында, кез-келген басқа динамикалық үдерісс сияқты, шешім қабылдау өзгереді, тәжірибе деп аталатын нәрсе жинақталғанда, көзқарастар, қатынастар, мотивтер, мақсаттар және т.б. дамытылады.

5. Ғылыми әдебиеттердегі міндеттерді шешу процедурасы әртүрлі сипатталған, біз бірқатар зерттеушілердің кейбір технологияларын ұсынамыз.

Мәселені (міндетті) шешкеннен кейін де атқарылатын жұмыстар барын ұмытпаған жөн. Осыған байланысты Л.Ф. Спирин педагогикалық міндеттерді шешуді талдаудың келесі алгоритмін ұсынады [126]:

- міндетті қоюды талдау;
- педагогикалық әрекеттерді бағдарламалауды талдау;
- педагогикалық әрекеттерді талдау;
- мұғалімнің кәсіби дамуының диагностикасы.

Шығармашылық міндеттердің шешімін бағалауға қызықты көзқарасты Г.Альтшуллер ұсынған:

1. Шешудің барысына талдау жасаңыз. Келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

Неліктен мен оны ұзақ уақыт шеше алмадым? Оны шешуге не көмектесті? Мен бұл міндеттерді қандай заңға сүйене отырып шештім?

Неліктен мен ұзақ уақыт бойы жақсы (дұрыс) шешім таба алмадым?

Менің болжауыма не көмектесті?

2. Сіз шешкен мәселенің себептерін талдаңыз.

Неліктен бұл (міндет) тапсырма пайда болды, не (немесе кім) себеп болды?

Мен нені ойламадым, неге қателестім? Мен қандай заңды немесе ережені бұздым?

Бұл тапсырма маған не үйретті?

Шешілмеген не қалды? Кім наразы болды?

Қабылданған шешімнің ұзақ мерзімді салдары қандай? Әдетте, міндеттің пайда болу себебі - бұрын жіберілген қате.

3. Болашақта осындай міндеттердің пайда болу мүмкіндігін анықтаңыз. Белгісізді толық белгіліге ауыстырыңыз.

Міндеттің пайда болу себебі әлі де бар ма?

Жанжал қай мерзімде шешілді?

Кім наразы болды?

4. Мұндай жағдаяттар туындамас үшін не істеу керек? Жақын және алыс болашақта осындай проблемалардың пайда болуын болдырмайтын алдын-алу

шараларын қарастырыңыз және қабылдаңыз.

5. Болашақта мұндай міндеттерді «ұқсастық бойынша» шешу үшін алынған тәжірибе (оң және теріс) туралы күшті шешімдердің жеке картотекасына (егер сіз жүргізсеңіз) жазба жасаңыз.

Түпкілікті шешім (идея) алынып, міндетке талдау жасалғаннан кейін, егер шешілген міндет оқу емес болса (яғни енгізуді қажет етпейтін болса), шешімді енгізу туралы қамқорлық қажет. Алдымен дайындалу керек, содан кейін енгізу керек (идеяны жүзеге асыру) және нақты нәтижелерді талдау (кері байланыс). Шешімді іске асырудың нақты нәтижелерін талдау негізінде шешіміңіздің дұрыстығына қайталау, түпкілікті талдау жасаңыз. Тек тәжірибе үшін шындықтың ең сенімді критерийі. Егер бұл алгоритм қиын болып көрінсе, маңызды емес міндеттер үшін алғашқы төрт қадаммен шектеуге болады.

Педагогикалық әдебиеттердегі педагогикалық міндеттерді шешу алгоритмін төмендегіше беруге болады, яғни педагогикалық міндетті шешу үдерісі дәйекті түрде бірнеше кезеңнен өтеді:

1) Педагогикалық жағдаятты талдауды жүзеге асыру:

- педагогикалық іс-әрекеттер жүзеге асырылатын жағдайларды бағалау;
- байқалған педагогикалық құбылыстарды болжау және түсіндіру;
- тиімді диагностикалық шешімдер қабылдау;
- балалар ұжымын немесе жеке тұлғаны диагностикалауды жүзеге асыру;
- тәрбие мен оқытудың алынған нәтижелерін, кері реакцияларды болжау.

2) Жоспарлау және мақсат қою. Мақсат қою қолда бар бастапқы ұсыныстарды және алынған нәтижелерді тексеруді, сондай-ақ іске асырылатын педагогикалық ықпалды жобалауды көздейді.

3) Педагогикалық үдерісті жобалау және кейіннен іске асыру. Әр түрлі оқушылардың іс-әрекеттері түрлерін негізді таңдау, педагогикалық үдерісті және оның барысында оқушылардың іс-әрекеттерін басқару.

4) Түзету және реттеу – іске асырылатын педагогикалық үдерістің және іс-әрекеттердің сәтсіздігін немесе табыстылығын бағалауды, қажет болған жағдайда оларды түзетуді және реттуді жүзеге асыруды көздейді.

5) Алынған нәтижелерді қорытынды бақылауды және есепке алуды жүзеге асыру. Кез келген педагогикалық мәселені шешу міндетті түрде қорытынды есепке алуды және бастапқы деректермен салыстыруды, педагогикалық іс-әрекеттердің жетістіктері мен кемшіліктерін талдауды, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың қолданылған әдістерінің, құралдары мен формаларының тиімділігін жүзеге асырумен аяқталуы керек.

Ғылыми-зерттеу жұмысы тақырыбына сәйкес ғылыми-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді зерделеу негізінде анықталған педагогикалық міндеттерді шешудің схемасын төмендегіше беруге болады:

1. Әрекет, оқиға, құбылыс болатын микроортаны талдау.
2. Міндеттердегі (тапсырмадағы) деректерді педагогикалық категориялардың тіліне аудару.
3. Қарама-қайшылықты, талданатын оқиғаның, әрекеттің, құбылыстың даму көзін анықтау. Осы дамудың сипатын, формасын және бағытын анықтау.
4. Міндетте көрсетілген педагогикалық категорияларды анықтау.
5. Болжамды жауап немесе оны іздеу жолы ретінде болжам ұсыну.
6. Педагогикалық ықпалдың негізінде тәрбиенің және оқытудың мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізілетінін анықтау.
7. Мұғалімнің (тәрбиешінің, әлеуметтік тәрбиешінің, ата-аналардың және басқалардың) педагогикалық ықпалы мақсатқа жеткенін анықтау.
8. Бұл жағдаятта сәтті немесе сәтсіз қолданылған педагогикалық теорияның ережелерін атау.
9. Осы педагогикалық жағдаятта жіберілген қателіктерді көрсету.
10. Бұл жағдаятта оң нәтиже алу үшін педагогикалық ықпалдың қандай формаларын, әдістерін, құралдарын қолдануға болатындығын атау.
11. Өзіне қандай жағымды тәжірибе алуға болатындығын анықтау.

12. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіне тән болу тұрғысынан қорытынды жасау және міндетті бағалау.

Болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық міндеттерді шеше білу қабілеті педагогикалық ғылымдарға деген қызығушылықты арттырады, оларға зерттелетін курстың (Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Педагогика, Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Пәнді оқыту әдістемесі, т.б.) практикалық маңыздылығын көруге мүмкіндік береді. Студенттердің педагогикалық міндеттерді шешудегі шығармашылық қабілеттерінің деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым олар педагогикалық жұмыстың қиындықтарын тереңірек түсінеді - деген тәуелділік бар. Қиындықтарды түсіну және жеңу кәсіби іс-әрекетке дайындықты қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектеп өміріне тән оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған типтік жағдаяттарды талдау әдістерін игеру болашақ мұғалімдердің оқу-тәрбие жұмысына сәтті бейімделуін қамтамасыз етеді және олардың кәсіби дамуын тездетеді.

Педагогикалық тапсырмалардың ішінде оқу міндеттерінен басқа да тапсырма түрлері кеңінен қолданылады. Оның ішінде тесттік тапсырмалар немесе оны бағдарламаланған тапсырмалар деп те атайтыны жоғарыда айтылды. Зерттеулерге сәйкес бағдарламаланған тапсырмалар құрылымы төмендегідей болып келеді:

- тапсырма түрінің шартты атауы;
- тапсырманың тұжырымдалуы (неісету қажет, жауапты қалай жазады);
- тапсырманың мазмұндық бөлігі;
- дұрыс жауап (жауаптар).

Тесттік тапсырмаларды орындау кезіндегі негізгі әрекеттер [127].

1. Бағдарламаланған тапсырмалардың түрлерімен, оларды құрудағы негізгі қателіктермен танысу.

2. Бағдарламаланған тапсырмаларды (оқулық мәтіні) орындау қажет оқу материалын зерттеу, ең маңыздысын олардың ішінде: негізгі ұғымдарды, дүниетанымдық идеяларды, заңдылықтарды бөліп көрсету.

3. Материалды тапсырма түрлері бойынша тарату, материалды тапсырма түрлері бойынша қайталауға рұқсат ету.

4. Тапсырмалардың құрылымымен танысу (түр атауы, тұжырымдалуы, мазмұны, жауаптары).

5. Тапсырмаларды құрастыру: әрбір түр бойынша біреуін. Қосымша талаптар: бір дұрыс жауапты таңдауға арналған 5 тапсырма, сұрақтарға дұрыс жауаптарды таңдауға арналған тапсырмада кемінде 5 сұрақ, пайымдаудың дұрыстығын бағалауға арналған тапсырмалардан кемінде 5 пайымдауға арналған сұрақ.

1) Әрбір түрдегі тапсырмалардың орындалуының дұрыстығы.

2) Тапсырмалар түрлерінің әртүрлілігі.

3) Оқу мәтінінің негізгі ережелеріне (ұғымдары мен идеяларына) бағдарлануы.

4) Мағыналы қателіктердің болмауы.

Оқу тапсырмасының қарастырылған нұсқасын қолдана отырып, студенттердің өзіндік жұмысының осы түрін педагогикалық қолдау болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерліктері бойынша бағдарламаланған тапсырмаларды жобалау бойынша іс-әрекетінің нәтижелерін едәуір арттыруға мүмкіндік берді. «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Педагогика», «Педагогикалық технологиялар», «Педагогика тарихы» және «Пәнді оқыту әдістемесі» пәндері бойынша студенттерге арналған осындай тапсырмалар болашақ мұғалімдердің зерттеліп отырған даярлығын жетілдіруге жұмыс жасайды.

А.С. Роботова педагогикалық міндеттің білім алушылардың аналитикалық, болжау, жобалау, рефлексивті іскерліктерін қалыптастыру қабілетін атап көрсетеді, яғни **«Шешу циклі: ойлау - әрекет ету – ойлау».**

Зерттеу жұмысына сәйкес ғылыми-педагогикалық еңбектерді зерделеу кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешудің төмендегідей әдістемелік нұсқаулығын көрсетуге мүмкіндік береді (кесте 2).

Кесте 2 - Кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешудің төмендегідей әдістемелік нұсқаулығы

| Құрылымы | Сипаттамасы |
|---|---|
| Мотивациялау | – білім алушының өзін-өзі дамытуға, білім алушының білім беру пайымдауын құруға деген қажеттілігін қалыптастыру, студенттердің кәсіби дайындық үдерісінде идея ретінде педагогикалық ұстанымды қалыптастыру мақсаттарын түсінуі және қабылдауы; |
| Міндеттер мәтінін түсіну | - көркем мәтінді педагогикалық түсіндіру арқылы міндет пәнін бөліп алу, оның барысында «түсіндіруші түсіну» нәтижесінде тақырыпты бірнеше түрлі көзқарастардан бір уақытта көрудің әсері пайда болады; |
| Мәселені тұжырымдау | - негізгі қайшылықты анықтау, мәселенің туындау жағдайларын анықтау, сұрақтар қою; |
| Мәселені шешу болжамдарын ұсыну | - оқу іс-әрекеттерін міндеттің мақсаттарына жетуге бағыттау, мәселені диалогтық талқылауды ұйымдастыру, бейнелі ойлау мен түйсігі негізінде ұсынылған мағыналарды түсіну; жағдаятты әртүрлі көзқарастардан қарау: мұғалім, оқушы, автор; |
| Шешім қабылдау | - білімнің объективті мәнін игеру, талқылаудың барлық қатысушыларының барабар шешімін таңдау; |
| Түзету | - мәселені шешуді басқару, педагогикалық сараптама; |
| Рефлексия | - білім беру үдерісінің жаңа кезеңін жобалау үшін қажетті өзін-өзі бағалау, өзін-өзі талдау. Өзін-өзі тану және алған педагогикалық білімнің толық «тұруы» үдерісінде ғана пайда болатын жеке мағынаны табу. |

Кәсіби-педагогикалық міндетттерді шешу әдістемесі болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыру тәсілі ретінде қарастырылады.

Болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмаларды қолдану құрылымы схемасын құрастыруды жүзеге асырдық (сурет 1).




Сурет 1 - Оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмаларды қолданудың құрылымы

Жалпы алғанда оқу міндеттері педагогикалық тапсырма ретінде дивергентті ойлауына және инттелектуалдық дағдыларды дамытуға, ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыруға алып келеді. Зерттеу жұмысымызға сәйкес болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру үшін конструктивті ойлауға алып келетін тапсырмаларды үйлесімді қолдану қажет.

Сонымен, педагогикалық тапсырмалар технологиясы - болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы олардың

адамның түрлендіруші іс-әрекетінің құралы ретінде қарастырылады. Әрбір дұрыс әзірленген педагогикалық тапсырма түрлері білім алушылардың ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру құралы ретінде ықпал ететіні назарда ұстай отырып, зерттеуді нәтижелі ету мақсатында оқу тапсырмаларын әзірлеуді ұсынамыз.

Зерттеудің келесі тақырыбында педагогикалық тапсырмаларды ЖОО пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары қарастырылады.

### 1.3 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

ЖОО болашақ педагогтерді оқу-тәрбие іс-әрекетіне даярлау сапасын жетілдіру мәселесі бірқатар педагогикалық зерттеулерде қарастырылды және олар мәселенің әртүрлі аспектілерін шешуге бағытталды. Біздің зерттеу жұмысымызда болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін мектептегі нәтижелі оқу жұмысы үшін қажетті негізгі іскерліктер ретінде қалыптастыруға баса назар аударылады.

Қазіргі кезеңде болашақ мұғалімнің кәсіби маңызды іскерліктерін қалыптастыруда басшылыққа алатын көптеген әдіснамалық тұғырлар бар, олар: **іс-әрекеттік (модельдеу-іс-әрекеттік), интегративті (интегративті-модульдік), жеке тұлғалық-шығармашылық, жүйелік, құзыреттілік тұғырлар.** Зерттеу жұмысында біз жетекші тұғырлардың атқаратын негізгі фунцияларына тоқталатын боламыз.

**Іс-әрекеттік тұғыр** - болашақ мұғалімдерге нақты оқу-тәрбие мәселелерін шешу үшін қажетті практикалық әрекеттерді қалыптастыруға сүйенетін әдіснамалық тұғыр. Педагогикалық білім берудегі бұл тұғырды П.И. Пидкасистый, Л.М. Фридман, М.Г. Гарунов [128] және басқалар зерттеді. Оқу жағдаяттары мен зерттелетін пәндік білімнің даму мүмкіндіктерін барынша пайдалану арқылы білім алушылардың шығармашылық ойлау, кәсіби даярлық деңгейін өзгертуге бағытталған олардың белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру іс-әрекеттік тұғыр аясында жүзеге асырылатындықтан оның авторларымен толық келісу керек деп білеміз.

Іс-әрекеттік тұғыр білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптарды анықтайды және іс-әрекеттің әмбебап әдістерін игеру негізінде білім алушының жеке басын дамытады. Әмбебап оқу әрекеттерін меңгеру студенттерге қажетті ұғымдарды игеруге және оқу мен практикалық міндеттерді шешу іскерліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

*Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырды* (Э.Ф. Зеер, В.В. Краевский және т.б.) іске асыру студенттерді кәсіптік білім беру және тәрбиелеу үдерісінде педагогикалық іс-әрекеттің мақсатты құрылымын модельдеуді қамтиды. Ұйымдастыру іскерлігін қалыптастыру мәселесін шешу үшін іс-әрекеттік тұғыр идеяларын әдіснамалық негіздердің бірі ретінде пайдалану оқыту іс-әрекетінің мақсаттарын, құралдары мен нәтижелерін ашуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ,

аталған тұғырдың өзіндік шектеулері бар, олар жеке тұлғаны педагогикалық іс-әрекеттің жеке нормативтік негізі ретінде қарастырады, мұнда жеке тұлға рөлі немесе жеке тұлға факторы туралы айтылады, бұл студенттің кәсіби іс-әрекет үдерісінде шығармашылық белсенділігін қарастыруға кедергі келтіреді [129].

Оқыту іс-әрекетіне дайындық кезінде болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру мәселесін шешу үшін зерттеу жұмысымызда модельдеу-іс-әрекеттік тұғырын басшылыққа алатын боламыз. Ол негізінен іс-әрекеттік тұғырына арналған зерттеулерге негізделеді (В.А. Беликов, Т.А. Бокарева, В.Г. Краевский және т.б.). Модельдеу-іс-әрекеттік тұғырда екі тұғыр біріктіріледі: модельдеу және іс-әрекеттік.

Модельдеу аспектісі студенттерді кәсіби даярлау үдерісінде педагогикалық тапсырмаларды орындау іс-әрекетіне қамтуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде тапсырманы орындау барысында жеке бейімділікті кәсіби маңызды қасиеттердің бейімділігі ретінде жаңартуға мүмкіндік береді және ол өз кезегінде кәсіби маңызды іскерліктерге айналады. Осылайша, модельдеу және тапсырманы орындау әрекеті жеке қасиеттерді тек жеке саладан кәсіби салаға көшіруге мүмкіндік береді. Бұл тұғыр білім алушылардың жеке қасиеттерін нақты педагогикалық іс-әрекеттерді, жағдаяттарды модельдеу үдерісінде болашақ білім беру іс-әрекетінің ерекшеліктерімен байланыстыруға және дамытуға мүмкіндік жасайды. Бұл жағдайда жеке қасиеттер мен жеке тұлғаның өзін-өзі тануы педагогикалық іс-әрекетті модельдеу және соған сәйкес педагогикалық тапсырмаларды орындау арқылы жүреді.

Іс-әрекеттік аспектісі кәсіби іс-әрекеттің негізгі компоненттерінің логикасындағы педагогикалық үдерістерді қарастыруға: мақсат, мотивтер, әрекеттер, нәтижелерді анықтау мен талдауға мүмкіндік береді. Кәсіптік-педагогикалық даярлау үдерісінде студенттер педагогикалық мақсат қоюды жүзеге асыруға, оқу және тәрбие үдерістерін ұйымдастыруға, оқыту іс-әрекетін басқаруға, өз еңбегінің нәтижелерін дербес талдауға және бағалауға, одан әрі кейінгі іс-әрекетті болжауға үйренеді. Іс-әрекеттік аспектісі білім беру іс-әрекетінің берілген құрылымын кәсіби-педагогикалық даярлау үдерісінде модельдеуге және студенттерді болашақ кәсіби педагогикалық іс-әрекет саласына тікелей бағыттауға мүмкіндік береді. Бұл үдерісте білім алушылардың оқу іс-әрекетінің өзіндік моделін игеру және құру үдерісі белсендіріледі. Іс-әрекетті ұйымдастыруда болашақ мұғалім өзінің кәсіби және маңызды іскерліктерін жүзеге асырады, шығармашылық қабілеттерін көрсетеді, мұнда іс-әрекет кәсіби қызметте өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі белсенді ету саласы ретінде әрекет етеді.

Іс-әрекеттік тұғыр (Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Н.Ф. Талызина және т.б. еңбектері) бізге болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігінің ерекшеліктерін зерделеуге; олардың ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді, әр түрлі іс-әрекет түрлерін қамтуға (шығармашылық, ойын, зерттеу, жобалау және т.б.); болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін жүзеге асыру үшін білім беру мазмұнын, формаларын, әдістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Іс-әрекет туралы жалпы түсініктерге сүйене отырып, жоғары оқу орны жағдайында ұйымдастырушылық іскерліктерді меңгеру үдерісінде болашақ мұғалімдердің іс-әрекетінің айрықша ерекшелігі оның екі ұштылығын атап өтуге болады:

1) оқу-шығармашылық іс-әрекет - бұл іс жүргізу аспектісі мен ерекшелігі білім беру үдерісінің фомаларын, әдістерін, технологияларын қолдана отырып, білім беру үдерісін ұйымдастыруға байланысты іс-әрекет түрі (сыртқы жоспарда);

2) жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы (ішкі іс-әрекет) - бұл өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру және өзінің мүмкіндіктері мен шығармашылық әлеуетін өзін-өзі жүзеге асыру арқылы нақты саналы нәтижеге бағытталған, кәсіби шығармашылық іс-әрекетті тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін өзін-өзі көрсетудің басқарылатын үдерісі және жеке тұлғаның қызметі (болашақ мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі дамыту үдерісі).

Жоғарыда айтып өткендей, іс-әрекетке деген көзқарас тұрғысынан ұйымдастырушылық іскерлік - бұл педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін анықтайтын білім мен дағдылардың жиынтығы.

Психологияда іс-әрекеттік тұғырды дамыту педагогикалық іс-әрекеттің теориялық ережелерін жетілдіруге ықпал етеді. Әр түрлі ғылымдардың «іс-әрекет» категориясын дамытуына байланысты зерттеу тәжірибесінде адамның мінез-құлқының, санасының және жеке басының жекелеген жақтарын зерттеуге іс-әрекетке деген көзқарас пайда болды, бұл «іс-әрекет» ұғымының әртүрлі компоненттерін қолдану негізінде адамды бағалау тұғырына белгілі бір кәсіби бағыттылықты білдіреді. В.В. Загвязинскийдің [130] пікірінше, іс-әрекетке деген көзқарас бойынша: барлық педагогикалық іс-шаралардың білім алушылардың қарқынды үнемі күрделене түсетін іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталуын көздейді, өйткені ол тек өзінің іс-әрекеті арқылы ғылым мен мәдениетті, әлемді тану мен қайта құру тәсілдерін игереді, жеке қасиеттерін қалыптастырады және жетілдіреді.

Қазіргі заманауи мұғалім білімді, адамгершілігі мол, жұмылдырылуы тез, жауапты болуы керек, ынтымақтастық, шығармашылық қабілетімен ерекшеленуі тиіс және педагогикалық іс-әрекетте **интегративті тұғырды** қолдануы қажет. Интеграция білім берудегі маңызды инновациялық құбылыстардың бірі болып табылады [131].З.Ш. Каримов былай деп өзінің пікірін білдіреді: ол эксперименттік көріністің кеңдігі, шығармашылық жоспардың тереңдігі, тарихи дамудың ұзақтығы мен диалектикасы тұрғысынан барлық басқа құбылыстардан асып түседі [132]. Интегративті тұғыр - бұл білім беруде педагогикалық интеграцияның үдерісі және нәтижесі ретінде қарастырылатын зерттеу ұстанымы (пәнаралық, пәнішілік, тұлғааралық).

**Интегративті тұғыр** технологиялық және мазмұндық деңгейде жүзеге асырылады және мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- интеллектуалдық әлеуетті ашады;
- оқытушының жеке басының мүмкіндіктерін ашады;
- кәсіби құзыреттерді (білім, іскерлік және жеке тұлғалық сапаларды) қалыптастырады;

- өз бетінше білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, әлеуметтендіру үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасайды.

Зерттеулерде интегративті тұғырға қатысты интегративті-модульдік тұғырды басшылыққа алу қарастырылады. Интегративті-модульдік тұғырдың (Н.М. Яковлева) [133] негізгі идеясы - технологиялық аспектінің енгізілуімен күшейтілетін кәсіби-шығармашылық тұғыр. Интегративті-модульдік тұғыр - бұл адамның танымдық және практикалық іс-әрекетін ұйымдастырудың ерекше формасы, оның негізгі функциясы біздің нұсқамызда, бір жағынан, мұғалімнің шығармашылық тұлғасын қалыптастыру, ал екінші жағынан, технологиялық ұйымдастыру қажеттілігі, осы іс-әрекеттердің тиімді амалы болып табылады. Бұл тұғыр педагогикалық білім беру мақсаттарын, оның мазмұнын, іс-әрекетті ұйымдастыру бойынша операциялардың ерекше реттілігімен қолданылатын формалар мен әдістерді біріктіру идеяларына негізделеді. Сонымен, интеграцияланған педагогикалық білім берудің мақсаты жеке тұлғаның кәсіби-шығармашылық қасиеттері мен кәсіби-шығармашылық білімінің және іскерліктерінің бірлігі ретінде қарастырылады. Зерттеу жұмысында интеграция идеясы студенттерді оқу жұмысына дайындауда, педагогикалық тапсырмалардың мазмұны мен құрылымын әзірлеуде дамытылады.

Интегративті тұғырдың негізгі қағидаттары: *субъективтілік, креативтілік, патриоттық құндылықтар мен құндылық-қатынастарына бағдарлау, өзін-өзі тәрбиелеу, оқу-тәрбие үдерісі субъектілерінің өзара іс-әрекет құралдарын таңдаудағы өзгергіштік, кері байланыс.*

Интегративті тұғырдың компоненттері болуы мүмкін: ұйымдастырушылық-әдістемелік, іс-әрекеттік-практикалық және ресурстық-мазмұндық. Ұйымдастырушылық-әдістемелік компонент білім беру технологияларын (жобалар әдісі, модерациялар, іскерлік ойындар, пікірталастар, дөңгелек үстелдер, кейс-технологиялар және т.б.) біріктіруді көздейді. Іс-әрекеттік-практикалық компоненті сыни ойлау мен шығармашылықты дамытуға, жеке тұлғаның маңызды және кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық пен шығармашылық тапсырмаларды қолдануға ықпал ететін оқыту технологияларын біріктіруді қамтиды. Ресурстық-мазмұндық компонент оқу-танымдық іс-әрекетке (аудиториялық және аудиториядан тыс) қажетті қосымша білім беру жүйесінің ресурстарын интеграциялайды, өзінің мазмұны, құралдары, әдістері мен ұстанымдарының арқасында ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыруға жәрдемдесетін болашақ мұғалімдер үшін оқу курсы мен тапсырмалар мазмұнын айқындайды.

Осы тұғырды іске асыру интеграцияның негізгі (пәнаралық, пәнішілік, тұлғааралық) деңгейінде интегративті үдерістерді жүзеге асыруды көздейді.

Білім беруде әрдайым диалектикалық бірлікті құрайтын және білім дамуының күрделілігі мен сәйкессіздігін көрсететін интеграция және саралау үдерістері болады. Интеграция педагогикалық жүйенің оның тұтастығына қарай жылжуы арқылы білім беру үдерісі деңгейінің артуына алып келеді. Интеграция нәтижесі біздің жағдайда ЖОО болашақ мұғалімдердің қалыптасқан оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігі болып саналады.

Педагогикалық интеграция үдеріс ретінде - бұл түпкі мақсаттарға жету үшін педагогикалық құралдар арқылы объектілер мен қатынастар арасында байланыс орнату. Зерттеушілер И.Д. Зверев, С.И. Архангельский, В.Г. Разумовский [134] және басқалары оқу үдерісіндегі «интеграция» ұғымының белгілерін (оқу үдерісінің тұтастығын, өзара байланысын, бағытын) көрсетеді.

**Жүйелік тұғыры** - бұл педагогикалық жүйеде және дамып келе жатқан тұлғада интегративті инварианты жүйе құрушы байланыстар мен қатынастарды бөліп көрсетуді, педагогикалық білім беруді студенттің жеке басын жүйелік тұтастық ретінде дамыту үдерісі ретінде құруды көздейтін әдіснамалық тұғыр. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жеке тұлғаны әлеуметтендіру және кәсіби өзін-өзі анықтау, бастамашыл, креативті, құзыретті, кәсіби жұмылушы мұғалімдерді қалыптастыру мәселелерін көкейкесті еткенін атап өткен жөн.




Сурет 2 – Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін жүйелік тұғыр негізінде жүзеге асыру

Жалпы алғанда, жүйелік тұғырды іске асыру барысы келесі мазмұнға ие [135]:

- қабылданған шешімнен бастап жүйелік тұғыр негізінде *оқу үдерісін ұйымдастыруға, білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыруға*, олардың бойында *озық ойды қалыптастыру* және танымдық пен өзге де оқу іс-әрекетінде жүйелік идеяларды, жүйелік ойлау мен жүйелік тұғырдың *іскерліктері мен дағдыларын мақсатты іске асыру* мақсатында;

- қарастырылып отырған объект (оқу материалы, оқулық және оның компоненттері) туралы ақпаратты *жүйелі құрылымдауға, зерделеуге* және ұсынуға (қысқартылған түрде қойылған мақсаттан оқыту және дамыту);

- анықталған ақпараттан, оны жинақтаудан және талдап қорытудан зерттелетін объект жүйесінің тұжырымдамалық моделін құруға – *мақсатқа жету құралы ретінде;*

- құрастырылған жүйеден осы жүйенің және оның компоненттерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін мақсатты бағдарламалар мен бағдарламаларды әзірлеуге дейін;

- жүйені және мақсатты бағдарламаларды іске асырудан бастап қойылған мақсатқа қол жеткізуге дейін (2-суретте).

Жүйелік тұғыр тұрғысынан оқулық белгілі бір оқу материалы түріндегі оқу мазмұнын білдіретін тұтас ақпараттық жүйе ретінде қарастырылуы мүмкін. Оқытудың жалпы мақсатымен біріктірілген көптеген өзара байланысты элементтерден тұратын оқу материалы, Т.А. Ильинаның пікірінше, жүйенің барлық қасиеттеріне ие объект болып есептеледі, сондықтан оны жүйе ретінде қарастыруға болады [136].

Жүйелі ойлау іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін білім алушылардың белгілі бір бөлігі оқытудың жүйелік әдістері мен технологияларын игерумен және іске асырумен байланысты іс-әрекетті жүзеге асыруы керек. Жүйелік тұғыр саласында зерттеліп отырған даярлықты, даярлық құраушыларын қалыптастыру міндеті мыналарды қамтиды:

- жалпы жүйелер теориясы мен жүйелік тұғырдың негізгі ережелері мен ұғымдарын игеру;

- жүйелер теориясы мен жүйелеу саласында белгілі бір білімді қалыптастыру;

- танымдық, ғылыми, практикалық және өзге де іс-әрекетте жүйелік тұғырды (жүйелік әдістер мен технологияларды қоса алғанда) іске асыру құралдарын игеру;

- зерттелетін объектілер жүйелерінің тұжырымдамалық модельдерін құрастыру, жүйелік құрылымдау, қоршаған болмыстың қарастырылып отырған объектілері туралы ақпаратты зерделеу және ұсыну (жинақталған түрде) білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

- жүзеге асырылатын және алдағы іс-әрекетте жүйелі тұғырды іске асыру;

- танымдық, теориялық, практикалық және басқа да іс-әрекеттерде жүйелі ойлау және жүйелі тұғыр іскерліктер мен дағдыларын қалыптастыру.

Жалпы жүйелік тұғырды кеңінен басшылыққа алу үшін кейбір негізгі түсініктерді анықтауға тура келеді.

Жүйелік зерттеулер - бұл объектілерді жүйелік тұрғыдан зерттеу, оларды жүйелер ретінде зерттеу [137].

Жүйелілік принципі - нақты және идеалды объектілерді зерттеу принципі, оларды жүйелер түрінде ұсынуды көздейді. Осы қағиданы ұстану зерттелетін жүйенің элементтерін бөліп көрсетуді, элементтер арасындағы байланыстарды анықтауды және зерттеуді, анықталған байланыстар туралы білімді модель түрінде ұсынуды, содан кейін оны қажетті қасиеттері бар жаңа объектілерді синтездеу үшін қолдануды талап етеді.

Жүйелік тұғыр - бұл объектілерді жүйе ретінде зерттеуге негізделген әлеуметтік-ғылыми таным мен әлеуметтік практика әдіснамасының бағыты.

Жүйелік ойлау - адамның танымдық, теориялық, практикалық және басқа да іс-әрекеттерінде жүйелік тұғырды жүзеге асырумен байланысты қоршаған шындықтың жүйелік принципі негізінде жанама және жалпыланған көрінісі.

Жүйелік әдіс - бұл жүйені, оның компоненттерінің байланыстарын және олардың сыртқы ортамен байланысын зерттеуден тұратын таным тәсілі. Сонымен қатар, бұл қатынастар мен өзара әрекеттесулер оның құрамдас

бөліктерінде жоқ жүйенің жаңа қасиеттерінің пайда болуына әкелетіні анықталды.

Ішкі жүйе - жүйені қоршаған жүйе жұмыс істейтін орта. Жүйенің құрылымы - жүйенің жұмыс істеуі және мақсатқа жету үшін арнайы тәртіпке келтірілген және ұйымдастырылған элементтердің (компоненттердің, ішкі жүйелердің), салыстырмалы түрде тұрақты байланыстар мен олардың арасындағы қатынастардың құрамы.

Байланыс – жүйенің компоненттерін біріктіретін, олардың өзара әрекеттесуін анықтайтын және олардың мақсатқа жету және қойылған міндеттерді шешу, қоршаған орта объектілеріне әсер ету, жүйенің өзін-өзі жетілдіруі және дамуы үшін жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін барлық нәрсе.

Жүйенің функциясы - жүйенің және оның компоненттерінің (ішкі жүйелердің, бөліктердің, элементтердің) белсенділігі, тіршілік әрекеті, байланыс арқылы берілген байланысқа қол жеткізу үшін сыртқы орта объектісіне әсер ететін жүйенің қасиеті.

Жүйеге енгізілген компоненттер мақсатқа жету үшін жұмыс істей бастағанда ғана мағынасы мен функцияларын атқарады. Осылайша, жүйенің барлық компоненттері жұмыс істеген жағдайда ғана ол (жүйе) «өмірге келеді». Бұл жағдайда жүйенің моделі емес, мақсатқа жету және қойылған міндеттерді шешу құралы ретінде жүйе құраушылары жұмыс жасайды.

Жүйе және оның компоненттері мақсатқа жету және қойылған міндеттерді шешу құралдары болып табылады. Осыған байланысты жүйелік тұғырды жүзеге асырудың «өрнегін» келесідей білдіруге болады:

- жүйені мақсаттан оған қол жеткізу құралы ретінде жобалауға дейін;
- осы жүйеден оның компоненттерінің жұмыс істеуінің мақсатты бағдарламаларын жасауға дейін;
- жүйені және оның құрамдас бөліктерінің жұмыс істеуінің мақсатты бағдарламаларын іске асырудан бастап мақсатқа және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге дейін.

Осылайша, жүйелік тұғырды диалектикалық-материалистік әдістің ғылыми танымындағы нақты іске асырудың бір түрі ретінде қарастыруға болады [138].

Сонымен зерттеулерге сәйкес: жүйе (жасанды) мақсатқа жету үшін жобаланған өзара және қоршаған ортамен өзара байланысты және өзара әрекеттесетін элементтердің жиынтығы ретінде ұсынылады.

Мақсат қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін не істеу керек деген сұраққа жауап ретінде жүйені құруға мүмкіндік береді. Жүйелі тұғыр негізінде оқыту технологиясындағы орталық буынның бірі білім алушылардың танымдық, теориялық және практикалық іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыру болып табылады.

Жүйелік тұғыр оқыту құралдарын және оның компоненттерін (параграфтарды, тарауларды, бөлімдер мен бөліктерді) жүйе ретінде зерттеуге және зерттелетін ғылымға сәйкес жүйелік білімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, азат жолды - абзацты (тарау, бөлім және жалпы оқулық) зерттеу кезінде ол жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда объект алдымен

оқулықта ұсынылған күйде зерттеледі. Аталған күйді бастапқы, «статикалық» деп атайды. Әрі қарай, объект сыртқы ортамен өзара әрекеттесу кезінде, жаңа жағдайларда және оған әртүрлі әсер ететін факторлардың әсерін ескере отырып қарастырылады. Салыстырмалы түрде айтқанда, объект «динамикалық күйде» қарастырылады.

Объектіні (параграфты, тарауды және т.б.) зерттеу үдерісінде анықталған ақпарат жүйесінің тұжырымдамалық моделі оны анықталған бір белгілер мен ережелер негізінде белгілі бір зерттелетін объектінің жұмыс істеуінің жалпы мақсатымен біріктірілген өзара байланысты және өзара әрекеттесетін элементтердің реттелген жиынтығы ретінде «жаңа тұтастық» ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [139].

Жүйелерді құрастырудың (құрудың) жүйе құраушы факторы - осы жүйеге қол жеткізу үшін жобаланатын жоспарланған нәтижелердің «озық» үлгісі ретінде мақсат болып саналады.

Жүйелік тұғырды өзекті ету және оны оқу үдерісіне белсенді енгізу оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ білім алушылардың жүйелі ойлау іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін белгілі бір жағдайлар жасай алады.

**Жеке тұлғалық тұғыр** болашақ мұғалімдерге даярлықтың құраушыларын меңгерген тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуға, кәсіби даярлық тұрғысынан өзін іс-әрекет субъектісі ретінде қабылдауға, өз кәсібіне қажетті жеке қасиеттерін дамытуға және ішкі әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы бойынша өзара байланысты ұғымдар, идеялар мен іс-әрекет әдістерінің жүйесіне сүйену, үдерісті қолдау мұғалімнің жеке басын өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру, оның тәуелсіздігін дамыту. Жеке әсер ету тұрғысынан әр адамға оның жас ерекшеліктеріне, туа біткен темпераментіне, психологиялық сипатына байланысты әсер ете отырып, тұлғаның рухани-адамгершілік құндылық қасиеттерін дамытуға ықпал ету қажет; қарым-қатынас әр түрлі деңгейде жүзеге асырылады: диалогтың қарапайым түрінде (тәрбие үдерісінде қарым-қатынас), мазмұнды сұхбат (белгілі бір тақырыптың мазмұнындағы қарым-қатынас), тұлғалық маңызды сұхбат (құндылық-бағдарлық тұлғалық бірлікті қамтамасыз ететін пікірталас).

Білім берудегі жеке тұлғалық тұғыр әрбір білім алушының жеке басын оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде жоғары құндылық ретінде қабылдауды қамтиды. Педагогикалық сөздіктерде оқу-тәрбие үдерісіндегі тұлғалық бағдар деп педагогтың білім алушыға тәрбиелік әсердің саналы, жауапты субъектісі ретінде дәйекті қатынасы түсіндіріледі. Бұл тұғырдың философиялық, психологиялық-педагогикалық аспектілерін көптеген ғалымдар зерттеді Аронсон Эллиот [140], А.Г. Асмолов [141], М.С. Каган [142] және т.б.

Аталған тұғырда педагог білім алушыны объект ретінде қабылдамауы керек, керісінше оны белсенді позицияға қойып, білім алушының жеке басын субъект ретінде қабылдауы керек. Яғни, әр білім алушының жеке екенін ескере отырып, оның құндылығын басты мәселе ретінде қарастырған жөн. Бұл идеяның негізгі мақсаты - білім алушыға құрмет көрсете отырып, өзін жеке

тұлға ретінде сезінуге, өзін-өзі жүзеге асыруға, өз қабілеттеріне деген сенімділікті арттыруға, жеке әлеуетін дамытуға жағдай жасау. Білім беру үдерісінің жеке тұлғаны дамытуға бағытталуы білім алушылардың білімді игеру арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізе алатындығына баса назар аударады. Бұл тұғыр адамның жеке тұлға ретіндегі әлеуметтік, белсенділік және шығармашылық мәні туралы ұғымды бекітеді.

Біздің ойымызша, жеке тұлғалық тұғыр жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігін қалыптастыру үдерісінде жүзеге асыруы керек, яғни:

- жеке өзін-өзі тәрбиелеу траекториясын анықтау үшін жағдай жасау;
- білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және жеке өзгешеліктеріне бағдарлану;
- студенттердің танымдық іс-әрекетін белсендіретін оқыту әдістерін, формалары мен құралдарын пайдалану.

Аталған тұғыр білім беру үдерісін кезең-кезеңімен ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл әр студентке оқытудың берік мотивациясы негізінде жетістіктер мен жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, ұйымдастырушылық іскерліктің тиімді қалыптасуына ықпал етеді.

Зерттеу жұмысымызда жеке тұлғалық тұғырды басшылыққа алудың мақсаты – жалпы және оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерді болашақ мұғалімдердің өздерінің жүзеге асыруына ықпал ету. Аталмыш тұғыр болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін тұлғаның интегративті сапасы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Дегенмен де болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерді игерудің сәттілігі бастамашылық, мақсаттылық, еңбекқорлық сияқты жеке қасиеттерге байланысты болып табылады.

**Шығармашылық (креативті) тұғыр** – педагогикалық тапсырмалар негізінде оқытуда болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда кәсіби іс-әрекеттің қажетті шарты болып табылады. Біз Т.Е. Исаеваның жеке тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуының сөзсіз негізі оның шығармашылық қабілеттері, шығармашылығы (шығармашылық іс-әрекеті) деген пікірін толық қолдаймыз [143] және өзіміздің зерттеуімізде басшылыққа аламыз.

ЖОО-дағы жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, педагогикалық жобалау үдерісі болашақ сұранысқа ие педагог ретінде студенттің шығармашылық белсенділігін ынталандырады және дамытады. Пәнге танымдық қызығушылықтың кәсіби мотивациямен үйлесуі оқытудың тиімділігіне үлкен әсер етеді, ал танымдық мотивация студентті өзінің бейімділігі мен мүмкіндіктерін дамытуға итермелейді, тұлғаның қалыптасуы мен дамуына шешуші әсер етеді.

Әрине, педагогикалық тапсырмалар арқылы оқыту жағдайында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру үдерісінде бұл тұғырды қолдану, ең алдымен, мұғалімнің өзін-өзі жетілдіруін, өзінің шығармашылығын дамытуды талап етеді, өйткені шығармашылық - бұл мұғалімнің қалыптасуының, өзін-өзі тануының, дамуының және жеке басының

ашылуының қажетті шарты. Оқытушының оқытуда тапсырмаларды қолдануы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда шығармашылық (креативті) тұғырды жүзеге асыруы олардың кәсіби іс-әрекетін тиімді жүзеге асыра алатын қазіргі өмір жағдайларына психологиялық және функционалды бейімділікпен даярлауға мүмкіндік береді.

Заманауи зерттеулерді зерделеу жеке тұлғалық-шығармашылық тұғырдың мәнін жоғары бағалайды. И.Ф. Исаев [144], Н.Д. Никандров [145] және т.б. зерттеген жеке тұлғалық-шығармашылық тұғыр шын мәнісінде тұлға шығармашылық тұлға ретінде өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін қалыптастыруы керек. Оның зерттеушілері бұл тұғырды жүзеге асыруды мыналар арқылы қарастырады: педагогикалық шығармашылық технологияларын игеру арқылы студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға дайындығын қалыптастыру; болашақ мұғалімнің өзіндік шығармашылығын өзін-өзі дамытуға, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін, ұйымдастыру іскерліктерін дамытуға дайындығын қалыптастыру.

Біздің зерттеу жұмысымыз үшін, яғни білім алушылардың ұйымдастырушылық білім мен іскерліктерді меңгеруі үшін рефлексия маңызды болып табылады. Рефлексияны түсіну мақсатында ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «педагогикалық рефлексия» термині қолданылады. Мұғалімнің рефлексиясы - бұл жеке педагогикалық тәжірибенің стереотиптерін қайта қарау. Бұл жағдайда мұғалімнің рефлексиялық қабілеті сананың, мінез-құлықтың, қарым-қатынастың, ойлаудың стереотиптерін, негіздерін, құралдарын, оларды сыни және эвристикалық қайта қарау, педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі аспектілерінде инновацияларды қалыптастыру механизмі болып табылады [146].

Бұл рефлексиялық механизмнің ерекшелігі және рефлексия әдістерінің әртүрлілігі жеке тұлғаның жеке өсу және өзін-өзі жетілдіру әлеуетін анықтайды [147]. Ғылыми әдебиеттегі рефлексиялық үдерістерді түсіндірудің екі тұғыры бар, олар: 1) объектілердің мәндерін түсіндіруге әкелетін рефлексивті талдау және оларды құрастыру; 2) рефлексия тұлғааралық қарым-қатынастың мағынасын түсіну ретінде. Осыған байланысты келесі рефлексиялық үдерістер ерекшеленеді: өзін-өзі түсіну және басқаны түсіну, өзін-өзі бағалау және басқаны бағалау, өзін-өзі түсіндіру және басқаға түсіндіру.

Жоғарыда айтылғандар қазіргі жағдайда оқу-тәрбие үдерісінің психологиялық және педагогикалық заңдылықтарын терең зерттеуді, сондай-ақ ЖОО болашақ мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін, зерттеп отырған даярлығын жетілдіруді көздейді. Біздің жағдайымызда болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің жоғары деңгейін қалыптастыруға бағытталады.

Рефлексия басқа кәсіби қасиеттерге қатысты детерминистік рөл атқарады, сондықтан ЖОО оқу үдерісі бірінші курстан бастап студенттерде рефлексия өздігінен емес, мақсатты түрде қалыптасатындай етіп ұйымдастырылуы керек. Рефлексияның екі деңгейін ажырату маңызды: өз іліміне қатысты рефлексия («студент» позициясында) және оқытуды ұйымдастыруға қатысты рефлексия («педагог» позициясында) [148].

Белгілі бір ғылыми деңгейдегі көптеген ғалымдардың (В.Д. Шадриков, В.И. Байденко, В.А. Болотов, Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя, О.Е. Лебедев, А.К. Маркова, В.В. Сериков, Ю.Г. Татур, А.В. Хуторская және т.б.) зерттеу жұмыстарының стратегиясы құзыреттілік тұғыр болып табылады, ол болашақ мұғалімдердің құзыреттілігін қарастыруға; жоғары оқу орны жағдайында болашақ педагогтерді даярлаудың нәтижесі ретінде оның мазмұны мен мәнін ашуға; қалыптасу компоненттері мен көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндігін береді.

**Құзыреттілік тұғыр** – оқыту мақсаттарын айқындаудың, тәрбие үдерісін ұйымдастырудың және оның нәтижелерін бағалаудың жалпы қағидаттарының жиынтығы, олар білім алушылардың табысты әлеуметтенуін және құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісінде құзыреттілік тұғыр әртүрлі құзыреттілік түрлерінің жиынтығы арқылы күтілетін нәтижені қалыптастыруды көздейді. Осы уақытқа дейін педагогикалық және психологиялық ғылымдарда құзыреттілікке байланысты бірыңғай пікір қалыптаспағанын айтып өтуге болады.

Қазақстандық ғалым Г.И. Ибрагимов құзыреттілік тұғыр нарықтық шаруашылық шарттарына сәйкес келетіндігін атап көрсетеді, өйткені ол кәсіби технологияларды қалыптастыруға бағдарлануды көздейді [149].

Кейбір ғылыми еңбектерде кәсіби құзыреттілік мәселесі танымдық, технологиялық, мотивациялық, мінез-құлық, құндылық бағдарларының жүйесі ретінде қарастырылады [150]. Сондай-ақ, білім алушының алған білімін, дағдыларын, тәжірибесін, мінез-құлық тәсілдерін практикалық іс-әрекет жағдайында немесе «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұнын интеграциялауды қамтитын үдерісс ретінде қарастыратын көптеген ғылыми еңбектер бар. Ғылымда болашақ мұғалімнің құзыреттілігі тек ЖОО оқу үдерісінде ғана емес, сонымен қатар практикалық іс-әрекетте немесе өз бетінше іздеу нәтижесінде қалыптасады деген пікір бар.

Г.К. Ахметова, З.А. Исаева өз зерттеулерінде кәсіби құзыреттілікті маманның біліктілігін арттыру және өзін-өзі дамыту үдерісінің жүйе құраушы категориясы ретінде қарастырады [151].

Жалпы құзыреттілік ұғымы кәсібиліктің жоғары деңгейін көрсетуде қолданылады. Кейбір авторлардың еңбектерінде олар кәсіби іс-әрекетке дайындық немесе педагогикалық кәсібилік сияқты ұғымдармен теңестіріледі.

М.А. Чошановтың пікірінше, құзыретті маман көптеген шешімдердің ішінен ең қолайлы шешімдерді таңдау қабілетімен, жалған шешімдерді дәлелді түрде теріске шығарумен, тиімді шешімдерге күмән келтіре білумен, яғни сыни тұрғыдан ойлаумен ерекшеленеді [152].

Екіншіден, құзыреттілік жаңа ақпарат алуды, белгілі бір уақытта және белгілі бір жағдайларда кәсіби мәселелерді ұтымды шешу үшін білімді үнемі жаңартып отыруды көздейтіні атап өтіледі.

Үшіншіден, құзыреттілік үдерістік (жалпы) және мазмұнды (білім беру) компоненттерді қамтиды. Басқаша айтқанда, сауатты адам проблемалардың мәнін түсініп қана қоймай, оларды іс жүзінде шеше білуі керек, яғни шешу

әдістерін білуі тиіс. Сонымен қатар, мәселені шешудің нақты жағдайына сәйкес, адам берілген жағдайларға сәйкес келетін әдісті қолдана алады. Әдістердің дәйектілігі сыни ойлау және білімнің ұтқырлығымен қатар құзыреттіліктің үшінші маңызды сапасы болып табылады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғалымдары М.Ж. Жадрина, С.Д. Мұқанова, Н.Н. Нұрахметов, С.Н. Лактионова, Р.А. Сүлейменова және т.б. білім берудегі құзыреттерді зерделеу негізінде өзіндік анықтамалар береді. «Құзырет – білім алушылардың алған білімін, іскерлігін және жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін кәсіби іс-әрекет барысында жүзеге асыру қабілеті» ретінде қарастырылады.

Сонымен, зерттеулерде «құзыреттілік тұғыр» ұғымы мұғалімнің жеке басының кәсіби білім деңгейімен, жеке қабілеттерімен, үздіксіз өзін-өзі жетілдіру қабілетімен, шығармашылықпен, өз ісіне жауапкершілікпен, теориялық білімді практикада тиімді қолдана білумен анықталады.

Құзыреттілік тұғырды іске асыру болашақ мұғалімді даярлау сапасы мәселесіне жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Оның ішінде білімді, іскерлікті және жеке тұлғалық сапалық қасиеттерді кәсіби іс-әрекет саласында жүзеге асыру болып табылатынын ескере отырып, даярлықты қамтамасыз ету болып табылады.

Зерттеулерге және әдіснамалық тұғырларға сәйкес болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың ұйымдастыру-әдістемелік принциптерін және осы принциптердің жүзеге асырылу жолдарын көрсетуге болады.

Жеке тұлғаға бағдарланған принципті жүзеге асырудың жолдары:

- өзін-өзі ұйымдастыру жаттығуларын орындау;
- өзін-өзі реттеуді қалыптастыруға бағытталған жаттығуларды орындау;
- өзінің әрекеттеріне рефлексия жасау;
- интербелсенді оқыту формаларын пайдалану.

Осыған сәйкес болашақ мұғалімде өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі реттеуі және болашақ ұйымдастырушының ішкі дамуы жүзеге асырылады.

Проблемалылық принципін жүзеге асыру жолдары ретінде атауға болады:

- мақсатты бағыттылық;
- қоғамдық мәнділік;
- мақсатқа жетуге күш-жігер жұмсау;
- кезеңділік (төмен деңгейден жоғары деңгейге ауысу);
- түрлі оқу топтарында оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерліктерін жүзеге асыру;
- проблемалық ситуацияларды шешу.

Бұл принципті қолдану нәтижесінде болашақ мұғалімде рефлексивтік, талдау іскерліктерінің қалыптасуы қамтамасыз етіледі.

Дербестік принципінің жүзеге асырылу жолы ретінде: оқу сабақтарын дербес ұйымдастыру (ЖОО модельдеу, мектепте сабақ өту) іс-әрекеттерін айтуға болады. Аталған принциптің жүзеге асырылуында мәнді нәтижеге қол жеткізуге болады, олар:

- ұйымдастыру іс-әрекеті туралы білімдерді жүйелеу;

- ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыру;

- ұйымдастыру іскерліктері бойынша алғашқы тәжірибе қалыптастыру.

Сонымен қатар, әлеуметтік келісімділік принципін жүзеге асыру төмендегідей жолдармен жүзеге асырылады:

- ұйымдастырушылық іс-әрекеттердегі жаттығулар;

- оқу жұмыстарының жекелеген тәсілдерін талдау және бағалау;

- білім алушылар аз топтарда сабақтарды (диалог, ойын, тренинг негізінде) ұйымдастыру.

Бүгінгі таңда білім беру әдістемесін дамытуда көптеген ұқсас принциптерді ажыратуға болады, алайда олардың барлығы бір-бірімен тікелей байланысты, білім беру мақсаттарына жетуге бағытталған күрделі жүйені құрайды.

*Жалпы дидактикалық принциптерге мыналар жатады:*

Оқу материалын игеру үдерісін басқарудың қаттылығы мен икемділігі принципі. Болашақ мұғалімдердің интеллектуалды дағдыларын дамыту өте маңызды (аналитикалық, жобалау, конструкциялау), олар алдағы педагогикалық іс-әрекетте өте қажет. Сабақтарда тапсырмалар студенттер үдерістерді талдайтын, өз әрекеттерін талдау негізінде жобалайтын, белгілі бір практикалық мәселені шешудің нақты тәсілдерін белгілейтін етіп құрылуы керек [153]. Т.С. Сабыровтың зерттеулерінде жоғары мектеп дидактикасының өзектілігі негізделеді. *«...Дидактикалық дайындық* – кәсіби-педагогикалық даярлықтың негізгі және маңызды саласы. ... *педагогикалық қызметті атқаруға қажет мұғалімнің бойында мынандай дидактикалық қабілеттер болуы керек: оқыту процесін жоспарлай білуі, оны мақсатты түрде ұйымдастыра алуы, жүйелі түрде бақылау мен бағалау ісін орындап отыруы»* - деп көрсетеді [63, б.57].

*Интегративтілік принципі* (пәнаралық байланыстар). Әзірленіп жатқан әдістеме мазмұнының іргелі және гуманитарлық даярлықтың басқа пәндерімен өзара байланысы болуы [154]. Пәнаралық байланыстар ғылымаралық байланыстардың баламасы болып табылады. Пәнаралық байланыстардың мазмұндық аспектісі объективті түрде бар байланыстар және нақты әлем объектілері мен құбылыстарының өзара байланысы, олардың өзара әрекеттестігі мен қарым-қатынасы болуы керек, ал объективті қолданыстағы байланыстарды іске асырудың үдерістік аспектісі базалық деңгейдегі интеграция болуы тиіс [155].

*Интерактивтілік принципі* оқу қатысушылардың диалогтік өзара іс-қимылын болжайды. Оқытудың проблемалық, тұлғалық-белсенділік сипатын қамтамасыз ететін жұмыс формалары мен материалдар тек оқу іс-әрекетінде ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметте де өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Осы орайда Б.А. Тұрғынбаева өз зерттеулерінде: «ЖОО-дағы білімдік үдерісті технологиялар мен интербелсенді оқыту әдістері арқылы жобалауда олардың мына төмендегідей қызметтері есепке алынады» дей келе, оларды келесідей ұсынады:

-педагогикалық мақсаттарға жету құралы қызметі;

- білім мазмұнының әрекеттік компоненті қызметі;

-оқу әрекеті жобасының қалыптасу, өзін-өзі дамытуға қабілеттілікті дамыту қызметі;

-«білім алу – оқыту» диадасындағы, триадасындағы бірлескен әрекетін ұйымдастыру қызметі [25, б.205 ]

Білім берудің *үздіксіздігі принципі* бұл болашақ мұғалім тұлғасының тұрақты дамуға бейімделу үдерісі үшін ұйымдастырушылық іскерлікті қалыптастыруда үлкен маңызға ие. Сонымен қатар, бұл принцип болашақ мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті үшін өте маңызды, өйткені ол үнемі кәсіби мүмкіндіктері мен жеке қасиеттерін байытады.

Педагогиканың теориясы мен практикасында *проблемалық принцип* ерекшеленеді (М.И. Махмутов, М.Н. Скаткин, И.Я. Лернер және т.б.). Проблемалық оқыту – білім алушылардың білімді шығармашылық «ашуымен» сипатталатын оқыту түрі. Проблемалық оқытудың орны - кез-келген пәннің мазмұны бойынша жаңа материалды үйрену сабағы. Проблемалық әдісті қолданудағы жетістік мұғалімнің қызығушылығы мен оқушылардың жоғары мотивациясына байланысты.

Проблемалық оқытуда педагогтың қызметі қажет болған жағдайда неғұрлым күрделі ұғымдардың мазмұнын түсіндіреді, жүйелі түрде проблемалық жағдайларды тудырады, фактілерді білім алушыларға жеткізеді, олардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырады. Білім алушылар фактілер мен құбылыстарды талдау арқылы өз бетінше қорытынды жасайды, ұғымдарды, ережелерді тұжырымдайды (мұғалімнің көмегімен) немесе жаңа білімді өз бетінше қолданады.

*Өзгергіштік және қол жетімділік принципі.* Орындау үшін ұсынылатын тапсырмалар топтың және әрбір білім алушының дайындық деңгейіне байланысты оқу үдерісін вариативті ұйымдастыруға мүмкіндік беруі керек. Бұл принциптің екі аспектісі бар:

1) білім алушылар бір тапсырманы әртүрлі тәсілдермен орындай алады, өйткені ол не өз көзқарасын білдіруді, не әңгімелесушінің мінез-құлқын түсіндіруді, не жанжал жағдайынан шығудың негіздемесін көздейді;

2) стандартты емес тұжырымдары бар әртүрлі тапсырмалар білім алушылардың қызығушылығын сақтауға мүмкіндік береді және олардың жағымды эмоцияларын тудырады, бұл оқуға деген ынтаға әсер етеді.

Аталған қағиданы іске асыру оқыту мен тәрбиелеудің формаларын, әдістерін, құралдарын таңдаудың өзгергіштігін көздейді.

Ұйымдастырушылық іскерлікті дамыту әдістемесінің негізгі психологиялық принципі іс-әрекет формаларын өзгерту принципі болып табылады. Іс-әрекеттерді өзгерту арқылы бір жағынан назар аударуды, екінші жағынан тәуелсіздік пен шығармашылықты қажет ететін тапсырмаларды орындау үшін қажетті білім алушылардың белсенділігінің жоғары деңгейі сақталады.

Ғалымдар сонымен қатар психологиялық принциптерге шығармашылық принципін жатқызады, оған сәйкес жеке және ұжымдық шығармашылықтың көріну мүмкіндігін қамтамасыз ететін оқу үдерісін ұйымдастыру қажет.

Ұйымдастырушылық іскерлікті қалыптастыру әдістемесінің негізгі әдістемелік принциптері ретінде келесілерді атауға болады, олар: қарым-қатынас принципі, жағдаяттық принципі.

Қазіргі кезеңде қарым-қатынас принципі негізгі әдістемелік принцип болып саналады. Осы қағида бойынша оқу үдерісі табиғи немесе оған жақын қарым-қатынас жағдайында ұйымдастырылады. Бұл принципті іске асыру оқу үдерісін нақты қарым-қатынас үдерісіне жақындатуды және оқушының белсенді шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруды қамтиды. Сабақ бағытындағы коммуникативті принципті сақтай отырып, оқытудың мақсаты (тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеру) және мақсатқа жету құралы тығыз байланысты.

Бұл ретте бұл қағида білім алушылардың шығармашылық іс-әрекетінің белсенділігін талап етеді. Мысалы: топтық тапсырманы кеңінен қолдану, проблемалық жағдайларға назар аудару, шығармашылық тапсырмаларды орындау және т.б.

Жағдаяттық принципі оқу үдерісі жағдайлардың негізінде және солар арқылы жүретінін білдіреді. Осы қағиданы іске асыру қарым-қатынасты өзара әрекеттесуді ынталандыру мақсатында нақты қарым-қатынас жағдайларына мүмкіндігінше жақын жағдайларды құру қажеттілігін анықтайды.

Аталған принциптің жүзеге асырылуында болашақ мұғалімдерде әртүрлі әлеуметтік-психологиялық типтегі ұйымдастырушылық қабілеттері, іскерліктері қалыптастырылады.

Сондай-ақ, ұйымдастырушылық іс-әрекеттері, іскерліктері бойынша алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелерді талдау бойынша сабақтастық принципін жүзеге асыруда болашақ мұғалімдерде субъективті ұйымдастырушылық тәжірибелер қалыптасады.

Жоғарыда аталған әдіснамалық тұғырлар мен принциптерді басшылыққа алу әдістемелік жұмыстар барысында ескеріледі. Әрбір әдіснамалық тұғырдың педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда өзіндік орны мен ерекшеліктері басшылыққа алынады және осыған сәйкес жұмыстың келесі бөлімінде теориялық негіздері қарастырылады.

# 2 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ІСКЕРЛІКТЕРІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 2.1 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұны

Педагогикалық үдерісте оқушылардың оқу-тәрбие жұмыстарын нәтижелі ұйымдастыру педагогтың біліміне, іскерлігі мен сапалық қасиеттеріне байланысты. Біздің зерттеуімізге байланысты оқыту, оқу іс-әрекеті, педагогикалық іскерлік, оның ішінде ұйымдастырушылық іскерлікке (немесе іс-әрекетке) қатысты ұғымның мәнін және оның басқа да ұғымдармен өзара қатысын айқындау болып табылады.

Оқыту, тәрбие іс-әрекетін жүзеге асыру педагогикалық іскерліктерге байланысты. Педагогикалық еңбектерде «іскерлік» ұғымына қатысты түрліше ой-пікірлер барын жоққа шығаруға болмайды. Оқыту, тәрбие іс-әрекетін тиімді әрі өнімді ұйымдастыру үшін ең алдымен мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру қажет болып табылады. Сол себепті ең алдымен «ұйымдастырушылық іскерлік» ұғымына анықтама беруіміз керек. «Іскерлік» ұғымы әдебиеттерде түрліше қарастырылған. Іскерлік - бұл күрделі психологиялық-педагогикалық ұғым. Педагогикалық зерттеулерде бұл ұғымның анықтамасы былай деп берілген: «Іскерлік бұл – алға қойылған мақсаттар мен берілген шарттарға сәйкес әрекетті тиімді орындау болып табылады. Іскерлікті тез және жылдам игеріп алу, адамның қабілеті деңгейінің жоғары екендігін айтуға болады» [156].

Орыс тілінде жазылған педагогикалық-психологиялық еңбектердегі «умение» сөзі қазақ тіліне аударылғанда түрліше жазылатынын педагогикалық еңбектерден көруге болады, олар: икемділік (Қ. Жарықбаев), ебдейлілік (М. Құдайқұлов), ептейлік (Ж. Асанов), ептілік (Ю. Камалов). Десек те, педагогика оқулығында «іскерлік» ұғымының «іскерлік» деп аударылуы мен қолданылуы орынды деп білеміз. Оның негізгі мәні алған білім мен әрекеттерді практикалық тұрғыдан жүзеге асыру болып табылады және ол кеңінен қолдау тапқан.

Т.Н. Халмурадов пен А.А. Лошактың ғылыми-зерттеу жұмыстарында іскерлік дағдыны қалыптастырудың бастапқы кезеңі ретінде анықталады [157,158]. Е.А. Милерян политехникалық іскерліктерді қалыптастырудың психологиясы туралы жазған еңбегінде іскерлікті адамның қасиеті екенін және оны қалыптастыру педагогикалық үдеріс мақсаты болып табылатынын жазады [159]. Психологиялық еңбектердегі белгілі болған іскерлікті қалыптастыру жөніндегі теорияларды зерделей келе, еңбек психологиясы жөнінде Е.А. Милерян: іскерлікті тұлғаның табиғи қасиеттері мен оқыту үдерісінде меңгерген сапаның үйлесімділігі, өзіндік жинақтау екендігін мазмұндайды. Сондай-ақ, іскерліктің адамның жеке тұлғалық қасиеттері мен сапа құраушыларына тән болатынын көрсетеді.

К.К. Платонов іскерлікті оқыту үдерісіндегі анықталған амалдарды, тәсілдерді, сондай-ақ олардың жекелеген элементтерін орындауды түсінеді және олардың оқу мақсатын жүзеге асыруға бағытталатынын көрсетеді.

Танымал психолог ғалымның ойынша, іскерлік – белгілі әрекеттерді, амалдарды басқа жағдайда орындай алу мүмкіндігі ретінде көрсетеді және іскерлікті қалыптастырудың 5 сатысын ұсынады [160]. Оның ұсынған іскерлікті қалыптастыру кезеңдері педагогикалық тұрғыдан кеңінен қолданылуда.

Белгілі педагог Ю.К. Бабанский авторлық бірлестікте жазған еңбегінде, іскерлікті қандай да бір амал-әрекеттерді, қимыл қозғалыстарды игеруді атап көрсетеді және іскерліктің қайталану негізінде жүзеге асырылуы (автоматты түрде) дағды болып табылатыны айтылады [161].

Сонымен, пән саласы бойынша жүзеге асырылатын дағдылар белгілі бір іс-әрекетті алған білім мен тәжірибе негізінде жоғары деңгейде орындау мүмкіндігі екендігін көруге болады.

Г.И.Щукина іскерлікті интеллектуалдық қасиетке жатқызады. Автор іскерліктің мәні бар қасиетіне олардың түрлі және алуан түрлі жағдайларда сәтті жүзеге асырылуының салдары деп есептейді. «Іскерлік» ұғымының анықтамасының саны тұрақты артып отырады. Іскерлік деп дағдыны (А.М.Левитов), ең жоғары адамзаттық қасиет (К.К.Платонов), дағдыны игерудегі алғашқы баспалдақ (Е.Н.Кабанова-Меллер) және оны тәсілдер мен әдістердің жиынтығы ретінде (Т.А.Ильина) сипаттайды.

Зерттеулерге сәйкес іскерлікті қалыптастыруда көптеген теориялар мен тұжырымдамалардың барын көруге болады және олардың дені төмендегідей:

- өндірістік іс-әрекетті жүзеге асыруға бағытталған және жалпы білім беру шеңбері (оның ішінде ғылым негіздері пәндерінде) мен еңбекке дайындау бағытында жүзеге асырылатын политехникалық іскерліктерді қалыптастыру;
- ақыл-ой қызметіне негізделген талдау, бағалау және жинақтау мақсаттарын жүзеге асырудағы интеллектуалдық іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру тұжырымдамасы;
- қарапайым іскерліктердің жаттығу немесе әрекеттерді қайталау негізінде дағдыға түрленуі туралы тұжырымдама;
- ұсақ-қимыл қозғалыс әрекеттерінің іскерлікке түрлену (ауысу) тұжырымдамасы, т.б.

Психологиялық және педагогикалық зерттеулер мен оқу құралдарында білім алушылар тарапынан оқыту үдерісінде қалыптасатын іскерліктерді жіктеудің ортақ түрі мен тәсілі жоқ деп айтуға болады. Іскерліктер ЖОО оқыту үдерісіне енгізіліп жатқан шетелдік оқу құралдарында психомоторлы дағдылар ретінде көрсетілуде. Ал, іскерлікті қалыптастыру мен олардың қалыптасуының кезеңдері (сатылары) психологиялық-педагогикалық еңбектерде түрліше беріледі. Кейбіреулері 3 кезеңді ұсынса, келесілері 4 кезеңді, сондай-ақ іскерліктерді, яғни (психомоторлы) дағдыларды қалыптастырудың 5 кезеңін, деңгейін де ұсынғандарын көруге болады.

А.В. Усова оқушылардың ғылыми ұғымдарын қалыптастырудың психологиялық-дидактикалық негіздерін айқындау бойынша еңбегінде оқушылардың оқу жұмысына қатысты іскерліктерді: 1) кітап оқу, есептеу, жаттығуды орындау және т.б практикалық сипаттағы іскерліктер; 2) сөйлеудің қысқаша жазылуын орындау, әдебиетпен жұмыс жасау, т.б. оқу-танымдық

сипаттағы іскерліктер деп екі үлкен топқа ажыратады [162]. Оқушылардың жұмысы тұрғысынан алғанда ғалымның іскерліктерді ажыратуы орынды.

В.С. Цетлин мектеп оқушыларын оқытудағы қолжетімділік пен қиындығын айқындаудағы жазған еңбегінде іскерлік пен дағдыларды: 1) талдау мен жинақтау әрекеті жүзеге асырылатын ережелерге негізделген теориялық; 2) қимыл-қозғалыс әрекеті мен тәсілдеріне негізделген практикалық мәнге ие іскерліктер мен дағдылар деп ажыратады. Осылай іскерліктер мен дағдыларды топқа топтастыру білім беру құжаттарында көрсетілген оқыту нәтижелерін игеруге бағытталатынын көруге болады.

Зерттеулерге сәйкес іскерліктерді: интеллектуалдық, жалпы және арнайы деп ажырату да педагогикалық еңбектерде қарастырылады. Интеллектуалдық іскерліктер негізінен оқыту әдістемесіндегі логикалық тәсілдер, психологиядағы ойлау түрлері арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Логикалық тәсілдер немесе интеллектуалдық іскерліктер оқушылардың оқу-танымдық әрекеттерді жүзеге асырумен байланысты болып келетіні Т.И. Шамованың еңбегінде айтылады [53,с. 3-12]. Оның жүзеге асырылуы оқу-танымдық іс-әрекетті жоспарлау, әрекеттерді жүзеге асыру, орындалу барысын бақылау мен бағалау, қателіктерді түзету бойынша іскерліктерге байланысты. Бұл іскерліктер оқушылардың оқу жұмыстарына ортақ болып табылады.

Сонымен, іскерлікке қатысты ой-пікірді айтқанда К.К. Платоновтың ілгерідегі іскерліктер жөніндегі айтқан ойын қолдауға болады. Оның ойынша, іскерлік – алған білімдер мен дағдылар негізінде қалыптасады және жүзеге асырылады; іскерлік – адамның алдында кездесетін әрекеттерді (ой немесе дене әрекеттерін) орындау немесе әрекеттерді басқа жағдайда орындау мен тасымалдай алуы [163].

Білім белгілі бір іскерліктерді қалыптастырудың негізі болып табылады, сондықтан алдымен ұйымдастырушылық іскерліктің негізі болатын осы компонентке сипаттама беріледі. Білім дегеніміз - адамның объективті шындықты фактілер, ақпарат, ережелер, идеялар, ғылыми ұғымдар, заңдылықтар, принциптер, теориялар, ғылым заңдары түріне сәйкес көрсетілуі. Білім адамға қоршаған әлемге бағдарлану, оқиғаларды түсіндіру және болжау, іс-әрекеттерді жоспарлау және жүзеге асыру, сондай-ақ жаңа білім алу үшін қажет.

Соңғы онжылдықта дидактикада оқыту көрсеткіштерін түсінудің, маманның кәсіби тәжірибесін қалыптастырудың пәннен тыс, жалпы дидактикалық деңгейі қалыптасуда. Сонымен қатар, білім көрсеткіштері білім алушылардың объективті өлшеуге болатын интеллектуалды операцияларды орындауында көрінетін олардың элементтерін игеру арқылы сипатталады. Дидактикалық тұрғыдан оқытудың пәндік көрсеткіштерінің жалпыланған жүйесі келесідей ұсынылуы мүмкін [164].

Білімнің қалыптасу көрсеткіштері.

1. Ұғымдарды меңгеру:

- ұғымдарды тану және анықтау (терминдер мен анықтамаларды салыстыру, анықтамаларды, ұғымдарды құру);

- ұғымдар көлемін ашу (ұғыммен жалпыланған объектілер мен құбылыстардың номенклатурасының сипаттамасы және олардың жіктелуі);

- ұғымдардың мазмұнын ашу (осы ұғымдарда көрсетілген объектілердің немесе құбылыстардың маңызды белгілерінің сипаттамасы);

- ұғымдық жүйеде ұғымдар арасындағы қатынастардың логикасын құру (ұғымдар арасындағы иерархиялық және ассоциативті байланыстарды бөлу, логикалық реттелген терминологиялық схемаларды құру);

- ұғымдардың мазмұнынан туындайтын әрекеттердің сипаттамасы (ұғымдардың мазмұны негізінде орындалатын мүмкін практикалық және интеллектуалды шешімдердің сипаттамасы).

2. Фактілерді меңгеру:

- фактілерді білу (фактілерді сипаттау, оларды зерттелетін материалдың, уақыттың мәнжазбасына жатқызу және т.б.);

- фактілер арасындағы байланыс логикасын құру (олардың арасындағы иерархиялық және ассоциативті қатынастарды бөліп көрсету).

3. Ғылыми мәселелерді меңгеру:

- оқу мәнжазбасындағы ғылыми мәселелерді тану;

- белгілі бір проблемалық жағдай туралы идеяларға негізделген мәселелерді тұжырымдау;

- осы мәселені шешудің мүмкін жолдары туралы идеялардың болуы.

4. Теорияларды меңгеру:

- теорияны тану (теорияны зерттелген материалдың мәнжазбасымен байланыстыру);

- мазмұнды ашу (негізгі ережелерді, дәлелдемелерді, қорытындыларды сипаттау);

- теория негізінде жүзеге асырылатын әрекеттердің сипаттамасы (оның практикалық қолданылуы, болжамды мүмкіндіктері және т.б. туралы идеялар).

5. Заңдылықтар мен ережелерді меңгеру:

- ережені, заңдылықты тану (зерттелген материалдың мәнмәтініне сәйкестік);

- заңдылықты, ережелерді тұжырымдау;

- ереженің, заңдылықтың мазмұнын ашу (көріністің, қолданудың мәнін, шарттары мен шекараларын сипаттау);

- ережені, заңдылықты қолдануға байланысты әрекеттердің сипаттамасы.

6. Әдістер мен процедураны меңгеру:

- зерттелген материал мәнжазбасындағы әдісті, процедураны тану;

- әдістің, процедураның мазмұнын ашу (әдістің, процедураның мәнін құрайтын әрекеттер мен операциялардың сипаттамасы және оларды қолданудың логикалық реттілігі);

- әдісті, процедураны қолдану шарттарының сипаттамасы.

Бұл теориялық мәселе, білім алушылардың, яғни болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық білімін қалыптастыруға негіз болады.

Іскерліктерді қалыптастыру көрсеткіштері ретінде де дидактикада анықталған нұсқамаларды басшылыққа алу қажеттілігі туындайды. Іскерліктерді игерудің диагностикалық көрсеткіштері, әдетте, оқыту

мәнжазбасында нақты қойылған міндеттерге қатысты орындалатын нақты әрекеттер мен олардың кешендері болып табылады. Сонымен қатар, кез-келген іс-әрекеттің құрылымында жалпы элементтерді бөліп көрсетуге болады, оларды жүзеге асыру әр нақты іскерлікті жаңғырту кезінде қажет:

- іскерлік құрылымында нақты әрекеттерді орындау операцияларының алгоритмін (реттілігін) құру;
- осы іскерлікті құрайтын іс-әрекеттерді іс жүзінде орындауды модельдеу (жоспарлау);
- осы іскерлікті құрайтын іс-шаралар кешенін орындау;
- іс-әрекет мақсатымен салыстыру іскерлігін құрайтын іс-әрекеттерді орындау нәтижелерін талдау.

Бұл элементтерді иелену іскерліктің қалыптасуының объективті көрсеткіштері бола алады.

Іскерліктің ерекшелігі, яғни «оқшауланған» автоматтандырылған дағдыдан айырмашылығы, оның іс-әрекетті орындау кезінде арнайы жаттығуларсыз қалыптасқан және негізінен, мәліметтерге ұқсас әрекеттерді орындау кезінде бұрын алынған білімдері мен дағдыларына негізделуімен қорытындыланады. Сондықтан іскерлікті іс жүзінде жүзеге асыру әрқашан азды-көпті дамыған сананың өзін-өзі бақылауы кезінде пайда болады. Алайда, іскерлікті жетілдіру тек білімді игеру және білім тәжірибесін пайдалану үдерісінде ғана емес, сонымен қатар дағдыларды игеру және осы «басқа» тәжірибені пайдалану үдерісінде де болады.

Жоғарыда аталған авторлардың көзқарасын С.Л.Рубинштейннің дағды ұғымының мазмұны туралы іс-әрекет әдісін игеруден тұратын, «саналы мақсатқа бағытталған әрекет арқылы жүзеге асырылған» оны операциялар немесе тәсілдер ретінде көрсететін тұжырымымен байланыстыруға болады [165]. С.Л Рубинштейннің бұл идеясын қорытындылай отырып, В.Д. Шадриков «қабілеттер іскерлік пен дағдының ішкі құралы ретінде әрекет етеді» деген ойды білдірді [165,с. 67]. И.С. Якиманская [166] да «қабілет» және «амал» ұғымдарының бірдейлігін атап көрсетеді. Автор амалды (тәсілді) меңгеру қабілеттерге байланысты екенін ескертеді. Демек, ол білім, іскерлік және дағдының қабілетке қарсылығын жоққа шығарады [166,с. 176]. Сондай-ақ, ол білімі бойынша мета-білімді («іс-әрекет тәсілдерінің, алгоритмдердің, ережелердің, логикалық операциялардың сипаттамасы, яғни оқу материалын пысықтауды қалай жүзеге асыру туралы білім») түсінетінін атап өткеніміз жөн.

Құзыреттілік тұғыр аясында қабілеттерді: бір жағынан, білім, іскерлік және дағдыларды игерудің детерминанты ретінде (бұл жерде олардың функционалдық компоненті айтылады); екінші жағынан, іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім (мета-білім), іскерлік пен дағдылар жүйесі ретінде (операциялық компонент).

Әдебиеттерді талдау көрсеткендей, қабілеттер іс-әрекеттің сәтті болуына жауап береді десек, В.Д. Шадриковтан кейін біз қабілеттердің көріну дәрежесінің жеке өлшемін бағалауды өнімділігі, сапасы және оны жүзеге асырудың сенімділігі тұрғысынан жүргізілуі керек деп санаймыз [167].

Қабілеттерді белгілі бір іс-әрекеттің түрін орындау үшін қажетті жеке тұлғаның қасиеттерін ашып, оның сәтті болуына мүмкіндік беріп, жоғары өнімді деңгейде тиімді және сенімді түрде орындау үшін қажетті әлеуметтік сапалар мен психологиялық қасиеттердің жиынтығы ретінде анықтауға болады.

«Қабілеттер» ұғымының мазмұнын түсінудің әр түрлі тұғыры (С.Л. Рубинштейн, Б.М. Теплов, В.Д. Шадриков және басқалар) [168,169] қабілеттердің белсенділікті алдын-ала анықтайтындығымен және онда көрінетіндігімен біріктіріледі. Осыған байланысты зерделеу және оларды одан әрі қалыптастыру тиісті іс-әрекетті зерттеуден басталуы керек. Адам іс-әрекетінің кез-келген түріне тән жалпы сипаттамаларға қарамастан (мақсат қою, мотивация, пәнділік), олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған орай оны орындау үшін сәйкесінше, тек осы іс-әрекет түріне, қабілеттерге тән өзгешелік қажет етіледі.

ЖОО студенттің кәсіби іскерлікті игеру жеңілдігі мен жылдамдығы, ең алдымен, жалпы іскерліктер негізінде қалыптасқан адамның жалпы ғана емес, сонымен қатар мамандандырылған кәсіби іскерліктерінің жоғары деңгейіне негіз қалайды.

Іскерлік пен дағдының жалпы ортақ та, оларды ажыратып тұратындай айрықша белгілері де бар. Іскерлік пен дағдының екеуін жеке тұлғаның іс-әрекет тәсілдері, яғни алынған білім негізінде орындалатын амалдар мен операциялар жүйесі біріктіреді. Олардың айырмашылығы – білім алушы іс-әрекетінің әр түрлі сипатында жатыр. Адамның дағдысы көп жағдайда іс-әрекеттің операцияға айналуы негізінде, іс-әрекеттің саналы түрде автоматтандырылған әдісі ретінде, әрекетті орындаудың автоматтандырылған компоненті - «саналы операция» (А.Н. Леонтьев) негізінде пайда болады. Оның рөлі сананы іс-әрекеттің құрамына кіретін амалдар мен операцияларды жүзеге асыруды тікелей басқару функциясынан босатуымен қорытындыланады. Ол бірдей жағдайда бірдей әрекетті бірнеше рет қайталау нәтижесінде, яғни жаттығу арқылы дамиды. Бұл екі жолмен жасалады: 1) тар мақсатта жаттығу үшін арнайы ұйымдастырылған жаттығулар; 2) білім алушының әртүрлі дағдыларды біріктіруін талап ететін, неғұрлым жалпы сипаттағы тапсырмаларда үйренген әрекеттерді бірнеше рет қосу жолымен [69,с. 15].

Әрине, «саналы операциялар алдымен мақсатты үдерістер ретінде қалыптасады, сонда ғана кейбір жағдайларда автоматтандырылған дағды формасын алады», осы кезде, яғни оқытуда операцияларды (дағдыларды) қалыптастырудың бірінші тәсілі маңызды болады. Ол үшін білім алушының алдына «оның әрекетінің мәліметі басқа әрекетті орындау тәсілі болғанда осындай жаңа мақсатты» қою керек [170]. Сонымен қатар, жаңа мақсаттың ішкі мақсаттарын құрайтын ішінара мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттер жаңа күрделі іс-әрекет үдерісінде жаңа күрделі мақсатқа жетудің тәсілдеріне айналуы керек.

Оқыту кезінде А.Н.Леонтьев көрсеткен екінші жол жаттығулардың төменгі, бастапқы кезеңдерінде, негізінен кейбір стандарттарға еліктеу арқылы өздігінен қалыптасатын операцияларды (дағдыларды) қалыптастыру үшін өте маңызды; жоғары деңгейлерде - жүйелі «сынап көру және қателіктер» арқылы,

жаңа жағдайларға гомеостатикалық бейімделу арқылы, «күтіп алу» арқылы қажетті іс-қимыл режимін (сәтсіз дағдыны) кенеттен табуды жоққа шығармайды. Бұл жағдайда көбінесе практикада қажетті операцияны (дағдыны) табу үдерісі кейін бейсаналықтан іске асырылған жоспарға ауысады, ал операцияның (іскерліктің) өзі оның теориялық рефлексиясының (талдауының) көмегімен саналы санатқа ауысады және оның автоматтандырылуы арқылы ол тек сана арқылы басқарылатын болады.

А.Н.Леонтьев операциялардың (дағдылардың) іс-әрекетке тәуелділігінен басқа, операциялардың (дағдылардың) қалыптасуынан іс-әрекеттің қалыптасуының кері байланысының маңыздылығына баса назар аударады. «Операциялардың жеткілікті жоғары деңгейі неғұрлым күрделі іс-әрекеттерді жүзеге асыруға өтуін мүмкін етеді, ал бұл күрделі әрекеттер өз кезегінде жаңа әрекеттер және т.б. үшін мүмкіндікті дайындайтын жаңа операциялардың бастауына мүмкіндік береді» [170,с. 286].

Шамасы, осы тәуелділікті ескеру педагогикалық іс-әрекет саласындағы іскерлік пен дағдыны қалыптастыруды басқару үшін өте маңызды.

Сонымен, іскерлік бұрын жинақталған тәжірибені, белгілі бір білімді іс-әрекетте қолдануды болжайды, оларсыз іскерлік болмайды. Міне, сондықтан студенттерде іскерлікті қалыптастыру неғұрлым сәтті болса, соғұрлым олар кәсіптік білімге ие болады. Білімсіз іскерлік болмайды. Оқытудың бірінші кезеңіндегі іскерліктің сапасы білімнің сипатымен де және мазмұнымен де анықталады.

Зерттеу жұмысымызға байланысты «іс-әрекет» ұғымы да талдауды қажет етеді. «Іс-әрекет» ұғымы ғылыми категория ретінде философиялық тұрғыдан бөліп қарастырылады. Оған іс-әрекеттің жалпы сызбасы, адамның табиғат пен өзін-өзі жасау үдерістерінде оның тарихи дамуы сипаттамалары қарастырылатын диалектикалық логика жөніндегі жұмыстарда ерекше көңіл бөлінді.

Философтар іс-әрекет ұғымы мазмұнын мәдениеттің бар формаларын меңгеру және дамыту негізінде бұл дүниенің мақсатты өзгерістері мен қайта жасалуын құрайтын қоршаған әлемге белсенді қарым-қатынастың өзгеше формасы ретінде түсіндіреді [171]. Іс-әрекет феноменін сипаттай отырып, қайта жасаумен бірге мақсат қоюды да сипаттаған зерттеушілер А.С.Арсентьев, Э.В.Бесчеревных, В.В.Давыдов, Р.Р.Кондратов, Ф.Т.Михайлов оның басқа да: тұтастық, ашықтық, әмбебаптық, шығармашылық мінез-құлық секілді ерекшеліктерін атап өтеді. Біздің ойымызша, ең маңыздысы психологияда «іс-әрекет» ұғымын қарастыру болып табылады, өйткені бұл аталмыш үдерістің ішкі механизмдерін ашуға мүмкіндік береді.

Психологияда «іс-әрекет» ұғымы әр түрлі аспектілерде пайдаланылады, кең мағынасында ол психика мен іс-әрекет бірлігінің принциптерімен байланысты қолданылады. Психологияда психика мен іс-әрекет бірлігінің әдіснамалық принциптерінің негізінде өзгешелігі іс-әрекет компоненттерімен қатынасындағы субъектінің ішкі белсенділігі құрылымдарын бөлу болып табылатын шын мәнісіндегі іс-әрекеттік тұғыр жасалады және бөлініп шығады.

Іс-әрекеттің жалпы психологиялық теориясын Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев және С.Л.Рубинштейн жасаған және әзірлеген [170,с. 286].

Педагогикада «іс-әрекет» ұғымы адамдардың табиғат пен әлеуметтік ақиқаттылықты жасауға бағытталған олардың қоғамдық-тарихи тұрмысының өзгеше формасы ретінде түсіндіріледі [172].

Дегенмен, іс-әрекеттердің басқа түрлерімен қатар оқыту да өзгеше ерекшеліктерімен сипатталады. Оқыту іс-әрекетінде үдеріс субъектіден объектіге қарай бір бағытта болып табылмайды. Оқыту іс-әрекетінің объектісі бір мезгілде субъектісі де болып табылады және объектіге арналған кез келген әрекеттің нәтижесі елеулі мөлшерде білім алушының орнын алатын позицияға да байланысты, өйткені мұндай іс-әрекеттің мақсаты оқыту объектісі ретінде шығатын адамның тұлғалық өзгерісі болады.

Оқыту іс-әрекеті негізінен ұйымдастырушылық білім мен іскерлік негізінде жүзеге асырылады. Л.Лузина ұйымдастырушылық білімді ақпараттың жиынтығы, ұйымдастырушылық жұмыс саласындағы білім, оқу іс-әрекетінің мақсаттары мен міндеттерін түсіну, жеке тұлға мен ұжымның ерекшеліктерін білу, ұйымдастырушылық жұмыс ережелері ретінде анықтады [173]. Жоғарыда келтірілген тізімді негізге ала отырып, оны ұйымдастырушылық іс-әрекеттің мәні, құрылымы мен технологиясы сияқты компоненттермен толықтыру қажет деп білеміз.

Б.Д. Красовский ұйымдастырушылық іскерлік деп, оқу-тәрбие міндеттерін орындау мақсатында ұжым іс-әрекетін реттеуге бағытталған білім мен тәжірибе негізінде практикалық әрекеттер жүйесін жүзеге асыруға дайындығын түсінеді [174].

О.В. Тюптя ұйымдастырушылық іскерліктер мен дағдылар деп «психология мен педагогикалық білімдерді, сондай-ақ ұйымдастырушылық іс-әрекеттің ерекшелігін пайдалануға негізделген іс-әрекеттерді орындау амалдары мен тәсілдерін игеру» деп түсінеді [175] және ұйымдастыру іскерліктерінің мәнін анықтау үшін келесілерді ескеру қажеттігін көрсетеді:

- мұғалімнің ұйымдастырушылық іс-әрекеті оқушылар ұжымының да, әр оқушының да, өзінің де іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталады;
- ұйымдастырушылық іс-әрекет әрқашан мақсатқа байланысты, ал ұйымдастырушылық іс-әрекеттің түпкі мақсаты - мақсаттар мен мазмұнның бірлігі ретінде әрекеттерді сәтті аяқтау;
- ұйымдастырушылық іс-әрекет білім, тәжірибе негізінде жүзеге асырылады және сол негізде іскерліктер қалыптасады.

Педагог-ғалым ұйымдастырушылық іскерліктерін келесі жиынтық пен реттілікте қарастыруды ұсынады:

1) ұжымды және ондағы қарым-қатынасты ұйымдастыра білу;
2) жұмысты жоспарлай білу;
3) әр түрлі іс-әрекетті ұйымдастыра білу;
4) жеке және ұжымдық жұмысты біріктіре білу;
5) топ белсенділерімен жұмыс істей білу және оның іс-әрекетін үйлестіре білу;
6) жұмысты бақылай алу және есеп жүргізу;

7) ұйымдастырушылық жұмыс әдістерімен қаруландыру және ұйымдастырушылық функцияларды уақтылы беру білу. Бұл реттілік тәрбие іс-әрекетінің құрылымын, оның кезеңдерін көрсетеді. Десек те, болашақ мұғалімнің берілген ұйымдастырушылық іскерліктерінің пайда болуының ішкі механизмдерін ашпайды.

М.Н. Станкиннің пікірінше, ұйымдастырушылық іскерліктердің құрылымына мыналар кіреді [99,с. 364]:

1) әркімге қабілеттері бойынша тапсырманы таба білу;

2) шығармашылық және орындаушылық бастама;

3) ұйымдастырушылық іс-әрекетке бейімділік;

4) өзіне және басқа адамдарға талап қоюы;

5) дербестігі және өмір сүру практикасының болуы;

6) көпшілдігі, талапшылдығы және белсенділігі, жоғары жұмыс қабілеттілігі және жеке ұйымдастырушылығы.

Ю.К. Васильев авторлық бірлестікте дайындаған әдістемелік нұсқаулығында еңбек пәні мұғалімдерінің педагогикалық іс-әрекеттерінің төмендегідей түрлерін атап көрсетеді [176]: құрастырушылық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, ақпараттық, дамытушылық, бағдарлаушылық, жұмылдырушылық, зерттеушілік, техникалық. Олардың әрбірі іскерліктерден тұратынын көрсетеді.

Ұйымдастырушылық (ұйымдастыру) іскерлігі «педагогикалық іскерлік» ұғымының аясына енеді. «Педагогикалық іскерлік» ұғымының мазмұны Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин, А.И. Щербаков және басқалардың еңбектерінде келтірілген. В.А. Сластенин атап өткендей, «педагогикалық іскерлік дегеніміз – бұл белгілі бір қатынастармен байланысты және өзгермелі жағдайларда педагогикалық мәселелерді шешуге бағытталған педагогикалық ықпал ету жүйелері. Педагогикалық іскерліктің қалыптасуы мен іс-әрекет етуі білімдерде және дағдыларда ұсынылған белсенді және мақсатты практикалық тәжірибе негізінде жүзеге асырылады» [86,с. 10].

Н.В.Кузьмина «педагогикалық іскерлік» ұғымын аша отырып, былай деп жазады: «Педагогикалық іскерлік дегеніміз - адамның білімі мен дағдысы негізінде алынған іскерлігінің өзгермелі жағдайда іс-әрекеттің белгілі бір түрлерін орындай алуы» [14,с. 57]. Осылайша, жоғарыда аталған ұғымдар практикалық іс-әрекеттің тәжірибесіне негізделген және іс-әрекетті саналы түрде иемденуді, шығармашылық білімді практикада қолдануды және оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарына жету бағытын болжайды.

Жоғарыда келтірген мазмұндауға сәйкес мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлікті жүзеге асыруына қажетті және жеткілікті барлық қасиеттер ұйымдастырушының мінез-құлқында көрінеді. Осыған байланысты ұйымдастырушылық іскерлікті жүзеге асырудың қабілеттерге байланыстылығы қарастырылады. Ал, ұйымдастырушылық қабілеттер мінез-құлық компоненті ретінде интегративті сипатта болады (С.В. Иванова). Оның қалыптасуының көрсеткіштері педагогикалық ұйымдастырушылық тәжірибесінде көрінетін ұйымдастырушылық іскерліктер жүйесі ретінде қарастырылады.

Болашақ мұғалім-ұйымдастырушының ұйымдастырушылық іскерлігінің мазмұны Г.М. Иващенко, А.Л. Карпова, А.Б. Косов, Б.Д. Красовский, В.С. Кузнецова, А.Н. Лутошкин, З.Г. Матвеев, Т.В. Невская, В.Н. Николаев, Т.Л. Пономаренко, И.Л. Руденко, В.Д. Сапоровская, В.Н. Тарасюк, Л.И. Уманский, А.А. Эм, Г.Ю. Ярославова [177-183] және т.б. еңбектерінде анықталған. Авторлар ұйымдастырушылық іскерліктерді «адамның қалыптасқан білімді практикада тез және тиімді қолдана алу, қалыптасқан тәжірибе мен қазіргі жағдайды ескере отырып, әрекет ету қабілеті» деп анықтайды [183,с. 52]. Болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру үшін мұғалімнің педагогикалық, оның ішінде ұйымдастырушылық іскерліктері үшін қажетті эмоционалды-құндылықтық сала бойынша құраушылары қажет. Оның құрамын біздер төмендегідей деп білеміз (А.Әлімов): өзінің педагогикалық қызметіне қызығушылық танытуы; алдына қойған мақсатына жетуге ұмтылысы; өзінің әрекеттеріне жауапкершілік танытуы; жұмыс жасауда дербестік танытуы; өзгелермен бірлесе жұмыс жасауы.

Мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін анықтау үшін Б.К. Кузнецова, В.Н. Николаев, В.Д. Сапоровская, Г.Ю. Ярославова [182,с. 13] еңбектері басшылыққа алынады. Авторлар, жоғарыда біз көрсеткен ұйымдастырушылық іскерліктердің жалпы мазмұндық сипаттамаларымен және құрылымдық элементтерімен бірге, ұйымдастырушы-мұғалімнің келесі іскерліктерінің ерекшеліктерін бөліп көрсетеді: ұйымдастырушылық іскерліктің өзінің іс-әрекетінің педагогикалық міндеттерін шешу мақсатында оқушылар ұжымы іс-әрекетін реттестіруге бағыттылығы және өз іс-әрекетін өзі талдай алу іскерлігінің және бағалай білу іскерлігінің болуы (яғни аналитикалық және рефлексивті іскерліктер) [183,с. 54]. Олар сонымен қатар «болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігі» ұғымын «педагогикалық міндеттерді шешу мақсатында оқушылар тобының іс-әрекетін реттеуге бағытталған практикалық іс-әрекеттерді саналы, өнімді және уақытылы жүзеге асырудың игерілген тәсілдері ретінде» (тұлғаның жағымды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған) түсіндіруді нақтылайды [183,с. 54].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде [184]: «Ұйымдастырушылық – ұйымдастыра білушілік, ұйымдастыру ісін атқарушылық» - деп беріледі. Сонымен қатар, қазақша-орысша сөздікте [185] «ұйымдастыру - организовывать, сплачивать», ал, «ұйымдастырушылық (-ғы) - 1. Организованность; организация; 2. Организаторский» - деп беріледі. Орысша-қазақша сөздікте [186]: «Организовывать - организовать», ал «Организовать» термині аудармада бірнеше мағына беретіні көрсетілген, олар: 1. Ұйымдастыру, құру (негіздеу); 2. Ұйымдастыру, жолға қою, жөнге салу, реттеу (реттеу); 3. Ұйымдастыру, біріктіру (біріктіру); 4. Тәртіптеу, жөнге салу (тәртіпке келтіру). Олардың ішінде: реттеу (2) мен тәртіпке келтіру (4) біздің жағдайда ұйымдастыру сөзін қолданумен сәйкес келеді. Мәселен, «отын жеткізуді ұйымдастыру» (2) немесе «өзінің жұмыс күнін дұрыс ұйымдастыру» мысалдары біз қолданып отырған сөзге жақын. Сонымен қатар, біздің зерттеуімізге сәйкес «ұйымдастырушылық» сөзі орысша: «организаторский», «организация» сөздері сәйкесінше «ұйымдастырушылық», «ұйымдастыру»

сөздерін береді. Мәселен, «ұйымдастырушылық талант» сөз тіркестерін мысалыға келтіруге болады. Сондай-ақ, осы мысалдардан ұйымдастырушылықты: отын жеткізуді ұйымдастыру ісін атқару мен өзінің жұмыс күнін ұйымдастыра білу іс-әрекеттерін түсінуге болады.

Сонымен «ұйымдастыру - белгілі әрекеттің ретпенен жүзеге асырылуы», ал, «ұйымдастырушылық, белгілі бір әрекеттерді ұйымдастыру ісін атқару» деп түсінеміз. Екі сөз де адамға қатысты қолданылатынын көруге болады. Сондықтан да «ұйымдастыру іскерлігі» немесе «ұйымдастырушылық іскерлік» бір мағынада және басқа да мағынада түсінілуі сөз тіркестеріне байланысты өзгешелікте қарастырылуы мүмкін.

Мұғалімнің оқыту іс-әрекеті - бұл білім алушылардың білім, іскерлік және құзыреттілік жүйесін, сонымен қатар тұлғаны дамыту және тәрбиелеу мақсаттарын қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет [187].

Жоғарыдағы «іскерлік» ұғымына берілген мазмұндауларға, ғалымдарды ой-пікірлеріне сәйкес «Мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігі дегеніміз білім алушылардың қалыптастырылған құндылықтары тұрғысынан ұйымдастырушылық білімі мен іскерліктерін педагогикалық міндеттерді шешу мақсатында оқушылар тобының іс-әрекетін жобалауға, ұйымдастыруға, реттеуге бағытталған практикалық әрекеттерді саналы, нәтижелі және уақтылы орындай алуы (дайындық құраушысы ретінде)» деп білеміз.

Жоғарыда жүргізілген зерттеулерге (оның ішінде, С.В. Иванова, Забияко, Г.Ю. Ярославова, т.б.), келтірілген анықтамаларға сүйене отырып, мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлікті жүзеге асыру үшін қажетті және жеткілікті іскерліктер тізімін төмендегіше анықтаймыз [183,с. 196]: аналитикалық; рефлексивтік; болжау; жобалау; коммуникативтік; жұмылдырушылық; дамытушылық; бағдарлық.

Мұғалімнің негізгі іс-әрекеті оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және оны бағалау екендігі белгілі. Бір сөзбен айтқанда оқыту, яғни педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру қажеттілігі көрініс табады. Педагогикалық іс-әрекетте оқушылардың оқыту мен тәрбиелеу және дамыту функциясы жүзеге асырылады.

Педагогикалық іс-әрекет Т.Д. Андронова, Р.М. Асадуллин, С.Г. Вешловский, С.И. Гусев, И.А. Зимняя, Н.В. Кузьмина, Ю.Н. Кулюткин, Л.Н. Лесохина, Р.А. Макаревич, Л.Ф. Моносова, Н.Ф. Неклюдова, И.П. Раченко, Е.И. Рогов, В.А. Сластенин, А.И. Щербаков және басқалардың [188-191] еңбектерінде зерттелген.

Педагогикалық іс-әрекет жөнінде көптеген педагогтар өздерінің зерттеу жұмысы нәтижелері бойынша ой-пікірлерін қалдырған. Н.В. Кузьминаның айтуы бойынша, педагогикалық іс-әрекеттің нақты сипаттамасы бұл оның өнімділігі, оның деңгейі мұғалімнің «өз пәнін оқушы тұлғасын қалыптастыру құралына айналдыру стратегияларын, оның өзін-өзі тәрбиелеу, өз бетінше білім алу, өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін» меңгеруі деңгейіне байланысты [97,с. 172]. Бұл мүмкіндікті жүзеге асыру оқу-тәрбие жұмысына байланысты.

И.А.Зимняя осы ерекшелікке сүйене отырып, педагогикалық іс-әрекет пәнін - «дамудың негізі мен шарттары ретінде білім алушылардың пәндік

әлеуметтік-мәдени тәжірибені игеруіне бағытталған оқу іс-әрекетін ұйымдастыру» деп біледі [72,с. 264]. Бұл жерде осы іс-әрекеттің өнімі - «оқушының қалыптасқан жеке тәжірибесі, оның аксиологиялық, моральдық-этикалық, эмоционалдық, семантикалық, объективті, бағалау компоненттерінің жиынтығы бойынша» көрінеді [72,с. 265]. Жоғарыда айтылғандардан кейін Ю.Н. Кульюткин [189,с. 7-10] педагогикалық іс-әрекет басқа әрекеттерді ұйымдастыруға арналған іс-әрекет ретінде танылa отырып, мета-белсенділік болып табылады деген қорытынды жасайды. Оның ерекшелігі - «оқушының іс-әрекетін рефлексивті басқару» [191,с. 198] және «мұғалімнің құндылықтар жүйесін қалыптастыруды және оны оқушыларға беруді» көздейтін құндылықтық-бағдарлық сипаты болып табылады [191,с. 196]. Бұл ерекшелік мұғалімнің ұйымдастырушылық іс-әрекетін сұранысқа ие ете түседі.

Педагогикалық іс-әрекет үдерісінде оқушы бір уақытта объект ретінде және сонымен бірге үнемі өзгеріп отыратын іс-әрекет субъектісі ретінде әрекет ететіндігін, бұл тек оқушылардың ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамытуы мен өзгеруіне алып келетіндігін атап көрсетуге болады. Демек, педагогикалық іс-әрекет трансформациялық сипатқа ие (П.А. Макаревич, Н.Ф. Неклюдова, И.П. Раченко және т.б.) және бұл конструктивті іс-әрекеттерді жүзеге асыруды талап етеді [190,с. 237].

Соңында, педагогикалық іс-әрекеттің ерекшелігі оның ақыл-ой әрекетінде көрінетін когнитивтік сипатын анықтайды [191,с. 196]. Соңғысы мыналарды қамтиды:

- болжау (педагогикалық алдын-ала көру);
- оқыту-тәрбие ықпалының әдістемесін түсіну;
- оқушыларға әсер (ықпал) етуді ұйымдастыру;
- қойылған мақсат пен міндеттерді сәйкестендіре отырып, қол жеткізілген нәтижені талдау.

Сонымен қатар, мұғалімнің іс-әрекетінің жалпы сипатын ғылыми-зерттеулерден көруге болады [192]. Ю.Н. Емельянов, А.Г. Ковалев, П.М. Керженцев, А.Н. Лутошкин, И.С. Мангутов, В.Н. Мясищев, В.Ю. Озира, Е.Е. Смирнова, Л.И. Уманский [193-196] және басқаларының еңбектерінде зерттелген жалпы ұйымдастырушылық іс-әрекеттің мазмұндық сипаттамаларын анықтаған. В.Г. Афанасьев, Д.М. Гвишиани, Л.И. Уманский [197,198] және басқалардың еңбектеріндегі «ұйымдастыру және басқару» аспектісі бойынша; көшбасшылыққа байланысты - И.П. Волков, Е.М. Зайцев, Ю.Н. Емельянов, Е.С. Кузьмин, Р.Л. Кричевский, Т.Н. Малковская, Б.Д. Парыгин, А.Б. Петровский, Л.И. Уманский, В.В. Шпалинский және басқалары [199-201]; мұғалімнің ұйымдастырушылық іс-әрекеті П.П. Блонский, С.Т. Шацкий және басқалардың еңбектерінде өз көрінісін тапты.

Болашақ ұйымдастырушы мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерінің мазмұны Г.М. Иващенко, А.Л. Карпова, А.В. Косов, Б.Д. Красовский, Б.С. Кузнецова, А.Н. Лутошкин, З.Г. Матвеев, Т.В. Невская, В.Н. Николаев, Т.Л. Пономаренко, И.Л. Руденко, А.Д. Сапоровская, В.Н. Тарасюк, Л.И. Уманский, А.А. Эм, Г.Ю. Ярославова [177,с. 396] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін нақтылау үшін біз В.С. Кузнецова, В.Н. Николаев, В.Д. Сапоровская, Г.Ю. Ярославова [182,с. 13] еңбектеріне жүгіндік. Авторлар жоғарыда біз белгілеген ұйымдастырушылық іскерліктердің жалпы мазмұндық сипаттамаларымен және құрылымдық элементтерімен бірге ұйымдастырушы мұғалімнің келесі іскерліктерінің ерекшеліктерін ажыратады: ұйымдастырушылық іскерліктердің өз іс-әрекетінің педагогикалық міндеттерін шешу мақсатында ұжым қызметін реттеуге бағытталуы және өз іс-әрекетін өзіндік талдау және бағалау қабілетінің болуы (яғни, аналитикалық және рефлексиялық іскерліктер) [183,с. 54]. Олар сондай-ақ «болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктері» ұғымын «педагогикалық міндеттерді шешу мақсатында оқушылар тобының іс-әрекетін реттеуге бағытталған практикалық әрекеттерді саналы, нәтижелі және уақтылы орындаудың игерілген тәсілдері ретінде» түсіндіруді нақтылайды.

Мұғалімнің оқыту іс-әрекеті жеке тұлғаны дамыту және тәрбиелеу мақсаттарын қоса алғанда, білім алушылардың білім, іскерлік және дағдылар жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Мұғалімнің оқыту іс-әрекеті келесі құраушыларды қамтуы тиіс:

- жоспарлау;
- оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру;
- ақпарат ұсыну;
- іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;
- білімді, іскерлікті және дағдыларды жүйелеу және жалпылау;
- оқу іс-әрекеті үдерісінде білім алушының жеке басын ынталандыру және мотивациялау;
- педагогикалық диагностикалау;
- оқу үдерісінің барысын бақылау, білім беру мазмұнын игеруді тексеру және бағалау;
- оқу үдерісін түзету;
- оқыту іс-әрекетін және оның нәтижелерін талдау.

Бұл іс-әрекеттердің әрқайсысы қажет және олардың барлығы бір-бірімен байланысты. Алайда, олардың қайсысы мұғалім мен оқушылардың, сондай-ақ оқу үдерісінің барлық компоненттерінің өзара байланысын қамтамасыз ететін негіз болып табылатындығын анықтау маңызды.

Мұндай негіз оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Мектеп қабырғасында мұғалімнің тікелей басшылығымен оқушыларды оқыту үдерісі жүреді. Оның негізі - оқыту іс-әрекетінің мақсаты оқушылардың белсенділігі мен саналы оқу-танымдық іс-әрекетін басқарудан тұрады. Мұғалім оқушыларға тапсырмалар береді, оларды біртіндеп күрделендіреді, осылайша баланың таным жолындағы ойлау қабілетінің алға жылжуын қамтамасыз етеді. Мұғалім оқытудың сәтті өтуі үшін қажетті жағдайлар жасайды:

- қойылған мақсаттарға сәйкес мазмұнды таңдайды;
- оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формаларын ойластырады және қолданады;

- оқыту мазмұны оқушылардың меншігіне айналатын әртүрлі әдістерді қолданады.

Оқыту үдерісін басқару педагогикалық үдерістің берілген құрылымына және педагогикалық қызметтің өзіне сәйкес белгілі бір кезеңдерден өтуді қамтиды: жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу (ынталандыру), бақылау, бағалау және нәтижелерді талдау.

Сонымен қатар, мұғалім оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін оңтайлы шарттар жасайды. Шарттар деп мазмұны қойылған мақсатқа жетуге бағытталған тиімді әдістерді, құралдарды, формалар мен тәсілдерді таңдау түсініледі.

Жалпы оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру кезеңдерін жүзеге асыру үшін мұғалім арнайы жоспар жасайды. Жоспарлау мерзіміне байланысты жоспарлардың келесі түрлері бөлінеді: күнтізбелік-тақырыптық немесе сабақ. Өз кезегінде, бұл жоспарлар қойылған міндеттерге сәйкес үш түрге бөлінеді [185,с. 962]: стратегиялық, тактикалық және жедел. Жоспарларға мұғалім оқушылардың бастапқы білім деңгейін, олардың мүмкіндіктерін талдауды, оқыту әдістерін, формалары мен құралдарын ойластыруды және таңдауды, білім беру ұйымының әдістемелік және техникалық жабдықталуын есепке алуды, оқыту міндеттерін қоюды және т.б. қамтиды.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесінде ұйымдастырушылық білімді, іскерліктерді дамыту мәселесімен ғалымдар Н.А. Ершова, Б.Д. Красовский, М.В. Макарова, А.Я. Магаберидзе, И.Л. Руденко, Л.Т. Тюптя, Л.И. Уманский және басқалар айналысқан [93,с. 173]. Сондай-ақ, педагогикалық ЖОО студенттерінің С.Б. Елканов, В.С. Кузнецова, Н.В. Кузьмина, Л.М. Лузина, А.Н. Чиж жұмыстарында ұйымдастырушылық іскерліктерін өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыруға баса назар аударылды [96,с. 189].

Ұйымдастырушылық іскерліктер мен дағдыларды зерттей келе С.Б. Елканов мұғалімдерге қажетті ұйымдастырушылық іскерліктерді тізімдейді, олардың қатарында төмендегілер бар: оқушылардың жеке басының дамуын шығармашылықпен басқару, олардың ілімдері мен мінез-құлқының мотивтері мен тәсілдерін қалыптастыру, өз қызметін педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырған жөн.

В.С. Кузнецова өз зерттеулерінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін дамыту үшін кәсіби бағытталған дидактикалық құралдардың тұтас, мақсатты кешенін қалыптастыру кезеңдерін анықтады. Ал, С.Б. Елканов студенттердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру кезеңдерін көрсетеді, педагогикалық ойындар мен ұйымдастырушылық іс-әрекетке еліктеу мысалдарын жаттығулар ретінде келтіреді, ұйымдастырушылық іскерліктердің өзін-өзі тәрбиелеу үдерісінің аспектісін қарастырады, сонымен қатар кейбір практикалық кеңестер береді [96,с. 189].

Ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру студенттерде мектепте оқу кезінде дамыған белгілі бір жеке психологиялық қасиеттер болған кезде

тиімді болады, жағымды педагогикалық бағыттылық, болашақта бұл студенттермен оқу және тәрбие жұмысын жүзеге асыруда ескерілуі керек.

Педагогикалық білім беру практикасын зерттеушілердің көпшілігі кәсіби маңызды педагогикалық іскерліктерді дамытудың қазіргі кезеңінде ұйымдастырушылық іскерліктер арнайы оқыту пәні ретінде әрекет етпейтінін атап өтеді. Олардың қалыптасуы студенттердің практикалық іс-әрекетінде жүзеге асырылады, олар әрдайым біле бермейді, сондықтан қажетті нәтиже бермейді. Мұндай іскерліктер фрагменттілігімен және тар бағыттылығымен, оларды қолданудың шектеулілігімен ерекшеленеді.

Ұйымдастырушылық іскерліктерді дамыту студенттердің осы үдерістің маңыздылығын түсінуі, олардың алдына нақты мақсат қою - белгілі бір шеберлікті құрайтын іс-әрекеттердің логикасы мен дәйектілігін ашудың нақты іскерліктерін игеру шартымен неғұрлым мақсатты сипатқа ие болады.

Іскерліктерді мақсатты дамытудың маңызды шарты студенттердің іс-әрекетінің «сатылы бағдарламасы» болып табылады, онда әрбір келесі сатыда жеке ұйымдастырушылық іскерліктер қалыптасады, нәтижесінде жалпыланған ұйымдастырушылық іскерліктер қалыптасады.

Болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру үдерісін талдай отырып, олардың құрамын атап өткен жөн, А.Н. Лутошкин «негізгі ерекше қасиеттер, ұйымдастырушылық таланттың идентификаторлары» ретінде атап өткен компоненттер. Ол таланттың сипаттамаларына келесі қасиеттерді жатқызды [179,с. 185]:

1. Басқа адамды түсіну үшін қажет ұйымдастырушылық түсінік оның ішкі әлеміне еніп, оның көңіл-күйі мен әл-ауқатын сезімтал түрде қабылдауы керек.

2. Белсенді психологиялық әсер ету қабілеті. Мұның бәрі ұйымдастырушының жағдайды дұрыс бағалау және оны пайдалану қабілетіне байланысты. Ұйымдастырушы әртүрлі құралдарды қолдана отырып, басқа адамдарға әсер етеді.

3. Ұйымдастырушылық жұмысқа бейімділік - бұл басқалардың кез-келген ниетінсіз ұйымдастырушылық міндеттерді өзіне жүктеу, ұйымдастырушылық жұмысқа өз бетінше қосылу.

4. Ұйымдастырушының жеке басының бағыттылығы. Адамның ұйымдастырушылық мүмкіндіктерінің кеңдігі, оның ұйымдастырушылық іс-әрекеттің белгілі бір түріне «байланысы». Ұйымдастырушының даралығы.

Біздер зерттеуімізде теориялық және практикалық компоненттерді қамтитын және олардың бағыныштылығын көрсететін ұйымдастырушылық іскерліктердің құрылымын анықтадық. Бұл іскерліктерді қалыптастыру кезінде тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Қасиеттер, қабілеттер, бейімділіктер бір-біріне бағынады. Сонымен, адамның бейімділігіне сүйене отырып, оның бастапқы іскерліктері, белгілі бір іс-әрекет түріне қабілеттілігі қалыптасады, жалпы теориялық біліммен одан әрі байыту практикалық іс-әрекет үдерісінде бекітілген белгілі бір іскерліктерді дамытуға әкеледі.

З.Г. Матвеева өзінің зерттеуінде конструктивті және коммуникативті ұйымдастырушылық іскерліктерді бөліп көрсетеді. Конструктивті

ұйымдастырушылық іскерліктер - бұл белгілі бір іскерліктердің мазмұны, осы іскерліктерді жүзеге асыруға болатын көріністер туралы білім мен идеяларды қамтитын іскерліктер. Ұйымдастырушылық коммуникативті іскерліктер дегеніміз - алдағы жұмысқа тарту, басқаларға әсер ету, оларды сендіру, оларға бұйрық беру, күтпеген жағдайда бағдар алу қабілеті.

Сонымен зерттеулерге сәйкес ұйымдастырушылық іскерліктер: жалпыланған және жеке болып бөлінеді. Жалпыланған ұйымдастырушылық іскерліктер жеке іскерліктерді қамтитын блоктар бола отырып, жалпы оқу-тәрбиелік педагогикалық іс-әрекеттің құрылымын сипаттайды. Алайда, бірдей жеке ұйымдастырушылық іскерліктер оқу-тәрбие іс-әрекетінің жалпыланған ұйымдастырушылық іскерліктерінің әртүрлі блоктарына енуі мүмкін. Мәселен, жұмысты орындауға ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік іскерліктер сияқты, рефлексивті-талдау ұйымдастырушылық іскерліктері де енеді.

Ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру үдерісін зерделеу кезінде оқу-тәрбие іс-әрекетінің ұйымдастырушылық іскерліктерінің қалыптасқан өлшемдерінің бірі тұлғаның психологиялық және ұйымдастырушылық-практикалық дайындығы деген қорытындыға келуге болады. Көптеген авторлар кәсіби дайындықтың нәтижесі ретінде маманның кәсіби дайындығын ажыратады. Еңбек психологиясындағы осы мәселені негіздеу кезінде Б.Ф. Ломовтың [202] еңбектерінде кәсіби маңызды білім адамның кәсіби іс-әрекетке дайындығының алғышарты болып табылатындығына назар аударылады.

Жеке тұлғаның бөлінген сапаларының осы құрылымдық компоненттері оқу-тәрбие іс-әрекеті үдерісінде, тұлғаның кәсіби және маңызды қасиеттері мен кәсіби және педагогикалық іскерліктері арқылы көрінеді. Осы сапалардың өзара байланысында көрсетілген болашақ мұғалімнің жеке басының құрылымын қарастыру бізге жалпыланған ұйымдастырушылық іскерліктерді әр кезеңде басым болатын оқыту іс-әрекетінің мазмұндық компонентіне және педагогикалық тапсырмаларды орындау дайындығының формаларына байланысты топтарға бөлуге мүмкіндік берді.

Гностикалық ұйымдастырушылық іскерліктер - бұл оқыту іс-әрекетінің теориялық-әдіснамалық негізін, оқыту іс-әрекетін мақсаттары мен міндеттерін анықтай отырып, оқыту іс-әрекетін жоспарлауын ашатын іскерліктер. Зерттеушілердің еңбектеріне сәйкес мұғалімдердің ұйымдастырушылық: аналитикалық (талдау), жобалау, коммуникативтік, жұмылдырушылық, дамытушылық, бағдарлаушылық, рефлексивтік іскерліктері ретінде алынғаны дұрыс деп білеміз.

Педагогикалық тапсырмаларды орындау барысында кәсіби ойлау қалыптасады, білім беру бағдарламасының мысалында кейінгі оқыту іс-әрекетін жобалау және модельдеу іскерліктері пысықталады. Бұл іскерліктерді қалыптастыру жасырын сипатқа ие, өйткені бұл жеке интеллектуалдық іс-әрекет, мұнда осы теориялық ұйымдастырушылық іскерліктерді дамытатын негізгі формалар педагогикалық тапсырмалар (сұрақтар, тапсырмалар, міндеттер, тест) болып табылады.

Сонымен *«болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері дегеніміз білім алушылардың қалыптастырылған құндылықтары тұрғысынан*

*ұйымдастырушылық білімі мен іскерліктерін педагогикалық міндеттерді шешу мақсатында оқушылар тобының іс-әрекетін жобалауға, ұйымдастыруға, реттеуге бағытталған практикалық әрекеттерді саналы, нәтижелі және уақтылы орындай алуы (дайындық құраушысы ретінде)».* Аталған дайындықты педагогикалық жүйе тұрғысынан төмендегідей құраушылар жүзеге асырады, олар: оқыту мақсаты, мазмұны, оқу жұмыс түрлері, оқыту әдістері, формалары, нәтижесі.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмаларды қолдану зерттеу жұмысымыз болуы себепті, олардың дидактикалық мүмкіндіктерін анықтау қажет. Осыған байланысты келесі тақырыпта педагогикалық тапсырмалар технологиясының дидактикалық мүмкіндіктері мазмұндалады.

## 2.2 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмалар технологиясының дидактикалық мүмкіндіктері

Педагогикалық үдерісте білім алушылардың оқу жұмыстарын нәтижелі ұйымдастыру педагогтың біліміне, іскерлігі мен сапалық қасиеттеріне байланысты. Біздің зерттеуімізге байланысты оқыту, оқу іс-әрекеті, педагогикалық іскерлік, оның ішінде ұйымдастырушылық (немесе ұйымдастыру) іскерлікке қатысты ұғымның мәнін және оның басқа да ұғымдармен өзара қатысын айқындау болып табылады.

Педагогикалық тапсырма түрлерін қолданудың тарихы тереңде екендігі педагогика тарихынан белгілі. Оқыту үдерісін жүйелеуге және белгілі бір тәртіпке келуіне сәйкес балаларды тәрбиелеу мен оқытуға сәйкес тапсырмаларды пайдалану түрлі жолдармен жүзеге асырылғандығын көруге болады.

Я.А. Коменский [26,с. 416] шығармаларында баланың өмірінің әр кезеңіндегі тәрбиенің ерекшелігін, дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің арақатынасын, балалардың белсенді іс-әрекетінің адамгершілік және діни тәрбиемен байланысын, баланың ақыл-ой дамуы мен сөйлеуін қалыптастыруды ашты. Коменский «Ана тілі мектебінде» балаларды қолөнермен таныстыру керек деп есептеді. Бірнеше пән бойынша оқулық авторы болумен адам әлем жөніндегі жүйелі білім алу қажет деді, содан кейін ол адам әлем туралы білім жүйесін алуы керек деген көзқарасқа келді. Оның «Тілдердің ашық есігі» («Janua linguarum reserata», 1631) оқулығы жаңа типтегі нұсқаулық болды, ол грамматика мен синтаксисті зерттеудің дәстүрлі догматикалық жолын жоққа шығарды, нақты әлем элементтерін білуге негізделген тілді игеру әдісін аталған еңбегін ұсынды.

Д. Локк [27,с. 78-582.] педагогикалық идеяларды дамыта білді. Ол басқалардың үлгілері, баланың жаттығулары кез-келген сөзден гөрі тиімді екенін атап көрсетті. Д. Локктың педагогикаға: тәжірибе тәрбиенің негізі ретінде деген жаңа принципті енгізді.

Д. Локк өзінің «Адамның ақыл-ойы туралы тәжірибе» атты еңбегінде адамның жан дүниесінде туа біткен идеялар жоқ деп тұжырымдай отырып, ол

білім, идеялар, принциптерді заттармен және адамдармен - қоршаған ортамен өзара әрекеттесу арқылы алатынын дәлелдейді. Танымның қайнар көздері- сезімдер, яғни сезім мүшелерінің арқасында алынған әсерлер; бұл күмәнді болдырмайтын білімнің ең объективті сатысы. Сонымен қатар, адамның алған білімі қоршаған әлемнің қарапайым көрінісі еместігі, білім тәжірибені түсінуден өсетіні, тәжірибе білім көзі болып табылатыны Д. Локктың еңбектерінде мазмұндалады.

Ж.Ж. Руссо [28,с. 656] өз кезеңінде балаға қолөнерді үйретуді ұсынды және еңбек іс-әрекеті арқылы баланы дамытуды мақсат етті. Руссо баланы тәрбиелеудің қысқа және сенімді, сипатты идеясын ұсынды: тәрбиеленушінің қолы қолөнерші ретінде жұмыс жасауы, ал басы осы мезетте – философтың басы сияқты ойлауы қажет деді. Қолөнер зиянды болмауы керектігін және оның ақыл-ойды талап етуі керектігін айтып өтті.

И.Г. Песталоцци [29,с. 249] өзінің ағартушылық қызметінде, еңбектерінде баланың қол еңбегіне оқытумен ұштастыруға ұмтылыстар жасады, оның ішінде: сабақта балалар оқылған «білімдік» әңгімелерді тыңдады, ауызша есептеу операцияларын орындады және сол мезеттерде еңбек етті. Ол өзінің тәрбиеленушілерімен бірге еңбек етті және солармен бірге тұрды. Песталоцци өзінің «Лингард және Гертруда» (1781ж.) еңбегінде балаларды өсімдікті, құстарды және жануарларды күту бойынша күнделікті еңбекке қатыстыру қажет деп білді. Балалар еңбек сабақтарынан (шұғылданыстарынан) бөлек сауат ашу, есептеу және т.б. оқыды.

Классик педагогтердің еңбектерінде балаларды тәрбиелеу мен оқыту белгілі бір тапсырмаларды, жаттығуды орындау, қоршаған ортаны тану табиғи жағдайда болғандығын аңғарамыз.

К.Д. Ушинский [30,с. 340] дене және ақыл-ой еңбектерінің табиғи байланыстарын көрсетуге ұмтылыс жасады. Еңбек адамның жанын байытады, сезімдерін жаңғыртады, адамға ләззат сыйлайды деп есептеді. Тәрбиенің қызметі адамды өмірде еңбекке дайындау, мектеп адамға өзін тануға, өзінде қымбат не бар екенін дәлелдеуге көмектесу қажет деп білді. Бұл тек оқыту үдерісінде танымдық әрекеттерді жүзеге асырумен байланысты болды.

Н.К. Крупская [31,с. 21] политехникалық оқытуға, теориялық оқыту мен практиканың өзара байланысы және оқытуды өнімді еңбекпен ұштастыруды кеңінен қарастырды. Мектепте физика, химия пәндері ғылыми негізде және өндірістік технологиямен байланысты оқытуға басымдық беру керектігін көрсетті. Ол мектеп оқушыларға білім беріп ғана қоймай, адамды жеке тұлғаға түрлендіруі, оның ұстанымын белсенді ету, қоғамдық құнды қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қалыптастыру қажеттілігін айтты.

П.П. Блонский [32,с. 696] бала денсаулығы мен «мектеп жетістіктері», жұмыс жасау және үлгерім мәнері, үлгерім мен ақыл-ой дамуы арасындағы байланыстарға басты назар аударды. Ол балаларды өндіріспен сабақта теориялық таныстыру және топсеруен уақытында кеңінен танып білуді, өндірістегі техника мен адамдар жөніндегі тұтастай түсінік алуға болатындығын көрсетті.

С.Т. Шацкий [33,с. 23] еңбекке тәрбиелеу мазмұны мен формаларын анықтауды талдау негізінде жүзеге асырды. Оның жетекшілігімен оқушылар агрономия бойынша білімдер және ауылшаруашылығы еңбегі дағдыларын игерді, биология, химия, физика, математика бойынша білімдерін практикада қолдануды үйренді. Оқу шеберханаларында және тәжірибелік учаскелерде оқушылар жұмыс жасау барысында теориямен және практикамен танысты.

С.Т. Шацкийдің пікірі бойынша балалар мектепте тек оқу, жазу, есептеуді ғана үйреніп қоймастан, тірі және өлі табиғат туралы, адамдар және қоғамдық өмір туралы білімді меңгерумен қатар, өмір сүруді және көпшілікпен жұмыс жасауды меңгеруі тиіс болды.

А.С. Макаренко [34,с. 649] еңбекті тәрбиенің негізгі құралы деп қарастырды. А.С. Макаренко жетекшілік жасаған ұжымда еңбек үш принцип бойынша тұрғызылды: ақыл-ой және дене еңбегінің үйлесімділігі, орта білім беру негізінде жоғары біліктілікті алу, ұжымдық қарым-қатынас жүйесіндегі жауапты байланыстылық.

В.А. Сухомлинский [35,с. 229] еңбекті өзінің мәні бойынша түрлендіруші іс-әрекет ретінде қарастырды. Ол еңбек іс-әрекетін ұйымдастырудың формаларына үлкен мән берді және ол мектептің сыныптарында әсемдік бұрышын (гүлдер өсіруді) ұйымдастырды, оны тамашалауға және еңбек етуге барлық оқушы келетін болған. Сонымен қатар, В.А. Сухомлинский мектепте радиотехника, электроника, биохимия және топырақтану үйірмелерін ұйымдастырып, тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың ақыл-ой және қол еңбегінің үйлесімділігін қамтамасыз еткен.

Мазмұндаудан көріп тұрғандай Ресей ағартушылары мен педагогтары да педагогикалық тапсырмалар, оның ішінде практикалық тапсырмаларға басымдық беріп, оларды баланы дамыту, оқытуды практикамен ұштастыру құралы ретінде қолдана білген.

А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, т.б. еңбектерінде балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін қазіргі педагогикалық тапсырмаларға сәйкес міндеттер, тапсырма түрлерін қолдануды ұсынғандығын көруге болады.

А.Құнанбаев өз еңбектерінде ғылым-білім, өнер саласын оқып, ақыл-ойды өрбіту туралы да айтты, оның ішінде аударма жұмыстарында ақын қабылдау, логикалық ойлау, салыстыру туралы көбірек баяндады [36,б. 335].

Ы.Алтынсариннің еңбектерінен өнерді, оның ішінде басымдық бергені қолөнерді зерттеу мен оқытуды қамтығанын көруге болады [37,б. 414]. Мектеп ашу мен халықтық білім мен іскерлікке оқушы балаларды баулуды жүзеге асыруға басшылық жасады.

А.Байтұрсынов өзінің оқу құралында оқушы бала үшін ойлауды дамытуға бағытталған өлеңдер, қысқа да нұсқа әңгімелер ұсынылған және олар өз кезегінде тапсырмаларды құрады [38,б. 169].

М. Жұмабаев [39,б. 106] өзінің «Педагогика» еңбегінде балалардың ойлауын (логикалық тәсілдерін) жақсартуды оқу жұмыстары бойынша оқу-тәрбие тапсырмалары негізінде жүзеге асыру қажет деп санады. Ол туралы

«Бастауыш мектепте ана тілін оқыту» атты еңбегінде кеңінен мазмұндады, түрлі оқу әрекеттерін орындауды жазып қалдырды.

Көріп отырғанымыздай, қазақ ағартушыларының еңбектеріндегі әртүрлі тапсырмалардың (соның ішінде практикалық, жаттығулардың (ақыл-ой)) көмегімен олардың тәрбиелеу мен оқыту, дамыту іс-әрекетінің бастаулары мен іске асырылуын түсінуге болады. Сонымен қатар, олар бертін келе мұғалімнің педагогикалық міндетіне айналды.

Шетел ғалымдары мен ізденушілері тұрғысынан педагогикалық тапсырмалардың мазмұны және олардың күрделілігі туралы ойлар қызығушылық танытқандығын көруге болады.

Бриндли [41,p. 45] білім алушының не істеу керектігінің күрделілігі келесі факторлармен анықталады деп ұсынды:

1-өзектілігі: Тапсырма оқушы үшін маңызды және сәйкес пе?

2-қиындығы: Тапсырманы орындауға қанша адам қатысады? Нұсқаулар қаншалықты қиын?

Тапсырма оқушыға қандай когнитивті талаптар қояды?

3-тапсырманы орындау алдында берілген контекст көлемі: Тапсырманы тұжырымдау кезінде әлем, жағдай немесе мәдени контекст туралы алдын-ала білімнің қандай мөлшері қабылданады?

4-тапсырма тілінің өңделуі: Оқушылар қолданатын тіл олардың ақпаратты өңдеу қабілеттеріне сәйкес келе ме?

5-оқушыға қолжетімді көмек көлемі: Оқушы мұғалімнен, басқа оқушылардан, кітаптардан немесе басқа оқу құралдарынан қандай көмек ала алады?

6-грамматикалық дәлдік/контекстік сәйкестік дәрежесі: Тапсырма оқушылардан қаншалықты «стандартты» орындауды талап етеді?

7-оқушыға қолжетімді уақыт: Тапсырманы орындауға оқушыда қанша уақыт бар.

Сондай-ақ, басқа да шетелдік ғалымдар (Браун мен Юл, т.б.) тапсырмалардың күрделілігіне назар аударды. Прабху [42,p. 146] қиындықты анықтау үшін келесі факторларды келтіреді:

1. Берілген ақпарат: өңделетін ақпараттың көлемі мен түрі күрделілікке әсер етеді.

2. Қажетті пайымдау: қадамдардың немесе когнитивті операциялардың саны (мысалы, дедукция, ой-қорытындысы немесе есептеу) күрделілікке әсер етеді.

3. Қажетті дәлдік: күрделілік талап етілетін дәлдік дәрежесіне сәйкес артады.

4. Шектеулермен танысу: оқушылардың әлем туралы білімі және мақсаттар, шектеулермен танысуы күрделілікке әсер етеді.

5. Абстрактілік дәрежесі: объектілердің немесе әрекеттердің атауларына қарағанда ұғымдармен жұмыс істеу қиынырақ.

Андерсон мен Линч  [43,p. 149] тілге қатысты күрделілікке әсер ететін бірқатар факторларды бөліп көрсетеді;

1. Ақпарат ұсынылатын реттілік;

2. Тыңдаушыны тақырыппен таныстыру;
3. Мәтіндегі ақпараттың анықтығы;
4. Енгізу түрі;
5. Орындалуы тиіс тапсырманың түрі мен көлемі;
6. Тыңдаушыға көрсетілетін қолдау көлемі.

Эллис өзінің зерттеу жұмысында тілді тапсырмалар негізінде оқытуды қарастырады [44,р. 178]. Тапсырмаларды құрастыруда оларға қойылатын талаптарды назарға алуды қамтиды.

Хандойо [203] өзінің зерттеу мақаласында білім алушылардың сыни ойлауын педагогикалық тапсырмалар (жазу тапсырмалары) арқылы қалыптастыруды және тіл сабақтарында өздерін көрсетуді қарастырады.

Агнес және басқа да зерттеушілер [46,р. 291] сыныпта халықаралық үдерістердің түрлерін құруға баса назар аудара отырып, білім алушылардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттерін дамыту бойынша іс-әрекетке негізделген педагогикалық тапсырмаларды қарастырады. Нәтижелер шынайы және қалыптасқан жағдайға және мәдени құндылықтарға негізделген педагогикалық тапсырма білім алушылардың үлгерімін арттыра алатынын көрсетеді.

Зерттеулерге сәйкес қалыптастырылған ой тұжырымдары мен қорытындыларын келесі кезекте баяндауға болады. Сонымен, педагогикалық міндет - мұғалім, тәрбиеші тұжырымдайтын және оқушының немесе оқушылар тобының жеке басының белгілі бір жағымды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған тапсырма. Олар өзіндік педагогикалық міндеттер және функциональды-педагогикалық міндеттер деп ажыратылады. Өзіндік педагогикалық міндеттер білім алушы жеке тұлғасын өзгертумен, бір күйден басқа күйге, яғни тәрбиеліліктің, оқудың, дамудың деңгейі бойынша жоғары жағдайға түрлендірумен байланысты. Функционалды-педагогикалық міндеттер өзіндік педагогикалық міндеттерді жүзеге асыру формаларын, әдістері мен құралдарын таңдаумен байланысты.

Танымдық міндеттер – оқытуда байланыстарды, қатынастарды, дәлелдеулерді белсенді пайдалану тәсілдерін (іскерліктерді) және ынталандыруды, жаңа білімді іздеуді болжайтын оқу тапсырмалары. Жалпы алғанда танымдық міндеттер жүйесі іс-әрекеттің мазмұны мен тәсілдері бойынша біртіндеп, ретті күрделенетін оқыту үдерісінің өн бойын сүйемелдейді. Педагогикалық негізделген танымдық міндеттер жүйесі оқытудың барлық функцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан да әрбір танымдық міндетте мұғалімге оның тек білімді меңгерудегі рөлін және оқу материалдары мазмұнын логикалық тұрғызудағы орнын білуі қажет, сондай-ақ оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін белсенді етуді, оның сәйкес шешімдерді шешуін назарда ұстауы тиіс.

Тапсырмалар: логикалық, оқу, т.б. болып бөлінеді. Логикалық тапсырма - бұл оқулықтың, кітаптың мәтініне қойылған сұрақ, оның ақыл-ой белсенділігін ынталандыру және оны дұрыс бағытқа бағыттау (оқу мақсатына сәйкес). Логикалық тапсырманы мұқият оқу, оқулықтың мазмұнын терең түсіну үшін қолдануға болады. Логикалық тапсырма оқу үдерісінің логикалық сатысында

оқылған материалмен ақыл-ой операцияларын дербес жүргізуге көмектеседі [204].

Оқу тапсырмалары мұғалімнің нұсқауы бойынша оқушылар орындайтын өзіндік оқу жұмысының мазмұны мен көлемі бойынша әр түрлі, оқу үдерісінің ажырамас бөлігі және оны белсендірудің маңызды құралы. Олар оқытудың барлық кезеңдерінде өз орнын табады және мыналарды қамтиды [147,р. 82]:

- білім беру материалымен алғашқы танысу (зерттелетін объектіні бақылау, оқулықпен және кітаппен жұмыс жасау, кітаптардан дәйексөздер жазу, кестелер мен графиктер жасау және т.б.);

- жаңа білімдерді ереже, заң, ұғым ретінде меңгеру (оқылған шығармаға логикалық жоспар құрастыру, фактілер мен құбылыстарды салыстыру, қойылған сұрақтарға жауаптар дайындау және т.б.);

- дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру (жаттығулар, өлшеу және есептеу, есептер шығару, шығарма жазу);

- меңгерілген білімді, іскерлікті және дағдыларды бекіту (қайталау, жаттау, білімді жүйеге келтіру және т.б.);

- алған білімді практикада қолдану (конструкциялау және көрнекі құралдарды дайындау, әртүрлі мазмұндағы практикалық жұмыстарды орындау, оның ішінде, физикалық еңбекті, өлшеуді, механизмдерді бөлшектеу мен жинауды талап ететін, мектеп учаскесінде жұмыс жасау және т.б.);

- білімді, іскерлік пен дағдыны тексеру (жазбаша және графикалық бақылау жұмыстары, бақылау сипатындағы лабораториялық және практикалық сабақтар және т.б.).

Тапсырмалардың ішінде ерекше құндылық сипатқа ие болатыны білім алушылардың интеллектуалды ойлауын және өз бетінше жұмыс жасауын талап ететіндері. Олар білімді, іскерлікті, дағдыны меңгеруді, білім алушыларда бастамашылдықты, ерікті, сенімділікті, оқуға қызығушылықты дамытуды қабілетті етеді. Білім алушылар оқу жұмыстарын ұйымдастыру дағдыларын, өздерінің күштерін (қабілеттерін) дұрыс есептеуді және қойылған мақсатқа жетудің едәуір мақсатты түрдегі құралдарын таңдауды игереді.

Дәріс және педагогикалық іс-әрекеттің басқа түрлері оқу-тәрбие үдерісінің оқытушылық жағын білдіреді. Ал, үдерістің екінші маңызды жағы – оқушылардың, білім алушылардың тапсырмаларды орындауы. Тапсырмалардың негізгі түрлері - сұрақ, шығармашылық тапсырма, тест түріндегі тапсырма, оқу мәселесі, курстық және дипломдық жұмыс және басқалар [50,с. 116]. Соңғы кездерде тесттік тапсырмалар да кеңінен қолданыс табуда. Жоғарыда келтірілгендердің ішінен тесттік тапсырмаға жақыны сұрақтар мен есептер болып саналады.

Тесттік тапсырмалар тарихы бойынша жұмыстар циклінде педагогикалық тапсырмалар бізге ғасырлар қойнауынан келгені атап өтіледі [60,с. 15]. Сақталған алғашқы дереккөздер – б.д.д. XVII ғасырдағы оқулық, математикадан 84 тапсырманы қамтиды. Ол ұзындығы бес метрден асатын ежелгі папирустың бір бөлігіне жазылған [51,с. 415]. Қазір бұл ежелгі педагогикалық шығармашылықтың тарихи ескерткіші Британ мұражайында сақтаулы.

XIX ғасырдың соңында Ресей баспасөзінде емтихандарды енгізу мәселесі талқыланды. Санкт-Петербург оқу округінің «жеңілдіксіз жетілу сынақтарын жүргізу туралы» циркулярында көптеген гимназияларда жетілу сынақтары өте жеңіл, өте үлкен жеңілдіктермен жүргізілетіні айтылды. Бұл жағдай, өз кезегінде, оқу ісінің бүкіл барысына өте жағымсыз әсер етеді, оқушыларды сынақтарда күтілетін жеңілдіктерге үміттеніп, өзі оқытатын ғылымдардың игерілуіне үстірт қарауға үйретеді. Дәл осы шеңберде бақылау тапсырмаларының мазмұнын анықтаудың негізгі қағидасы анықталған: «кішігірім және қайталама бөлшектердің талаптарына ауыртпалық түсірмей... әр тақырыпта мәнді және маңызды білімді тексеру керек» [205,206].

Тапсырмалардың сапасын ғылыми негіздеудің алғашқы әрекеті XX ғасырдың басында Францияда жүзеге асырылды. Балалардың интеллектуалдық қабілеттерін анықтау үшін жасалған алғашқы тест авторлары А.Бине және Т.Симон тестке енгізілуі қажет тапсырмаларды эмпирикалық тексеруден өткізді. Тапсырмалардың жарамдылығын бағалау үшін авторлар екі негізгі критерийді қолданды:

1) Жас ерекшеліктері әр түрлі балалар тобындағы жауаптардың үлесі немесе пайызы бойынша анықтаған әрбір тапсырманың күрделілігінің эмпирикалық өлшемі.

2) Оқытушылардың пікірлері мен тест нәтижелерінің сәйкестік дәрежесі туралы ақпарат.

Олар зерттеу барысында алған деректердің басқа зерттеушілердің деректерімен салыстыруда жіберілетін өлшеу қателіктерін азайту үшін А.Бине және Т.Симон тестке тестілеудің стандартты нұсқаулығын қоса берді, бұл қызықты әдіс авторлардың қолданған іскерліктерін, тапсырмаларын анықтауға бағытталды. Әрбір тапсырмаға субъектілердің жауаптарының нәтижелері жазықтықтағы нүктелер түрінде ұсынылды, онда жас мәндері абсцисса осі бойымен, ал ординат осі бойынша әр жас тобындағы дұрыс жауаптардың үлесі кейінге қалдырылды. Алынған нүктелерді орта есеппен алып, содан кейін оларды сызықпен байланыстыра отырып, олар графикалық бейнені (сынған сызық) алды, соның негізінде олар белгілі бір жастағы тапсырманың жеткіліктілігі туралы қорытынды жасады [207]. Кейін осы әдісті М. Ричардсон қолданды [40,р. 169].

Тесттік тапсырмалар қазірде ЖОО болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде оқыту және бақылау мақсатында қолданылады.

Зерттеулер мен оқу, оқу-әдістемелік құралдарда оқытудағы дидактикалық құралдар мен материалдар педагогикалық тапсырмалар ретінде қарастырылатыны жазылған [208]. Оған негіз болатыны олардың әртүрлі типтегі тапсырмаларды қамтуында. Оның ішінде психикалық үдерістердің танымдық саласын құраушы талдау, сәйкес қою, салыстыру, жинақтау, талдап қорыту түрлерін қамтитын педагогикалық тапсырмалар оқушылардың ойлауын қамтамасыз етіп ғана қоймайды, сонымен қатар, жүйелі ойлауын, интелектуалдық дағдыларының қалыптасуын жүзеге асырады.

Сондықтан да педагогикалық тапсырмалардың ішінде оқу-танымдық тапсырмалар мен міндеттер пәннің мақсатына, мазмұнына және қол

жеткізілетін оқыту нәтижелеріне сәйкес әзірленеді. Осыған сәйкес тапсырмаларды шешу мен орындау білім алушылардың пәнді толық мәнді меңгеруіне және алған білім мен іскерліктерді практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың, студенттердің ақыл-ой іс-әрекетін, логикалық тәсілдерді жүзеге асыруға; оқу материалдарындағы мәні бар және маңызды байланыстарды айқындау мен түзуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқу міндеттерін шешуде білім алушыларды эвристикалық схемаларды құруға, ережелер мен бағдарламалар әзірлеуге баулу жүзеге асырылады. Педагогикалық міндет ретінде белгілі бір мақсатпен педагог және білім алушылардың өзара әрекеттесуін сипаттайтын материалдық педагогикалық жағдаят түсініледі.

Ғылыми зерттеу нәтижелерінде педагогикалық мазмұндағы міндеттерді шешудің келесідегідей кезеңдерден тұратыны атап көрсетілген: 1) берілген міндеттердің шарттарын зерделеу және талдау; 2) міндетті шешу жоспарын іздестіру; 3) міндеттерді шешуді жүзеге асыру; 4) міндеттің табылған шешімін зерттеу және оны тексеру; 5) орындалған шешім нәтижесін талдау [105,б. 233].

Педагогикалық еңбектерде оқу-танымдық тапсырма мен олардың жүйесін құрастыру үшін әртүрлі ережелер мен талаптарды белгілеулердің орын алғандығын көре аламыз.

Солардың бірі ретінде П.И. Пидкасистыйдың ұсынған ережесін айтуға болады. Педагог-ғалымның ұсынған нұсқасында ақыл-ой әрекетінің жатқанын көреміз: зерделенетін оқу материалының мазмұнын оларды меңгеруге сәйкес құрылымдау; оқу тапсырма түрлері мен олардың ерекшеліктеріне сәйкес әдістемелік аспектілерді айқындау; оқушылардың, білім алушылардың оқу әрекеті құрылымы мен мазмұнына сәйкес, нақты жағдаяттағы оқу тапсырмаларын, міндеттерін құрастыру және шешу үшін қалыптастыру [52,с. 150].

Сондай-ақ, Т.И. Шамова өзінің педагогикалық еңбегінде оқушылардың оқу-танымдық әрекетін қалыптастырудағы тапсырманың талаптарын төмендегіше бөліп көрсетеді: оқу тапсырмаларының мазмұны оқу-тәрбиенің нақты оқыту мақсаттарына қатаң сәйкес келуі тиіс; тапсырманың мазмұны мен әдістемелік аппараты өзіндік оқу-танымдық іс-әрекеттің барлық деңгейлерін қамтамасыз етуі керек; оқу жұмысында кез келген оқушының сәтті өзіндік іс-әрекетін қамтамасыз ететін трансформацияланатын тапсырмаларды енгізу үшін барлық мүмкіндіктерді қолдану керек. Атап көрсетілген талаптардың негізі оқу тапсырмаларының мазмұндық және олардың логикалық аспектілеріне негізделеді [53,с. 112].

Б.Т. Ортаевтың оқу құралында педагог-ғалымдар П.Р.Атутовтың, В.А.Поляковтың, Д.А.Тхоржевскийдің, С.И.Поликаниннің, О.Сыздықовтың, Д.Пошаевтың, т.б еңбектеріндегі педагогикалық тапсырмалардың білім алушыларды даярлау бағыты мен оқу пәні мазмұнына сәйкес келуі керектігі айтылған, оның ішінде, техника-технологиялық, педагогикалық, т.б. бағытқа сәйкес тапсырмалар жүйесін құраудың үлгілері көрсетілген [208,б. 19-21].

Қазіргі уақытта педагогикалық тапсырмалардың білімді меңгеру деңгейіне сәйкес әзірленуі кеңінен қолдау табуда. Б.Блум таксономиясы бойынша танымның жоғары деңгейі (талдау, бағалау, жинақтау), яғни интеллектуалдық іскерліктер үшін тапсырмалар мазмұны бөлек болуы керектігі айтылып та, жазылып та жүр.

Педагогикалық тапсырманың бір түрі сұрақтар болып табылады. Жоғарыда айтып өткендей, сұрақ шешілуі керек белгісіз міндет ретінде анықталады: белгілі бір форма мен интонацияға ие және жауап, түсініктеме талап ететін кез-келген объект туралы ақпараттың жетіспеушілігін білдіретін сөйлем; ауызша сұрақ сұраулы сөйлемінің формасын алады [47,с. 721].

Есеп сонымен қатар «есепте көрсетілген шарттарға сүйене отырып, жауап табуы керек талап немесе сұрақ» ретінде анықталады [48,с. 3]. Есеп те педагогикалық тапсырма ретінде қарастырылады.

В.И. Гинецинский есептерге кеңінен психологиялық-педагогикалық талдау бере келіп, тізімдегі тектік терминдерді - тапсырма, есеп, жаттығу, сұрақ – бұларды автор «тапсырма» термині деп санайды [49,с. 211]. Жалпы педагогикалық тапсырма аясына енген тапсырма түрлері туралы осылай дәйекті материалдарды келтіруге болады.

Педагогикалық әдебиеттерді зерделеу негізінде студенттерге қойылатын сұрақтардың бағыттарын төмендегідей беруге болады [54,с. 504]:

1. Заттарды, олардың бейнелерін, құбылыстарды, үдерістерді, фактілерді және т.б. сәйкес қоюға және салыстыруға байланысты сұрақтар.

2. Зерттелетін фактілердің, құбылыстардың, үдерістердің және т.б. мәнді белгілерін бөліп алуға, талдап қорытуға (себебін түсіндіруге) арналған сұрақтар.

3. Әртүрлі жағдаяттарда білімді пайдалану іскерлігін айқындауға арналған сұрақтар.

4. Себептерді түсіндіруге бағытталған сұрақтар.

5. Салдарды (болжамды) түсіндіруге бағытталған сұрақтар.

6. Фактіні дәлелдеуге арналған «иә» немесе «жоқ» деуге арналған сұрақ.

7. Пәнаралық байланыстарды орнатуға арналған сұрақ.

8. Ұғымды қалыптастыруға бағытталған сұрақтар.

Д.Д.Зуевтің сұрақ-тапсырмаларды топтастыруы зейін аудартады [55,с. 34]. Белгілі педагог ғалым сұрақ-тапсырмаларды үшке ажыратады.

Біріншісі – бекіту функциясын орындайтын сұрақ-тапсырмалар (оқып-үйренгендерін еске түсіру, фактілерді, ұғымдарды алғашқы жүйелеу, дағды қалыптастыру).

Екіншісі - логикалық ойлау әдістерін және шығармашылық іс-әрекет тәжірибелерін меңгеруге мүмкіндік беретін сұрақ-тапсырмалар (талдау, жинақтау, салыстыру, талдап қорытуды жүзеге асыру бойынша өзбетінше жұмыстар; білім жүйесін тереңдетуді қорытындылауды, бағалауды қалыптастыру; анықтау, нақтылау, жүйелеу).

Үшінші – алынған білімді қолдануды талап ететін сұрақ-тапсырмалар (өзіндік жұмыстарды орындау, іскерлік пен дағдыны игеру).

Бірінші және екінші топ сұрақ-тапсырмалар репродуктивті және өнімді іс-әрекетке бағытталса, үшіншісі меңгерілген білімді нақты үдерісте қолдануға бағытталады.

Е.Т.Коробов өзінің ғылыми мақаласында оқытудағы сұрақтардың психологиялық-педагогикалық функциясын кеңінен ашып көрсетеді [56,с. 28]. Сұрақтардың оқыту үдерісіндегі ең елеулі міндеттері ынталандыру болып табылады. Сұрақ қоюда білім алушы қасиеттерінің ішінен: бағыттылығы тұрғысынан дүниетанымын; тәжірибесі тұрғысынан білімін, іскерлігі мен дағдысын; психикалық үдерістер тұрғысынан түйсігін, қабылдауын, ойлауын зейінін, еске түсіруін, сезімін, эмоциясын, сенсомоторикасын; темпераментін назарға алу қажет.

Сұрақтар сөз тіркестері арқылы объектіге, құбылысқа, үдеріске, т.б. қатысты нақты немесе талдап қорытындыланған түрінде де болады. Сұрақтарға ашық формадағы тесттік тапсырмаларды да жатқызуға болады. Мұнда сұрақ беріледі, жауапты білім алушының өзі жазып толтыруы тиіс болады.

Жаттығудың педагогикалық тапсырма ретінде өзіндік орны бар. Олар педагогикалық тапсырма жүйесінің ажырамас бөлігі. Жаттығу – қозғалыс дағдыларын (адам іс-әрекетіне негізделген пәндер бойынша), оқу материалдарын, элементтерін (тілдік оқу пәндері бойынша) игеру мақсатында әрекеттер мен тәсілдерді қайта-қайта орындау. Практикалық іс-әрекетке негізделген пәндер бойынша оқытудың әртүрлі жағдайларында жаттығу барысы барлық компоненттерді, оның ішінде қозғалыс мазмұнын анықтау, оны нақтылау, жалпылау және автоматтандыру шеңберінде жүзеге асырылатын жалғыз әдістер болып табылады. Сонымен қатар, жаттығу оқыту барысында түсіндіру мен дағдыландырудың қатар жүретін әдістерінің бірі анықталады. Жаттығуды орындау үшін алдын-ала дайындықсыз түсіндіруден кейін бірден жасауға болады; бұл жағдайда түсіндіру жаттығу барысында орын алады.

Қолданылуына қарай жаттығуларды үшке бөлуге болатынын анықтай аламыз [105,б. 235], олар: алған білімді іскерлікке игеруге, алған білім мен іскерлікті шығармашылықпен қолдануға арналған жаттығулар және зерттеушілік жаттығулар.

Мұндай жаттығуларды ізденімпаздық деп те атайды. Білім алушыларды ізденімпаздық жұмыстарға бағыттау, олардың ойлау қабілетіне негізделіп, диагностикалық жаттығулар орындату арқылы іске асады.

Жалпы оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық тапсырмаларды топтастырудың (немесе таптастыруды) қатаң тәртібі жоқ. Әрбір зерттеуші өзінің зерттеу тұрғысынан топтастыруды жүзеге асырады. Десек те, педагогикалық тапсырманың бір түріне қарағанда олардың бірнеше түрінің үйлесімді қолданылуы оқу-тәрбие үдерісін нәтижелі ететінін көруге болады.

Педагогика саласында В.А.Онищуктың оқу тапсырмаларын топтастыруына көңіл аударуға тұрарлық.

1) бірінші топ тапсырмалар фактілі материалдарды өндіруге еске түсіруге бағытталады;

2) екіншісі – зерделеп отырған заттар мен құбылыстарды салыстыруға;

3) үшіншісі – себеп-салдарлық және олардың арасындағы байланыстарды ашуға бағытталады. Сондай-ақ, сұрақтар мен тапсырмаларды пайдалануда олардың қайталануын болдырмауды ұсынады. Бұл үдеріс үш кезеңнен тұрады:

1) оқушылардың тірек түсініктерін көкейкесті ету;

2) фактілі материалдарды қабылдау және сезіну, болмыс әлемдегі құбылыстар мен үдерістер арасындағы заңдылықты байланыстарды саналы сезіну, зерделенетін объектінің ішкі мәнін ашу;

3) білімді талдап қорыту және жүйелеу [57,с. 130].

Педагогикалық еңбектерге сәйкес іскерліктер, оның ішінде оқу және педагогикалық іскерлік оқу жұмысы немесе педагогикалық бағыттылықтағы іс-әрекет барысында қалыптастырылады. Болашақ педагогтар үшін қажеттісі педагогикалық іскерліктер, оның ішінде ұйымдастырушылық іскерліктер екені белгілі. Оның жүзеге асырылуы педагогтың инттелектуалдық іскерліктеріне де байланысты. Оларды ЖОО-дағы болашақ педагогтарда қалыптастыру қажеттілік болып табылады. Осыған сәйкес оларды қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесін топтастыруды және оларды ұсынуды Ж.Торыбаева, Г.Абдуллина, т.б. зерттеушілер ұсынады [209].

Зертханалық-практикалық жұмыстар барысында қолданылатын оқу-танымдық тапсырмалар жүйесін жобалау бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында Ю.К. Гуськовтың басшылығымен жүргізілген зерттеулер нәтижелерін ескердік [61,с. 58], олар педагогикалық тапсырмаларды педагогикалық үдерістің құрамдас бөліктері бойынша әзірлеу қажеттігін ұсынады. Өйткені іскерліктер болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іс-әрекетіне сәйкес қалыптастырылады. Талдаудың, синтездеудің, жалпылаудың және т.б. интеллектуалдық, ұйымдастырушылық іскерліктеріне қатысты бұл іс-әрекет педагогикалық жүйеге қатысты тапсырмалар жүйесінде жүзеге асырылуы керек.

Білім беру қызметтерінде маңызды жетекші рөл тек оқушы мен мұғалімге ғана емес, сонымен қатар педагогикалық үдерістің негізгі буынының бірі тапсырмаларға да беріледі. Сондықтан педагогикада оқытуды ұйымдастырудың проблемалық негізі туралы айту кездейсоқ емес. Осы тұғырды қолдаушылардың бірі Г.С. Костюк жазғандай, оқытудың жаңа түрін түсіну - шамалы болса да танымдық мәселені шешуді білдіреді [58,с. 304].

Көрсетілген педагогикалық тапсырмалар түрлері мазмұны бойынша жоғары оқу орындарында болашақ педагогтың педагогикалық іскерліктерін, оның ішінде ұйымдастырушылық, құрастырушылық, бақылаушы іскерліктерін қалыптастырудың қайнара көзі болып табылады.

Оқыту үдерісін жақсарту мақсатында болашақ мұғалімдердің оқу іс-әрекеті мазмұнын жетік білуімен қатар жүзеге асыруда оның ұйымдастырушылық іскерліктерін арттыруға бағытталған педагогикалық тапсырмаларды әзірлеу қажет болып табылады. Педагогикалық тапсырмалар білімі жоғары немесе төмен білім алушылар үшін интеллектуалдық дарынды немесе қабілеті төмен, өз бетінше жұмыс орындауға дайындық деңгейін компьютерлік тестілеу немесе кәсіби іріктеу үшін жасалуы мүмкін.

Тапсырмалардың кейбір сипаттамалары мақсатқа байланысты, әсіресе мазмұны мен күрделілік деңгейі бойынша өзгеруі мүмкін.

Тапсырмалар жоғары оқу орындарында оқытушы мен білім алушының оқыту іс-әрекетін жүзеге асыруға бағытталған күш-жігерін біріктірудің синергетикалық қызметін атқарады.

Қолдану мақсаттары бойынша тапсырмалардың қысқаша жіктелуіне байланысты оларды топтауға болады:

1) Оқытуға бағытталған тапсырмалар, олар: жаттығулар, оқу міндеттері, деңгейлік сұрақтар, есептер, тест тапсырмалар және т.б. түрінде өмір сүреді және қолданыс табады.

2) Оқу пәні мен дайындық бағыты бойынша іскерліктерді және дағдыларды бағалауға бағытталған тапсырмалар, оларға қатыстылары: емтихан, қорытынды бақылау сұрақтары мен оқудағы қорытынды жұмыстары түрінде пайдаланылады.

3) Білім беру мекемелерінің белгілі деңгейін аяқтағанын бағалау мен растау үшін ұсынылатын аттестаттау тапсырмалары пайдаланылады, т.б. [210, 211].

В.С. Аванесов педагогикалық бақылау қағидаларын айқындауға байланысты еңбегінде өлшемдерді бақылаудың өзара байланысты басты қағидаларын атап көрсетеді [212], олардың негізгілері төмендегідей:

1. Педагогикалық тапсырмаларды жаңалау қағидасы.

2. Педагогикалық тапсырмалар мен олардың түрлерінің күрделілік, қиындық деңгейіне сәйкес болу қағидасы. Бұл мәселен, Б.Блум таксономиясына қарай білімді меңгеру деңгейіне сәйкес болу жағын қарастырады.

3. Оқыту үдерісінде қолданылатын педагогикалық тапсырмалар мен олардың түрлерінің технологиялық талапқа сәйкестілік қағидасы.

4. Тапсырмалардың орындалуын бағалау үшін шкаланың өлшемділік принципі. Бұл жерде педагогикалық өлшеулерді жүргізу идеясы өте пайдалы, содан кейін тапсырмалардың қиындықтары мен пәндердің дайындық деңгейінің бастапқы шкалаларын түрлендіруге болады.

5. Тапсырмалардың мазмұнды және логикалық дұрыстығы принципі [213] Педагогикалық практикада осы принципті бұзатын тапсырмалар мен тапсырмалардың әртүрлі формалары айтарлықтай таралады. Бұл негізінен дұрыс емес жағдаяттары бар тапсырмалар болып саналады.

Оқыту мазмұнына сәйкес оқыту мен оның нәтижесін бақылауға, бағалауға бағытталып дайындалған педагогикалық тапсырмалардың логикалық біріздігінің болуы, олардың оқыту мазмұнын толық мәнді қамтығанын көрсетеді. Түрлі тапсырмаларды дайындауда олардың оқыту мазмұнын толық мәнді қамтығандығын назарда ұстау керек. Бұл оқу материалдарының толық мәнді меңгерілгендігін және оның нәтижесін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, педагогикалық тапсырмалар сапасының қасиеті мен көрсеткіштері білімді, іскерлікті дұрыс қалыптастыру мен бағалауға алып келеді. Оның ішіндегі негізгілерінің бірі – тартымдылығы, яғни, педагогикалық тапсырмалар:

- нақты терминдерден тұжырым жасау (метафоралар, артық сөздер мен белгілер жоқ).

- педагогикалық дұрыс мазмұнда құрастырылған болуы;

- логикалық бірізділігі және дәлелділігі болу;

- оқытылған пәннің (пәннің) барлық білім алушыларға түсінікті тілінде жазылуы;

- теориялық қағидаларға сәйкес әрі тәжірибелік тұрғыдан негізді анықталған болуы;

- оның жауаптарын табу оңай және бірізді болуы қажет.

оқу-тәрбие үшін әзірленетін тапсырма түрлері аталған талаптарға сәйкес болуы, оқытуды нәтижелі етуге алғы шарттар жасалатынын көрсетеді [214]. Бұл мәселемен соңғы уақыттағы кеңінен қолға алынған педагогикалық өлшемдер саласы шұғылданып, бақылау технологиясын айқындау мен өлшеу мәдениетін қалыптастыруды жүзеге асыруда.

Н.Т. Гендина мен Н.И. Колкова ЖОО оқу үдерісін нормативті-әдістемелік қамтамасыз етуді айқындауда жазған еңбегінде тапсырмаларды педагогикалық қасиеттеріне: оның мазмұны, формасы және технологиялығы қатысты деп біледі. Оның мазмұны оқу пәні мен саласына сәйкес келуін көрсетеді [215]. Тапсырмалардың ішіндегі тест мазмұны: оқу пәні тақырыптарын толық қамтуы, оқу материалдарының нақты берілуі, сұрақты қамтуындағы тереңдігі, талдап қорытуды қарастыруы, т.б. бағаланады.

Тестолог ғалым В.С. Аванесов тесттік тапсырмалардың басқа педагогикалық тапсырмалар сияқты оқыту және/немесе бақылау қызметін атқаратынын көрсетеді [216]. Бұл үшін олардың тапсырмаларды құрастыру теориясы мен практикасына сәйкес әзірлену керектігін айтады. Педагог-ғалымның тұжырымына сәйкес оқушылардың, білім алушылардың білімі мен іскерлігін тесттік тапсырмалармен анықтауға болады. Ол үшін түрлі формадаға тесттік тапсырмалар әзірленуі керек болады. Олардың ішінде, мәселен жабық формадағы тесттік тапсырмалар оқушылардың білімін білу деңгейінде ғана анықтауға мүмкіндік береді. Түрлі тест сұрақтарын қолдану оқушылардың білімін тексеруге, олардың білімі мен іскерліктерін өзін-өзі бақылауға, оқытуды және оның нәтижесін сапалы жүзеге асыруға негіз болады [217].

Технологиялылығы - тест тапсырмаларына қойылатын заманауи талаптардың бірі екендігінде. Бұл педагогикалық тапсырмалардың технологиялылығы принципіне сәйкес келеді.

Педагогикалық іс-әрекетті педагогикалық тапсырмалар көмегімен ұйымдастыру үшін тапсырмалардың ерекшеліктері мен педагогикалық тапсырмалардың айқын айырмашылығы маңызды. Осы мақсатта «тапсырма», «педагогикалық тапсырма» және «педагогикалық тапсырмаларды қолдану» (технологиясы) ұғымдарын дамытуға болады, өйткені бұл ұғымдардың әрқайсысы мақсаттары, ұйымдастыру үдерісі және іс-әрекеттің түпкілікті нәтижесі бойынша әр түрлі болып келеді (кесте 3).

Кесте 3 - «Педагогикалық тапсырма» және «педагогикалық тапсырмаларды қолдану» құрылымы

| Формасы | Педагогикалық тапсырмалар | Педагогикалық үдерістің құрылымы ретінде тапсырманы орындау |
|---|---|---|
| Мақсат қою | Нақты мақсат қоюды, ұйымдастырушылық іс-әрекеттің белгілі бір құрылымын, іс-әрекеттің болжамды нәтижесін белгілейді. | Тек педагогикалық тапсырманы қолдану бағыттылығын анықтайды, педагогикалық жағдаяттарды бірлесіп модельдеу іскерліктерін пысықтайды |
| Мазмұндық | Оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыруда белгілі бір нақты іскерліктерді пысықтайды, құрастыру мен операциялық әрекеттердің белгілі бір түрлерін өндіреді (жаңғыртады) | Болашақ мұғалімнің құрылымындағы өзін-өзі дамытуды түзетеді, белгілі бір құндылықтар мен құндылық қатынастарын қалыптастырады. Өңделген (пысықталған) іскерліктерді таңдауы өзгереді. |
| Операциялық | Моделденген (жобаланған, имитацияланған) іс-әрекеттің әрекеттері және одан кейінгі бағалауды пысықтайды. | Ұйымдастырушылық іскерліктер пысықталады. Тапсырманы орындау еркін және түрлі әдістерімен іске асырылады. |
| Болжау | Болжамды нәтижеге қол жеткізген кезде басқа деңгейге көшуге болады | Ең бастысы - нәтиже емес, тапсырманы орындауда әрекетті, форманы жаңа өзгерістер мен жаңартылған мазмұнмен қайталауы мүмкін. |
| Шығармашы-лық | Шығармашылық деңгейде берілген мәселелер шеңберінде шығармашылықтар көрініс табады | Тапсырманы орындау барысында өзгергіштік, жағдаятты тапсырмамен модельдеу элементтері орын алады |

Осы құрылымдарды талдай отырып, біз бұл ұғымдардың бірқатар айырмашылықтарын ажырата аламыз. Педагогикалық тапсырмаларды орындау жеке құрылымдық элемент ретінде педагогикалық үдерістің, оқыту іс-әрекетінің құрамдас бөлігі ретінде де, оның үдерісінде де нақты ұйымдастырушылық іскерліктер пысықталады. Өткізілген іс-әрекеттердегі айқындық бағаланады, іс-әрекеттің нақты тетіктері мен алгоритмдері ұсынылады. Әрекеттер тізбегін бірнеше рет қайталауға болады. Педагогикалық тапсырма түрлерін орындау білім беру іс-әрекетінің нақты аспектісін модельдеуге мүмкіндік береді, ал өндірілген іс-әрекеттерді уақтылы түзетуге болады. Ал педагогикалық тапсырмаларды орындау барысында арнайы педагогикалық ұйымдастырушылық іскерліктер қалыптасады. Маңыздысы - өзгергіштік механизмі, педагогикалық тапсырманың модельдеу мүмкіндіктері, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерін дамыту. Оларды орындау барысында жеке тұлғаның құрылымын, құндылық қатынастарын түзету және сыртқы саладан жеке тұлғаның ішкі сапасына алынған ұйымдастырушылық іскерліктерді кіріктіру (интерьерлеу) жүреді.Болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру үдерісінде негізгі

ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру мен дамытудағы заңдылық анықталады. Бұл педагогикалық тапсырмалар мен педагогикалық тапсырмаларды орындаудың байланысын ашатын тапсырманы дайындау жүйесінің пайда болуы туралы айтуға мүмкіндік береді. Тапсырмаларды орындау барысында практикалық іс-әрекеттер пысықталады, бұл болашақта мұғалімнің жалпы ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық тапсырмалардың нақты мақсаттары мен дамытылатын құрылымы бар, бұл оны ұйымдастырушылық іскерліктерді дамыту үшін бірнеше рет пайдалануға мүмкіндік береді. Педагогикалық тапсырмаларды орындау белгілі бір оң нәтиже алу үшін оларды құрылымдау арқылы іскерлік пен шеберлікті дамытуға мүмкіндік береді.

Ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру алдын-ала болжанған нәтижемен берілген проблемалар аясында жүзеге асырылады. Ұйымдастырушылық іскерліктерді дамыту көлденең бағытта жүреді, яғни нақты іскерліктерді жетілдіру және пысықтау қатаң белгіленген жағдайларда жүреді. Педагогикалық тапсырмаларды орындау оқу, жаттығу ғана емес, сонымен қатар тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес «ұмтылу» және бейімделу кезінде де маңызды болады. Сондай-ақ, ұйымдастырушылық іскерліктерді пысықтауға және бекітуге мүмкіндік береді. Таныс жағдайларды шешуде және өзгермелі жағдайларда шығармашылық қабілеттерін көрсету мүмкіндігі де маңызды.

Оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыру үшін тапсырмаларды іріктеу бағдары педагогикалық іс-әрекеттерді ұйымдастыру барысына (кезеңіне) байланысты. Б.Ортаев авторлық бірлестікте әзірлеген мақаласында зерттеулерге сәйкес оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігінің жүзеге асырылу кезеңдерін төмендегідей етіп береді:

1) Оқытудың мақсаты пен міндетін қалыптастыру;

2) Оқыту іс-әрекетін жоспарлау;

3) Оқыту іс-әрекетін педагогикалық талдауды жүзеге асыру;

4) Мақсатқа сәйкес оқу іс-әрекеті тәсілдерімен және білім, іскерлік, дағдыны меңгеру бойынша оқушылардың әрекеттерін ұйымдастыру;

5) Оқыту іс-әрекеттеріне бақылауды жүзеге асыру;

6) Оқу/оқыту іс-әрекеттерін түзету [218].

Осы көрсетілген іскерліктерді қалыптастыру тапсырмалардың түрлері мен мазмұнын анықтауды талап етеді [218,б. 151-157] (кесте 4).

Кесте 4 - Ұйымдастырушылық іскерліктер түріне сәйкес қалыптастырылатын тапсырмалар

| Педагогикалық тапсырма түрлері | Ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастырудағы тапсырмалардың сипаты |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Сұрақтар | Барлық кезең үшін қолданылады, оның ішінде деңгейлік сұрақтарды; білімді тексеру, еске түсіру, күмән туғызу сұрақтарын қолдану орынды болады. |

4 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Оқу міндеттері | Барлық кезең үшін қолдану тиімді болып табылады. Оның ішінде, жағдаятты шешу үшін білім алушының оқу-танымдық дағдыларын дамытады, дұрыс шешім қабылдауға баулиды. |
| Тесттік тапсырмалар | Ашық және жабық формада барлық кезең үшін қолдануға болады. Сәйкестілік тестін қолдану арқылы дұрыс нұсқаны таңдауда білім алушының логикалық ойлауы дамытылады. |
| Оқу тапсырмалары | Ұсынылған нұсқа бойынша іс-әрекет үлгілерін дұрыс орындау үшін барлық кезеңдерде қолданылу ұсынылады. |
| Ескерту – Дереккөз [218,б. 151-157] | |

Бұл кестеден көретініміз, болжамды тапсырмалар жалпы беріліп тұр. Олардың түрлері мен құрылымы тапсырма мазмұны мен білімді меңгеру дәрежесіне сәйкес нақтыланады.

Педагогикалық үдерістің құрылымы келесі компоненттерді қамтиды:

- мақсаттық (стратегиялық және тактикалық мақсаттар мен міндеттер);
- мазмұндық (қалыптасқан білім, іскерлік, дағды, қарым-қатынас, тұтастық бағдар, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі);
- іс-әрекеттік (мазмұнды игеру тәсілдері мен амалдары);
- нәтижелілік (қол жеткізілген нәтижелер);
- ресурстық (педагогикалық үдерістің барысы мен тиімділігін қамтамасыз ету шарттары).

Педагогикалық үдерістің қарапайым бірлігі педагогикалық міндет болып табылады, ол «педагогтар мен тәрбиеленушілердің белгілі бір мақсатпен өзара әрекеттесуімен сипатталатын тәрбие мен оқытудың материалдандырылған жағдайы (педагогикалық жағдаят)» деп түсініледі.

Біртұтас педагогикалық үдерісте педагог төмендегідей міндеттерді шешуі қажет:

- оқыту және тәрбиелеу мақсаттарын құрылымдау және нақтылау;
- білім беру мазмұнын оқу материалына түрлендіру;
- пәнаралық және пәнішілік байланыстарды талдау;
- педагогикалық үдерістің әдістерін, құралдарын және ұйымдастыру формаларын таңдау;
- педагогикалық үдерістің нәтижелері мен тиімділігін талдау және т.б.

Педагогикалық үдерісте әртүрлі жағдаяттар туындауы және жасалуы мүмкін. Педагогикалық жағдаят - бұл: педагогикалық үдерісте өздігінен пайда болатын немесе білім алушының жеке басын қалыптастыру және дамыту мақсатында педагог арнайы құрған жағдайлар мен міндеттемелердің жиынтығы; белгілі бір нормалар, құндылықтар мен мүдделер негізінде мұғалімнің тәрбиеленушімен (тәрбиеленушілермен) қысқа мерзімді өзара әрекеттесуі, маңызды эмоционалды көріністермен бірге жүреді және қалыптасқан қатынастарды қайта құруға бағытталады.

Педагогикалық мәселенің кәсіби шешімі жағдаятты талдау кезінде мұғалім саналы түрде ережелер мен талаптардың белгілі бір жүйесіне сүйенетіндігімен сипатталады. Ол педагогикалық ғылым мен практиканың «арсеналынан» нақты

жағдайларға қатысты осы мәселені шешудің тиімді құралдарын мақсатты түрде таңдайды. Сонымен бірге мұғалім өзінің іс-әрекеті мен әрекеті тәртібін жоспарлайды. Атқарылған жұмыстың соңында ол психологиялық ғылым тұрғысынан адаммен болған өзгерістер туралы деректерді талдайды.

Педагогикалық міндеттерді кәсіби шешу үшін білім беру және адам тәрбиесі саласындағы жұмыстың ерекшеліктерін игере отырып, арнайы дайындалу қажет. Педагогикалық міндеттерді шешу барысында кәсіби тәжірибе мен шеберлік жинақталады. Кәсіби педагог үшін келесі мәселелер маңызды - проблемалық сабақты қалай өткізу керек, жаңа білім беру бағдарламасын қалай әзірлеу немесе жетілдіру керек, сабақта оқушылардың топтық, ұжымдық және жеке жұмысын қалай үйлестіру керек, сабақ барысында шығармашылық қабілеттерін дамытуды қалай қамтамасыз ету керек, оқу пәніне қызығушылықты қалай ынталандыру керек.

Педагогикалық іс-әрекет түрлері педагогикалық міндеттің түріне қарай бөлінеді:

1) адамды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі практикалық іс-әрекет;

2) әр түрлі мекемелердің педагогикалық қызметкерлеріне педагогикалық ғылым материалдарын ұсыну бойынша маманның әдістемелік қызметі (оқу пәнінің әдістемесімен немесе мектепте тәрбие жұмысын жүргізу әдістемесімен байланысты);

3) білім беру жүйесі басшыларының басқару іс-әрекеті;

4) ғылыми-педагогикалық іс-әрекет (ғылыми-зерттеу).

Сондықтанда олардың салыстырмалы талдауы педагогикалық іс-әрекеттің құрылымдық компоненттеріне сәйкес жүргізіледі.

Мұндай компоненттер мақсат, оған қол жеткізу құралдары, нәтиже, сондай-ақ оның объектісі мен субъектілері болып табылады.

Зерттеулерде және оқу, оқу-әдістемелік құралдарда педагогикалық тапсырмаларды түрлерін топтастыру жүзеге асырылады. Олардың негізіне педагогикалық жүйе мен үдеріс құраушылары алынады және оларан болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қолдануға болатынын көре аламыз [208,б. 92], олар, педагогикалық үдерістің: мақсаты мен міндеттері, мазмұны, әдістері мен ұйымдастыру формалары, құралдары, технологиялары, оқыту нәтижелері бойынша. Сонымен қатар, педагогикалық үдеріске қатысушылар педагог пен оқушы және олардың оқу жұмыстары мен іс-әрекеттерін орындау бойынша педагогикалық тапсырмаларды қолдануға болатыны көрсетілген еңбектерде айтылады.

Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру бағытында төмендегідей педагогикалық тапсырмалар ЖОО оқу үдерісінде қолданылуы керек деп білеміз, олар:

- ұйымдастырушылық білім;

- ұйымдастырушылық іскерлік құраушылары бойынша.

Сондай-ақ, ұсынылатын педагогикалық тапсырмалар болашақ мұғалімдердің мотивациясын анықтауға, өзіндік дербес жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Педагог-зерттеушілер, оның ішінде Т.А. Бабакова өзінің зерттеу мақаласында іс-әрекеттік тұғырды жүзеге асыруда кәсіби және жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға, студенттерді оларды игеруге ынталандыруға ерекше мән береді. Ол үш тапсырма тобын қамтитын студенттердің өзіндік оқу іс-әрекетіне арналған тапсырмалар жүйесін ұсынады [219], олар:

а) ақпаратты тануды және жаңғыртуды қамтамасыз ететін репродуктивті тапсырмалар;

б) білімді логикалық және шығармашылық тұрғыдан қолдану, ақпаратты қайта кодтау негізінде жаңа өнім алуға бағытталған продуктивті тапсырмалар;

в) рефлексивті-бағалау, өзіндік оқу іс-әрекетінің үдерісі мен нәтижелерін және студенттің жеке қасиеттерін өзін-өзі бағалауға байланысты тапсырмалар.

Аталған тапсырма түрлері, біздің зерттеу жұмысымыз үшін де өте маңызды. Сонымен, педагогикалық тапсырмалар технологиясының жоғары оқу орындарындағы дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық жүйе мен үдеріске қатысты төмендегідей етіп көрсетуге болады:

- оқу материалымен алғашқы рет таныстыруға;
- жаңа білімдерді ереже, заң, ұғым ретінде меңгертуге;
- іскерліктерді, құзыреттерді қалыптастыруға;
- меңгерілген білімді, іскерлікті және дағдыларды бекітуге;
- алған білімді практикада қолдануға;
- білімді, іскерлік пен дағдыны тексеруге.

Десек те педагогикалық тапсырмалардың түрлеріне сәйкес оларды қолдану реттілігін назарда ұстау қажет.

Зерттеу жұмысының келесі тақырыбында теориялық бөлімді талдап қорытуға бағытталған болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі туралы айтылатын болады.

### 2.3 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Зерттеу жұмысымызда ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру негізгі мәселе болғанымен де, оны қалыптастыру білімге, оның ішінде «ұйымдастырушылық білімге» қатысты болып табылады. Білім белгілі бір іскерліктерді қалыптастыру үшін негіз болып табылады, сондықтан бірінші кезекте ұйымдастырушылық іскерліктің осы компонентін анықтау, дұрыс нақтылау қажеттілігі туралы 2.1-тақырыпта айтылды. Білім дегеніміз қоршаған орта заттары мен құбылыстары туралы меңгерген ақпарттары және олар объективті болмыс фактілері, ережелер, идеялар, ғылыми ұғымдар, заңдылықтар, принциптер, теориялар, ғылым заңдары түрінде өмір сүреді. Білім адамға қоршаған әлемді бағдарлау, оқиғаларды түсіндіру және болжау, іс-әрекетті жоспарлау және жүзеге асыру мен жаңа білімді дамыту үшін қажет.

Оқыту, тәрбие іс-әрекеті бойынша ұйымдастырушылық білімдерін біздер С.В. Иванова [20,с. 243], Л.М. Лузина [220] және т.б. еңбектеріне сәйкес оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша білімдерді анықтадық. Сондай-ақ, оқыту іс-

әрекеті бойынша ұйымдастыру іскерлігінің құраушыларын Ю.К. Васильевтың [221], С.В. Иванованың [20,с. 43-46] зерттеулерін басшылыққа ала отырып, төмендегідей етіп алдыңғы тақырыпта (2.2-де) белгілеген болатынбыз, олар: аналитикалық, жобалау, коммуникативтік, жұмылдыру, дамытушылық, бағдарлау, рефлексивтік.

Келесі кезекте болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру параметрлерін айқындау қажеттілігі туындайды. Көптеген зерттеулерде болашақ мұғалімдердің дайындығын қамтамасыз етудің құраушылары ретінде төмендегілер атап көрсетіледі (Омаров Б.С., т.б.): мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, бағалаушылық. Сонымен қатар, мақсатты-мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік құраушылар деп те қарастырылады (Беркимбаев К.М., Ортаев Б.Т., т.б.).

Кез-келген кәсіби білім беру мекемесінің басты мақсаты - өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие маман даярлау. Педагогикалық мамандықтарда оқитын ЖОО түлектерінің біліктілік сипаттамаларында олардың болашақ кәсіби іс-әрекетінің негізгі түрлерінің бірі - ұйымдастырушылық іскерлік болып табылады. ЖОО білім алушыларының ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру бойынша жұмысты жоспарлау кезінде осы іскерліктердің қалыптасуын бағалауға болатын критерийлер мен көрсеткіштерді анықтау қажет. Олардың анықтамасы білім алушыларда тиісті іскерліктердің қалыптасуын және осы бағытта жүргізілетін барлық жұмыстың тиімділігін дұрыс бағалау үшін маңызды.

«Критерий» гректің criterion сөзінен шыққан – «бір нәрсені бағалауға арналған өлшем». «Критерий - бір нәрсені бағалау, анықтау немесе жіктеу жүргізілетін белгі, пайымдау, бағалау өлшемі» [222]. Критерийлерге келесі талаптар қойылады:

а) объективтілік;

б) тұрақтылық пен үздіксіздік;

в) тақырыптағы қайталану;

г) зерттелетін пәннің оның эталонына сәйкестік өлшемін белгілеу мүмкіндігі.

Ғалымдар (П.Я. Гальперин [223], И.П. Подласый [224], А.А. Бобров, А.В. Усова [225] және басқалар) оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің іскерліктерін қалыптастырудың әртүрлі критерийлерін белгіледі. «Іс-әрекеттің әрбір түрі қарапайым әрекеттер мен операциялар жүйесінен тұратындықтан, барлық танымдық іскерліктерге ортақ негізгі критерийлер ретінде орындалатын операциялардың құрамы мен сапасын, олардың хабардарлығын, толықтығы мен жиналымдылығын ажыратуға болады» [225,с. 80].

Кәсіби іскерліктерді қалыптастыру мәселесін де зерттеушілер әртүрлі критерийлерді ажыратады:

- О.А. Абдуллина [226] – іс-әрекеттердің саны мен сапасы, олардың реттілігі, оларды орындауға кететін уақыт;

- Л.В. Андрухив [227] - құндылық-семантикалық, белсенділік, когнитивтік критерийлер;

- Н.П. Ким [228] - мотивацияның қалыптасу дәрежесі, білімнің толықтығы, кәсіби дағдыларды меңгеру деңгейі;

- Н.Д. Кучугурова [229] – іс-әрекеттерді орындау туралы хабардарлық, іс-әрекеттің дұрыстығы;

- Г.Х. Попов [230] - білім, іскерліктер мен дағдылар, мінез-құлық ерекшеліктері;

- С.Л. Суворова [231] – орындалатын іс-әрекеттер туралы хабардарлық дәрежесі, орындалатын іс-әрекеттердің сапасы, шеберлікті жаңа өзгерген ортаға көшіру қабілеті;

- И.В. Суркина [232] - аксиология, вариативтілік, мотивация критерийлері;

- Е.В. Фролова [233] - кәсіби сауаттылық, тұлғалық-психологиялық дайындық, технологиялық дайындық.

Жоғарыда айтылғандардың ішінде бірнеше қайталанатын критерийлерді атап өтуге болады:

- мотивациялық (шеберлікті игеруге мотивтің болуы, кәсіби қызмет құрылымындағы шеберліктің маңыздылығын түсіну);

- іс-әрекеттік (кәсіби іс-әрекетке қажетті дағдыларды меңгеру деңгейі, кәсіби сауаттылық, дағдыларды өзгерген жағдайларға тасымалдау мүмкіндігі);

- жеке тұлғалық (жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін, мінез-құлық ерекшеліктерін қалыптастыру).

Бұл критерийлерді біздің де зерттеу жұмысымыз үшін негіз ретінде қолдануға болады және оларды ұйымдастырушылық іс-әрекеттің ерекшеліктерін ескере отырып, нақтылау қажеттілігі туындайды.

Кез келген деңгейдегі педагогтың оқу жұмысын бағалау іс-әрекеттің шығармашылық сипатымен, қатаң белгіленген стандарттардың болмауымен, белгісіздік жағдайында жүруімен қиындайды. Сонымен қатар, білім алушылардың ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың соңғы нәтижелері кейінірек кәсіби қызметте айқын көрінеді.

М.Ю. Забияко өзінің зерттеу жұмысында студенттерді тәрбие жұмысына кәсіби-педагогикалық даярлау барысында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы құраушыларды [19,с. 90-91]: мотивациялық, мазмұндық, операциялық және креативтілік деп анықтайды.

Т.А. Бабакова іс-әрекеттік тұғырына сәйкес танымдық құзыреттілік жеке тұлғаның қасиеті ретінде келесі компоненттерді қамтиды деп атап көрсетеді [219,с. 14]:

- мотивациялық - өмір бойы білім алудың құндылығын түсіну, таным үдерісі мен нәтижелеріне қызығушылық танытуы, өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі;

- когнитивті - әлемнің қазіргі ғылыми бейнесін, танымдағы бастапқы ұстаным ретінде дүниетанымдық идеялардың жиынтығын түсіну, танудың әртүрлі тәсілдерін білу;

- операциялық - танымдық іс-әрекет, ең алдымен жалпы білім беру дағдыларын меңгеру;

- рефлексивті-бағалау - кейіннен түзету мақсатында өзінің танымдық іс-әрекетінің үдерісі мен нәтижелерін бағалау.

Атап көрсетілген компоненттер мен олардың сипаттамалары оқу тапсырмалары мен олардың құраушыларын жобалау кезінде ескеріледі.

Зерттеулерге сәйкес болашақ мұғалімдердің өзі-өзі дамыту дайындығының критерийлері ретінде: тұлғаның кәсіби бағыттылығы, кәсіби өзін-өзі дамыту қабілеті, рефлексиялық дағдылардың дамуы алынуы керектігі көрсетіледі [234]. Осыған сәйкес дайындық көрсеткіштері айқындалады.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруды жүзеге асырғаннан кейін оның қалыптасқандығын немесе қалыптасу деңгейлерін айқындау қажеттілігі туындайды.

Келесі кезекте ұйымдастырушылық іскерліктердің қалыптасу деңгейін анықтау үшін В.А. Сластенин тұжырымдамасын қолдануға болады, ол педагогикалық іскерліктердің сапасы, деңгейі, ең алдымен, олардың ғылыми теорияның талаптарына қаншалықты сүйенетініне байланысты деп санайды [86,с. 10]. Эмпирикалық қалыптасқан іскерліктер мен дағдылар (қарапайым еліктеуде) толығымен ерекшеленеді, олар шығармашылық педагогикалық мүмкіндіктердің дамуына кедергі келтіреді.

Осыған сәйкес В.А. Сластенин студенттердің кәсіби-педагогикалық іскерліктерін дамытудың келесі деңгейлерін анықтайды: интуитивті деңгей, репродуктивті деңгей, репродуктивті-шығармашылық деңгей, шығармашылық-репродуктивті деңгей, шығармашылық деңгей [7,с. 160].

М.Ю. Забияко студенттерді тәрбие жұмысына кәсіби-педагогикалық даярлау барысында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері қалыптастырылғандығының келесі деңгейлерін бөліп көрсетеді [19,с. 146]: бейімделу деңгейі, дайындық деңгейі, репродуктивті деңгей, репродуктивті - модельдеу деңгейі, шығармашылық-модельдеу деңгейі.

Ю.К. Васильев және басқалары мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеттері сапасының көрінуінің дәрежесін бес балдық (1-5) жүйемен бағалауды көрсетеді [227,с. 19]. Мәселен, С.Иванова [20,с. 67-70] өзінің зерттеу жұмысында ұйымдастырушылық қабілеттіліктің қалыптасқандығын: танымдық, эмоциональды-еріктік және мінез-құлықтық құраушылар арқылы көрсетеді.

Сонымен қатар, зерттеуші болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық қабілеттерінің қалыптасқандығының деңгейлерін: репродуктивті, репродуктивті-шығармашылық, шығармашылық-репродуктивті, шығармашылық деп ажыратады.

Болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру үшін соған тән эмоционалды-құндылықтық сала бойынша құраушыларды алдын ала жобалау керек және ол мұғалімнің құндылық қатынастарына сәйкес келуі тиіс [235].

Кез-келген педагогикалық қызметті, оның ішінде ұйымдастырушылық іскерліктерді орындау үшін осы іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті құралдар мен әрекеттер туралы білім жүйесінің болуы және осы әрекеттер жиынтығын игеру қажет. Демек, білім алушылардың ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың кейбір критерийлері мазмұндық (танымдық) және іс-әрекеттік критерийлерін көрсетуі керек, яғни іс-әрекеттің әдістері мен құралдары туралы білім жүйесінің болуы және талап етілетін әрекеттер

жиынтығына ие болуы.Әр түрлі педагогикалық қызметті сәтті жүзеге асыру үшін субъектінің өзін осы іс-әрекетке құндылық, мүдделі көзқарасқа бағыттау, оның жеке және әлеуметтік маңыздылығын түсіну қажет. Нәтижесінде ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастырудың келесі критерийі мотивациялық екендігі заңдылық.

Тиімді ұйымдастырушылық іскерлік мұғалімнің әр түрлі ұйымдастыру құралдарының әсерінен оқушылардың жеке басындағы және іс-әрекетіндегі өзгерістерге ерекше сезімталдығынсыз мүмкін емес. Бұл жағдай рефлексивті-бағалау ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру критерийлерінің құрамына енгізуді қажет етеді.Осылайша, қарастырылып отырған мәселе бойынша әдебиеттерді талдау негізінде және ұйымдастырушылық іскерліктің ерекшелігіне сәйкес біз ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастырудың келесі өлшемдерін (критерийлерін) анықтаймыз:

- мотивациялық;
- мазмұндық (яғни, танымдық);
- іс-әрекеттік;
- рефлексивті-бағалау.

Біздер зерттеуімізде болашақ мұғалімдердің ұйымдастыру іскерліктерінің қалыптасуының деңгейлерін үшке бөлуді жөн деп білеміз, олар: төмен, орта және жоғары. Сонымен қатар, іс-әрекет құрылымына сәйкес қалыптастыру құрылымын құраушыларды, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру құраушыларын ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау негізінде төмендегідей етіп алуды жөн көрдік, олар: мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивті-бағалау (кесте 5).

5-кестедегі құраушыларға сәйкес көрсетілген критерийлерді көрсеткіштері арқылы олардың мазмұнын ашу қарастырылады. Екінші жағынан критерийлерге сәйкес көрсеткіштерді бағалаудың негізін құраушы дескрипторлардың қызметінде болады. Олардың өзі зерттеу барысында нақтылануы қателік болып табылмайды.

Кесте 5 - Болашақ мұғалімдердің ұйымдастыру іскерліктерін педагогикалық тапсырамалар негізінде қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

| Компоненттері | Өлшемдері | Көрсеткіштер |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Мотивациялық | Белсенділік, саналы сезінуі, қызығушылығы, ұмтылысы | - оқыту үдерісінің мәнін танып білуге құлшынысының болуы және оны орындауға белсенділігі;<br>- оқыту іс-әрекетінің теориялық негіздерін білуді саналы түрде сезінуі;<br>- оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігін толық мәнді жүзеге асыруға ұмтылысы. |

5 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Мазмұндық | Ұйымдастырушылық іскерлікті жүзеге асыруға сәйкес білімі | - оқыту іс-әрекетінің мәнін ашу жөніндегі білімі;<br>- оқыту үдерісінің теориялық негіздері бойынша білімі;<br>- оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруды толық мәнді сипаттау жөніндегі білімі. |
| Іс-әрекеттік | Ұйымдастырушылық іскерлігін жүзеге асыруға сәйкес әрекеттері | - оқыту үдерісі үшін қажетті құжаттарды (жоспарлауы) әзірлеуі;<br>- оқыту үдерісін ұйымдастыруды жүзеге асыруы;<br>- оқыту іс-әрекетінде бағалауды ұйымдастыруды жүзеге асыруы. |
| Рефлексивті-бағалаушылық | Өзінің ұйымдастырушылық іскерлігін жүзеге асыруға сәйкес әрекеттерін талдауы мен бағалауы | - ұйымдастырылған оқыту іс-әрекетіне талдау жасауы;<br>- ұйымдастырылған оқыту іс-әрекетіне бақылау жасауы және бағалауы;<br>- оқыту бойынша ұйымдастыру іс-әрекетіне түзетулер енгізуі. |

5-кестеге сәйкес болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әдіснамалық тұғырларға сәйкес жүзеге асыру қажеттілігі туындайды.

Зерттеушілер ұсынған заманауи маманның барлық модельдерінің ішінен екі негізгі түрі ерекшеленеді: іс-әрекет (немесе дайындық) моделі, дайындау моделі. Біріншісі түлектердің болашақ кәсіби іс-әрекетінің саласын, олардың еңбек жағдайларын, қажетті білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен жеке қасиеттерін зерттеуге және сипаттауға бағытталады. Екінші модель оқу үдерісінде осы талаптарды тиісті түрде көрсетуге бағытталады, яғни ол, ең алдымен, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, әртүрлі іс-шараларды, өндіріспен байланыс формаларын және т.б. қамтиды.

Соңғы жылдары осы модельдерді олардың дәйекті дамуына жақындату тенденциясы байқалады, бұл іс-әрекет моделі маманға тәжірибенің негізгі маңызды талаптарын біріктіріп, жоғары мектепте маман даярлаудың тиісті моделін жасап, нақты тапсырыс беруі үшін қажет.

Модель болжамды болуы керек, яғни алдағы іс-әрекетті болжау керек, қазіргі заманауи объективті қажетті іс-әрекет туралы ғана емес, сонымен бірге уақыт өте келе қажет болатын формасы туралы ақпаратты қамтуы тиіс, өйткені іс-әрекет өзгереді, дамиды және мамандарды даярлау үдерісінде оның болашақ формасына бағытталған белгілі үлгісі болуы қажет.

Б.С. Гершунский өзінің жұмысында маманның болжамды кәсіби моделі кәсіби біліктілік сипаттамаларына балама бола алмайды және оларды ауыстыруға үміткер емес деп жазады. Керісінше, маманның болжамды кәсіби моделін құру тек оқу-бағдарламалық құжаттарды, оның ішінде кәсіптік-

біліктілік сипаттамаларын әзірлеудің алдындағы кезең (бірақ қажетті және міндетті кезең) ретінде қарастырылуы керек [236].

ЖОО оқыту іс-әрекетіне дайындық кезінде ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастырудың тиімділігін арттыру жолдарын іздеуде модельдеу тәсілін қолдану қажеттілігін анықтайды.

Модель бар немесе жобаланған зерттеу объектісін көрсететін немесе қайталайтын ойша ұсынылған және материалдық тұрғыдан жүзеге асырылатын жүйе ретінде анықталады. Оны зерттеу зерттелетін объекті туралы жаңа ақпарат береді. Модель әрқашан түпнұсқаның өкілі, түпнұсқаның орынын басушы ретінде әрекет етеді, ол қандай да бір жолмен үйренуге ыңғайлы келеді. Зерттелетін құбылыстардың эмпирикалық көрінісі толық емес, егжей-тегжейлі анықталмаған жағдайларда модельдеу ерекше маңызға ие болады.

Оқытудағы модельдеудің екі аспектісі бар: модельдеу - білім алушылар үйренуі қажет мазмұн ретінде және модельдеу - оқу әрекеті, құрал ретінде, онсыз толық оқу үдерісінің жүруі мүмкін емес. Модельдеудің көмегімен күрделіні қарапайым, жылжымайтын және сезілмейтінді көрінетін және сезілетін, таныс еместі танитын, яғни кез-келген күрделі объектіні жан-жақты зерттеу үшін қол жетімді етуге болады. Модельдеу әдісін игеру қажеттілігі оның ғылыми таным әдісі ретіндегі маңыздылығымен ғана емес, сонымен бірге психологиялық-педагогикалық ойлармен де байланысты. Ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру теориясына сәйкес (П.Я. Гальперин), оқушыны игеруі керек кез-келген әрекетпен таныстыру осы әрекетті тиісті материалдық пәндермен орындаудан басталады [69,с. 15]. Дегенмен, заттардың әртүрлі қасиеттері бар, олардың көпшілігі орындалатын әрекетке жатпайды. Олардан алшақтау үшін олар осы заттардың модельдерімен әрекетке көшеді.

Модель, үлгі (материалдық немесе идеалды) ұғымы шынайы білім объектісі болып табылатын түпнұсқаның объективті болуын болжайды. Бұл материалдық әлем объектілері туралы жаңа білім алу модельдер мен модельдеуді қолданудың танымдық мақсаты болады.

Көптеген авторлар модельдердің келесі функцияларын танымдық, түрлендіргіш, болжамдық, көрсететін және т.б. деп бөледі (Толченко И.И.). Модельдердің иллюстрациялық (демонстрациялық) функциясын негізгі функциялардың бірі ретінде ажыратады, бұл жағдайда модель жаңа білім мен іскерліктерді игеру үдерісін жеңілдетуге қызмет етеді. Жаңа теорияны құру құралы бола отырып, модельдер алмастырушы-эвристикалық, жуықтау және экстраполяциялық-болжамдық функцияларды орындайды. Алмастырушы-эвристикалық функция - модельді салыстырмалы түрде тәуелсіз объект (таным объектісін алмастыратын) ретінде зерттей отырып, түпнұсқа объектісінің өзі туралы кейбір ақпарат береді. Модельдердің жуықтау функциясы таным объектісі туралы қарапайым идеяларды қолданумен байланысты. Таным модельдердің алғашқы бейнесін едәуір жеңілдететін құбылыстардан құбылысқа барған сайын барабар модельдерге, сайып келгенде, осы құбылыстың дәйекті теориясына ауысады. Модельдеу үдерісін әдіс ретінде сипаттау үшін модельдерді жуықтау мөлшері (модельдердің өлшем саны объектінің қасиеті, бекітілген модельдер саны ретінде) ұғымы маңызды.

Модельдеу тек таным әдісі ретінде ғана емес, сонымен қатар танымдық іс-әрекет үдерісінде қажетті процедура ретінде де әрекет етеді. Адамның санасында «мінез-құлық үлгілері» және «қажеттіліктің болашақ модельдері» қалыптасады. Адамның табиғатты дамытудың объективті заңдарына тәуелділігі идеалды модельдерді материалдандыру, мінез-құлықтың нақты модельдерін және болашақтың нақты модельдерін құру қажеттілігін тудырады. Бұл модельдеу функциясы ең алдымен әлеуметтік ғылымдар, психология және т.б. үшін қызығушылық тудырады.

Модельдеу педагогикалық зерттеулерде және тәжірибеде кеңінен қолданылады. Ол оқу жоспарында, нақты оқу пәнінде, әртүрлі педагогикалық технологияларда, оқытушының педагогикалық іс-әрекетінде, оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттесу моделінде және т.б. көрсетілген білім беру мазмұнын әзірлеумен байланысты. Біздің зерттеуіміздегі модельдеу - бұл маманға өзінің кәсіби және оқыту іс-әрекетінде қажет ұйымдастырушылық іскерліктердің негізгі сипаттамалары мазмұнының динамикалық моделін әзірлеу мен көрсетуіне және білім алушылар осы ұйымдастырушылық іскерліктерін игеретін педагогикалық тапсырмаларды орындауына бағдар беру.

Модельдеуде педагогикалық талаптардың барлық топтары қойылады, оның ішінде: педагогикалық тапсырмаларды орындау жағдайында ұйымдастырушылық іскерліктерінің мазмұнын, құрылымы мен қалыптасуын моделдеу үдерісіне.

Тек модельдеу – іс-әрекеттік тұғырының негізінде педагогикалық тапсырмаларды орындауда ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру жүйесін логикалық, нақты және негізделген түрде қарастыруға болады.

Осыған байланысты модель болашақ мұғалім ретінде білім алушылардың оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруға бағытталып қана қоймай, сонымен бірге ЖОО оқытушыларын осы үдеріске алдын-ала дайындығын да қарастыруы керек.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып және зерттеулерге сәйкес зерттеу жұмысымызға байланысты «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі» әзірленді (сурет 3).

**Модельдің мақсаты** болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін назарға ала отырып, олардың ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар арқылы қалыптастыру болып табылады.




Сурет 3 - Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Теориялық зерттеулерге сәйкес, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің қалыптасқан деңгейін төмендегідей етіп белгіледік.

*Жоғары деңгейде:* қарастырылып отырған дайындықты жүзеге асыруға қызығушылығы, ұмтылысы жоғары; оқыту іс-әрекеті мен оқытуды ұйымдастыруға қатысты білімі терең (қолдану деңгейінде); оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігі педагогикалық үдерісте типтік және стандартты Белсенділік, саналы сезінуі, қызығушылығы, ұмтылысы емес жағдаяттарда тұрақты көрініс табады (тұтастыру деңгейінде); ұйымдастырылған оқыту іс-әрекетіне талдауы, бақылау жасауы мен бағалауы және орын алған қателіктерге түзетулер енгізуі толық мәнде орындалады.

Бұл деңгейде болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруы жоғары, оқу материалдарындағы негізгі ұғымдар мен терминдерді құрылымдауы бойынша білімі мен оқытуды ұйымдастыру іскерлігі өте жоғары, оқытуды ұйымдастыру әдістемесін толық мәнді жазып көрсетеді. Оқу материалдарын толық біледі және нақты тақырыпқа, іс-әрекетке сәйкес іріктеуді, бағалауды дұрыс жүзеге асырады.

*Орта деңгейде:* қарастырылатын дайындықты жүзеге асыруға қызығушылығы, ұмтылысы бар; оқыту іс-әрекеті мен оқытуды ұйымдастыруға қатысты білімі толық мәнді терең емес (түсіну деңгейінде); оқытудағы орындаған ұйымдастырушылық іс-әрекеті жақсы (дәлме-дәлділік деңгейде); ұйымдастырылған оқыту іс-әрекетін талдауы, жоспарлауы, бақылау жасауы, бағалауы және орын алған қателіктерге түзетулер енгізуі толық мәнде орындалмайды.

Бұл деңгейде болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруы жақсы, оқу материалдарындағы негізгі ұғымдар мен терминдерді құрылымдауы бойынша білімі, оқытуды ұйымдастыру іскерлігі және оқытуды ұйымдастыру әдістемесін сипаттауы жақсы. Оқу материалдарын және нақты тақырыпқа, іс-әрекетке сәйкес іріктеуді, бағалауды көрсету толық мәнді түсіндіре алмайды.

*Төмен деңгейде:* қарастырылатын дайындықты жүзеге асыруға қызығушылығы, ұмтылысы әлсіз; оқыту іс-әрекеті мен оқытуды ұйымдастыруға арналған мағлұматтарды біледі, толық мәнді түсіндіре алмайды; оқытудағы ұйымдастыру іс-әрекетін аракідік және кейде (өзіне ете таныс жағдайда) ғана дұрыс орындайды (еліктеу деңгейінде); ұйымдастырылған оқыту іс-әрекетін талдауы, оған бақылау жасауы, бағалауы қателікпен жүзеге асады және орын қателіктерге толық мәнді түзетулер енгізе алмайды.

Бұл деңгейде студенттердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерліктері қанағаттанғысыз, олар оқу материалдарындағы негізгі ұғымдар мен терминдерді құрылымдауды біледі, жете түсіндіре алмайды (білу деңгейінде), оқыту іс-әрекеті мен ұйымдастыру барысын және әдістемені қателіктермен сипаттайды. Оқу материалдарын және нақты тақырыпқа, іс-әрекетке сәйкес іріктеуі, бағалауы аздаған қателіктермен орындалады.

Бұл деңгейлер болашақ мұғалімнің қалыптасқан ұйымдастыру іскерліктерін оңайдан қиындатуға қарай логикасына сәйкес орналасқан. Әрбір

деңгей белгілі бір критерийлердің қалыптасуы арқылы көрінеді: мотивациялық, мазмұндық, операциялық және рефлексивті-бағалау.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру ЖОО оқыту/оқу мерзімімен, яғни кезеңмен жүзеге асырылады. Оқыту үдерісінде жоғары мектеп дидактикасының принциптері басшылыққа алынады.

Болашақ мұғалімдерді даярлаудағы оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы оқыту мазмұны туралы және олардағы педагогикалық тапсырмалардың (пәндер бойынша) тапсырмалардың түрлері жұмыстың 3.1-тақырыбында қарастырылады.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар арқылы қалыптастыруға дайындау үдерісінің кезеңдері, педагогикалық тапсырмалармен қамтамасыз етілуі және интербелсенді оқыту мен оқыту әдістері, формалары туралы мағлұматтар жұмыстың 3.1-тақырыбында қарастырылатын болады.

Сонымен қатар, зерттеп отырған даярлықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету, яғни ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру шарттары арқылы қамтамасыз етіледі, олар:

- психологиялық: студенттердің дербес-психологиялық ерекшеліктері мен және жеке тұлғаның педагогикалық бағыттылығының болуы;

- педагогикалық: білім алушылардың оқу мүмкіндіктері мен белсенділіктері; оқу материалдарының жүйелік, концентрлік және проблемалық баяндалуы; оқу пәндері мазмұнына сәйкес педагогикалық тапсырмалардың болуы; әр түрлі оқу топтарында ұйымдастырушылық іскерліктердің өз бетінше жүзеге асырылуы; интерактивтік оқытудың орын алуы.

Жалпы анықталған теориялық мәселелердің практикалық тұрғыдан жүзеге асырылуы, педагогикалық тапсырмаларды әзірлеу мен оларды орындау және қалыптастыру моделі бойынша жүрзілетін жұмыстар келесі бөлімде қарастырылады.

# 3 ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3.1 «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» элективтік курс бағдарламасын жүзеге асыру әдістемесі

Ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар арқылы қалыптастыру әдістемесі [237]: педагогикалық іс-әрекетті жобалаудан және оны жүзеге асырудан тұрады. Әдістемені жобалауға сәйкес мамандықтың білім беру бағдарламаларын талдау мен оны әзірлеуден басталады. Оның құраушыларын біздер төмендегідей етіп анықтадық.

*1. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін құраушыларды (білім, іскерлік және тұлғалық сапа қасиеттерін) анықтау.*

Зерттеу жұмысының алдыңғы тақырыптарында (1.1, 2.1, 2.2 тақырыптарында) мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігін құраушы білім мен іскерліктердің кешені анықталған болатын.

Ұйымдастырушылық іскерлік құраушыларын анықтауда болашақ мұғалімдердің профессиограммасы, жұмыс жасайтын білім беру бағдарламасы, т.с.с. құжаттардың мазмұнындағы талаптар назарға алынады. Ең қажеттісі, зерттеп отырған ұйымдастырушылық іскерлік құраушыларының олардың кәсіби іс-әрекет объектісімен және пәнімен сәйкес болуы болып табылады. Дегенмен де ең бастысы зерттеп отырған іскерліктің құраушылары оның кәсіби іс-әрекет объектісіне, пәніне сәйкес болуы керек.

*2. Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын анықтауда болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін құраушылар жиынтығын талдау.*

Болашақ мұғалімдерді даярлауда басшылыққа алынатын білім беру бағдарламасы оған қойылатын талаптар тұрғысынан әзірленеді [238]. Оның ішінде, жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріледі. Білім беру бағдарламасын әзірлеуде бастысы: Европалық біліктілік шеңберіне, Ұлттық біліктілік шеңберіне, маманның лауазымдық қызметіне қойылатын талаптар, мамандықтың профессиограмма талаптары назарға алынады.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін жинақтау, үлгісін құрастыру үшін теориялық және практикалық тұрғыдан мұғалімдердің іс-әрекеттері талданады, құжатталады, материалдар жинақталып, олардың оқытуды ұйымдастырудағы орны анықталады. Біздің зерттеу жұмысымыз үшін ұйымдастырушылық іскерліктің үш құраушысы анықталған, олар ұйымдастырушылық білім, іскерлік және эмоционалды-құндылықтық сала құраушылары (олар жөніндегі мәліметтер қосымшада тіркелген).

*3. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін құраушылардың білім беру бағдарламаларындағы логикалық құрылымын анықтау (белгілеу).*

ЖОО ББ мазмұны МОӘК мен ПОӘК арқылы ашылады және жүзеге асырылады. Ұйымдастырушылық іскерліктер аталған құжаттардың мазмұнында оқыту нәтижелері ретінде тұжырымдалады.

Бұл мәселе, әсіресе «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Педагогика», «Бағалаудың өлшемдік технологиялары», «Пәнді оқыту әдістемесі», т.б. педагогикалық курстардың ПОӘК мазмұны құжаттарында айқындалады. Олардың ішінде негізгі ұйымдастырушылық білімдерді, іскерліктерді құраушы оқу материалдары ажыратылады. Олардың арасындағы логикалық құрылымдық байланыстар жобаланады.

Зерттеу жұмысымызға сәйкес ұйымдастырушылық іскерлік құраушыларын оқу курстарына байлау, тіркеу оқыту нәтижелері құраушылары арқылы жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда құраушыларды деңгейлік тапсырмалар ретінде дәрістер мен семинар сабақтарына қосады.

*4. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы оқу пәндерінің байланысын орнату (білім беру технологиясын құрастыру)*

Аталған мәселе анықталған іскерлік құраушыларын оқу пәндері мен оқу жұмыстарына байланыстыруды, нақтылауды қарастырады және бұл бірнеше деңгейде жүзеге асырылады. Түсінікті болу үшін біздер оларды кесте түрінде келтіруді жөн көрдік (кесте 6, 7).

6-кестеге сәйкес ұйымдастырушылық іскерлік құраушыларының ішкі құраушылары 2.3-тақырыпта берілген.

Кесте 6 - Оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктері және оның құраушылары

| Білім алу деңгейі | Іскерлік | Құраушылары |
|---|---|---|
| Бакалавр | Ұйымдастыру-шылық | 1. Ұйымдастырушылық білім |
| | | 2. Ұйымдастырушылық іскерлік құраушылары |
| | | 3. Эмоционалды-құндылықтық сала құраушылары |

Кесте 7 - Модульдер (пәндер) бойынша ұйымдастырушылық іскерлік құраушыларының үйлестірілуі

| Модуль (пән) және қосымша модуль атауы | Ұйымдастырушылық іскерлік | | |
|---|---|---|---|
| | білім | іскерліктің ішкі құраушылары | тұлғалық қасиеттер |
| Педагогикалық мамандыққа кіріспе | + | + | + |
| Педагогика | ++ | ++ | ++ |
| Бағалаудың өлшемдік технологиялары | ++ | ++ | ++ |
| Пәнді оқыту әдістемесі | +++ | +++ | +++ |
| Педагогикалық шеберлік | ++ | ++ | ++ |
| Педагогикалық практика | +++ | +++ | +++ |

7-кестедегі оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігін құраушыларды пәндерге және педагогикалық практикаға байлауда жалпылық сипат алғандықтан оны ары қарай да ажырату жүзеге асырылады («+» саны

пәннің ұйымдастырушылық іскерлік құраушыларының үлес салмағын білдіреді). Оның ішінен оларды оқу пәні деңгейінде қалыптастыруға болатын зерттеп отырған ұйымдастырушылық іскерліктің ұсақ құраушылары (оқу элементтері, материалдары) анықталады. Бұл мәселе болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделіне сәйкес анықталады (2.3 тақырыпта).

ЖОО пәндер бойынша оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктері құраушыларын қалыптастыру студенттердің оқу жұмыстары барысында жүзеге асырылады. Олар дәрісте, семинар сабақтарында, БӨЖ, ОББӨЖ орындау барысында және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда іске асады. Сол себепті де, педагогикалық тапсырмаларды орындау үшін арнайы оқыту техникасы назарда болуы тиіс.

Келесі кезекте анықталған оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлік құраушыларының болашақ физика және биология пән мұғалімдерін даярлау мазмұнын қалыптастыру мүмкіндіктері зерделенеді. Бұл мәселе біздің зерттеу тақырыбымыздың 3.2 тақырыбында қарастырылды және оқу пәндері бойынша типтік, оқу бағдарламаларының біз зерттеп отырған ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру мүмкіндіктері анықталды және педагогикалық тапсырмаларды оқу/оқыту үдерісіне кеңінен енгізу қажеттілігін көрсетті.

*5 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тапсырмаларды әзірлеу және енгізу.*

ЖОО болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмалардың жеткілікті түрі қолданылмайтыны анықталды. Оның ішінде білу деңгейінде сұрақтар кеңінен қолданылады, ал деңгейлік тапсырмалар, оның ішінде оқу міндеттері мен оқу тапсырмалары кеңінен және жеткілікті қолданылмайтыны айқындалды.

Осыларды назарға ала отырып, 1.2, 2.2 тақырыптарында көрсетілген педагогикалық тапсырма түрлерін енгізу қалыптастыру эксперименті үшін жүзеге асырылады.

*6 Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмаларды орындау үшін технологиялық карта құрастыру.*

Педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру үшін технологиялық карта ЖОО оқу үдерісін бір ізді тұрғызуға бағдар береді. Бұл жағдайда педагогикалық тапсырмаларды қолдану арқылы оқыту мақсатына сәйкес нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беріледі. Пән тақырыптары бойынша оқу материалдары мен педагогикалық тапсырмаларды орындауда оқытудың формалары мен әдістері немесе оқытушы мен білім алушының оқыту/оқу үдерісіндегі әрекеттері анықталуы немесе жобалануы тиіс. Сол үшін технологиялық карта немесе технологиялық жиынтық карта құрастыру қарастырылады. Ол төмендегідей үлгіде ұсынылды (кесте 8).

8-кестеге сәйкес анықталған оқыту нәтижесіне қол жеткізу үшін сәйкес оқыту әдістері, оқу әдістері, студенттердің тапсырманы орындаудағы ұйымдастыру формалары жүзеге асырылатын болады.

Кестеге ұйымдастырушылық іскерліктің эмоционалдық-құндылықтық сала құраушыларының енгізілмеуінің себебі, олар барлық оқу жұмыстарын ұйымдастырудың ұйытқысы болуы себепті енгізілмей отыр. Олар оқуға деген мотивациядан бастап, педагогикалық құндылықты таратуға дейінгі білім алушының жеке тұғалық және құндылық қатынастарын анықтайды. Біздер зерттеу жұмысымызда өзімізге тән құраушыларды ғана іріктеуді жөн көрдік.

Кесте 8 - Оқытудың технологиялық картасы үлгісі (білім, іскерлікке қатысты)

| Оқыту нәтижесі | Оқыту формалары | Оқытушы әрекеті (әдісі) | Білім алушы әрекеті (әдісі) | Бақылау формалары, әдістері | Меңгеру нәтижесі |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырушылық білім | 1. Лекция.<br>2. Семинар. | 1.Кеңес беру (бағыт беру).<br>2.Зерттеушілік әрекетті ұйымдастыру | 1.Кітапханадан, Интернет желісіндегі материалдарды іздеу.<br>2.Әдебиеттерді шолу.<br>3.Тапсырманы талқылау (топтық, жеке, қосарланып) | 1. Материалдарды шолу; ауызша; жазбаша. | Қолдану |
| Ұйымдастырушылық іскерлік құраушылары | 1. Семинар<br>2. ОББӨЖ.<br>3.БӨЖ (Өзіндік жұмыс). | 1.Кеңес беру.<br>2. Мәселені шешуді іздеу бағдар беру | 1.Зерделеген әдебиеттер аннотация, тезис, портфолио, реферат жазу. | 1.Презентация;<br>2.Ауызша, жазбаша | Қолдану |

Тапсырманы, оның ішінде оқу тапсырмаларын орындауда білім алушылардың білімді және іскерлікті меңгеру деңгейі белгіленеді. Соған сәйкес тапсырма мазмұны мен оны орындау барысы айқындалады.

*7. Анықталған ұйымдастырушылық іскерлік құраушыларын қалыптастыру тұрғысынан педагогикалық тапсырмаларды орындау алгоритмін, әдістері мен формаларын жүзеге асыру.*

Зерттеу жұмысымыздың 1.2 тақырыбында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған тапсырма түрлері анықталған. Ал, тапсырмаларды орындау механизмдері, алгоритмдері, әдістемесі 2.2 тақырыпта көрсетілген. Осыларға сәйкес тапсырмаларды шешудің (орындаудың) барысы жүзеге асырылады. Тапсырмаларды орындау әдістері мен формалары төменде беріледі.

Сонымен қатар, білім алушының тапсырманы орындау үшін оқыту техникасы анықталады, яғни атқарылатын жұмыстар мазмұны төменде жазылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың аталған тақырыбы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру әдістемесі

болғандықтан келесі кезекте ЖОО оқытушысының атқаратын әдістемелік жұмыстары қарастырылады.

*8. Анықталған ұйымдастырушылық іскерлік құраушыларын оқыту нәтижесі тұрғысынан оқытушының атқаратын әдістемелік жұмыстарды жүзеге асыруы.*

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруда ЖОО оқытушысы төмендегідей әдістемелік әрекеттерді атқарады:

- оқу-бағдарламалық құжаттарды, ПОӘК талдайды;
- оқу материалдарын әдістемелік тұрғыдан талдайды;
- оқытуда теориялық және практикалық сабақтар жүйесін жоспарлайды;
- оқу жұмыстары (дәріс, семинар, БӨЖ, ОББӨЖ, т.б.) үшін оқу ақпараттарын моделдейді және құрылымдайды;
- болашақ мұғалімдер үшін оқыту іс-әрекеті және оны ұйымдастыруға қатысты ұғымдарды және оларды ұйымдастыру іскерлігін қалыптастыру әрекеттерін құрылымдайды;
- пән тақырыптарын оқытуда, оқу материалдарын меңгертуде педагогикалық тапсырмаларды құрастырады және оларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірлейді;
- пән бойынша меңгерілген білім, іскерлік және дағдыларды бақылау тапсырмаларын, бағалау материалдарын әзірлеу және оны бақылау-бағалауды жүзеге асыру;
- оқу жұмыстарына даярлану мен оның нәтижелерін талдау үшін өзінің әрекетін бағалау.

Зерттеу жұмысына сәйкес жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижелі болуы болашақ мұғалім мен оның жеке басының ерекшеліктері, оқыту технологияларына байланыстылығы теориялық және практикалық тұрғыдан анықталды.

Зерттеуде болашақ мұғалімдердің инновациялық әдістерді қолдана отырып оқыту технологияларын ұйымдастырушылық іскерлігін жоғары деңгейде қалыптастыру олардың жынысына, сынып, Интернет және оқыту технологияларын пайдалану уақытының айнымалыларына сәйкес әзірленеді [240].

Интернет технологияны пайдаланумен, әсіресе қашықтықтан білім беруде үлкен жетістік байқалады [240,p. 138]. Онлайн оқыту - бұл ыңғайлы орта, сонымен қатар икемді кесте және оқу бағдарламасы. Онлайн оқыту технологиясының қажеттілігі мен артықшылықтары зерттеу барысында талқыланды. Біздің зерттеу жұмысыздың кейбір кезеңдері пандемия кезеңіне сәйкес келуі себепті, қашықтан оқыту технологиясын қолдануды да оқытушы-профессорлар құрамымен жүзеге асырды.

Білім алушылардың оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыру төмендегі сатылар тізбегінен тұратын күрделі және көпқырлы үдеріс ретінде көрінеді (З.Г. Матвеева) [180,с. 27]:

1) оқытушылардың ұйымдастыру іс-әрекет тәжірибесін беруі;

2) оқытушылардың жетекшілігінде және бақылауында ұйымдастырушылық іс-әрекет жаттығуларын орындауы;

3) оқу топтарымен бірге өзіндік ұйымдастырушылық іс-әрекетті орындауы.

З.Г. Матвееваның анықтауына сәйкес біздер ЖОО оқытушыларының болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру үшін өзіміздің жұмыста басшылыққа алатын іс-әрекет реттілігін және оның әдістемелік нұсқаулығын төмендегідей тізбекте тұратынын анықтадық.

1. Білім алушыларға ұйымдастырушылық іскерлігін беру тәжірибесі бойынша оқытушы іс-әрекеті:

- студенттердің ұйымдастыру іс-әрекетіне негізделген сабақтарды әзірлеу;

- ұйымдастыру іскерліктерін игеруге бағытталған жаттығуларды пайдалану;

- өзін-өзі ұйымдастыру, өз іс-әрекетін рефлексиялау дағдыларын игеруге бағытталған жаттығуларды қолдану;

- интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып сабақтарды көрсету;

- түрлі сабақ түрлерін өткізу, ұйымдастыру;

- оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың бейнематериалдарын талдау.

2. Ұйымдастыру іс-әрекеті барысында студенттердің жаттығуына ықпал ету:

- сабақтарды ұйымдастыру, өткізу;

- тәжірибені зерттеу және жалпылау;

- топтық жұмыстың белсенді әдістеріне негізделген психологиялық әсер ету іскерліктерін игеруге бағытталған практикалық сабақтар ұйымдастыру.

3. Студенттердің өзіндік ұйымдастырушылық іскерліктерін жүзеге асыруға жағдай жасау:

- студенттерді оқытушының ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатыстыру;

- ұйымдастырушылық іскерліктер бойынша тренингтер ұйымдастыру (көшбасшылық);

- өзіндік жұмыста қатысушылардың өзара әрекетін ұйымдастыру бойынша тренинг ұйымдастыру;

- кәсіби іс-әрекетте интерактивті оқыту әдістерін қолдануға негізделген сабақтарды әзірлеу.

Зерттеулерге сәйкес ұйымдастыру іскерлігі бойынша даярлық (білім, іскерлік және эмоционалды-құндылықтық сала), оның ішінде оқытудың интерактивті әдістерін меңгеру және оларды мақсатты пайдалану, ұйымдастырушылық іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттерін түсіну, заманауи коммуникативтік-ақпараттық технологияларды белсенді түрде пайдалану білімдерін кіріктіреді.

Зерттеу жұмысы нәтижелі болуы үшін экспериментке қатысушы педагогтармен тақырыптық педагогикалық кеңестер, әдістемелік жұмыстар жүзеге асырылды.

Педагогикалық кеңестерде педагогикалық тапсырмалар көмегімен интерактивтік оқытудың мәні, оның ұйымдастырушылық іскерлікті қалыптастыру үшін тиімділігі және білім беру үдерісінде пайдалану практикасы

зерделенді. Әдістемелік жұмыстар шеңберінде педагогикалық тапсырмаларды пайдалану барысы жүзеге асырылды.

Зерттеу жұмысы аясында «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға даярлау» практикумы ұйымдастырылды. Оның мақсаты ЖОО оқытушыларын болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға дайындығын дамыту болды.

Практикумның негізгі міндеттері:

- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үдерісі мотивін дамыту;
- педагогикалық үдеріске қатысушы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін жоғары деңгейде қалыптастырудағы психологиялық өзара әрекеттесу проблемасын талқылау;
- білім алушылар арасында ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруға ықпал ететін эмоциональдық-құндылық қатынастарды айқындау.

Практикум стратегиялық дайындық мазмұны блогы аясында өткізілді. Бұл жағдайда жұмыстың негізгі әдістері мыналар болды: педагогикалық тапсырмаларды орындау, топтық талқылау, жекелеген педагогикалық іскерліктер мен дағдыларды арнайы жаттығуларда машықтандыру, педагогикалық тапсырмалар арқылы нақты жағдайларды және олардың шешімдерін талдау.

Практикумның теориялық бөлімі әрбір сабақта шағын дәрістер түрінде жүзеге асырылады. Оның мақсаты - оқытушыларға білім беру үдерісін ұйымдастырудың заманауи әдістері мен формаларын оқытудың іс-әрекеттік, жүйелілік тұғырлары принциптерін жүзеге асыру және педагогикалық үдеріске қатысушы студенттерде ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыруға ықпал ететін өзара іс-әрекет ерекшеліктері туралы идеяларын ашу.

Шағын дәрістерде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың келесі өзекті мәселелері қозғалды:

1. ЖОО педагогикалық жүйе, іс-әрекет, үдерісс және олардың мәні,
2. «Оқыту іс-әрекеті», «оқу іс-әрекеті» ұғымдарының мәні.
3. Ұйымдастырушылық іс-әрекет әдістері мен формалары.

Зерттеу субъектісі мен зерттеу объектісінің өзара әрекеттесу әдістері, теориялық (дедуктивті және индуктивті әдістер, модельдеу) - зерттеу субъектісі мен зерттеу субъектісінің өзара әрекеттесу әдістері; интерпретациялық және сипаттамалық - субъект пен объектінің символикалық және символдық бейнеленуі арасындағы өзара әрекеттесу әдістері, кейс әдісі - ерекше назар аударатын әдістер ретінде қарастырылады.

4. Ұйымдастырушылық іс-әрекет және оның педагогикалық іс-әрекет шеңберіндегі ерекшеліктері.

Ұсынылатын ұйымдастырушылық іс-әрекетті игеру құрылымы: студенттердің танымдық іс-әрекетін ынталандыру, мақсат қою, оқушылардың оқу іс-әрекеттерін жүзеге асыруын ұйымдастыру, оқу іс-әрекетінің барысын бақылау, олардың нәтижелерін бағалау, оқушылардың оқу-танымдық іс-

әрекеттерін талдау. Педагогикалық ұйымдастырушылық іс-әрекеттің ерекшеліктерін игеру: диалектикалық, әлеуметтік маңыздылығы, іс-әрекет субъектілерінің динамикасы, оның нәтижелерінің көріну перспективалары.

5. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері: құрылымы мен мазмұны.

«Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігі» ұғымының мәні мен мазмұны. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің ерекшеліктері. Ұйымдастырушылық білім мен іскерлік - мұғалімнің педагогикалық білімінің құраушысы. Ұйымдастырушылық іскерлікті меңгерудегі және оның құраушысы эмоциональдық-құндылықтық қатынастар.

6. Педагогикалық тапсырма түрлері және олардың әлеуеті.

«Тапсырма», «Педагогикалық тапсырма» ұғымдарының мәні мен мазмұны. Педагогикалық тапсырмалардың түрлері: сұрақтар, есептер, оқу міндеттері, тесттік тапсырмалар, оқу тапсырмалары, т.б.

Педагогикалық тапсырмалардың әлеуеті (мүмкіндіктері) мен бағыттылығы.

7. Педагогикалық тапсырмаларды шешудің жолдары мен әдістемесі.

Міндеттерді шешу. Міндеттерді шешу механизмдері. Міндеттерді шешу алгоритмі. Міндеттерді шешу технологиясы. Педагогикалық тапсырмаларды шешу әдістемесі.

Тесттік тапсырмалар. Оларды құрастыру талаптары.

8. Болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған педагогикалық тапсырмалар.

Сұрақтар: тексеру, білім тереңдігін анықтау; күмән туғызатын, ынталандыратын, мақұлдаушы, еске түсіруші. Деңгейлік сұрақтар (тапсырмалар).

9. Модерация болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға ықпал ететін жұмыстардың формасы ретінде.

Модератор қызметінің мазмұны. Модерацияның негізгі кезеңдері: тақырыпқа кіру, тақырыптарды таңдау; шағын топтарда тақырыпты пысықтау, шешім іздеу; микротоптардың жұмыс нәтижелерін таныстыру және жалпы талқылау, жұмыс нәтижелерін жалпылау және нақтылау; жұмыс нәтижелерін қорытындылау және әсерлерін алмасу. Модерацияны қолдануда оның мүмкіндіктері, шектеулері мен қиындықтары.

Теориялық бөлімде берілген материалдар кестелермен, психологиялық және әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерімен толықтырылып, оқытушылардың өздерінің педагогикалық ұйымдастырушылық тәжірибесінің жағымды және жағымсыз жақтарын білуіне және оны одан әрі жетілдіру мотивін қалыптастыруға ықпал етті.

Практикалық жұмыстардың бағдары оқытушылардың ұйымдастырушылық іс-әрекетінің тәжірибесін, сондай-ақ олардың негізгі іскерліктері мен ықпал ету іскерліктерін жүйелеуге және түзетуге арналған.

Блоктың міндеттері:

- ЖОО оқытушыларының ұйымдастырушылық іс-әрекетінің тәжірибесін жүйелеу және кеңейту;

- студенттерге ұйымдастырушылық іс-әрекеттің тәжірибесін үйрету іскерліктері және олардың дағдыларын дамыту;

- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру үдерісіне сәйкес ұйымдастырушылық іс-әрекет стилін қалыптастыру;

- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін табысты қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық іс-әрекеттің формалары мен әдістерін ашып көрсету.

Өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында әрбір оқытушы уақыт «көлеміне» талдау жасап, өзін-өзі басқару техникасын қолданды. Топқа басшылық ету мен басқару міндеттерін бөлу, ұйымдастырушылық іс-әрекет кезеңінде мақсаттар мен міндеттерді үлестіру, білім алушыларға осы дағдыларды беру мақсатында іскерліктерді белсенді ету және осы мақсатта жетістікке жету жолдарын бірлесе отырып анықтау.

Зерттеу жұмысы барысында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың әдістемелік нұсқаулығы нақтыланды:

- алдымен болашақ мұғалімдерді оқыту іс-әрекеті мен оқушылардың іс-әрекеті, олардың құраушылары туралы теориялық мағлұматтармен қаруландыру;

- болашақ мұғалімдерге теориялық мағлұматтар негізінде оқыту мен оқу іс-әрекетін жүзеге асырудағы мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктері жөніндегі мағлұматтарды меңгерту;

- оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру үдерістерін жүзеге асыратын мұғалімнің даярлығымен мақсатты таныстыру;

- оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша білімдер мен іскерліктерді практикалық әрекеттер (практикалық тапсырмалар) негізінде студенттердің меңгеруін қамтамасыз ету;

- ұйымдастыру іскерлігін қалыптастыруда жүзеге асырылуы тиіс:

а) мазмұндық аспектіде оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруды жүзеге асыру бойынша оқу материалдарының педагогикалық тапсырмаларда қамтылуы (іріктеу);

ә) үдеріссуалды аспектіде оқыту іс-әрекетін жүзеге асырудағы оқытуды ұйымдастыру (басқару) формалары мен әдістерін орындау бойынша педагогикалық тапсырмалардың қолданылуы;

б) оқыту іс-әрекеті бойынша білімдер мен іскерліктерді (теориялық және практикалық тұрғыда) қамтамасыз етуді педагогикалық тапсырмалар көмегімен жүзеге асыру;

в) оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін теориялық білімдер мен іскерліктерді педагогикалық тапсырмалар көмегімен жүзеге асыру.

Зерттеуге сәйкес мұғалімнің даярлығы: білімнен, іскерліктерден және эмоциональды-құндылықтық саладан тұратыны 2.1 тақырыбында белгіленген болатын. Соған сәйкес зерттеудің теориялық бөлімінде айтып өткендей ұйымдастырушылық іс-әрекет туралы білімдер жүйесін болашақ мұғалімдер меңгеруі тиіс. Эмоционалды-құндылықтық сала компонентінің мазмұны болашақ мұғалімнің оқыту үдерісін ұйымдастыруға қатысты қасиеттерінен

тұрады. Теориялық мағлұматтарға сәйкес олар оқытуға, ұйымдастыру іс-әрекетін меңгеруге бағытталады.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін жүзеге асыру алдыңғы тарауда айтып өткендей жекелеген іскерліктермен ұсынылады.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруға сәйкес төмендегідей оқу тапсырмалары мен міндеттерін қамтитын «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» (3 кредит) элективтік курс бағдарламасын әзірледік:

1) Педагогикалық тапсырмалар және олардың түрлері;

2) Педагогикалық міндеттер және олардың түрлері;

3) Сұрақтардың педагогикалық тапсырма ретіндегі психологиялық-педагогикалық сипаттары;

4) Деңгейлік сұрақтарды әзірлеу (Б.Блум таксономиясы бойынша);

5) Деңгейлік тапсырмалардың (Б.Блум) сипаттамасы және оларды әзірлеу;

6) Тесттік тапсырмалар және олардың құрастырылуы;

7) Оқу үдерісінде педагогикалық міндеттердің қолданылуы;

8) Педагогикалық үдеріске қатысты оқу тапсырма түрлері мен оларлың мазмұнын анықтау;

9) Оқу-тәрбие үдерісінде білім мен іскерлікті қалыптастыратын оқу тапсырмалары;

10) Оқу-тәрбие үдерісінде білім мен іскерлікті практикада қолдану мен тексеруге бағытталған тапсырмалар;

11) Білімді қайталауға және жаңғыртуға байланысты репродуктивті тапсырмалар;

12) Білімді, іскерліктерді логикалық талдауға және жүзеге асыруға бағытталған тапсырмалар;

13) Білімді түрлендіруге бағытталған тапсырмалар;

14) Білім мен іскерліктерді логикалық және шығармашылық қолдануға бағытталған тапсырмалар;

15) Жеке қасиеттерді, өзіндік танымдық іс-әрекеттің үдерісі мен нәтижелерін өзін-өзі бағалауға бағытталған рефлексивті бағалау тапсырмалары.

Бұл тапсырмалар өз кезегінде ұйымдастырушылық іскерлікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды және олардың құраушыларын айқындайды. Олар: аналитикалық (талдау), жобалау, коммуникативтік, жұмылдырушылық, дамытушылық, бағдарлаушылық, рефлексивтік іскерлік бойынша. Ондай тапсырмалардың тақырыптары зерттеу жұмысымызға байланысты қосымшада ұсынылды (Қосымша Б).

Педагогикалық тапсырмаларды орындау үшін оны орындатудың техникасын біздер төмендегіше анықтадық:

1) Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда оларға педагогикалық тапсырмаларды толықтай таныту және оны орындау бойынша дайындығын қамтамасыз ету.

2) Педагогикалық тапсырма және оның түрлерін талдау.

3) Педагогикалық тапсырмаларды орындау талаптарын, шарттарын, алгоритмдерін, т.б. сақтау және олармен таныстыруды жүзеге асыру.

4) Педагогикалық тапсырма түрлері бойынша оқытушының оларды орындауы.

5) Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін меңгертуге бағытталған (үлестірілген) педагогикалық тапсырма түрлерін орындауы (жеке, жұптық, топтық, жаппай).

6) Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін меңгеру бойынша орындаған, жасаған педагогикалық тапсырма түрлері нәтижелерін жинақтау (есепке алу).

7) Педагогикалық тапсырмалар арқылы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері мен олардың құраушыларын меңгеруді педагогикалық өлшеуді және бағалауды жүзеге асыру.

Көрініп тұрғандай, бұл педагогикалық тапсырманы орындау техникасы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру әдістемесінің бір тармағы болып табылады.

Жоғарыда атап өткендей, педагогикалық тапсырмалар ішінде сұрақтар кеңінен қойылады. Дәстүрлі педагогикадағы сұрақ міндетінің кең тараған түрі - тексеру. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру мақсатында тексеру тек сұрақпен ғана емес әртүрлі интеллектуалдық және практикалық тапсырмалармен бақылаудың техникалық құралдарымен де іске асырылады [241].

Тексеру сұрақтарын қою арқылы болашақ мұғалімдердің оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы білімін, іскерлігін, дағдысын тексеру жүзеге асырылады және білімді меңгеру, іскерлік пен дағдының қалыптасу дәрежесі анықталады; меңгерілген оқу материалын дұрыс түсінгендігіне көз жеткізіледі; білімді шығармашылықпен меңгеру деңгейі анықталады (білім алушының білімін жаңа, қалыптан тыс жағдайда қолдану қабілетін білу); білімнің жүйелілігі тексеріледі, яғни оқу материалы элементтерінің басқа пәндердің материалымен қаншалықты байланысты екені бағаланады (пәнішілік және пәнаралық байланыс тұрғысынан); оқу материалын білім алушылардың түгел түсініп меңгергендігіне көз жеткізіледі.

ЖОО оқыту іс-әрекеті және оны ұйымдастыру бойынша «Педагогика» және «Пәнді оқыту әдістемесі» пәндері бойынша тақырыпты (тарауды) оқытудың соңғы сатысында білім алушылардың білімді меңгерудің тереңдігін тексеру жүзеге асырылады. Оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша ұғымдар мен педагогикалық құбылыстар туралы оқу материалдары кейінгі тақырыптармен өзара байланысты болуы себепті, тақырыпты меңгеру тереңдігі сол сәтте тексеріледі.

Оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша болашақ мұғалімдердің оқу материалдарын дұрыс түсінгендігін тексеру екі кезеңнен тұрады:

- біріншіден, білім алушылардың түсінігінің негізін құрайтын білім қоры тексеріледі;

- екіншіден, білім алушылардың жеке түсінігі тексеріледі.

Ал, болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру білімінің шығармашылық деңгейін тексеру үшін оқытушы байыпты дайындық

жұмыстарын жүргізеді. Бұл жағдайда білім алушыларға қойылатын сұрақтар проблемалық сипатта болады.

Тірек білімінің маңыздылығына қойылатын талаптың бірі - оның жеделдігі және жалпы сипаты. Осыдан келіп сұрақтардың маңыздылығына қатысты талаптар туындайды, олар: қысқалық, нақтылық, білім алушыларға түсінікті болуы.

Оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша болашақ мұғалімдердің даярлығын анықтау мақсатында диагностикалау сұрақтары қойылады. Диагностикалық сұрақтардың мақсаты – оқыту мазмұнының кейбір элементтерін түсінбеу немесе интеллектуалдық және оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруда қате жіберу себептерін анықтау, ашу. Оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруда болашақ мұғалімнің дайындығын осындай диагностикалаудың қажеттілігі күмән туғызбайды. Практикада көп жағдайда осындай қажетті адами әрекеттер кейде қолданыс таппайды, олар: ЖОО оқу топтарында білім алушылардың көптігіне, кейде уақыттың жетіспеуіне, ал кейде білім алушылардың жетістігіне немқұрайлы карауға байланысты болады.

ЖОО білім алушылардың оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша ынталандыру міндетіне қарай сұрақтарды (ынталандыру сұрақтары) келесі түрлерге бөлуге болады: күмәнді-сұрақ, есіне түсіру-сұрақ, құптау-сұрақ, таңдану-сұрақ. Күмәнді сезім ойлау белсенділігінің күшті факторы болып табылады да білім алушылардың танымдық үдерісін арттырады, интелектуалдық немесе практикалық мәселелерді дұрыс шешу жолдарын іздестіре бастайды.

Болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекеттерін ұйымдастыру бойынша дайындығына төмендегідей сұрақтар қойылады:

1. Оқыту іс-әрекеті мен оқу іс-әрекетін сәйкес қойыңыз және оларды салыстырыңыз.

2. Оқыту іс-әрекетінің мәнді белгілерін бөліп көрсетіңіз және оларды талдап қорытыңыз.

3. Оқушылардың сабаққа дайындығының төмен болуына байланысты мұғалімнің ұйымдастыру іс-әрекетінің шығармашылық сипат алуын жазып көрсетіңіз.

4. Оқушылардың физика пәнінен үлгермеуінің себептерін атап көрсетіңіз және түсіндіріңіз.

5. Биология пәнінен қосымша сабақтарға барған оқушылардың үлгерімінің өзгерісі болатынын түсіндіріңіз.

6. Мұғалім оқушыларға критерийлерге негізделген баға қойғанына оқушылар түсінбестен реніштерін білдірді. Қойылған баға дұрыс па, жоқ па?

7. Оқушыларды мотивациясын туғызу үшін ЖОО-ғы оқыған пәндерден алған білімнің қолданылатынын түсіндіріңіз.

8. Мұғалімнің оқушыларды оқыту бойынша жасаған жұмыстарына, яғни «оқыту іс-әрекетіне» ұғым ретінде анықтама беріңіз.

Атап көрсетілген сұрақтарға болашақ мұғалімдердің міндетті түрде жауап беруі олардың зерттеп отырған даярлығын жетілдіруге ықпал етеді.

Оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша төмендегідей тапсырмаларды беру болашақ мұғалімдердің аналитикалық іскерліктерін жетілдіреді.

Педагогикалық жүйе бойынша сызбаны көрсетуге байланысты талдауға берілетін тапсырмалар:

1. Сызбада көрсетілген жүйені анықтаңыз.
2. Оның құраушы бөліктерін атап көрсетіңіз (олардың қатысының маңыздылығын айқындаңыз).
3. Құраушылардың өзара байланысын сипаттаңыз.
4. Ереже-бағдарды пайдалана отырып, жауапты негіздеңіз.

Педагогикалық үдеріс бойынша сызбаны көрсетуге байланысты жинақтауға берілетін тапсырмалар:

1. Сызбадағы құраушыларды атап көрсетіңіз.
2. Сабақ мазмұны мен жоспары бойынша олардың тізбекті берілуін көрсетіңіз.
3. Бұл бөліктердің өзара байланысын сипаттаңыз.
4. Оқу іс-әрекетін жүзеге асырудағы байланысын түсіндіріңіз.
5. Берілген жауаптарды негіздеңіз.

Оқыту әдістері бойынша талдап қорытуға берілетін тапсырмалар:

1. Оқыту және оқу әдістерін негізгі белгілері бойынша ажыратыңыз. Оны жүзеге асыру бойынша белгілерін сипаттаңыз.
2. Оқыту әдістерін жіктеңіз (классификациялаңыз). Оны жіктеудің белгілерін түсіндіріңіз.
3. Ауызша әдісті ажыратыңыз (бөліңіз). Мұны ажыратудағы басшылыққа алатын белгілерін атаңыз.
4. Оқу әдістерін ажыратыңыз (бөліңіз). Мұны жүзеге асырудағы белгілерін көрсетіңіз.

Педагогикалық тапсырмалар бойынша жіктеуге берілетін тапсырма:

1. Педагогикалық тапсырмаларды мақсаты бойынша жіктеңіз;
2. Тесттік тапсырмаларды мақсаты мен арналуы бойынша жіктеңіз;
3. Сұрақтарды мәні бойынша жіктеңіз.

Бұл тапсырмаларды шешу нәтижелері болашақ мұғалімдердің интеллектуалдық іскерліктерінің қалыптасқандығының деңгейін сипаттайды.

Құрастырылған сұрақтардан көріп тұрғандай, қазіргі уақытта сұрақтарды деңгейлеп қою жүзеге асырылады. Осы мақсаттта Б.Блумның таксономиясы қолданылады. Осыған байланысты төмендегідей сипаттағы сұрақтар болашақ мұғалімдерге ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруға сәйкес қойылады (А.Әлімов).

1. Білу деңгейіндегі сұрақ: оқыту іс-әрекетін құраушыларды сабақ барысына (жоспарына) сәйкес тізбегін атаңыз, т.с.с.
2. Түсіну деңгейіндегі сұрақ: оқыту іс-әрекетін құраушылардың өзара байланысы іс-әрекетінің құрылымына сәйкес түсіндіріңіз, т.с.с.
3. Қолдану деңгейіндегі сұрақ: оқыту іс-әрекетінің барысын жазып көрсетіңіз, т.с.с.
4. Талдау деңгейіндегі сұрақ: оқыту іс-әрекетіндегі мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетін талдаңыз, т.с.с.

5. Бағалау деңгейіндегі сұрақ: мақсатына сәйкес оқыту нәтижесі түсіну деңгейінде ұйымдастырылатын сабаққа пікіріңізді айтыңыз, т.с.с.

6. Жинақтау деңгейіндегі сұрақ: Мақсатына сәйкес оқыту нәтижесі қолдану деңгейінде ұйымдастырылатын сабақтың жоспары (құрылымы) мен мазмұнын жазып көрсетіңіз, т.с.с.

Мұғалімнің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерліктері олардың педагогикалық технологияларын игеруіне, кәсіби шеберліктері мен даярлығына байланысты. Жоғарыда айтылғандай, педагогикалық технология педагогикалық іс-әрекеттің міндетті құрылымын көрсетеді.

Педагогикалық (оқу) міндетті жүйе ретінде, және оның міндетті компоненттері болатындай етіп ұсынуға болады:

- міндет тақырыбының бастапқы күйі;
- қажетті күй-жағдай моделі (міндет талаптары).

Оқыту іс-әрекетінде мысалы, балалар сабақты тыңдамайды, тапсырмаларды орындамайды, әдебиеттерді аз оқиды, сондықтан оқу сапасы зардап шегеді. Мәселені әзірлей келе, болашақ мұғалім балалардың тақырыпқа қызығушылығы жоқ екендігін айқындайды. Болашақ мұғалім ретінде бұл жағдайды түсінеді, өзіне: оқушылардың танымдық қызығушылықты арттыру және оны өзіндеріне тән міндеттер, дәйекті әрекеттер жүйесіне аудару, яғни танымдық қызығушылықты дамыту технологиясына көшу мақсатын қояды.

Педагогикалық міндеттің пайда болуы білім алушыны бір күйден екінші күйге ауыстыру қажеттілігімен байланысты. Кез келген педагогикалық жағдаят, ең алдымен, шығармашылық іс-әрекет, сансыз педагогикалық міндеттерді шешу үдерісі.

Зерттеу жұмысымызға байланысты педагогикалық міндеттерді шешуде студенттердің танымдық іс-әрекетін белсенді ету, талдау, синтез, жалпылау, дәлелдеу, білімді жаңа жағдайларға көшіру және т.б. сияқты ойлау операцияларын жетілдірудің тиімді құралы. Педагогикалық міндеттерді шешу болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іс-әрекеттің негізгі құрылымдық компоненттеріне сәйкес келетін іскерліктер мен дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру даярлығын тексеруде тесттік тапсырмалар қолданылады немесе оларды бағдарламаланған тапсырмалар деп атайды. Бағдарламаланған тапсырмаларды жобалау өнімді іс-әрекет түрлеріне жатады, сондықтан білімді игеру үшін ғана емес, сонымен қатар ойлауды дамыту, педагогтың кәсіби даярлығын қалыптастыру үшін де пайдалы.

Біздер жұмыста тестік тапсырманы екі мақсатта қолдануды жүзеге асыру қажеттілігіне көз жеткіздік, олар: біріншісі, тесттік тапсырмаға жауап беру (білімді тексеру мен кері байланысты орнату үшін); екіншісі, тесттік тапсырманы әзірлеуді жүзеге асыру (студенттің оқу материалдарын өздігінен оқу мен құрастыру үшін). Жалпы екеуін де қолдану оң нәтиже беретінін көрсетті.

Жалпы педагогикалық тапсырмаларды пайдаланудамына мүмкіндіктер мен шарттарды назарда ұстау керек (Т.А. Бабакова [108,с. 39]):

- тапсырмалар жүйесін, егер бір бағыттағы бірқатар оқу пәндерінің байланысы болса (автордың тәжірибесінде педагогикалық, яғни: «Педагогика тарихы», «Педагогика», «Пәнді оқыту әдістемесі» курстары негізінде) жүзеге асыруға болады. Біздің жағдайымызда ондай тапсырмалар орын алды. Мәселен, оқыту әдістері педагогика курсында және пәнді оқыту әдістемесі пәндерінде қарастырылады. Педагогика курсында оны теориялық тұрғыдан қарастыратын болса, әдістеме курсында оның жүзеге асырылу барысы қамтылады.

- болашақ мұғалімдердің дербес оқу іс-әрекетінің нәтижелілігі, егер оның педагогикалық сүйемелдеу технологиясы қамтамасыз етілсе, оқу тапсырмаларының тиісті құрылымы мен мазмұны пайдаланылса, артады;

- тапсырмалар жүйесі ішінара дәрісханалық практикалық сабақтарда жүзеге асырылуы мүмкін (мысалы, жаңа дәріс алдында білімді ағымдағы тексеру үшін «мини-тесттер» пайдаланылса, дәрісханалық сабақ барысында жауаптарды талқылаумен проблемалық сұрақтар қойылса және т.б.);

- белгілі бір педагогикалық технологиялар шеңберінде (мысалы, позициялық оқыту технологиясы шеңберінде) тапсырмалар кешенін іске асыруға болады.

Сонымен қатар, педагогикалық тапсырмаларды қолданудың да шектеулерін білу маңызды, олар:

- студенттердің оқу іс-әрекеті үшін оқу тапсырмаларын жүйелі пайдалану студенттердің бір пән шеңберінде тапсырмаларды орындауға жұмсайтын еңбек шығындарымен шектеледі;

- жалпы студенттердің оқу іс-әрекетін және олардың оқу жұмыстарының кез-келген түрін педагогикалық қолдау технологиясы оны ғылыми-әдістемелік тұрғыдан пысықтауды, оқытушылардың осындай жұмысқа мотивациялық және практикалық дайындығын талап етеді;

- студенттердің бірқатар оқу тапсырмаларын, әсіресе жобалау сипаттағы тапсырмаларды тексеру және бағалау педагогтан айтарлықтай еңбек шығындарын талап етеді, бұл, өкінішке орай, педагогтің оқу жүктемесінде қарастырылмайды;

- орындалған жұмыстардың сапасын түзетуді ұйымдастыру, кемшіліктерді, қателерді түзету, сонымен қатар, педагог тарапынан көп күш пен уақытты қажет етеді, бұл онлайн оқыту кезінде бірнеше есе жоғары болады және тағы да мұғалімнің оқу жүктемесіне кірмейді.

Сонымен қатар, ЖОО-да білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері, формалары, құралдары түрліше болып келеді. Солардың көмегімен болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру жүзеге асырылады.

Педагогтың басшылығымен оқыту әдістері арқылы білім алушылардың жаңа білім, іскерлік пен дағдыны меңгеруі жүзеге асырылады. Ал, оқу әдістері дегенде көп жағдайда білім алушының білімді меңгерудегі әрекеттері түсініледі.

Оқыту әдістемесі бойынша білім алушылардың оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша дайындығын қамтамасыз ететін әдістерді төмендегіше келтіруге болады:

Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері. Бұл жерде материал көзі бойынша ауызша, көрнекі, практикалық әдістердің өзіндік орны бар.

Ауызша әдістің басым бөлігі ЖОО-да лекция, семинар сабақтары арқылы жүзеге асырылады. Педагогикалық курстан белгілісі лекцияның: кіріспе, шолу, қорытынды немесе проблемалы баяндау, қатемен жоспарланған, т.б. түрлері ЖОО-да кеңінен қолданылады.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруда теориялық білімді білім алушылар лекция арқылы меңгеретін болады. Мәселен, мұғалім, мұғалімнің даярлығы туралы білімді студенттер 1-курста «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» курсында оқып біледі. Сол сияқты оқыту әдістері, ұйымдастыру формалары, бақылау түрлері, т.б. материалдарды білім алушылар 2-курста «Педагогика» пәнінен меңгеретін болады. Бұл үшін арнайы тақырыптар қарастырылған.

Оқу барысында студенттер ЖОО-да әртүрлі көрнекі материалдарды оқытудың техникалық құралдары көмегімен көру мүмкіндігіне ие болады. Олар: мәтін (негізгі ұғымдар, анықтамалар, т.с.с.), схема немесе бейнелі болуы мүмкін. Оқыту іс-әрекеті және оларды ұйымдастыру бойынша болашақ мұғалімдерге презентациялық материалдар оқу материалдарын қабылдауына, терең түсіндіруге/түсінуге мүмкіндік береді.

«Педагогика» және «Пәнді оқыту әдістемесі» пәндерінде білім алушылар оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іс-әрекеттерін орындайды. Осы мақсатта сынақ сабақтарын өтеді немесе сабақтардың үзінділерін ұйымдастырады. Практикалық тұрғыдан сабақ өту теориялық курсты түсінгенін тексеруге және бірнеше іскерліктерді үйлестіру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ оқыту сипаты бойынша: іздеу, зерттеу, эвристикалық, проблемалық, репродуктивті, түсіндірме-иллюстрациялық әдістерді болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыруда жүзеге асырылады. Оның ішінде іздеу, зерттеу, эвристикалық әдістер болашақ мұғалімдердің аналитикалық іскерліктерін жүзеге асыруға бағытталады. Ал, проблемалық әдіс дамытушылық іскерліктің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, эвристикалық әдіс жобалауда шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

ЖОО-да проблемалық оқыту әдістері: білім алушыны танымдық іс-әрекетке қатыстыруға арналған проблемалық презентация, мұғалім проблеманы қояды, оны шешудің жолдарын өзі көрсетеді, ал студенттер мұғалімнің ой-өрісін мұқият бақылайды, ой жүгіртеді, онымен бірге ойлайды және сол арқылы ғылыми дәлелді іздеу шешімінің атмосферасына енеді.

Оқыту әдістері белгілі бір оқу құралдары мен (оқу-көрнекі құралдар, демонстрациялық құрылғылар, техникалық құралдар және т.б.) бірлікте қолданылады. «Оқыту құралдары» кең мағынаға ие және білім беру мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін компоненттер жиынтығы ретінде түсіндіріледі, яғни әдістердің, формалардың, мазмұнның, сондай-ақ оқытудың арнайы құралдарының жиынтығы. Арнайы оқыту құралдары деп оқыту технологиялары түсініледі.

ЖОО-да оқытушылары болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда теориялық мағлұматтарды ұсыну және қабылдау логикасы бойынша: индуктивті және дедуктивті әдістерді қолдануы орынды дей аламыз. Оқу материалдарын индуктивті баяндау тұрғысынан жекеден ерекшеге, ерекшеден жалпыға өтуді жүзеге асырады. Ал, дедуктивті әдіс негізінде болашақ мұғалімдер теориялық мағлұматтарды жалпыдан ерекшеге, ерекшеден жекеге ой қорытындысын шығаруды үйренеді. Бұл әдістер негізінен лекцияның барысында жүзеге асырылады және орындалған педагогикалық тапсырманың нәтижесін баяндауда орын алады.

ЖОО оқытушы мен білім алушылар арасындағы оқыту үдерісі енжар, белсенді және интерактивті болуы ұйымдастырушыға және оған қатысушыларға байланысты болып табылады. Сол себепті де оқыту үдерісі белсенді болуы үшін педагогикалық тапсырмалардың, оның ішінде сұрақтардың, оқу міндеттерінің болғаны орынды. Ал интербелсенді етуді де педагогикалық тапсырмалар көмегімен жүзеге асыруға болады. Бұл жағдайда тапсырма топтық болуы тиіс және оған оқытушының да қатысуы: студент-студенттер; студент-оқытушы; студенттер-оқытушы қарым-қатынасы бір мезетте орын алады. Белсенділік жағдайында тек студент (студенттер) - оқытушы қарым-қатынасы ғана жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін педагогикалық тапсырмалар көмегімен ынталандыру үшін соған сәйкес әдістер қолданылады. Оқуға деген қызығушылықты ынталандыру әдістерінің ішінде педагогикалық тапсырмалар көмегімен жүзеге асырылатыны, негізінен, оқу пікірталастарының ұйымдастырылуы. Дәрісханада педагогикалық жағдаяттар көмегімен эмоционалды көңіл-күйді құру жүзеге асырылады.

Студенттердің жауапкершілігін ынталандыру әдістері ретінде сенімдер, талаптар қою, көтермелеу маңызды рөл атқарады.

Болашақ мұғалімдердің оқу-танымдық іс-әрекетінің тиімділігін бақылау және өзін-өзі бақылау әдістерін жүзеге асыру олардың дайындығының қалыптасуын айқындауға және өзіндік іс-әрекетіне баға беруге негіз болып табылады, оларға ауызша, жазбаша, практикалық бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері жатады. Аталған әрбір әдіс болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру бойынша құраушылар даярлығының деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.

Оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруда ЖОО оқыту барысында білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру формалары да белгілі мәнге ие болады. Оның ішінде: фронтальды, топтық, қосарланған (жұптық), жеке дара формалары. Фронтальды жұмыс барысында білім алушылар ортақ танымдық тапсырмаға қол жеткізуі үшін ортақ тапсырмаларды бір уақытта орындауды қамтиды. Мәселен, студенттер сабақ конспектісін әзірлейді, оқу материалдарын құрылымдап, сызбалар әзірлейді, т.с.с.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда олардың педагогикалық тапсырмалардың түрлерін шешу мен ЖОО-дағы оқу жұмыстарын ұйымдастыру формаларына байланысты. Оның ішінде топтық ұйымдастыру 3 пен 6 білім алушыға дейін ауытқуы мүмкін.

Тапсырмалардың түріне сәйкес 2 білім алушыны да бір топқа біріктіруге болады. Топтық жұмыстың өзіндік пайдалы тұстарын, артықшылықтарын пайдалану басты назарға алына отырып, ұйымдастыру әрекеттері жүзеге асырылады.

Топтық оқу жұмыстарын орындауда бірқатар реттіліктің сақталуы қажет етіледі, олар:

1. Тапсырманы орындайтын білім алушылар тобының даярлығын қамтамасыз ету, педагогикалық тапсырманы орындаудың барысын түсіндіру және білім алушыларға тапсырма-міндеттер жүктеу;

2. Білім алушылардың тапсырманы топтық орындау барысын талқылау және оның жоспарын дайындау мен оны шешудің тәсілдерін белгілеу, білім алушылар арасында міндеттерді үлестіру;

3. Білім алушылардың тапсырма бойынша жүктелген міндеттерін орындауын ұйымдастыру;

4. Топтық жұмысты орындау барысында білім алушылардың жүктелген оқу міндеттерін шешуді бақылау және бағалау, жіберілген қателіктерге түзетулер енгізу;

5. Білім алушылардың топтық жұмысты орындаудағы жекелеген міндеттерді орындау барысын өзара бақылау, тексеру мен бағалауды жүзеге асыру.

6. Алынған нәтижелер туралы оқытушының шақыруы бойынша білім алушылардың хабарламасы, оқытушының жетекшілігімен сыныптағы жалпы пікірталас, толықтырулар мен түзетулер, оқытушының қосымша ақпараты және қорытынды тұжырымдары.

7. Жекелеген топтың және жалпы оқу тобының жұмысын жеке бағалау.

Топтық жұмысты ұйымдастыру барысында тапсырманың (міндеттің) орындалуы үшін осы реттіліктің сақталуы қамтамасыз етіледі.

Педагогикалық тапсырмалар мен міндеттерді орындау барысында болашақ мұғалімдерде оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруда аналитикалық іскерліктер қалыптастырылады және жетілдіріледі, оның ішінде: оқу пәні мазмұнына сәйкес ақпаратты алуы мен қабылдауы; пәннің мазмұны бойынша оқу ақпараттарын өңдеуі және қайта өңдеуі; пән және дайындық бағыты бойынша кәсіби іс-әрекетке қатысты оқу ақпараттарын қолдануы және өзіндік бағалауы. Аталған іскерліктер әртүрлі ақыл-ой операцияларымен жүзеге асырылады: талдау және жинақтау, бастыны бөлу, салыстыру, логикалық ой қорытындысы, сәйкес қою, т.б. және де оқыту үдерісінде олардың қалыптасуымен арнайы жұмыс жасау керек.

Сонымен қатар, ЖОО-да педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігін қалыптастыруда төмендегідей әдістер аракідік болса да жүзеге асырылады: түсіндірме-иллюстрациялық әдіс; репродуктивті оқыту әдісі; проблемалық презентация әдісі (орындаушылықтан шығармашылық қызметке ауысу болып табылады); оқытудың ішінара іздеу (эвристикалық) әдісі (оқу іс-әрекеті схема бойынша дамиды: оқытушы → студенттер → оқытушы → студенттер және т.б. Бұл

әдістің бір модификациясы - эвристикалық (ашу) әңгіме), оқытудың зерттеу әдісі (студенттерге оқу міндеттері беріледі).

ЖОО-да әңгіме ауызша баяндау әдісі ретінде қолданылады. Сөйлесулерді жіктеудің бірнеше әдісі жүзеге асырылады, олар: а) кіріспе немесе ұйымдастырушы; б) жаңа білімді хабарлау (Сократтық, эвристикалық және т.б.); в) синтездеу немесе бекіту; г) бақылау және түзету.

Оқу пікірталасы - оқу талқылауының негізгі функциясы - танымдық қызығушылықты ынталандыру; көмекші функциялар оқыту, дамыту, тәрбиелеу және бақылау-түзету болып табылады.

ЖОО-да қолданылатын жағдаяттық оқытудың жалпы моделі зерттеушілер тарапынан келесідей анықталған [242]:

- 1 кезең-студенттің жағдай мәтінін жеке зерттеуі (аудиториядан тыс);
- 2 кезең-мұғалімнің кіріспе сөзі, тапсырма қою;
- 3 кезең-студенттерді шағын топтарға бөлу (4-6 адам);
- 4 кезең-студенттердің шағын топтардағы жұмысы;
- 5 кезең-әр шағын топтың шешімдерін таныстыру;
- 6 кезең-жалпы пікірталас;
- 7 кезең-оқытушыны жалпылау, түйіндеме.

Аталған оқыту түрін қолдану білімді меңгеру мен бекіту үшін және дұрыс шешім қабылдауға бағыттайды.

Педагогикалық тапсырмалар мазмұнына кейс әдісін қолдануды да қамтуға болады. Кейс-әдісті қолданатын практикалық сабақтарды келесі схема бойынша жүргізілу ұсынылады:

1. Жеке жұмыс (сабақ уақытының 30%-ы): жағдаймен танысу; мәселені анықтау; ақпаратты талдау.

2. Топтық жұмыс (сабақ уақытының 50%-ы): мәселені нақтылау және оның таксономиясы; балама шешімдерді әзірлеу; әр шешімнің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау; опцияларды бағалау.

3. Жеке-топтық жұмыс (сабақ уақытының 20%-ы): практикаға енгізу мүмкіндігін талқылау; есепті дайындау; көпшілік алдында презентация.

Сонымен ситуациялық әдіс оны әртүрлі жағдайларда және әртүрлі мәселелерді шешу үшін қолдануды нақтылайтын жаңа модификацияларды да пайдалануға болады.

Кітаппен жұмыс жасау. Бұл білім берудің маңызды әдісі, оның басты артықшылығы – білм алушыға оқу ақпаратын қол жетімді қарқынмен және ыңғайлы уақытта бірнеше рет өңдеуге мүмкіндік жасау. Бұл әдістің тиімділігін анықтайтын факторлардың ішінде ең маңыздысы - оқуды еркін оқу және түсіну қабілеті; зерттелетін материалда ең бастысы - ажырату; жазбалар жүргізу, құрылымдық және логикалық схемалар (анықтамалық рефераттар) жасау; зерттелетін мәселе бойынша әдебиеттерді таңдау.

Б.Ортаев өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында жалпы әдістемелік пәндердің мазмұндары келесі тақырыптарды қамтуы керектігін атап көрсетеді [243]. С.А.Жолдасбекованың [244] ғылыми-зерттеу жұмысына сәйкес мұғалімнің кәсіби педагогикалық іс-әрекетіне қатысты атқаруы керек негізгі операцияларды нақты көрсетілген және олар біздің элективтік курс мазмұнын

анықтауда басшылыққа алынды.Аталмыш әдістемелік курстардың дәрістерінде студенттер теориялық, әдістемелік білім негіздерін, тұжырымдамалық аппаратпен жұмыс жасау арқылы алады, негізгі ұғымдардың теориясымен танысады; оқу-тәрбие жұмысының негізгі формаларын оқып үйренеді және т.с. сияқты ұғымдарды қарастырады. Практикалық сабақтар кезінде білім алушылар оқыту іс-әрекетін ұйымдастырудың нақты іскерліктерін қолданады. Сабақтың құрылымына жұмыстың топтық пен жеке түрлері және педагогикалық тапсырмаларды қолдану кіреді.

Біз нақты пәндер мысалында болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға ықпал ететін оң жағдайларды қарастырдық. Психологиялық-педагогикалық цикл пәндерінің оқу бағдарламаларын, сондай-ақ педагогикалық практика бағдарламаларын талдау ұйымдастырушылық іскерліктің сәтті қалыптасуына кері әсер ететін себептерді анықтауға мүмкіндік береді, олар:

- орындалатын іс-әрекеттің басым бөлігінің репродуктивті сипатына негізделуі, оқытудың белсенді формаларының кеңінен қолданылмауы және сабақта алынған іскерліктердің жартылай ғана шоғырландырылуы;

- психологиялық-педагогикалық цикл пәндерінде педагогикалық тапсырмаларды қолдануда біріздiлік жоқ, тапсырмаларды пайдалану барысында оқыту мен дамыту эпизодтық сипатта болады. Сонымен бірге, психологиялық-педагогикалық циклдің барлық пәндерінде қалыптасатын іскерліктерді, оның ішінде ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыруда нақты біріздiлік жоқ.

Зерттеу жұмысы нәтижелеріне сәйкес келесі ұсыныстар беріледі [245]:

1. Болашақ мұғалімді педагогикалық тапсырмалар (міндеттер) негізінде оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруды жақсарту мақсатында мұғалімдерді даярлау бағдарламаларындағы курстардың мазмұнын жетілдіру қажет.

2. Педагогикалық тапсырмалар (міндеттер) негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруды қолдау үшін ЖОО-да семинарлар ұйымдастырылуы керек.

3. Мұғалімдерді педагогикалық тапсырмалар (міндеттер) негізінде оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігінің деңгейі өндірістен қол үзбей біліктілікті арттыру бағдарламаларымен анықталуы және қолданылуы тиіс.

Педагогикалық тапсырмаларды іріктеуде төмендегідей қағидаларды басшылыққа алу керек:

1. Пәннің мазмұнындағы оқу материалдары мен дайындық бағытын қамту және сәйкестілігін қамтамасыз ету.

2. Оқыту теориясы мен практикасын ұштастыруда тапсырмалар мазмұнын оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруға бағытталған оқу материалдарымен мүмкіндігінше байыту.

3. Оқу тапсырмаларын әзірлеуде студенттердің дербес және топпен жұмыс істеуіне сәйкес шарттар жасау.

4. Оқу тапсырмалары кешенінде болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру міндеттерін шешуге байланысты деңгейлік тапсырмаларды қамтамасыз ету, т.б.

Оқу тапсырмаларының мазмұнын түзуде басшылыққа алынатын төмендегідей талаптар орындалуы қажет. Олар:

- тапсырманың мазмұны мектептегі пән мұғалімінің оқытуды ұйымдастыру іс-әрекетімен және білімімен байланысын сақтау;

- олардың мазмұнын зерттеп отырған мәселеге сәйкестендіру, сондай-ақ болашақ мектеп мұғалімін даярлауды дамытуда практикадағы басты тұжырымды негізге алу;

- тапсырманың мазмұны болашақ мұғалімнің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруға тікелей байланысты орнату үшін база, негіз қызметін атқару.

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруға бағытталған оқу пәндері бойынша тапсырмалардың орнын анықтау кезінде төмендегідей ережелер басшылыққа алынады:

- педагогикалық тапсырмаларды оқыту/оқу үдерісі құрылымының жүйе түзуші буыны және оның ішкі жүйесі ету;

- педагогикалық тапсырмаларды пәндерді (педагогика, психология, пәнді оқыту әдістемесі, т.б.) зерделеу кезінде білімді меңгеру, практикалық даярлықты қамтамасыз ету құралы ету;

- педагогикалық тапсырмаларды болашақ мұғалімдердің оқыту үдерісін ұйымдастыру іскерлігін қалыптастыруда теория мен практиканы қамтамасыз етудегі үйлестіруші буын ету.

Болашақ мұғалімдерді даярлау үшін педагогикалық тапсырмалардың түрлерін олардың практикалық бағыттылығына сәйкес әзірлеу маңызды және олар даярлықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастыру қажеттілік ретінде қарастырылады.

Біздің зерттеу жұмысымыз басшылыққа алатын міндеттер педагогикалық еңбектерде анықталған, тек оларды орынды таңдап алу қажет. Н.В. Бордовская, А.А. Реан өздерінің еңбектерінде педагогикалық міндеттердің түрлерін ажыратады [246]. Мақсатты бағыттылығы бойынша педагогикалық міндеттердің келесі түрлері бөлінеді:

1) педагогикалық диагностиканың міндеттері (мінез-құлық, жеке тұлға түрін, ойлауын, мінез-құлық немесе қарым-қатынас стилін және т.б. зерттеу);

2) мазмұнды жобалау мен оқушылардың іс-әрекет тәсілдерін таңдау бойынша міндеттер;

3) оқушыға әсер ету әдістері мен тәсілдерін таңдау бойынша міндеттер;

4) оқушының іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша міндеттер;

5) ұжымның қоғамдық пікірін қалыптастыру бойынша міндеттер;

6) оқушыны қайта бағдарлау бойынша міндеттер;

7) оқуға деген көзқарасты өзгерту бойынша міндеттер;

8) әдетті, қызығушылықты бекіту бойынша міндеттер;

9) оқушының сөздері мен әрекеттерін өзін-өзі бақылауды күшейту бойынша міндеттер;

10) өзбетінше дербес өсуі бойынша міндеттер;

11) шығармашылықтың көрінуіне және дамуына бағытталған міндеттері;

12) жауапкершілікті, тәртіпті арттыруға және жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін дамытуға арналған міндеттер;

13) Педагогикалық ынталандыру бойынша міндеттер;

14) Өзін-өзі тәрбиелеу міндеттері.

Осыған ұқсас Л.Ф. Спирин педагогикалық басқару циклі кезеңдерінің құрылымына сәйкес педагогикалық міндеттерді жіктеуді ұсынған [126,с. 174]:

1. Диагностика кезеңінің міндеттері.

2. Мақсат қою кезеңінің міндеттері, жедел, тактикалық және стратегиялық мақсаттарды анықтау.

3. Болжау және жоспарлау кезеңінің міндеттері.

4. Жоспарланған жоспарды іс жүзінде жүзеге асыру кезеңінің міндеттері.

5. Нәтижелерді талдау кезеңінің міндеттері.

Жалпы зерттеу жұмыстарына сәйкес педагогикалық міндеттердің түрлері төмендегідей болып келеді.

1. Студенттерге педагогикалық ұғымдардың, үдерістердің, құбылыстардың маңызды белгілерін түсінуге мүмкіндік беретін міндеттер.

2. Студенттердің педагогикалық икемділігі мен хабардарлығын анықтайтын міндеттер.

3. Жоспарлауды, алдағы педагогикалық іс-әрекетті құруды, оны орындаудың оңтайлы құралдары мен тәсілдерін таңдауды немесе табуды қамтитын міндеттер.

4. Педагогикалық ықпалға дейін болжамды нәтижені болжай білуді дамытатын міндеттер.

5. Жаңа білімді, оларды қолданудың әртүрлі құралдары мен әдістерін қажет ететін міндеттер.

6. Жіберілген педагогикалық қателіктерді анықтап, түзете отырып, дұрыс немесе бұрыс педагогикалық әрекетті, оның аралық және түпкілікті нәтижелерін бағалауға және дәлелдеуге байланысты міндеттер.

Оқу үдерісінде әр түрлі міндеттерді қолдану уақтылы есепке алуды және студенттердің міндеттерді шешуде және педагогикалық жағдаяттарды талдауда кездесетін қиындықтарын жоюды қамтиды. Олардың ішіндегі типтік болып табылатындары:

- педагогикалық міндеттердің шешімдерін негіздей алмау;

- міндеттер сұрағына қысқаша, мақсатты, дәйекті және дәлелді жауап бере алмау.

Оқу үдерісінде педагогикалық міндеттерді қолдану әдістемесі өте алуан түрлі. Оларды дәрістерде, семинарларда және практикалық сабақтарда қолдануға болады, курс бойынша үй тапсырмасы түрінде, сынақтар мен емтихандарда, аудиториядан тыс жұмыстарда (педагогикалық олимпиадалар, конкурстар, педагогикалық үйірмелер және т.б.) өз бетінше шешу үшін қолдануға болады. Жоғарыда аталған оқу тапсырмаларының, оқу міндеттерінің барлық түрлері зерттеу жұмысы барысында педагогикалық пәндерді оқыту практикасында («Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Педагогика», «Бағалаудың өлшемдік технологиялары», «Пәнді оқыту әдістемесі»

педагогикалық дайындық бағыттары үшін) пайдаланылды. Сондай-ақ, педагогикалық тапсырмаларды болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру үшін де жобалауға болады (кесте 9).

Кесте 9 - Оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тапсырмалар

| Даярлық құраушылары | Тапсырмалардың негізгі бағыттары | Тапсырмалардың түрлері | Нәтижесі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Мотивация-лық | Мотивациялауға бағытталған тапсырмалар | -оқу тапсырмасы;<br>- эссе жазу; | - мамандықты саналы меңгеруге бағытталған ой-пікірі негізделеді;<br>- сүйіспеншілігі туындайды; |
| Мазмұндық | Білімді меңгеруге бағытталған тапсырмалар; | - сұрақ;<br>-оқу тапсырмалары; | - ұғымдар;<br>- педагогикалық объектілер мен құбылыстар;<br>- іс-әрекет әдістері, формалары туралы білімін көрсетеді; |
| | Мәселелік тапсырмалар | -оқу міндеттері (мәселесі); | - білімді шығармашылықпен қолданады; |
| | Бағдарламаланған тапсырмалар | -тесттік тапсырмалар; | - дұрыс жауапты таңдайды, бос орынды толықтырады;<br>- кесте толтырады; |
| | Логикалық іскерліктерді қолдануға арналған тапсырмалар | -деңгейлік сұрақтар; | - ұғымға анықтама құрастырады;<br>- логикалық тәсілдерді: талдайды, салыстырады, жинақтайды, жүйелейді, классификациялайды, дәлелдейді орындайды; |
| Іс-әрекеттік | Мәтіндік ақпаратты графикалық түрде ұсынуға арналған тапсырмалар | -оқу тапсырмалары; | - құрылымдық-логикалық схемаларды құрастырады;<br>- тірек конспектілерін орындайды; |
| | Жобалау тапсырмалары | -оқу тапсырмалары | - оқу тапсырмаларын: сұрақ, есеп, жаттығу, т.б. әзірлейді;<br>- оқу презентацияларын жобалайды;<br>- жоспарларды әзірлейді;<br>- сабақ жоспарын, конспектілерін әзірлейді; |
| | Жағдаятты талдауға арналған тапсырмалар | -оқу міндеттері (мәселені талдау);<br>- кейсті шешу; | - оқу міндеттерін шешуді орындайды;<br>- жағдаятты шешіп, оң нәтижеге жетуді үйренеді; |
| | Оқу-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыруға арналған тапсырмалар | -сұрақтар (деңгейлік);<br>-оқу тапсырмалары; | - дәлелді пайымдаулар жасайды;<br>- конспекті жазады;<br>- аннотация құрастырады;<br>- тезис жазады;<br>- нәтижені баяндауға дайындалады; |

9 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| Рефлексивті-бағалау | Өзін-өзі бағалауға бағытталған рефлексивтік бағалау тапсырмалары | -оқу тапсырмасы;<br>- портфолио толтыру;<br>- іс-әрекет нәтижесін бағалау; | - өзінің оқу іс-әрекетінің нәтижелерін бағалайды;<br>- портфолио арқылы пән бойынша оқу іс-әрекеті нәтижелерін бағалайды;<br>- өзге студенттердің іс-әрекет нәтижелерін бағалайды; |

Педагогикалық тапсырмалар оқу-тәрбие үдерісіне дайындық жасауға, оны жоспарлау мен ұйымдастыруға, нәтижесін бағалауға байланысты екендігі заңдылық болып табылады.

Келесі тақырыпта біздер болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру деңгейін диагностикалауды қарастыратын боламыз.

### 3.2 Педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігінің қалыптасу деңгейін диагностикалау

Зерттеу жұмысында анықталған болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің құрылымы талданып, негізгі ұйымдастырушылық іскерліктерді жүзеге асыратын іскерлік түрлері бөліп көрсетілді. Олардың анықталуы педагогикалық тапсырмаларды оқу үдерісінде сәтті қолдануға мүмкіндік береді. Педагогикалық технологияларды оқыту үдерісінде пайдаланудың бір ерекшелігі – олардың мол қоры мен әлеуеті қарастырылып отырған іскерліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді және дайындық деңгейін төмендетпейді. Бұл жағдайда машықтану қамтамасыз етіледі, ұйымдастырушылық іскерліктерді ретті меңгерту қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, педагогикалық тапсырмаларды орындау барысында түзету жұмысын жүргізетін үйлестірушінің болуына байланысты жағымды тәжірибе жинақтауға болады.

Студенттердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің қалыптастырылғандығын айқындауға бағытталған «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру» тақырыбы бойынша анкеталық сұрақтар үлестірілді (Қосымша В). Сауалнаманы жүргізу Google дискте,  Google form (сурет 4) жүргізілді.



Анкета Құрметті білім алушы (болашақ мұғалім), біздің зерттеу жұмысымызға қатысып және қажетті ақпарат беруіңізді сұраймыз. Төменде жазылған пікірлерді мұқият оқып және олардың әр қайсысымен келісетіндігіңізді немесе келіспейтіндігіңізді белгілеңіз. «Менің мұғалімдік мамандығын таңдаған себебім ...»:

Мұғалім ретінде өзімді желтілдіргім келеді: *

- келісемін
- келіспеймін

Әскерге баруды қаламаймын (жігіттерге арналған сұрақ):

- келісемін
- келіспеймін

Басқа баратын жер жоқ: *

- келісемін
- келіспеймін

Жоғары білімім болғанын қалаймын: *

Сурет 4 - Google диск қызметінің Google form бөлімі жасалған сауалнамадан үзінді

Сауалнама жауаптарын жібергеннен соң, нәтижесін Excel электрондық кестесінде көз жеткізуге болады. Жауаптар нәтижесі кесте және визуалды түрде диаграммасы көрсетілген. Бұл зерттеу нәтижелері алынған мәліметтерді математикалық өңдеуден өткізуге де тиімді болды.



«Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру» т...

Form_Responses1

| | Отметка времени | Оқушылардың оқу іс-әрекеті - .... . | «Оқу іс-әрекеті» мен «оқыту іс-әрекеті» ұғь | Мұғалімнің оқыту іс-әрекеті дегеніміздің қа | «Педагогикалық іс-әрекет» ұғымын қалай | Мұғалімнің педагогикалық іс |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | 29.10.2024 20:10:43 | Білім беру | Дұрыс түсініктеме беру | Дұрыс | Білім беру бағыты | Сапала жұмыс |
| 3 | 29.10.2024 20:11:48 | Тындай билу,сойлей билу | Биреудей | Кызыкитырак тусиндиру керек | Билмим | Окушыга жаксы карым каты |
| 4 | 29.10.2024 20:12:50 | өз мамандығын жетік менгеруге көмеі | мұғалім оқытса, студент сол оқыған білімді ал | Оқушылар мен мұғалім арасындағы білім бер | Оқыту мен білім беру | Жан жақты болу, тәрбие беру |
| 5 | 29.10.2024 20:16:04 | Керемет | Ерекшелігі көп емес | Мұғалімнің оқыту іс-әрекеті – бұл білім алушы | Балалармен жұмыс жасау | Оқыту,білім беру,ұйымшылд |
| 6 | 29.10.2024 20:20:10 | Керемет | Бар | Ерекше | Керемет | Білікті білімді |
| 7 | 29.10.2024 20:21:48 | Өте дақсы | Өте жақсы сабақ береді | Өте жақсы сабақ ты қамтамасыз ету | Алға жетелейді әсіресе педагогика түсінген ад | Іс қимыл сабақ түсіндіруі |
| 8 | 29.10.2024 20:24:31 | Белсенділік | Иә | Мұғалімнің болашакта маман ретінде аткарат | Жаһандану зерттеу іздену | Креативті |
| 9 | 29.10.2024 20:24:34 | Берілген тапсырманы орындау | Ерекшелігі бар Оқу іс әрекеті оқушы оқуы оқы | Сапалы білім беру | Жан-жанқы білім беру | Шеберлік ,өнер, іздепаздық |
| 10 | 29.10.2024 20:25:16 | . | . | . | . | . |
| 11 | 29.10.2024 20:28:48 | Білім алу | Оқу бұл білім алу ал оқыту бұл білім беру | Бұл оқушыға дұрыс білім беру | Білім алушыға дұрыс білім беру | Тәрбиелеу іс әрекеті,оқыту іс |
| 12 | 29.10.2024 20:30:15 | Білім алу | Білім алу және білім беру | Оқушыға дұрыс білім беру | Тұлғаны дамыту қалыптасыру | Тәрбиелеу іс әрекеті,оқыту іс |
| 13 | 29.10.2024 20:30:41 | Олар тереңнен білім алып өздерін жоғ | Оқу-ол өзінің кушімен оқу Оқыту -ол басқа ада | Дұрыс бағыт бағдар көрсету Алдыға қойған м | Бұл көптеген ұғымға ие.Өйткені педагогика та | Оқытушыға дұрыс бағыт бағ |
| 14 | 29.10.2024 20:31:39 | Оқу | Ерекшеліктер көп | Балаларға білім беру | Болашақты тәрбиелеу | Білім беру, тәрбиелу |
| 15 | 29.10.2024 20:40:08 | Тартыпты | Бар | Тәрбийе | Мінез құлық | Мейрімділік |
| 16 | 29.10.2024 20:45:16 | Бұл оларлың білім алуға тұлғалық дам | Еркешеліктері бар екеуі екі түрлі | Мұғалім оқушыларға сабақ беру іс әрекеті | Бұл білім беру процесін ұйымдастыру | Оқушыларды оқыту тәрбиел |

Сурет 5 - Google кесте бойынша сауалнамалардың жауаптары



Мотивтер *

| Мотивтер | Орын |
|---|---|
| Пәнді оқытуға немесе оқытушыға қызығушылық | |
| Болашақ кәсіп үшін ұйымдастырушылық бойынша білімнің «маңыздылығы» | |
| Педагогикалық ұйымдастырушылық іскерліктері бойынша дайындықтың мәні | |
| Көп білім алуға, дүниетанымын кеңейтуге, жалпы мәдени деңгейді арттыру ниеті | |
| Емтихан немесе сынақ тапсыру, нашар баға алу үрейі және онымен байланысты жағымсыз салдарлар | |
| Тағы не? | |

| | 1 | 2 | Столбец 3 | 4 | Столбец 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Пәнді оқ... | | | | | | | |
| Болашақ ... | | | | | | | |
| Педагоги... | | | | | | | |
| Көп білім ... | | | | | | | |
| Емтихан н... | | | | | | | |

Сурет 6 - Google кесте бойынша сауалнамалардың жауаптары

2-курс және 3-курс білім алушыларына ұсынылған анкета сұрақтарына берілген жауаптарды талдау төмендегідей қорытынды жасауға негіз болды, яғни білім алушылар:

- оқушылардың оқу іс-әрекетін жалпылық сипатта баяндайды, толық мәнді және нақты жауап бере алмайды;

- «оқу іс-әрекеті» мен «оқыту іс-әрекеті» ұғымдарының мазмұндық ерекшеліктерін толық мәнді ажырата алмайды. Оқыту іс-әрекеті оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталатынын және оқу іс-әрекеті оқушы тарапынан дербес жүзеге асырылатынын, оның негізі мотивация болатындығын сипаттай алмайды;

- мұғалімнің оқыту іс-әрекеті оқыту мақсаты мен нәтижесіне бағытталған іс-әрекеттер бірлігі және оның оқыту кезеңдері арқылы жүзеге асырылатынын, оны оқытуға дейін жобалаумен байланыстылығын толық мәнді түсіндіре алмайды;

- «педагогикалық іс-әрекет» ұғымы оқыту, тәрбиелеу және дамыту іс-әрекеттерінен тұратынын сипаттауы әлсіз;

- мұғалімнің педагогикалық іс-әрекет түрлерін, оның функцияларымен шатастыруы орын алады;

- «мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігі», «мұғалімнің оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігі» ұғымдарын толық мәнді түсіндіре алмайды;

- мұғалімнің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігін жүзеге асыру кезеңдерін толық көрсете алмайды;

- оқытуды жүзеге асырудағы мұғалімнің құрастырушылық (конструкторлық) әрекетін басқа іскерліктермен шатастырады;

- оқушылардың оқу іс-әрекетін жүзеге асырудағы ұйымдастырушылық іс-әрекетінің мазмұнын ашып көрсетуі төмен;

- оқыту үдерісіндегі мұғалімнің рефлексивті-талдау іс-әрекетінің мазмұнын сипаттау толық мәнді емес (сурет 7).




Сурет 7

Эксперимент жұмыстары үшін Оңтүстік өңірінің 3 ЖОО таңдап алынды. Олардың материалдық базасы мен оқу орнының әлеуеті деңгейлес болу жағы назарға алынды.

Алдыңғы тақырыптар (3.1 тақырып) баяндалғандай, зерттеу жұмысы бойынша болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің қалыптасқандығын айқындау мақсатында 2019-2020 оқу жылында (және 2019 жылдың соңына дейін) анықтау эксперименті жүргізілді. Оның нәтижелері біздің алған деңгейлер бойынша төмен болды (кесте 10).

Кесте 10 - Анықтау экспериментіндегі болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігі деңгейінің көрсеткіштері (%)

| Деңгейлері | Бақылау тобы – 81 | Эксперимент тобы - 82 |
|---|---|---|
| Жоғары | - | - |
| Орта | 32,1 (26) | 32,9(27) |
| Төмен | 67,9 (55) | 67,1 (55) |

Қалыптастыру экспериментін жүзеге асыру мақсатында біз 2019-2020 оқу жылынан бастап Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, М.Әуезов атындағы ОҚУ және ОҚМПУ-інің Биология, Физика білім беру бағдарламалары (мамандықтары) бойынша Педагогикалық пәндер оқытатын кафедра мен Әдістемелік пәндерді оқытатын кафедралардың оқытушылары жүзеге асыратын психологиялық-педагогикалық, әдістемелік цикл пәндерінің оқу бағдарламаларын оқып үйренуді жүзеге асырдық [247-252].

Сонымен қатар, біз 2003-2020 жылдар аралығында педагогикалық пәндер бойынша оқулықтарға талдау жүргіздік [253-259].

Жалпы оқу және оқу-әдістемелік құралдарда мұғалімді - өз пәні саласындағы кәсіби маманы етіп қалыптастыруға бағытталғанын атап өткен жөн. «...Пәнді жетік білу ғана оқушылардың білімге деген қызығушылығын, мұғалімге және оның талаптарына деген құрмет сезімін оята алады» (Т.А. Ильина). Сонымен бірге, «...мұғалім өз жұмысының табиғаты бойынша ұйымдастырушы болуы керек, ол үшін оған бастамашыл, ұйымдастыру іскерлігі, сергектік және т.б. қажет» деп атап көрсетілді. Жоғары оқу орындарына жүктелген міндеттердің бірі болашақ мұғалімдерді сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда педагогикалық үдерісті жоспарлау жөніндегі білімдермен, мектепте оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру әдістерімен, оның мамандығы бойынша практикалық іскерліктермен және дағдылармен қаруландыруды қамтамасыз ету болып табылады.

ОҚМПУ-де 6B01 – Педагогикалық ғылымдар білім беру саласында 6B01505 – Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасында білім алатын білім алушылардың оқу жоспарында біз зерделеп отырған педагогикалық пәндерден Әлеуметтік-саясаттанау біліміне қатысты Психология курсына 2-семестерде 60 сағат, 4-семестрде «Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі» курсына 150 сағат бөлінгендігін, «Мектепте оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдері» пәніне 150 сағат бөлінгенін көруге болады. 5-семестрде «Биологияны оқыту-1» курсына 120 сағат, «Биологияны оқыту және оқыту тәсілдері» курсына 90 сағат, «Оқыту принциптері мен әдістері» курсына 120 сағат, «Биологияны оқытудағы мектептен тыс оқу ортасы» курсы 120 сағат, «Биологияны оқыту әдістемесі» курсына 180 сағат, «Биология пәнін қашықтан оқыту әдістемесі» пәніне 180 сағат, «Инновациялық технологиялар және мектепте оқыту үдерісін ұйымдастыру» курсына 180 сағат, «Педагогикалық шеберлік» курсына 180 сағат бөлінген. 6-семестрде «Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогикалық технологиялар» курсына 150 сағат, «Ғылыми-зерттеу әдістері және академиялық хат» курсына 180 сағат бөлінген.

Аталған университеттің Физика білім беру бағдарламасы бойынша да биология мамандығы сияқты Әлеуметтік-саясаттанау біліміне қатысты Психология курсына 2-семестерде 30 сағат берілген. 4-семестрде «Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі» курсына 150 сағат бөлінген.

М.Әуезов атындағы ОҚУ «Биология» білім беру бағдарламасында: 1-курс 1-семестрде «Заманауи педагогика» курсына 120 сағат, 4-семестрде «Жалпы және жас ерекшеліктері психологиясы» курсына 90 сағат, 3-семестрде «Тәрбие

жұмысының теориясы мен әдістемесі» курсына 90 сағат, 5-семестрде «Инклюзивті білім беру» курсына 120 сағат, сонымен қатар «Педагогика» және «Биологияны оқыту әдістемесі» пәндерін зерделеу 2 және 3-курстарда қарастырылған.

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-де Физика және Биология білім беру бағдарламасында оқитын студенттер де жоғарыдағы аталған университет студенттерінің оқитын модульдерді (пәндерді) зерделейтінін талдау барысында анықтадық. Олардың қатарында, «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Педагогика», «Бағалаудың өлшемдік технологиялары», сондай-ақ, пәнді (физиканы, биологияны) оқыту әдістемесі курстары бар.

Елімізде педагогика ғылымында болып жатқан өзгерістерге байланысты болашақ мұғалімдерді ЖОО-да жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, олардың оқу орны қабырғасында кәсіби өсуіне көп көңіл бөлінуде. Оқу-тәрбие үдерісі тұтас педагогикалық үдерістің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Педагогикалық үдерісті құру технологияларына, оның ішінде оқыту іс-әрекетіне әр түрлі педагогикалық технологияларды қолдануға басымдық берілуде, осыған байланысты осы құрылымдарды ұйымдастырудың негізі ретінде ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру қажеттілігі туындады. Жоғары оқу орындарында «Педагогикалық технологиялар», «Психологиялық-педагогикалық практикум», «Педагогикалық шеберлік» сияқты жаңа пәндер пайда болды, жаңартылған білім беру мазмұны жағдайына сәйкес әдістеме пәндерінің мазмұнына бақылау мен бағалауға қатысты тақырыптар енгізілді немесе жаңа оқу курстары ашылды.

Аталған ЖОО мамандықтардың 2019-2021 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларындағы психологиялық-педагогикалық циклдің модульдеріне (пәндеріне) талдау үшін келесі курстар назарға алынды, олар: «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Педагогика», «Бағалаудың өлшемдің технологиялары», «Педагогикалық технологиялар» (Заманауи педагогикалық технологиялар), т.б., сонымен қатар таңдау курстары.

Аталған пәндердің кейбірінің оқу бағдарламаларын талдауға тоқталайық. «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» курсын студенттер 1-курста 1-семестрде оқиды. Аталған курстың шеңберінде келесі тақырыптар қарастырылады: «Мұғалім педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде», «Мұғалім тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру», «Педагогикалық қызметтің негізгі түрлері», «Мұғалімнің педагогикалық іскерлігінің негіздері мен мәні», т.б.

Студенттер бұл курстың дәрістерінде теориялық білім негіздерін келесі түсініктер бойынша алады: «белсенділік», «педагогикалық іс-әрекет», «оқыту іс-әрекеті», «оқу іс-әрекеті», «тәрбие қызметі», «мұғалімнің педагогикалық іскерліктері» (оның ішінде «ұйымдастырушылық іс-әрекет») және т.б. Семинар сабақтарында студенттер алған білімдерін іс жүзінде бекітеді, нақты ұйымдастырушылық іскерліктерін топта қолдануды үйрене бастайды.

Болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекеттерін ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастырудағы пәннің бірі немесе теориялық курстың негізгісі «Педагогика» курсы болып табылады. Аталған курстың мазмұны бойынша оқыту іс-әрекетінің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру бойынша

білім алушылар төмендегідей тақырыптарды дәрісте, семинарда немесе студенттің өзіндік жұмыстары барысында зерделейді [260]: «Педагогика жүйе құраушылары туралы ұғым», «Педагогикалық үдерістің мәні», «Оқыту педагогикалық үдерісті ұйымдастыру тәсілі ретінде», «Оқыту функциясы», «Оқытудың әдіснамалық негіздері», «Оқыту үдерісіндегі мұғалім мен оқушының іс-әрекеті», «Оқу үдерісінің логикасы мен меңгеру үдерісінің құрылымы», «Оқыту түрлері мен олардың сипаттамалары», «Оқыту заңдылықтары», «Оқыту принциптері», «Білім беру (Оқыту) мазмұны», «Оқытуды ұйымдастыру формалары мен жүйесі», «Оқытуды ұйымдастыру формаларының заманауи түрлері», «Оқыту әдістері», «Дидактикалық құралдар», «Оқыту үдерісіндегі бақылау», т.б.

Жалпы осы тақырыптардың ішінде «Оқыту үдерісіндегі мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеттері» тақырыбында оқыту үдерісін басқарудың, ұйымдастырудың негізгі кезеңдерін теориялық тұрғыдан қарастырады, олар: жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу (ынталандыру), нәтижелерді бақылау, бағалау және талдау.

Жалпы педагогикалық курстарда білім алушылардың оқыту іс-әрекеті бойынша теориялық білімдері жеткілікті болуы керек. Десек те, олардың оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша іскерліктерінің төмен болуы педагогикалық тапсырмалардың мазмұны мен деңгейінің сәйкес болмауы деп қарастыруға болады.

ЖОО педагогикалық мамандықтар бойынша білім алушылар 3-курстың 1-семестрінде (яғни, 5-семестрде және 6-семестрде) әдістемелік пәндерді зерделей бастайды. Біздер зерттеуге алған «Физика», «Биология» білім беру бағдарламаларындағы оқыту мазмұнын, оның ішінде «Пәнді оқыту әдістемесі» (физиканы, биологияны) пәнінің оқу-әдістемелік кешендерін талдау жүзеге асырылды.

Мұғалімге жүктелген міндеттерді сәтті орындау қазіргі заманғы жағдайларға сәйкес келетін болашақ мұғалімдердің сапалы дайындығына байланысты. ЖОО білім беру бағдарламасында болашақ мұғалімді кәсіби іс-әрекетке дайындығын бағалау мақсатында критерийлер белгіленеді, олардың ішінде негізгісі оқу-тәрбие, ғылыми, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады.

ЖОО болашақ мұғалімдерді даярлауда олардың қалыптастырылған дайындық деңгейін бағалаудың диагностикалық аппаратын әзірлеу, психологиялық-педагогикалық білімдердің, іскерліктер мен сапалық қасиеттердің (құзыреттіліктің) мәні мен мазмұнын анықтау үшін педагогикалық зерттеулер жүргізіледі. Педагог-ғалымдардың пікірінше [261], зерттеп отырған құзыреттілікті, даярлықты диагностикалау үшін кәсіби және жеке ұйымдастырушылық критерийлерді бағалау қажет. Осы мақсатта іс-әрекеттік жағдайлар әдісін қолдана отырып, ұйымдастырушылық іскерлікті жүзеге асыру әдістемесі әзірленеді, онда аталған іскерліктің қалыптастырылуын анықтайтын критерийлер мен көрсеткіштер және әрбір критерийді жеке бағалауға мүмкіндік беретін диагностикалық аппарат және оның болашақ мұғалімдердің

ұйымдастырушылық іскерліктерінің тұтастай қалыптасуының деңгейі айқындалады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби ұйымдастырушылық іскерліктерін бағалау кезінде ұйымдастырушылық шешім қабылдау мен оны жүзеге асыру үдерісінің мазмұны және оның мәні туралы білімнің болуы, беріктігі мен тереңдігі, болашақ мұғалімдерлердің оларды лауазымдық міндеттерін орындау кезінде қолдана білуі белгіленеді.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру үдерісін эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдерінде алынған ұйымдастырушылық іскерліктердің көрсеткіштері мен деңгейлерін салыстыру негізінде бағалауға болады. Индикатор бойынша С.И. Ожегов «бір нәрсенің дамуы немесе барысы туралы айтуға болатын деректерді» түсінеді [262].Зерттеу жұмысымызға сәйкес болашақ мұғалімдердің ұйымдасттырушылық іскерліктерінің анықталған критерийлерінің (2.3-ке байланысты) әрқайсысы қандай көрсеткіштермен сипатталатынын анықтайық.

Мотивациялық критерий білім алушылардың ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру мақсаттарын түсінуімен оң бағасын көрсетеді; болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде осы іскерліктерді бөліп көрсету; білім алушылардың ақпараттық қамтамасыз ету және шешім қабылдау дағдыларын дамытудың жеке және әлеуметтік маңыздылығына сенімділігі; ұйымдастырушылық іс-әрекетке құндылық, мүдделі көзқарасқа бағдарлану, яғни болашақ мұғалімдерде ақпараттық-танымдық қажеттіліктердің болуын қарастырады. Бұл критерийдің көрсеткіштері: осы іскерліктерді игеруге мотивінің, танымдық қажеттіліктің болуы.

Мазмұндық критерий - ұйымдастырушылық іс-әрекетті жүзеге асыру кезінде қажетті құралдар мен іс-қимыл әдістері туралы білім жүйесінің болуын қарастырады. Ол тиісті әрекеттердің құралдары мен әдістері туралы білімнің толықтығының және беріктігінің көрсеткіштерімен көрінеді. Толықтығы - қарастырылып отырған үдерістің немесе құбылыстың барлық маңызды белгілерін, жақтарын білу. Беріктік уақыт бойынша білімнің сақталуымен және олардың қажетті жағдайларда қайталануымен сипатталады.

Беріктік, жүйелілік білімді есте сақтаудың нәтижесі болып табылады және [263] өрнекпен есептелетін беріктік коэффициентімен сипатталады. Көп жағдайда төмен деңгей – 0,7 мәнге дейін алу қарастырылады. Орта деңгей – 0,7-ден 0,85 мәнді құраса, жоғары деңгей – 0,85-тен 1,0-ге дейінгі мәнге ие болып табылады.

Ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастырудың іс-әрекеттік критерийі ұйымдастырушылық іскерліктерінің құрылымын құрайтын әрекеттер жиынтығының даму деңгейін көрсетеді. Ол іскерлік түрлерінің дұрыстығы, тасымалдануы және орындалуы көрсеткіштерімен көрінеді.

Іс-әрекет түрлерінің дұрыстығы арнайы өрнек бойынша есептелетін дұрыстық коэффициентімен көрсетіледі. Зерттеушілер (Ю.К. Бабанский [264], В.П. Беспалько [65,с. 190], Д.Қ. Пошаев [265]) біздерге дейін бағалау шкалаларын әзірледі және олар дұрыстықтың үш деңгейін көрсетті, олар:

төмен, орташа, жоғары. Дұрыстық коэффициентінің мәндерінің шекараларын белгіледі. Мәселен, төмен деңгей - 0,7-ге дейін, орта деңгей – 0,7 мен 0,85-ке дейін және 0,85-тен 1,0-ге дейінгі мән жоғары деңгей ретінде анықталды.

Тасымалдау жаңа жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, өзгертілген жағдайларда қалыптасқан іскерліктерді қолдану мүмкіндігін көрсетеді. Қарастырылып отырған іскерліктің орындалу жылдамдығы – бұл қабілеттің құрылымын құрайтын операциялардың орындалу жылдамдығы.

Рефлексивті-бағалау критерийі ұйымдастырушылық іскерлік субъектісінің айқындауы тиіс түрлерге байланысты қарастырылады [266]. Оның ішінде, мұғалім ретінде өзінің ұйымдастырушылық іс-әрекетіндегі кемшіліктеріне сезімталдығымен, сыншылдығымен және әрекетіне жауапкершілігімен, оларды бағалаумен сипатталады.

Бұл критерийдің көрсеткіштері – болашақ мұғалімнің орындаған әрекетін өзін-өзі бағалаудың жеткіліктілігі, жауапкершілікті өз мойнына алу мүмкіндігі.

Білім алушылардың ұйымдастырушылық іскерліктерін зерттеу жұмыстарына сәйкес қалыптастырудың белгіленген өлшемдерінің жүйесі және оларды диагностикалау әдістерін жиынтық кесте түрінде ұсынуға болады [267] (кесте 11).

Кесте 11 - Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің қалыптасуының өлшемдер жүйесі

| Өлшемдері | Олардың көрінуінің көрсеткіштері | Диагностикалау әдістері |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Мотивациялық | Ұйымдастырушылық іскерліктерді, танымдық қажеттіліктерді меңгеру мотивінің болуы | Сауалнама, сұхбат, жеке әңгімелесу, бақылау, социометрия |
| Мазмұндық | Ұйымдастырушылық іскерлікті жүзеге асыру кезінде қажетті құралдар мен іс-қимыл әдістері туралы білімнің толықтығы мен беріктігі | Жеке әңгімелесулер, бақылау, өзін-өзі бағалау карталарын толтыру, мәселені шешу және ақпараттық материалдарды дайындау бойынша жоспарды құрастыру, топтың жұмысын жоспарлауға қатысу. |
| Іс-әрекеттік | Деректерді іздеу (жинау), алу және сақтау; ақпаратты өңдеу (талдау, құрылымдау, жалпылау және т.б.), ақпаратты кодтау (вербалдылық, бейнелік) бойынша іс-әрекеттер жиынтығының дұрыстығы, тасымалдануы, орындалуы; танымдық талапшылдықтың әр түрлі деңгейіндегі міндеттерді шешу (қарапайым ойлау операцияларын қажет ететін, | Ойлау қызметінің негізгі әдістерінің қалыптасу деңгейін, логикалық қабілеттердің даму деңгейін анықтау әдістемелері; күрделі ойлау операцияларын талап ететін тапсырмаларды орындау; практикалық қолдану жөніндегі міндеттер; проблемалық міндеттер; өз бақылауларын (сенсорлық негізде) және өз ойларын (ұтымды негізде) қолдану жөніндегі міндеттер; операцияларды зерттеу әдістерін |

11 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | күрделі ойлау операцияларын қажет ететін, шығармашылық ойлауды қажет ететін мәліметтерді хабарлауды қажет ететін). | қолдануға арналған міндеттер; портфолио рәсімдеу; өзін-өзі бағалау карталарын толтыру; баяндамалар, шығармашылық жобалар, презентациялар ұсыну. |
| Рефлексивті-бағалау | Өзін-өзі көрсетуі, өзінің ішкі әлемін түсіну қабілеті, өзін-өзі бағалаудың жеткіліктілігі, жауапкершілікті өз мойнына алу мүмкіндігі. | Сабақтардағы жауаптарды талдау және өзін-өзі талдау; іс-әрекетті бақылау; сұхбат; социометрия; қарым-қатынас жағдайларын талдау; пікірталастарға қатысу; топта жұмыс істеу; өзін-өзі бағалау карталары. |

Зерттеулерге сәйке түрлі диагностикалау әдістерін қолдану қарастырылады [268]. Сондай зерттеулерге сәйкес төмендегідей сауалнамаларды біздер де басшылыққа алдық. Олар:

- «Менің мұғалімдік мамандығын таңдаған себебім ...» (Қосымша Г);

- «Оқу іс-әрекетінің мотивтері» туралы (Қосымша Г).

Сауалнамаларға берілген жауаптардың әртүрлі болуымен қатар, білім алушылардың кейбірінің мамандықты таңдауға қызығушылығының бұрыннан болғандығын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының тақырыбына сәйкес болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері бойынша даярлығы құраушыларын жетілдіру мақсатында тесттік әдістемелер қолданылды, олар:

- Кәсіби іс-әрекетті мотивациялау (К.Замфир әдістемесі А.А.Реанның жетілдірумен жаңалауы; Қосымша Г);

- Тұлғаның өзін-өзі бағалау тесті (Н.В. Бордовская мен А.Л. Реан әдістемесі; Қосымша Г).

Осындай әдістемелермен болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерге кәсіби мотивациялары мен өздерінің іс-әрекеттерін бағалау мүмкіндіктерін анықтауға болатындығына көз жеткіздік.

Десек те, біздер зерттеп отырған даярлық құраушыларының кейбір аспектілерін негіздеу үшін өзіміздің үлгімізді анықтау қажеттілігі туындады.

Жеке қасиеттер мен қасиеттердің дамуындағы сапалы өзгерістер белгілі бір іскерліктердің қалыптасу деңгейлерінің болуын анықтайды. С.И. Ожеговтың сөздігінде [262,с. 727] деңгей «бір нәрсенің шамасы, дамуы, маңыздылығы» ретінде анықталады. «Деңгей» ұғымы даму үдерісінің диалектикалық сипатын көрсетеді [269], бұл тақырыпты оның қасиеттерінің, байланыстарының, қатынастарының алуан түрлілігін де білуге мүмкіндік береді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде көбінесе үш (Ю.К. Бабанский, А.А. Бобров, И.Я. Лернер, А.В. Усова және т.б.) немесе төрт (В.П. Беспалько, Н.Д. Кучугурова және т.б.) іскерліктердің қалыптасу деңгейлері бөлінеді. Біздің зерттеу жұмысымызда ұйымдастырушылық іскерліктер

қалыптасуының келесі деңгейлері анықталды (2.3 тақырыбында), олар: төмен (минималды), орташа (өнімді), жоғары (шығармашылық). Деңгейлер бір-бірінен күрделі және өзгертілген іскерлік қасиеттерінің ауысуы арқылы ерекшеленеді.

Зерттеуіміздің алдыңғы тақырыптарына сәйкес ұйымдастырушылық іскерліктердің қалыптасу деңгейлері төмендегіше сипатталады.

Төмен (минималды) деңгей. Бұл деңгей болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерді дамыту қажеттілігін түсінудің төмен деңгейімен сипатталады, олардың іс-әрекеттердің себептері, іскерлікті құраушылары туралы түсініктемелері мен танымдық қажеттілігі жоқ. Білім алушылардың іс-әрекеттері көбінесе бейсаналық сипатта болады. Білім алушылар тек жеке операцияларды орындай алады және олардың өзі ретті емес. Операцияларды және жалпы тапсырманы орындаудың төмен жылдамдығы мен дұрыстығының төмендігі байқалады. Белгілі бір жағдайларда игерілген жекелеген операцияларды басқа іс-әрекет түрлеріне тасымалдай алмайды. Білім алушылар өз іс-әрекетін өз бетінше тиімді ұйымдастыра алмайды және тек басқалардың басшылығымен жұмыс істейді. Топта жұмысты ұйымдастыра алмауы, жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілікті өз мойнына алмауы байқалады.

Орташа (өнімді) деңгей. Осы деңгейде білім алушылар үшін ұйымдастырушылық іскерліктердің оқу және алдағы кәсіби қызмет үшін маңыздылығын түсіну тән. Олардың танымдық қажеттілігі, ақпараттық және ұйымдастырушылық іс-әрекетке деген қызығушылығы бар. Бұл деңгейде білім алушылар барлық қажетті операцияларды орындайды, бірақ олардың реттілігі жеткілікті түрде ойластырылмаған және іс-әрекеттің өзі әрқашан саналы бола бермейді. Орташа деңгей жеке операцияларды (жекелеген іскерлік түрлерін) және жалпы тапсырманы орындаудың жеткілікті жылдамдығымен, білімнің толықтығының және беріктігінің жоғары деңгейімен, іс-әрекеттің орташа дұрыстығымен сипатталады. Білім алушылар игерілген ұйымдастырушылық іскерліктерді басқа іс-әрекет түрлеріне аз мөлшерде ғана тасымалдай алады. Білім алушылар ақпараттық қамтамасыз ету және шешім қабылдау жөніндегі іс-әрекетті өз бетінше жоспарлауға және іске асыруға қабілетті, бірақ олардың топ жұмысының нәтижелері үшін жауапкершілікті өз мойнына алу, өз қызметін және басқалардың қызметін сыни тұрғыдан бағалау қабілеті жеткіліксіз дамыған.

Жоғары (шығармашылық) деңгей. Осы деңгейдегі білім алушылар үшін ұйымдастырушылық іскерліктің жеке және әлеуметтік маңыздылығын түсіну тән. Болашақ мамандыққа бағдарлану, ұйымдастырушылық іскерліктерді құзыреттілік пен кәсібилікті арттырудың маңызды элементі ретінде тану орындалады. Білім алушыларға жоғары танымдық қажеттілік тән. Олар ақпараттық іскерліктер мен шешім қабылдау қабілетінің білім беру және дайындықтың арнайы құраушыларын одан әрі дамыту қажеттілігін сезінеді. Бұл деңгейде олар қарастырылып отырған іскерліктердің барлық операцияларын тиімді орындайды, олардың дәйектілігі ұтымды, барлық әрекеттер толығымен саналы орындалады. Бұл деңгейдің сипаттамалары

сонымен қатар іс-әрекеттерді автоматтандыру, жекелеген операциялар мен тапсырмаларды орындаудың жоғары жылдамдығы мен дұрыстығы, әртүрлі іс-әрекеттің кең спектрінде алынған іскерліктерді сәтті қолдану, сонымен қатар білімнің толықтығы мен беріктігінің жоғары деңгейі болып табылады. Білім алушылар ақпараттық қамтамасыз ету және шешім қабылдау бойынша, оның ішінде топта жұмыс істеу кезінде іс-әрекетті дербес ұйымдастырады және тиімді орындайды. Олар өздерін осындай іс-әрекеттің субъектісі ретінде түсініп қана қоймайды, сонымен қатар ұйымдастырушылық іскерлікті жүзеге асыруда өздерін одан әрі дамыту қажеттілігін сезінеді.

Ұйымдастырушылық іскерліктердің қалыптасуының белгіленген критерийлері мен деңгейлері қарастырылып отырған іскерліктерді қалыптастыруға бағытталған білім беру үдерісінің тиімділігі туралы ақпарат алуға ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың ұйымдастырушылық іс-әрекет субъектілерінің қалыптасу динамикасын бақылауға, болашақ мұғалімдерді даярлаудың белгілі бір кезеңінде осы үшін қажетті іскерліктердің қалыптасуын бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеулерге сәйкес көрсеткіштердің әрқайсысын бағалау үшін негізделген сандық және сапалық өлшеуіштерді қолдану ұсынылады [270]. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері критерийі көрсеткіштерінің әрбірін өлшеу үшін бағалау әдісі қолданылады, оның негізіне Н.М. Сперанская, Б.З. Зельдович және М.И. Фаенсон [271] әзірлеген әдіс алынады, ол бейімделу мен сынақтан өткеннен кейін болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің деңгейін бағалауға жарамдылығын растайды.

Ю.К.Васильевтың басшылығымен әзірленген әдістемелік нұсқаулықта болашақ мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекеттегі сапасының көріну дәрежесін бес ұпайлық жүйе бойынша бағалауды көрсетеді, олар:

5 – педагогикалық үдерістің типтік және стандартты емес жағдайында тұрақты көрінеді;

4 – оқу-тәрбие жұмыстарында, әдетте, таныс типтік жағдайларда жиі көрінеді;

3 – сәйкес жағдайда 50% шамасында көрінеді;

2 – кейбір жағдайда, іс-әрекетте анда-санда орын алады;

1 – жалпы орын алмайды, яғни педагогикалық іс-әрекетте мүлдем көрініс таппайды.

Зерттеу жұмысымызға байланысты ұйымдастырушылық іскерліктердің құраушыларының қалыптасуын анықтау үшін төмендегідей құраушылар анықталды, олар: ұйымдастырушылық білім, ұйымдастырушылық іскерлік және эмоционалды-құндылық сала.

Осылардың әрқайсысының қалыптасу деңгейін жеке-жеке анықтау негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау жүзеге асырылады.

Бұлардың ішінде біздің зерттеу жұмысымыз үшін эмоционалды-құндылықтық сала құраушылары үлкен мәнге ие. Біз олардың ішінен әрбір құраушының салмағын анықтау мақсатында төмендегідей коэффициенттерге еселеуді жүзеге асырдық: төмен деңгейді – 1-ге, орта деңгейді – 2-ге, жоғары

деңгейді – 3-ке. Осыдан кейін барып, алынған мәліметтерді тағы да анықталған коэффициентке көбейту жүзеге асырылды, қабылдау (түйсіну) құраушысын – 1-ге, жауап беру құраушысы – 2-ге, құндылықтарды таңдау құраушысы – 3-ке, құндылықтарды қалыптастыру – 4-ке, құндылықтардың әрекеттерде көрінуі – 5-ке. Мұнда әрбір коэффициент құраушылардың мәні мен маңызына және деңгейлерге байланысты орын алады.

Білім алушының:

қабылдауы (түйсінуі):

- оқудың қажеттілігін түйсінуі;

- оқу тобында өзін қоршағандардың пікірлерін мұқият тыңдайды, негізгі факторлардың маңыздылығын түсінетіндігін көрсетеді;

жауап беруі:

- оқытушының берген педагогикалық тапсырмаларды орындауды өз еркімен жүзеге асыруы;

- оқу тобы ішінде туындаған мәселелерді талқылауға қатысуы;

құндылықтарды таңдауы

- алдына мақсат қояуы, бір жетістікке жетуді қалауы;

- өз көзқарасы мен идеалдарын жақтауда жоғары сенім көрсетуі

құндылықтарды қалыптастыруы:

- өзінің әрекеттеріне деген жауапкершілігі;

- өзінің сүйікті мамандығының ерекшеліктерін айқындауға тырысуы;

құндылықтардың әрекеттерде көрінуі:

- оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруда өзіндік әрекетін және дербестік танытуы;

- бірлесе жұмыс жасауға ынта танытады.

Бұл құраушылар, яғни эмоционалды-құндылықтық сала құраушылары негізінен ұйымдастырушылық іскерліктердің екі критерийіне жұмыс жасайды, олар: мотивациялық және рефлексивті-бағалау.

Анықталған ұйымдастырушылық іскерлік құраушысы (эмоционалды-құндылықтық сала) бойынша орта ұпай жинақталған ұпайдың жалпы санының критерийлер қатынасымен анықталады.

Рангілеу шамалары:

| | |
|---|---|
| Жоғары деңгей | - 76-90 ұпай (немесе 7,6-9,0); |
| Орта деңгей: | - 46-75 ұпай (немесе 4,6-7,5); |
| Төмен деңгей: | - 30-45 ұпай (немесе 3,0-4,5). |

30-дан 45-ке дейінгі ұпайлар қосындысында білім алушылардың ұйымдастырушылық іскерліктері эмоционалды-құндылықтық саласының төмен деңгейі байқалады.

46-75 ұпайлық нәтиже білім алушылардың ұйымдастырушылық іскерліктерінің эмоционалды-құндылықты сала бойынша деңгейі орташа екенін көрсетеді. Ол әлі де болса құндылық бағдарлардың жоғары деңгейін меңгеруге дайын еместігін айқындайды.

76-дан 90-ға дейінгі ұпайлар білім алушылардың ұйымдастырушылық іс-әрекетінің эмоционалды-құндылықты салаға деген қажеттілігін көрсетеді. Ол бастамашыл, шешім қабылдауда тәуелсіз, өз пікірін қорғай алады және

қарамағындағылардан қабылданған шешімдерді іске асыруға қол жеткізе алады, қиын жағдайларда тез бағдарланады, жаңа ұжымда өзін еркін және сенімді ұстайды.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің келесі құраушыларының бірі – ұйымдастырушылық білім. Ол туралы алдыңғы тақырыптарда баяндалған болатын.

Ұйымдастырушылық іскерліктің келесі бір құраушылары оларды түзетін іскерліктер жүйесі, олар:

1. Аналитикалық (талдау). Біздің жағдайымыз үшін бұның өзі 7 құраушы әрекеттен тұратыны анықталды, олар:

- қалыптасқан педагогикалық жағдаятты, проблеманы талдай білуі;
- оқыту іс-әрекетін тұтас немесе оның элементтерін талдауы және бағалауы, оны жетілдіру жолдарын іздей білуі;
- жұмысты қорытындылай білу;
- оқыту іс-әрекетінің тиімділігін талдай білу;
- өз іс-әрекетін талдай және бағалай білу;
- оқушылармен бірлескен талдау жасай білу;
- орын алған, туындаған қиындықтарды талдау және қорытынды шығару.

2. Жобалау (құрастырушылық). Біздің жағдайымыз үшін оның өзі 9 құраушы әрекеттен тұратыны белгіленді, олар:

- оқытудың нақты мақсаттарын тұжырымдау;
- қойылған мақсаттарға байланысты міндеттерді бөліп көрсету;
- оқыту іс-әрекетін жоспарлау, құрастыру;
- оқу пәні бойынша конспекті әзірлеу (пән сабақтарының оқу материалдарының мазмұнын оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес анықтау және құрастыру);
- оқу жұмыстары үшін ғылыми-техникалық және басқа да ақпараттарды іріктеу және оларды дидактикалық тұрғыдан қайта өңдеу;
- пән сабақтарының бағыттылығын қамтамасыз ететін ұйымдастыру формалары мен әдістерін жоспарлау және пайдалану;
- оқушылардың интеллектуалдық әрекеттері құрылымын жоспарлау;
- пән сабақтарына сәйкес оқу тапсырмаларын анықтау және құрастыру;
- оқыту іс-әрекетінің нақты нәтижесін және алынған шешімдердің салдарын болжау.

3. Коммуникативтік (қарым-қатынас). Біздің зерттеуіміз бойынша ол 5 құраушы әрекеттен тұратыны жоспарланды, олар:

- оқушылармен дұрыс, өзара қарым-қатынас орнату;
- өзара байланысты перцептивтік, интерактивті және нақты қарым-қатынас іскерліктерін жүзеге асыру;
- оқыту әдістері мен тәсілдерін меңгеру;
- практикалық жұмыс тәсілдерін көрсету;
- оқу материалдарын тарқата түсіндіру.

4. Жұмылдыру. Біздің зерттеу жұмысымыз үшін іскерліктің 7 құраушы әрекет түрі белгіленді, олар:

- оқушылардың баяндауын, іс-әрекетін ұйымдастыру;

- әртүрлі оқу жұмыстарына оқушыларды қатыстыру;

- оқушылардың қол жеткізген нәтижелерін есепке алу және оны бағалауға оқушыларды жүйелі қатыстыру;

- шығармашылық белсенділікті көрсете білу, идеяларды, ұсыныстарды алға жылжытуда, практикалық міндеттерді шешуде жігерлі болу, талапшыл әрекет ету;

- оқушылармен қарым-қатынас орната алу;

- қиын жағдайларда оқушылардың оқу іс-әрекеттерін бақылау;

- тапсырманы орындау жолдарын табу.

5. Дамытушылық. Бұл өз кезегінде ірілендірілген 2 құраушы әрекетке топтастырылды және түсінікті болуы үшін олардың элементтерін ажыратуға болады, олар:

- оқушылардың танымдық үдерістерін, сезімдерін, ерік-жігері мен жеке ерекшеліктерін дамыту үшін проблемалық жағдаяттар (мәселе әзірлеу) мен шарттар жасау;

- танымдық дербестік пен шығармашылық ойлауды, логикалық және функционалдық қатынастарды орнату қажеттіліктерін ынталандыру.

6. Бағдарлаушылық. Бұл 2 негізгі құраушы әрекеттен тұрады деп белгіленді, олар:

- оқу іс-әрекетіне тұрақты қызығушылықты ояту;

- оқушы танымдық әрекетін дамытуға бағытталған бірлескен шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру.

7. Рефлексивтік. Іскерліктің аталған құраушысы 3 негізгі әрекеттен тұратыны анықталды, олар:

- өзіне қатысты бақылау-бағалауды жүзеге асыруы;

- меңгерілген білімге, орындаған іс-әрекетіне, оқыту нәтижелеріне талдау жүргізуі және өзіндік баға беруі;

- мақсатқа сәйкес нәтижеге қол жеткізудегі іс-әрекетін бағалауы.

Көріп тұрғандай, ұйымдастырушылық іскерліктің рефлексивті құраушы әрекеті негізінен рефлексивті-бағалау критерийінің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететіні анықталған.

Ұйымдастырушылық іскерліктің құраушыларын (іскерлік түрлері бойынша) деңгейлерге сәйкес белгіленген коэффициенттерге көбейту арқылы, олардың ара салмағын ажырату жүзеге асырылады. Ол төмен деңгейді – 1-ге, орта деңгейді – 2-ге, жоғары деңгейді – 3-ке еселеу арқылы орындалады.

Алынған нәтижелерді өңдеу, орта арифметикалық мән (ұпай) - жинақталған ұпайдың жалпы санының деңгейлер санына бөлумен анықталады.

Олардың орта арифметикалық шамалары төмендегідей етіп анықталды:

Төмен деңгейге – 1-1,5 (35-52) ұпай;

Орта – 1,6-2,4 (53-87) ұпай;

Жоғары – 2,5-3,0 (88-105) ұпай;

Егер әрекетті орындау нәтижесінде ұпайлардың жалпы саны 35-тен аз болса, бұл білім алушының барлық факторларды талдауды үйренуі керек, ол бөгде адамдардан көмек алуға үміттенеді, өзі қабылдаған шешім үшін жауапкершіліктен қорқады, бірақ сонымен бірге оның мықты білімі,

іскерліктері мен дағдылары болуы мүмкін деген қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайлар оның шешімсіздігін көрсетеді.

35-тен 52-ге дейінгі ұпаймен білім алушы ұйымдастырушылық шешім қабылдауға мұқият қарайды деп айтуға болады. Ол тез және батыл ұйымдастырушылық шешім қабылдай алады, бірақ үлкен уақыт шегінде балама нұсқалар болған кезде оңтайлы шешімді таңдауда ауытқуларды көрсете алады.

Егер білім алушы ұйымдастыру іскерлігін шешуші болса, онда ол жинаған ұпайлардың жалпы саны 53-тен 87-ге дейін жетеді. Оның оқу кезеңінде алған білімі, іскерліктері мен дағдылары оған тез және қисынды ұйымдастырушылық іскерліктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, ал олардың көпшілігі дұрыс болады. Ол басқалардың кеңестерін қабылдай алады, бірақ өзіне көбірек сүйенеді.

88-ден 105-ге дейінгі ұпайлардың жалпы саны білім алушылардың тым ұйымдастырушылық іскерліктері құраушыларының шешуші екенін, өзін барлық мәселелерде маман ретінде көретінін, басқалардың пікіріне немқұрайлы қарайтынын, жеке-жеке шешім қабылдай алатынын көрсетеді.

Білім алушыларда өзін-өзі бағалау деңгейін өлшеу біз әзірлеген бағалау әдістемесін пайдалана отырып жүргізіледі, ол білім алушылардың өзін-өзі бағалау сауалнамасын ұйымдастырушылық іскерліктердің қалыптасуын, бағалау шкаласын, зерттеу жүргізу тәртібі мен шарттарын қамтиды.

Білім алушылардың ұйымдастырушылық іскерлігінің қалыптасу деңгейін дұрыс диагностикалау және зерттеудің тазалығы үшін барлық білім алушылар тапсырмалармен оқытушы анықтаған ретпен және қатаң бөлінген уақытта жұмыс істейді. Білім алушылардың жауаптарының шынайылығына ерекше назар аударылады. Алдыңғы тақырыптарда қарастырылған теориялық қағидалар мен әдістемелік жұмыстар бойынша нәтижелердің дәйектілігі келесі тақырыбында қарастырылатын болады.

### 3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелері

Зерттеудің екінші тарауында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру проблемасының теориялық аспектілері қарастырылды, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы педагогикалық тапсырмаларды орындаудың дидактикалық құрылымдары (оның ішінде оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы педагогикалық тапсырмаларды орындау схемасы) анықталды және белгіленді, қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді.

Бұл тақырыпта теориялық мағлұматтарға сәйкес тәжірибелік-экпериментттік жұмысты жүзеге асыру қарастырылады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсатына сәйкес ЖОО-да болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық даярлық құрылымында оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар арқылы қалыптастыру әдістемесі (жолдарын, алгоритмін, схемасын, әдістері мен формаларын) сынақтан өткізілді.

Педагогикалық экспериментті жүргізу А.В. Косов, В.Ю. Питюков, И.И. Риданова, В.А. Рудакова, Б.С. Омаров және т.б. әзірлеген жалпы әдістемеге сәйкес келеді және өзіне тән белгілерге сәйкес жүзеге асырылды, яғни мақсат пен болжамды ескере отырып, эксперименттік топтардың іс-әрекетіне әдейі өзгерістер енгізілді [272].

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру проблемасының жай-күйін зерттеу бойынша эксперименттік жұмыс жүргізу үшін біз педагогикалық тапсырмаларды қолдандық. Экспериментке жоғарыда айтып өткендей Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, М.Әуезов атындағы ОҚУ, ОҚМПУ студенттері қатысты. Экспериментке барлығы 163 студент қамтылды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс студенттердің жалпы педагогикалық даярлықтан өту үдерісінде жүзеге асырылды, оған студенттердің психологиялық-педагогикалық, әдістемелік пәндері мен педагогикалық практикасы және педагог-оқытушылардың оқу жұмысы бойынша семинарлар ұйымдастыруы мен өткізуі қарастырылды.

Эксперименттік жұмыс үш кезеңде жүргізілді:

1. Анықтаушы (2019-2020жж). Бұл кезеңде әрбір курс бойынша білім алушылардың оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерінің бастапқы базалық деңгейі анықталды. Сондай-ақ, одан әрі жұмыс істеу үшін бақылау және эксперименттік топтарды анықтау үшін екінші курста алғашқы қима жасалды.

2. Қалыптастырушы (2020-2021жж.). Бұл кезеңнің мақсаты педагогикалық тапсырмалар арқылы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру әдістемесін (жолдарын, алгоритмін, схемасын, әдістерін, формаларын) сынақтан өткізу болды.

3. Талдап қорытындылаушы (2021-2022жж.). Бұл кезеңде педагогикалық эксперименттің нәтижелерін өңдеу, талдау, жалпылау және қорытындылар мен ұсыныстар жасалды.

Осылайша, осы диссертацияның үшінші тарауы зерттеудің жоғарыда аталған кезеңдерін практикалық тұрғыдан сипаттауға арналады. Анықтаушы экспериментке ерекше назар аударылды, өйткені экспериментте алынған нәтижелердің сенімділігі көбінесе бастапқы деректердің сапасымен анықталатыны белгілі.

Болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерінің құрылымын талдау оның нәтижелерін (2.3 тақырыбында белгіленген) келесі деңгейлермен анықтауға мүмкіндік берді: төмен, орта, жоғары. Біздің зерттеуімізде келесі диагностикалық әдістер қолданылды: сараптамалық бағалау әдісі, ұйымдастырушылық іскерліктердің қалыптасуын анықтау әдістемесі, сонымен қатар педагогикалық дайындықты өзіндік бағалауы.

Сараптамалық бағалау әдісін қолдана отырып, ұйымдастырушылық іскерліктердің қалыптасу деңгейін анықтау процедурасы М.Ю. Забияко, С.В. Иванова, т.б. зерттеуші педагогтердің ғылыми жұмыстарына сәйкес жүзеге асырылды. Әрі қарай олар маңыздылық дәрежесі бойынша ұйымдастырылды. Нәтижелер бойынша оқыту іс-әрекетінің құрылымындағы әрбір іскерліктің маңыздылығы назарға алынды. Бұл әдістің мәні: жеке тұлғаны топтық бағалау -

бұл адамның еңбек, қарым-қатынас және таным субъектісі ретіндегі қоғамдық пікірінің көрінісі.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің қалыптасқан деңгейін жалпы бағалау маңыздылық коэффициентіне көбейтілген нақты іскерліктер бойынша орташа бағалардан құралды.

Анықтаушы эксперимент кезеңінде болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие үдерісінің жағдайы зерттелді. Бұл мәселе келесі бағытта шешілді:

- психологиялық-педагогикалық пәндер кафедрасының оқытушылары жүзеге асыратын психологиялық-педагогикалық цикл пәндерінің мемлекеттік стандарттарын, оқу бағдарламаларын зерделеу;

- педагогикалық практиканың оқу бағдарламаларын зерделеу, сондай-ақ студенттердің практикадан өту үдерісіне тікелей бақылау;

- 2-4 курс студенттерінің (биология, физика мамандығы) оқу-әдістемелік кешендерін, сәйкес пәндер бағдарламасын зерделеу және түзету (3.2 тақырыпта қарастырылды).

Зерттеу жұмысының 3.2 тақырыбында «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Педагогика» пәндерінің мазмұны талданған болатын. «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» курсын университеттің педагогикалық мамандық студенттері I курста оқиды (Силлабустан тақырыптары).

Біздің зерттеу жұмысымыз үшін «Педагогика» курсының маңыздылығы жоғары. Аталған курсты зерделеуде білім алушылар: оқыту мақсаты, мазмұны, әдістері, ұйымдастыру формалары, құралдар, нәтиже, технология, басқару (ұйымдастыру), оқыту нәтижесі туралы педагогикалық жүйе құраушылары бойынша білімдерді меңгереді. Сонымен қатар, оқыту барысында мұғалімнің жеке басымен және олардың педагогикалық іс-әрекеттерінің мазмұнымен танысады. Семинар сабақтарында алған білімін бекітеді. Жоғарыда айтып өткендей педагогикалық тапсырмалардың көп жағдайда сұрақтың, оның ішінде білу деңгейіндегі сұрақтардың қолданылатыны айқындалды. Деңгейлік тапсырмалар шектеулі түрде қолданылады.

Анықтау эксперименті барысында респонденттердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің бастапқы деңгейі анықталды. Осы мақсатта біз респонденттерді бақылау және эксперименттік деп екі топқа бөлдік. Біз таңдаған әдістердің көмегімен: ұйымдастырушылық іскерліктердің құраушылары: ұйымдастырушылық білім, іскерліктер және эмоциональды-құндылықтық сала құраушылары мен студенттердің өзін-өзі бақылауы орын алды.

Дайындықтың мазмұндық компоненті шеңберінде ұйымдастырушылық іс-әрекет туралы білімді игеру деңгейі зерттелді. Іс-әрекеттік компоненттің ішінде: ұйымдастырушылық іскерлікті құраушы іскерліктер тобы зерделенді, оның ішінде аналитикалық, жобалау, коммуникативтік, жұмылдыру, дамытушылық, бағдарлау, рефлексивтік іскерліктері қамтылды. Ұйымдастырушылық іскерліктердің тұтастығын қалыптастыру үшін болашақ физика және биология мұғалімдерінің педагогикалық ұйымдастырушылық тәжірибесі зерделенді.

Эксперименттің аяқталуы педагогикалық практиканың бітуімен байланысты болды. Осы кезеңдерде зерттеуге педагогикалық мамандықтардың 163 студенті, ЖОО-нда студенттердің топтары үшін жетекші пәндер бойынша 24 оқытушы, сондай-ақ базалық мектептердің биология және физика пәні мұғалімдері қатысты. Олардың көмегімен ұйымдастырушының тәжірибесінде көрсетілген және педагогикалық іс-әрекетін анықтайтын ұйымдастырушылық іскерліктер мен құндылық-қатынастар қалыптасты. Әрбір кезеңнің міндеттері болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру әдістемесін (механизмдерін, алгоритмін, схемасын, әдістерін, формаларын) жүзеге асыру болды.

Болашақ мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық қолдау ұйымдастырылды, олардың жеке ерекшеліктері ұйымдастырушылық іскерліктерінің көрсеткіштеріне сәйкес келмейтіні анықталды. Олармен шешім қабылдауда, талап қоюшылықта, коммуникативті саланы дамытуда және т.б. түзету сабақтары өткізілді. Экспериментке қатысатын ЖОО оқытушылары (атап айтқанда жас мамандар) үшін бірлескен семинарларда, дәрістерде студенттердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға кедергі келтіретін мәселелерді шешуге, сондай-ақ оқытушылардың ұйымдастырушылық іскерліктерінің тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық кеңес және әдістемелік жұмыстар ұйымдастырылды (3.2-тақырыбында көрсетілгендей).

Ұйымдастырушылық іскерліктер көрсеткіштеріне: ұйымдастырушылық білімде, іскерлікте, эмоциональдық-құндылықтық салада ұйымдастырушылық іс-әрекет тәжірибесіне қатысты оң өзгерістер таңдалды. Қайта диагностикалау кезінде анықтау кезеңіндегідей әдістер қолданылды. Эксперименттің бақылау және анықтау кезеңдерінде анықталған айырмашылықтардың дұрыстығына көз жеткізілді.

Ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру бойынша әдістемені (алгоритмін, схемасын, әдістерін, формаларды, оқыту техникасы) сынақтан өткізу нәтижелерін талдау тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін енгізуге практикалық ұсыныстар айтуға мүмкіндік берді.

Диагностикалық зерттеу материалдарын жалпылау болашақ биология және физика пәні мұғалімдерінің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың біз белгілеген психологиялық-педагогикалық шарттарының тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың міндеттерін шешу мынадай зерттеу әдістерінің көмегімен жүзеге асырылды: зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерді зерделеу; ЖОО жұмысын жоспарлау, қаланың және т.б. деңгейлердің қоғамдық іс-шараларына қатысу және оның нәтижелілігі бойынша оқу құжаттамасын талдау; зерттеудің психологиялық-педагогикалық әдістерінің кешені: сауалнама, тестілеу, сараптамалық бағалау, өзін-өзі бағалау әдісі; қалыптастырушы эксперимент; сандық көрсеткіштерді жалпылау мен талдаудың статистикалық әдістері.

Отандық ғылыми және ғылыми-әдістемелік және шетелдік әдебиеттерді талдау біздің зерттеуіміздің тақырыбымен байланысты болды. Философия,

педагогикалық, психологиялық пәндер бойынша библиографиялық дереккөздер тестілеу мен сауалнаманың психодиагностикалық деректерін салыстыру және оқыту бағдарламаларын таңдау үшін зерттеу әдістерін анықтауда қолданылды. Диссертациялық зерттеуді дайындау кезінде 243-тен астам әдеби көздер (ББ-ға сәйкес әдебиеттер) зерделенді.

Оқу құжаттамасын зерделеу студенттердің өзіндік танымдық белсенділігін көрсету үшін жағдайларды, сондай-ақ ЖОО-ның білім беру үдерісінде іс-әрекеттік тұғырын және проблемалық-іздеу әдістерін қолдану дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді.

Нақты әдістерді таңдау эксперименттік жұмыстың мақсаттары мен міндеттеріне байланысты болды. Екінші тарауда (2.1-де) берілген болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктері ұғымын анықтау негізінде оның негізгі көрсеткіші - ұйымдастырушылық іс-әрекет көрсеткіштерді орындау үшін жетекші компонент болып табылады, олар:

а) ұйымдастырушылық білім құраушылары;

б) болашақ физика және биология пәні мұғалімдерінің ұйымдастырушылық іскерліктері (аналитикалық, жобалау, коммуникативтік, жұмылдырушылық, дамытушылық, бағдарлаушылық, рефлексивтік іскерліктерден тұратын іскерліктер түрімен нақтыланады).

в) эмоционалдық-құндылықтық сала құраушылары (олардың құрылымы мен мазмұны: білімді меңгеруге және оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруға, мектеп мұғаліміне тән эмоционалдық-құндылықтық құраушылармен ерекшеленеді).Көп жағдайда ұйымдастырушылық іскерлік дегенде мұғалімнің практикалық тұрғыдан ұйымдастырушылық іс-әрекетінің еске түсетіні белгілі. Десек те, жұмыстың теориялық бөлімінде айтылып өткендей іскерлікті қалыптастыру білім мен сапалық қасиетке тән болады. Ал, іс-әрекет ол іскерліктің негізінде қалыптастырылады және жүзеге асырылады.

Оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктері бойынша студенттердің мазмұндық компонентінің даму деңгейі жабық формадағы бақылау тест тапсырмалары жүйесінің көмегімен зерттелді, оған келесі білім құраушылары қамтылды (кесте 12).

Кесте 12 - Ұйымдастырушылық білім құраушылары

| Білім құраушылары | Көрсеткіштері |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Ұйымдастырушылық іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттерін түсінуі | - оқыту іс-әрекетін ұйымдастырудың мақсаты;<br>- оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру міндеттері түсінігі. |
| Жеке тұлға ерекшеліктері білімі | - жеке тұлғаның психологиялық құрылымы және оның жеке басының ерекшеліктері туралы түсінік; |
| Педагогикалық-ұйымдастырушылық іс-әрекеттерді жүзеге асыру әдістері мен формалары туралы білімі | - оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруды жүзеге асыру формалары, түрлері;<br>- оқыту жұмыстарын жүзеге асырудағы әдістер;<br>- оқыту үдерісіндегі оқу әдістері туралы түсініктер; |

12 – кестенің  жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Білім беру үдерісі субъектілерінің өзара іс-әрекетінің ерекшеліктері туралы білім | - мұғалімнің педагогикалық еңбегі;<br>- мұғалімнің оқыту іс-әрекетінің құрылымы;<br>- оқушылардың оқу жұмыстарындағы іс-әрекеті туралы түсініктер. |
| Ұйымдастыру іс-әрекеті үдерісі мен нәтижелеріне қойылатын талаптар жөніндегі түсінігі | - оқыту іс-әрекеті барысына қойылатын талаптар;<br>- оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар туралы білім. |

Диагностикалау барысында алынған нәтижелер студенттердің болашақ физика және биология мұғалімдерінің ерекшеліктерін көрсетті. Б.Блум [273] ұсынған таксономия негізінде ұйымдастырушылық іс-әрекет туралы білімді игеру тереңдігін зерттеу үшін бағалау шкаласы сараланды. Ұйымдастырушылық іс-әрекет туралы білім «білу», «түсіну», «қолдану», «талдау», «бағалау», «жинақтау» деңгейлерінде тексерілді. Аталған деңгейлерге сәйкес мыналарға бағытталған тест тапсырмалары әзірленді: іс-әрекеттерді жүзеге асыру, автоматты түрде көшіру және игерілген стандарттар бойынша жұмыс; педагогикалық ұйымдастырушылық іс-әрекеттің кәсіби және жеке маңыздылығын түсіну; ұйымдастырушылық іскерліктерді жаңа жағдайға тасымалдаудың сәттілігін анықтау; субъектінің педагогикалық ұйымдастырушылық іс-әрекетті жүзеге асыруының тұтастығын бағалау. Тесттік тапсырмалар үш деңгейлі нұсқада ұсынылды: 1 – төмен деңгей - білу деңгейі, 2 – орта деңгей - түсіну деңгейі, 3 – жоғары деңгей - қолдану деңгейі.

Ұйымдастырушылық іскерліктердің жүйелілігі мен тұтастығын зерттеу үшін педагогикалық мамандық студенттерінде педагогикалық ұйымдастырушылық тәжірибенің диагностикасы жүргізілді. Осы мақсатта В.М. Минияров сынағы қолданылды [18,с. 12]. Тест бес сұрақтан тұрады, олардың әрқайсысы физика, биология мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетіне байланысты болды. Студенттерге әр жағдайдың сипаттамасын оқып, олардың көрсетілген әрекеттерді орындаудың реттік нөмірін көрсету ұсынылды (реттілікті анықтау тесті бойынша).

Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің қалыптасуын анықталған жекелеген іскерліктер арқылы қалыптастыру жүзеге асырылды.

Эксперименттің анықтаушы кезеңі негізгі жолдарды анықтауға, педагогикалық ұйымдастырушылық іскерлікті одан әрі қалыптастыру үшін құралдар мен әдістерді таңдауға мүмкіндік берді.

Ұйымдастырушылық іскерліктердің құраушылары рефлексивті және коммуникативті іскерліктерді диагностикалау болашақ мұғалімдердің өзін-өзі бағалауы мен олардың оқушылармен практикадан өткен сыныптарды бағалауы арқылы жүзеге асырылды. Десек те, оларды сынақ сабақтары барысында бағалау алдын ала жүргізілді.

Болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін меңгеруге және оның көрінуіне негіз болатын эмоционалдық-құндылық сала құраушыларын

анықтауда А.Әлімовтің материалдары қолданылды [235,б. 152]. Бұл бағалаудың құраушысы бөлігі ізденуші Н.Шектібаевтың зерттеу жұмысында орынды қолданылған [274].

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру үшін эмоционалды-құндылықтық сала бойынша олардың сапалық қасиеттері қажет, олар жеке тұлғалық және оқу үдерісіне құндылық-қатынастарын көрсетеді. Сол себепті де, бірінші кезекке олардың эмоционалды-құндылықтық сала деңгейлері бойынша шкалаларды төмендегіше анықтадық (қосымша Д, кесте 12): жоғары – 7,6-9,0; орта – 4,6-7,5; төмен - 3,0-4,5 ұпайды құрайды. Осы бойынша алғашқы алынған көрсеткіштер төмендегідей болды (кесте 13).

Кесте 13 - Эмоционалды-құндылықтық сала қатынастарының көріну деңгейі (экспериментке дейін)

| Қалыптастырылу деңгейі | Нәтижелер | |
|---|---|---|
| | ЭТ, % (82) | БТ, % (81) |
| Жоғары | - | - |
| Орта | 51,2 | 49,4 |
| Төмен | 48,8 | 50,6 |

Ұйымдастырушылық іскерліктердің, эмоционалды-құндылықтық құраушы компонентінің қалыптасу деңгейін зерттеудің нәтижелері олардың мағыналарында шамалы айырмашылықтарды көрсетеді. Алынған ұйымдастырушылық іскерліктердің эмоционалды-құндылықтық сала компоненті және жалпы педагогикалық ұйымдастырушылық тәжірибенің қалыптасу деңгейі бойынша эксперименттік пен бақылау топтарын салыстыру олардың бірдеңгейлігін көрсетеді.

Жоғарыда айтып өткендей, оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігінің білімдік құраушыларын анықтау үшін төмендегідей шкала пайдаланылды: төмен деңгей – 1-1,5 ұпай; орта – 1,6-2,4 ұпай; жоғары – 2,5-3,0 ұпай.

Білім алушылардың ұйымдастырушылық білімінің көріну деңгейін кесте 14-тен көруге болады.

Кесте 14 - Ұйымдастырушылық білімнің көрінуінің деңгейі (экспериментке дейін)

| Қалыптастырылу деңгейі | Нәтижелер | |
|---|---|---|
| | ЭТ, % (82) | БТ, % (81) |
| Жоғары | - | - |
| Орта | 15,8 | 14,8 |
| Төмен | 84,2 | 85,2 |

Келесі кезекте ұйымдастырушылық іскерліктің құраушылары айқындалды. Ұйымдастырушылық іскерліктердің әр деңгейіне сапалы талдау (төмен, орта,

жоғары) және оларды бағалау 2.3-тақырыпта берілген, анықталған деңгейлермен жүзеге асырылды.

Егер респондент оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін жүзеге асыруда педагогикалық міндеттерді шешу барысында әр түрлі деңгейдегі жеке шеберлікті көрсетсе, онда шеберліктің 50% - дан астамы көрсетілген деңгейге басымдық беріледі. Егер бұл шамалар тең болса, онда анықталған екі деңгейге бір ұпай қосылады. Деңгейлердің маңыздылығына сәйкес оларды 1, 2, 3 коэффициентіне көбейту жүзеге асырылады (немесе деңгейлерге сәйкес реттілікте ұпай беріледі).

Келесі кезекте ұйымдастырушылық іскерліктердің құраушылары зерделенді. Біздің зерттеуімізде ол ұйымдастырушылық іскерліктер: аналитикалық (талдау), жобалау, коммуникативтік, жұмылдырушылық, дамытушылық, бағдарлау, рефлексивтік іскерліктермен ұсынылды. Іскерліктер компонентінің көрсеткіштері де үш деңгейге бөлінді: төмен, орта, жоғары (Қосымша Е). Алынған нәтижелерді біз 15-кестеде көрсеттік.

Кесте 15 - Ұйымдастырушылық іскерліктің қалыптастырылуы деңгейінің көрсеткіштері

| Ұйымдастырушы-лық іскерлігі | Деңгейлер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Төмен | | Орта | | Жоғары | |
| | ЭТ, % (82) | БТ, % (81) | ЭТ, % (82) | БТ, % (81) | ЭТ, % (82) | БТ, % (81) |
| Аналитикалық | 78,1 | 77,8 | 21,9 | 22,2 | - | - |
| Жобалау | 64,7 | 65,4 | 35,3 | 34,6 | - | - |
| Коммуникативтік | 59,8 | 61,7 | 40,2 | 38,3 | - | - |
| Жұмылдырушылық | 76,8 | 74,1 | 23,2 | 25,9 | - | - |
| Дамытушылық | 73,2 | 74,1 | 26,8 | 25,9 | - | - |
| Бағдарлаушылық | 68,3 | 61,7 | 31,7 | 38,3 | - | - |
| Рефлексивтік | 57,3 | 56,8 | 42,7 | 43,2 | - | - |
| Орта мәні | 68,3 | 67,9 | 31,7 | 32,1 | - | - |

Кестеден ұйымдастырушылық іскерліктер екі деңгейге бөлінгенін көруге болады - төмен және орта. Бірақ бақылау (67,4%) және эксперименттік (68,3%) топтардағы респонденттердің негізгі бөлігі оларда төмен деңгейді көрсетті.

Алынған нәтижелер респонденттердің ұйымдастырушылық мәселелерді шешудегі және оларды берілген алгоритм бойынша орындаудағы әрекеттерінің монотондылығын көрсетеді.

Алынған нәтижелерді талдау эксперименттік топ студенттерінің 57,3%-ы және бақылау тобындағы респонденттердің 56,8% - олардың рефлексивті іскерліктері бойынша пікірлері мен білім алушылардың пікірлерінде айтарлықтай сәйкессіздіктер бар екенін көрсетті; ЭТ респонденттерінің 42,7%-ы және БТ-ның 43,2%-ы студенттердің болашақ физика және биология мұғалімдері туралы түсініктері мен студенттің өзін-өзі бағалауы орта деңгейде байқалады. Бұл жағдайда студенттердің көрсетілген пайызы білім

алушылардың пікірлерін болжауда қиындықтарға әкеледі. Бұл рефлексивті іскерліктердің жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетеді.

Сондай-ақ диагностикалау мен коммуникативтік іскерліктердің төмен мәндерінің анықталуы, В.А. Сластениннің [89,с. 496] логикасына сәйкес олар ұйымдастырушылық іс-әрекетпен және мұғалімнің оқушылармен педагогикалық тұрғыдан тиімді қарым-қатынасын орнатуымен тығыз байланысты. Сонымен, эксперименттік және бақылау топтарында қарым-қатынас стилін зерттеу кезінде формальды іскерлік стиль басым болды. ЭТ студенттерінің 59,8%-ы және 61,7%-ы БТ-да оқушылармен қарым-қатынасы, араласуы белгісіздік жағдайды байқатады. ЭТ респонденттерінің 40,2%-ы және 38,3%-ы - БТ оқушыларға белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығына қарай қарым-қатынас жасауды орнатуға ұмтылыс жасайды.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері бойынша 78,1% ЭТ және 77,8% БТ аналитикалық іскерліктердің қалыптасуының төмен деңгейін көрсетті. Мұндай нәтижелер болашақ мұғалімдерге ұйымдастырушылық міндеттердің мазмұнын талдауда, оларды шешудің тиісті әдістерін іздеуде кеңес беру сипатында көмек жасау қажеттілігін көрсетеді. Респонденттердің аз бөлігі (21,9% ЭТ және 22,2% - БТ) міндеттерді талдауда және оны шешудің жолдарын іздеуде дербестік таныта алады. Алайда, сонымен бірге, ішінара өздерінің жаңа сынақтан өтпеген идеяларын қолдана отырып, олар берілген алгоритм бойынша қатаң әрекет ете біледі. Осындай студенттердің аналитикалық іскерліктерінің қалыптасуы орта деңгейге жатқызылды.

Білім алушыларда аналитикалық іскерлікпен қатар жобалау іскерліктері зерттелді, олардың нәтижелері негізінен төмен деңгейде де көрсетілді. Сонымен, жобалау - ЭТ-да - 64,7%, БТ-да - 65,4%-ы көрсетті. Бұл мақсат пен міндеттерді қою барысында, ұйымдастырушылық іс-әрекеттің мазмұны мен құралдарын таңдау кезінде студенттердің іс-әрекеттері белгілі болжау әдістерін қолдана отырып, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескермей, қатаң түрде үлгі бойынша жүзеге асырылатындығын көрсетеді. Бұл іскерліктер құрылымында сабақ жоспарын әзірлеу және конспектісін дайындау бойынша әрекеттер қамтылады. Олар тек көшіру сипатында болатындығы айқындалып, төмен деңгейді көрсетті.

Ұйымдастырушылық іс-әрекеттер оқушылардың әртүрлі оқу жұмыстарына қатысуын қамтамасыз етуге және оны объектіден оқыту субъектісіне айналдыратын ұжымның іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталғандықтан [89,с. 496], ұйымдастырушылық іскерліктерді зерттеуде жұмылдырушылық, дамытушылық және бағдарлаушылық іскерліктеріне ерекше назар аударылды. Аталған іскерліктерді диагностикалау нәтижелері олардың сипаттамалары бойынша төмен және орта қалыптасу деңгейлеріне сәйкес келді. Осылайша, төмен деңгейде жұмылдырушылық іскерліктері 76,8% ЭТ және 74,1% БТ, бағдарлау іскерліктері 68,3% және 61,7% сәйкесінше, дамытушылық іскерліктері 73,2% ЭТ және 74,1% БТ болды. Осылайша, студенттер оқушылар ұжымын оқу іс-әрекетіне шығармашылықпен ұйымдастыруды респонденттер қатаң түрде үлгі бойынша, мұғалімдердің басшылығымен белгілі іс-әрекет әдістерін қолдана отырып жүзеге асыратыны айқындалды.

Соңында, ұйымдастырушылық іскерліктердің қалыптасуының жүйелілігі мен тұтастығын анықтау мақсатында болашақ физика және биология пәні мұғалімдерінің педагогикалық ұйымдастырушылық тәжірибесі зерттелді. Біз оны диагностикалау нәтижелерін 16-кестеде және диаграммада (сурет 8) көрсеттік.

Кесте 16 - Ұйымдастырушылық іскерліктің қалыптастырылуының деңгейінің орта мәндері (анықтау)

| Қалыптастырылу деңгейлері | Нәтижелер | |
|---|---|---|
| | ЭТ, % (82) | БТ, % (81) |
| Жоғары | - | - |
| Орта | 31,7 | 32,1 |
| Төмен | 68,3 | 67,9 |




Сурет 8 – Бақылау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардың ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру деңгейінің диаграммасы

Бұл 15-кестедегі мәліметтер респонденттердің көпшілігінде төмен деңгейдегі эксперименттік (68,3%) және бақылау (67,9%) топтарында педагогикалық ұйымдастырушылық тәжірибенің көрінісі. Бұл ұйымдастырушылық іс-әрекетті жүзеге асыру кезінде студенттер озық тәжірибені пайдалана алмайтындығын көрсетеді. Олардың әрекеттері оны орындаудың белгілі әдістеріне негізделеді. Респонденттер ұйымдастырушылық міндеттерді шешуге жаңа идеялар енгізбейді.

Эксперименттің анықтаушы кезеңінің соңғы қадамы, біздің теориялық модельге, қалыптастыру әдістемесіне сәйкес, педагогикалық ұйымдастырушылық іскерлікті жүзеге асыруда төмен деңгейдің мүмкіндіктерін сынақтан өткізу болды. Педагогикалық ұйымдастырушылық іс-әрекетті жүзеге

асыру деңгейін зерделеу үшін біз алдыңғы тақырыптарда әзірлеген және ұсынылған, педагогикалық ұйымдастырушылық іс-әрекетті оның көрінуінің әрбір деңгейінде: «рефлексивті → дайындық → жоспарлау → бағдарлау → орындаушылық-рефлексивті → бағалау → түзету» қарастырдық.

Алынған нәтижелерді талдау 31,7% - ЭТ, 32,1% - БТ көрсеткіші орта деңгейді көрсетті. Сонымен, ұйымдастырушылық іс-әрекетті жоғары деңгейде жүзеге асыратын студенттер бақылау және эксперимент топтарында табылмады.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің қалыптасуының нәтижесінде оларда ұйымдастырушылық іс-әрекеттің қалыптасуы жүзеге асырылады. Оны төмендегі кестеден көруге болады (кесте 17). Алынған мәліметтер эксперимент және бақылау топтарындағы білім алушылардың даярлығының шамалас екендігін көрсетеді.

Кесте 17 - Ұйымдастырушылық іс-әрекеттің қалыптастырылуының деңгейі (анықтау эксперименті бойынша)

| Қалыптастырылу деңгейлері | Нәтижелер | | Барлығы |
|---|---|---|---|
| | ЭТ, % ($n_1$=82) | БТ, % ($n_2$=81) | $n_1+n_2=163$ |
| Жоғары | - | - | |
| Орта | 32,9 $Q_{12}=27$ | 32,3 $Q_{22}= 26$ | $Q_{12}+ Q_{22}=53$ |
| Төмен | 67,1 $Q_{11}= 55$ | 67,7 $Q_{21}= 55$ | $Q_{11}+ Q_{21}=110$ |

Пирсонның $\chi^2$ мәні айнымалылардың тәуелсіздігі немесе бақыланатын деректердің теориялық үлестірімдерге сәйкестігі туралы гипотезаны тексеруге арналған.

$$\chi^2 = \sum \frac{(O_i - E_i)^2}{E_i}$$

$\chi$ 2 -хи-квадрат статистикасының мәні,

$O_i$ – теориялық жиілік

$E_i$ - эмпирикаалық жиілік

Алынған нәтижелердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктің әрбір жеке кезеңі бойынша талдауы қарастырылды. Нәтижесінде ұйымдастырушылық білім мен ұйымдастырушылық іскерліктерді орындау деңгейлері арасында тікелей байланыс орнатылды. Соңғысы ұйымдастырушылық іс-әрекетті орындау тиімділігінің детерминанттары болып табылады. Осылайша, респонденттердің көпшілігінде төмен деңгейде рефлексивті және аналитикалық іскерліктердің пайда болуына байланысты біз олардың рефлексивті және рефлексивті бағалау кезеңдерінде ұйымдастырушылық іскерліктің нәтижелерін талдау және қорғау кезінде

қиындықтар туындағанын аңғардық. Талдау үлгілерін, өзіндік баға беруді жүзеге асыруда «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» курсының өзіндік атқаратын орны бар деп болжам жасадық.

Ұйымдастырушылық іскерліктің дайындық кезеңіндегі бағдарлау іскерліктерінің төмен деңгейі болашақ мұғалімдердің тапсырманы игеруі, тапсырмаларды таңдауы және оларды орындауы оқытушылардың нұсқаулары мен тәжірибелеріне сүйене отырып, ұсынылған үлгі бойынша ғана жүзеге асыра алатындығымен сипатталды.

Ұйымдастырушылық іс-әрекеттің құралдары мен шарттарын анықтау, болашақ мұғалімдердің тек тәжірибелі ұйымдастырушының басшылығымен басқарған жоспарлауын біз жобалау іскерліктерінің төмен деңгейімен байланыстырдық.

Ұйымдастырушылық іс-әрекетті нақты орындау: ішкі үйлестіру, ұйымдастырушылармен жұмыс; сыртқы үйлестіру, ұйымдастырушылар арасында тапсырмаларды үлестіру, нұсқау беру, бақылау, тиімділікті талдау, екпінді бөліктерді анықтау әрекеттерін студенттер тек белгілі үлгі бойынша оқытушылармен бірлесіп, солардың басшылығымен жүргізді. Мұның себебі, болашақ мұғалімдердің бағдарлаушылық, жұмылдырушылық және дамытушылық іскерліктері қалыптасуының төмен деңгейінде деп білеміз.

Ұйымдастырушылық іскерліктердің көріну деңгейінің төмен көрсеткіштері оларды жоғары деңгейде қалыптастыру үшін негізгі жолдар мен әдістерді таңдауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық ойлау, тәжірибеден жаңа білім табу, іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін түсіну және дамыту іскерліктері аналитикалық іскерліктер мен ұйымдастырушылық іскерліктердің мазмұндық (яғни білімдік) компонентін дамыту үдерісін белсенді етеді.

Ұйымдастырушылық іскерліктерді жоғары деңгейде меңгеруге негіз болатын эмоционалды-құндылықтық сала құраушылары үлкен мәнге ие (қосымша Д). Бұл мәселе оқу пәндері бойынша болашақ мұғалімдермен жүргізіліп отырды. Оның мазмұны ЖОО студенттердің мамандыққа, оқуға деген бағыттылығымен айқындалады.

Анықтау экспериментінен кейін біздер оқу пәндері бойынша қалыптастыру экспериментін жүзеге асырдық. Олар педагогикалық курстар: «Бағалаудың өлшемдік технологиялары», «Физиканы оқыту әдістемесі», «Биологияны оқыту әдістемесі», «Педагогикалық шеберлік», т.б. пәндерден семинар сабақтарында және СӨЖ, ОБСӨЖ бойынша педагогикалық тапсырмалар біздер ұсынған үлгі бойынша ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, 3 және 4-курста (1-жартысында) педагогикалық практика барысында оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруды жетілдіру үшін тапсырмалар, оның ішінде деңгейлік оқу тапсырмалары берілді.

Біз әзірлеген теориялық ұсынымның тиімділігін бағалау үшін болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерінің барлық көрсеткіштеріне бақылау диагностикасын жүргіздік.

Төмен, орта және жоғары деңгейлерде қарастырылатын ұйымдастырушылық іскерліктердің мазмұндық, іс-әрекеттік және

эмоционалды-құндылықтық компоненттерінің көрсеткіштері бойынша экспериментке дейін және одан кейін алынған салыстырмалы нәтижелер талданды.

Бірінші көрсеткіш ұйымдастырушылық іскерліктердің мазмұндық компонентін ұсынатын ұйымдастырушылық іс-әрекет туралы білім болды. Салыстырмалы нәтижелері төмендегі кестеде (кесте 18) және суретте (сурет 9) көрсетілді.

Кесте 18 – Бақылау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы ұйымдастырушылық іс-әрекет білімінің салыстырмалы нәтижесі мен динамикасы

| Қалыптастырылу деңгейлері | Экспериментке дейін | | Эксперименттен кейін | |
|---|---|---|---|---|
| | ЭТ, % (82) | БТ, % (81) | ЭТ, % (82) | БТ, % (81) |
| Жоғары | - | - | 22,0 | 3,7 |
| Орта | 15,8 | 14,8 | 70,7 | 80,3 |
| Төмен | 84,2 | 85,2 | 7,3 | 16,0 |




Сурет 9 – Бақылау экспериментіндегімбақылау және эксперименттік топтардағы ұйымдастырушылық іс-әрекет білімінің салыстырмалы нәтижесінің диаграммасы

17-кестеге сәйкес ұйымдастырушылық іс-әрекетті қайта диагностикалау нәтижелері олардың қалыптасуының жалпы оң динамикасын көрсетті.

Эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің басым көпшілігі білімді пәндік игеруден неғұрлым жетілдірілген деңгейге - түсіну деңгейіне көшті. Эксперименттік топта респонденттердің 22,0%-ы білім алу тәсілдерінің

әдіснамалық игерілуін, сондай-ақ оларды өзгермелі жағдайларда пайдалану қабілетін көрсетті. Мұндай студенттердің шамасы бақылау тобында тек 3,7%-ы құрады.

Алынған статистикалық деректер эксперименттік және бақылау топтарында анықтау және бақылау кезеңдерінде ұйымдастырушылық іс-әрекетті білуде айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетеді.

Біздің ойымызша, бақылау тобының респонденттерінің ұйымдастырушылық іс-әрекеті туралы білімдерінде айтарлықтай өзгерістер болды, бұл ЖОО-ның білім беру үдерісі іс-әрекеттің жеке тұлғалық тұғырын дамытуға және оларды педагогикалық практиканың әртүрлі түрлерінен өту кезінде қалыптастыруға ықпал ететін іс-әрекетке және жеке тұлғаға бағытталған тұғырларға негізделгендіктен жүзеге асырылды.

Жеткілікті жоғары деңгейде ұйымдастырушылық іс-әрекет туралы білімдерін көрсеткен эксперименттік топ студенттерінің белгілі пайызы (22,0%) - біз ұсынған теориялық ұсынымдардың тиімділігінің дәлелі деп білеміз.

Қалыптастыру экспериментінен кейін білім алушылардың эмоционалды-құндылықтық қатынастарының бағасы жоғары болғандығын көре аламыз (кесте 19, сурет 10).

Кесте 19 - Эксперименттен кейінгі эмоционалды-құндылықтық сала құраушыларының көріну деңгейі

| Қалыптастырылу деңгейі | Нәтижелер | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Экспериментке дейін | | Эксперименттен кейін | |
| | ЭТ, % ($n_1$=82) | БТ, % ($n_2$=81) | ЭТ, % ($n_1$=82) | БТ, % ($n_2$=81) |
| Жоғары | - | - | 15,8 | 4,9 |
| Орта | 51,2 | 49,4 | 74,4 | 64,2 |
| Төмен | 48,8 | 50,6 | 9,8 | 30,9 |



Сурет 10 - Эксперименттен кейінгі эмоционалды-құндылықтық сала құраушыларының диаграммасы

18-кестеге сәйкес ұйымдастыру жұмыстарында мотивацияның және жеке тұлғаның эмоционалды-құндылықтық сала категорияларының жоғарылауын төмендегі іс-әрекеттерден көруге болады:

- педагогикалық қызметке тұрақты қызығушылықтың орын алуы;
- оқыту үдерісін ұйымдастырудағы қиындыққа тап келуі;
- өзіндегі оқыту іс-әрекетін ұйымдастырудағы кемшіліктерді жоюға бағдар алуы;
- басқа әріптестерінен көш кейін қалмауға, жақсы бағаға ұмтылысының болуы, т.с.с.

Біз анықтаған келесі компонент ұйымдастырушылық іскерліктің құраушы іскерліктері болды. Бақылау және эксперименттік топтардағы ұйымдастырушылық іскерліктерді қайта диагностикалау кезінде алынған нәтижелердің динамикасы 20-кестеде (сурет 11) көрсетілді.

Кесте 20 - Эксперименттік және бақылау топтарындағы ұйымдастырушылық іскерліктерінің динамикасы

| Ұйымдастырушы-лық іскерлігі | Деңгейлері | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Төмен | | Орта | | Жоғары | |
| | ЭТ, % (82) | БТ, % (81) | ЭТ, % (82) | БТ, % (81) | ЭТ, % (82) | БТ, % (81) |
| Аналитикалық | 6,1 | 17,3 | 62,2 | 71,6 | 31,7 | 11,1 |
| Жобалау | 9,7 | 30,9 | 61,0 | 69,1 | 29,3 | - |
| Коммуникативтік | 4,9 | 23,5 | 53,6 | 71,6 | 41,5 | 4,9 |
| Жұмылдырушылық | 20,7 | 45,7 | 59,8 | 54,3 | 19,5 | - |
| Дамытушылық | 17,1 | 61,8 | 65,9 | 38,2 | 17,0 | - |
| Бағдарлаушылық | 18,3 | 34,5 | 59,8 | 59,3 | 21,9 | 6,2 |
| Рефлексивтік | - | 14,8 | 47,5 | 71,6 | 52,5 | 13,6 |
| Орта мәні | 11,0 | 32,6 | 58,5 | 62,3 | 30,5 | 5,1 |







Сурет 11 - Эксперименттік және бақылау топтарындағы ұйымдастырушылық іскерліктердің динамикасы

Ұйымдастырушылық іскерліктер компонентінің нәтижелерін қайта диагностикалау кезінде алынған талдау эксперименттік және бақылау топтарында ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастырудың оң динамикасын көрсетеді. Ұйымдастырушылық іскерліктердің төмен және орта деңгейлерде азаюы байқалған, ал студенттердің жоғары пайыздық құрамының

ұлғаюын (ЭТ-да 30,5%, БТ-да 5,1%), олардың іскерліктері деңгейлеріне сәйкес келетін респонденттер табылды. Сонымен қатар, ұйымдастырушылық міндеттерді шешу үдерісінде болашақ мұғалімдердің бақылау-бағалау қызметін орындау сапасы артады. Болашақ мұғалімдер өздерінің және басқалардың пікірлерін, әрекеттерін ақылға қонымды және объективті түрде талдайды.

Ұйымдастырушылық мәселелерді шешу барысында олар сараланған тұғырды шебер жүзеге асырады, бұл әрбір оқушының мұғалім ұйымдастырған оқу іс-әрекетін тиімді орындауы үшін өте маңызды. Жағдайға байланысты оқушылармен қарым-қатынас кезінде жеке және іскерлік стилдері біріктіріледі. Ұйымдастырушылық міндеттерді шешу барысында болашақ мұғалімдер кезеңдерді түсіну, орындау жолдарын іздеу, мақсат пен міндеттерді қою, жоспарлау, мазмұнын, формаларын, әдістері мен құралдарын таңдау және т.б. сонымен қатар, студенттер болжау-жобалау іскерліктерін еркін меңгергендіктерін көрсетті (модельдеу). Студенттер орындайтын іс-шаралар негізінен шығармашылық сипатта болады, кейбір жағдайларды қоспағанда, жеке іс-әрекеттерді орындау кезінде олар ұйымдастырушылық іс-әрекеттің озық тәжірибесіне жүгінеді.

Эксперименттік және бақылау топтарындағы «ұйымдастырушылық іскерліктер» көрсеткіші бойынша алынған бастапқы және қайталама диагностика нәтижелерінің айырмашылықтары болғандығы эксперимент тобында жүргізілген қалыптастыру эксперименттегі әдістеменің дұрыстығын көрсетеді.

Осылайша, статистикалық тексеру эксперименттік топта көрсеткіштер бойынша маңызды өзгерістер болғанын көрсетті, олар: аналитикалық, жобалау, коммуникативтік, рефлексивтік іскерліктері. Бақылау тобында статистикалық маңызды айырмашылықтар аналитикалық, коммуникативтік, рефлексивтік іскерліктерінде кездеседі.

Алынған нәтижелер мен қалыптастыру моделінің және әдістемесінің дұрыс тұжырымдалуын көрсетеді. Сонымен анықтау және қалыптастыру эксперименттері бойынша болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің қалыптастырылуы мен олардың нәтижелерін салыстыруды төмендегі кестеден көруге болады (кесте 21).

Кесте 21 - Ұйымдастырушылық тәжірибенің қалыптасуының көрсеткіштері

| Қалыптастырылу деңгейі | Нәтижелер | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ЭТ, % (82) | | БТ, % (81) | |
| | Дейін | Кейін | Дейін | Кейін |
| Жоғары | - | 23,2 (19) | - | 4,9 (4) |
| Орта | 32,9 (27) | 67,1 (55) | 32,3 (26) | 69,2 (56) |
| Төмен | 67,1 (55) | 9,7 (8) | 67,7 (55) | 25,9 (21) |

Кесте педагогикалық ұйымдастырушылық тәжірибе динамикасының оң нәтижелерін сипаттайды. Педагогикалық ұйымдастырушылық тәжірибенің мазмұны ұйымдастырушылық іс-әрекет бойынша студенттердің даярлығы

пайызының өскендігін көрсетеді. Білім алушыларға ұсынылған педагогикалық тапсырмалар көмегімен игерілген ұйымдастырушылық операцияларды респонденттер ұйымдастырушылық мәселелерді шешуде қолдана алатынын дәйектеді.

2) Эксперименттің анықтау кезеңі эксперименттік топ және бақылау тобындағы білімгерлердің ұйымдастырушылық дағдысы орта және төмен деңгейде екендігі қарастырылды. Сондықтан аталған кемшілікті түзету мақсатында «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» элективті курсы әзірленді, оқу-әдістемелік кешені жасалды. Курс бағдарламасы үш бөлімнен тұрады. Әзірленген бөлімдер ұйымдастыру, дайындық зерттеу кезеңдерімен танысу, ғылыми теориялық-білім жүйесін меңгеру, ғылыми-практикалық, инклюзивті оқытудың қалыптасуы және әлеуметтік қоғамға зерттеу нәтижелерін ендіру кезеңдеріне сәйкес келеді.

Бақылау және эксперименттік топтың респонденттеріндегі педагогикалық ұйымдастырушылық тәжірибенің дұрыстығын тексеру кезінде тек эксперименттік топта маңызды мәндер табылды, бұл осы топтың педагогикалық ұйымдастырушылық тәжірибесінде респонденттерде болған жақсы өзгерістерді көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, ұйымдастырушылық іскерліктердің қалыптасуының төмен деңгейін көрсететін эксперименттік топ респонденттерінің пайыздық құрамы эксперименттің бақылау кезеңінде 57,3%-ға (67,1%-дан 9,7%-ға) төмендегенін атап өтеміз. Ұйымдастырушылық іскерліктің орта, жоғары деңгейлерге сәйкес келетін респонденттер саны тиісінше 34,2%-ға (32,1%-дан 67,1%-ға) және 23,2%-ға (бастапқы мәлімет болмаған кезде) артқандығын көруге болады.

Төмен нәтижелерге қарамастан, бақылау тобында ұйымдастырушылық іскерліктердің қалыптасуының оң динамикасы байқалады. Осылайша, бақылау тобында ұйымдастырушылық іскерліктерінің төмен деңгейін көрсететін респонденттердің пайыздық құрамының жалпы төмендеуі 41,8%-ға ((67,7%-дан 25,9%-ға дейін) құрады; орта және жоғары деңгейлерде ұлғаю тиісінше 36,9%-ға (32,3%-дан 69,2%-ға дейін) және 4,9%-ға (айқындаушы кезеңде жоғары деңгейде ұйымдастырушылық іскерліктерін көрсететін респонденттер табылмаған болатын) артқандығы көрінеді.

Осылайша, ұйымдастырушылық іскерліктердің жекелеген компоненттерінің оң динамикасымен, тұтастай алғанда, статистикалық маңызды өзгерістер тек эксперименттік топта болды.

Кесте 22 - Ұйымдастырушылық іскерліктерінің қалыптасуының көрсеткіштері

| | Жоғары | Орта | Төмен | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| ЭТ | 23,2 | 67,1 | 9,7 | №1 |
| БТ | 4,9 | 69,2 | 25,9 | №2 |
| Барлығы | M1 | M2 | M3 | № |

$$N1 = 23.2 + 67.1 + 9.7$$

$$N2 = 4.9 + 69.2 + 25.9$$

*M1, M2* және *M3* мәндерін сәйкес бағандар бойынша есептейміз.

Жалпы жиынтық $N = N1 + N2$

$N1 = 100.0$, $N2 = 100.0$

$M1 = 28.1$, $M2 = 136.3$, $M3 = 35.6$

$N = 200.0$

Экспериментке дейін $\chi^2 = 8.008$

Эксперименттен кейін $\chi^2 = 19.32.$

Бұл айырмашылық эксперименттің әсерінен мәліметтердің өзгергенін көрсетеді. Хи-квадрат мәнінің төмендеуі байқау мен күтілетін мәндер арасындағы сәйкестіктің жақсарғанын білдіруі мүмкін. Яғни, эксперимент барысында жүргізілген әрекеттер нәтижесінде айтарлықтай өзгерістер болды және бұл өзгерістер күтілетін нәтижелерге жақындады. Хи-квадрат мәнінің төмендеуі байқау жиіліктері мен күтілетін жиіліктер арасындағы айырмашылықтың азайғанын, яғни эксперименттің оң әсерін білдіреді Хи-квадрат критерийінде еркіндік дәрежелері 20-шы кестенің өлшеміне байланысты есептеледі. Еркіндік дәрежелерін есептеу формуласы келесідей:

$$v = (r - 1) \times (c - 1)$$

мұндағы

***r*** – жолдар саны

***c*** – бағандар саны

Берілген мәліметте жоғары, орта, төмен 3 жол және 2 баған бар.

$$v = (3 - 1) \times (2 - 1) = 2$$

**Еркіндік дәрежесі** $v = 2$ **тең.**

**Қорытынды**

Эксперименттік және бақылау топтарын Пирсонның $\chi^2$ крийтериі қойылған болжамдарды тексеріп мәндерін алынды.

$H_0$: Жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне педагогикалық тапсырмалар негізінде ұйымдастырушылық іскерліктердің құраушыларының қалыптасуының теориялық негіздері енгізілсе, онда білім алушылардың білім берудегі іскерліктері артуына ешқандай әсері жоқ.

$H_1$: Жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне педагогикалық тапсырмалар негізінде ұйымдастырушылық іскерліктердің құраушыларының қалыптасуының теориялық негіздері енгізілсе, онда білім алушылардың білім берудегі іскерліктері артып, ұйымдастырушылық іскеліктері қалыптасады. Exel электронды кестесіндегі есептеулер бойынша $H_0$ нөлдік болжамы $H_1$ ауытқыған.

Алынған нәтижелер эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің тиімділігінің дәлелі болып табылады. Соңында, ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру бойынша біз әзірлеген модельдің, әдістеменің тиімділігін, субъектілердің педагогикалық ұйымдастырушылық іс-әрекетті орындауын тексердік, оның сапасы 2.3-тақырыпта көрсетілгендей ұйымдастырушылық іскерліктердің қалыптасу деңгейіне байланысты болды. Біз әзірлеген ұйымдастырушылық іскерліктерді бағалау критерийлері жұмыс барысында басшылыққа алынды.

Алынған мәліметтер бақылау және эксперименттік топ студенттерінің педагогикалық ұйымдастырушылық іскерлігін орындау сапасының оң динамикасын көрсетеді. Алайда, салыстырмалы түрде бірдей өзгерістерге қарамастан, эксперименттік топта жоғары деңгейде ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асыратын респонденттердің пайызы (23,2%-ға) айтарлықтай өсті, ал бақылау тобында жоғары деңгейде қайталама диагностика кезінде студенттердің тек 4,9%-ы педагогикалық ұйымдастырушылық іс-әрекетті орындады. Сонымен қатар, эксперименттік топта студенттердің аздаған бөлігі педагогикалық ұйымдастырушылық іс-әрекетті орындай отырып, оны шығармашылық деңгейде көрсетті. Бұл дегеніміз, студенттер ұйымдастырушылық іс-әрекетті жүзеге асырған кезде оны жүзеге асырудың әр кезеңінде дербестік дәрежесін көрсетті. Сонымен бірге студенттің өзі жасаған ұйымдастырушылық іс-әрекеттің жаңа әдістері қолданылды.

Осылайша, жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қорытындысы бойынша ұйымдастырушылық іскерліктердің барлық көрсеткіштерін қалыптастырудың оң динамикасы ғана емес, сонымен қатар олардың педагогикалық ұйымдастырушылық қызметті орындау тиімділігіне оң әсері де анықталды, бұл біз әзірлеген ұйымдастырушылық іскерлікті қалыптастыру моделінің, әдістемесінің тиімділігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастырудағы маңызды мәселе - бұл үдерістің психологиялық-педагогикалық жағдайларын анықтау. Оны шешу үшін ұйымдастырушылық іскерліктерін анықтауға сүйене отырып, біз үш кезеңнен тұратын тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жасадық: анықтау, қалыптастыру және бақылау.

Эксперименттің анықтаушы кезеңінің мақсаттары:

а) ұйымдастырушылық іскерліктердің бастапқы деңгейін және олардың ұйымдастырушылық іс-әрекетті жүзеге асыру үдерісіне әсерін белгілеу;

б) респонденттердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің көрсеткіштері мен жеке ерекшеліктері арасындағы байланысты анықтау;

в) бақылау және эксперименттік топтардың құрамына салыстырмалы сапалық талдау жүргізу.

Ұйымдастырушылық іскерліктерді бағалау екі бағытта жүргізілді: әрбір жеке көрсеткішті және олардың педагогикалық ұйымдастырушылық іс-әрекетті орындау тиімділігіне әсерін бағалау.

Бақылау және эксперименттік топтардағы ұйымдастырушылық іскерліктердің барлық көрсеткіштері бойынша эксперименттің анықтаушы кезеңінің нәтижелері негізінен төмен деңгейді көрсетті. Студенттердің педагогикалық ұйымдастырушылық іс-әрекетті орындау сапасы мен тиімділігі төмен деңгейге де сәйкес келді.

Осылайша, эксперименттің анықтаушы кезеңінің нәтижелері бақылау және эксперименттік топтардың салыстырмалы біртектілігін көрсетті.

Эксперименттік топтардың студенттерімен жұмыс болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тапсырмаларды орындаумен ұсынылған. Оны жүзеге асыру әдістемелік нұсқаулыққа байланысты болды.

Эксперименттік топтың респонденттерінде жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесінде ұйымдастырушылық іскерліктердің бірнеше көрсеткіштері айтарлықтай өзгерді, оның ішінде: рефлексивті, жобалау іскерліктері. Барлық көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалды.

Осылайша, біздің зерттеуіміз іс-әрекеттік және моделдеу тұғырлары қағидаттарына негізделген ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастырудың құрылымдық моделін, әдістемесін әзірлеуге, негіздеуге және сынақтан өткізуге мүмкіндік берді. Теориялық ұсынымдарды сынақтан өткізгеннен кейін алынған оң нәтижелер оның тиімділігі мен педагогикалық мамандықтар жағдайында пайдалану мүмкіндігін дәлелдейді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Педагогикалық тапсырмалар негізінде ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру проблемасының өзектілігі отандық педагогиканы ізгілендіру идеяларының жандануына және жоғары мектеп педагогикасының теориясы мен практикасындағы осы мәселенің теориялық және практикалық дамуының жеткіліксіздігіне байланысты студенттердің кәсіби-педагогикалық дайындығының сапасына қойылатын талаптардың артуына байланысты.

Ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру проблемасының жай-күйін зерттеу студенттердің кәсіби және жеке дайындығы аясында оны талдау арқылы жүзеге асырылды. Зерттеудің нәтижесі осы мәселенің теориялық және практикалық аспектілерін болашақ мұғалімдерді оқыту іс-әрекетін жүзеге асыруға дайындау мәнжазбасымен байланыстыруға бағытталады.

Диссертациялық зерттеудің логикасын құрудың негізі негізгі теориялық ұғымдарды талдау болды. «Тапсырма», «педагогикалық тапсырма», «ұйымдастырушылық білім», «ұйымдастырушылық іскерлік», «іс-әрекет», «мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігі» ұғымдары нақтыланды.

Болашақ мұғалімнің (оқыту іс-әрекетін) ұйымдастырушылық іскерлігін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруды белсенді оқытудың түрлерін (шағын оқыту, оқыту үдерісін моделдеу, педагогикалық міндеттерін практикалық шешу және т.б.) қамтитын сабақтар жүйесін түсінеміз. Педагогикалық тапсырмаларды орындауға дайындық пен оны жүзеге асыру студенттердің әртүрлі оқу-тәрбие іс-әрекетін жоспарлауға, оны ұйымдастыруға және өткізуге кәсіби дайындығын қалыптастырады. Педагогикалық тапсырмаларды шешудің теориясы мен практикасын талдай отырып, біз педагогикалық тапсырмаларды орындауды - бұл болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыру мен дамыту үдерісінің біржақты бағыттылығы және жоғары тиімділікке кепілдік беретін оқыту/оқу ортасында жүзеге асырылатын педагогикалық әрекеттердің қатаң анықталған реттілігі ретінде қарастырамыз.

Қазіргі уақытта болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдіру мәселесі шешіліп жатқан негізгі қолданыстағы тұғырлардың (іс-әрекеттік, жеке тұлғалық-іс-әрекеттік, технологиялық, интегративті-модульдік және басқалар) мазмұнын қарастыру зерттеудің теориялық және әдіснамалық стратегиясын анықтауға мүмкіндік берді. Мұндай стратегия студенттерді оқу/оқыту іс-әрекетіне қамтуды және білім беру қызметінің берілген құрылымын кәсіби-педагогикалық дайындау үдерісінде модельдеуді дамытуды көздейтін модельдеу-іс-әрекеттік тұғыры болып табылады.

Педагогикалық тапсырмаларды дұрыс орындау нәтижесінде оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру сәтті жүзеге асырылады. Педагогикалық тапсырмаларды талапқа сәйкес орындау барысында болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерінің қалыптасу деңгейлері төмен, орта, жоғары болып көрсетілген. Бұл деңгейлер келесі құраушылармен (компоненттермен) анықталады: мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивті-бағалаушылық. Бұл педагогикалық

тапсырмаларды орындау бір жағынан нақты кәсіби іс-әрекетке үлгілеу болып табылады, соның барысында студенттер педагогикалық мәселелер мен нақты қиындықтарды шеше отырып, жағдаятты сезінуге мүмкіндік алады.

Педагогикалық тапсырмаларды орындау барысында болашақ мұғалім оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырады, сонымен қатар тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін дамытады. Шығармашылық іс-әрекеті дамиды, тапсырманы орындау, жағдаятты шешу практикасы барысында өзін-өзі жүзеге асыру үдерісі байқалады.

Осылайша, зерттеу жұмысы болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда студенттерге әртүрлі педагогикалық тапсырмалардың белгілі бір тізбегін қамтитын схема, шешу алгоритмі, механизмі аясында оқытса, сәтті болатындығын дәлелдеді.

Эксперименттік жұмыстың жалпылама кезеңінде алынған нәтижелердің объективтілігі мен сенімділігі дәлелденді, бұл ұсынылған болжамның дұрыстығын растады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың соңғы кезеңінің мақсаты тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу барысында алынған зерттеудің оң нәтижелерін енгізу болды.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз зерттеу болжамының алға қойылған ережелері толығымен расталды және диссертацияның мәселені дамытуға қосқан жеке үлесін анықтайтын тұтас, зерттеу тақырыбы мен болжамына сәйкес қойылған міндеттер шешілді, атап айтқанда:

1. Мектептердегі мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің құрылымдық компоненттері құрылымдық, профессиографиялық, мазмұндық, функционалдық, тұжырымдамалық тұғырлар тұрғысынан зерделеу, олардың білімнен, іс-әрекеттен (іскерліктен) және сәйкесінше жеке тұлғалық сапалық қасиеттерден тұратынын көрсетті.

Педагогикалық еңбектердегі педагогикалық тапсырмалардың түрлері мен олардың әлеуеті, оның ішінде ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыру мүмкіндіктері анықталды.

Педагогикалық тапсырмалар болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың тиімділігіне кепілдік беретін ерекшеліктерді ескеру шеңберінде ғана сәтті болатыны мазмұндалды.

2. Психологиялық-педагогикалық теорияны талдау және зерттеу мәселесі бізге «мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігі» ұғымын нақтылауға мүмкіндік береді, оны оқытуды ұйымдастыруға тиімді педагогикалық әсерді жүзеге асыру даярлығының көрінісі деп түсінеміз, олардың мазмұны қойылған білім беру мақсаттары мен міндеттерін шешуге сәйкес келеді.

Анықталған іскерлік құраушыларының әрқайсысының өзіндік мазмұны бар және олар сөз тіркестеріне сәйкес іскерлік түрлерімен нақтыланады. Біздің зерттеу жұмыстарымыз үшін іскерліктердің төмендегідей түрлері бөлініп алынды: аналитикалық, жобалау, коммуникативтік, жұмылдырушылық, дамытушылық, бағдарлаушылық, рефлексивтік. Сонымен қатар, мұғалімнің

ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған оқу жұмыс түрлері анықталды.

3. Іс-әрекеттік, моделдеу-іс-әрекеттік тұғыр тұрғысынан зерттеп отырған даярлық құраушысын қалыптастыру барысын модельдеу жүзеге асырылды.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі іс-әрекет құрылымына сәйкес: мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік және рефлексивтік-бағалаушылық құраушыларды жүзеге асыратын педагогикалық жүйе құраушыларының теориялық-әдіснамалық және әдістемелік бөлігімен қамтамасыз етілетіні сипатталды.

4. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру әдістемесі педагогикалық тұрғыдан білім беру бағдарламасын әзірлеу барысы мен оқыту технологиясын жобалау тұрғысынан әзірленді және оның тиімділігі эксперименттік жұмыс барысында тексерілді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер жұмыста анықталған қайшылықтар біз әзірлеген педагогикалық тапсырмалар мен оларды орындау кезінде шешілгенін дәлелдейді. Сондай-ақ, олар ұсынылған болжамды растайды және жұмыста қойылған міндеттердің шешімінің табылғандығын көрсетеді.

Жоғарыда тұжырымдалған қорытындылар бізге ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды дайындауға мүмкіндік берді. Олар:

- болашақ мұғалімдерді педагогикалық тапсырмалар негізінде ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастырудың әдістемесін ЖОО-дағы білім беру бағдарламаларының мазмұнына ендіру;
- педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруды қолдау үшін ЖОО-дағы болашақ педагогтерді даярлайтын кафедра оқытушыларымен зерттеу мәселеміз аясында әдістемелік семинарлар, шебер сыныптар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастыру;
- «Жасанды интеллектті қолдануда педагогикалық тапсырмаларды дайындау» жобасын жүзеге асыру;
- «Ұйымдастырушылық іскерлік» бойынша авторлық мектептердің жұмысын жолға қою.

Біз жүргізген зерттеу қарастырылып отырған мәселенің мазмұнын толығымен сарқып тауыспайтынын көрсетті. Алдағы уақытта келесі бағыттар бойынша зерттеуді жалғастыру керектігін алға тартады: болашақ мұғалімнің тәрбиелік іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруды; болашақ мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін ойын технологиялары негізінде қалыптастыруды; болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін ойын технологиясы негізінде жетілдіру, т.б.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Педагогтің кәсіби стандарты. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы, №133 бұйрығына қосымша.

2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі, №2 бұйрығымен бекітілген.

3 Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, 2019.

4 «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.

5 Загвязинский В.И. Педагогическое творчество учителя. - М.: Педагогика, 1987. - 159 с.

6 Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. - М.: Педагогика, 1990. - 144 с.

7 Гоноболии Ф.Н. К вопросу о понимании геометрических доказательств учащимися // Известия АПН РСФСР. - 1954. - Вып 54. - С. 6 - 19.

8 Сластенин В.А. Педагогическая деятельность и проблемы 203 формирования личности учителя // В кн: Психология труда и личности учителя. - Л., 1976. - Вып. 1. - С. 30 - 46.

9 Архангельский С.И. Учебный үдерісс в высшей школе, его закономерные основы и методы. - М.: Высшая школа, 1980. - 368 с.

10 Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка в системе высшего педагогического образования: для пед. спец. вузов. – Изд. 2-е., перераб. и доп. - М.: Просвещение, 1990. - 141 с.

11 Кисельгоф С.И. Формирование у студентов педагогических умений и навыков в условиях университетского образования. - Л.: ЛГУ, 1973. - 150 с.

12 Кудайкулов М.А. Дидактические проблемы формирования основ профессионально-методических умений у будущего учителя: автореф. ... док. пед. наук. – Киев, 1977. – 49 с.

13 Кузьмина Н.В. Формирование педагогических способностей. - Л.: Изд-во Ленигр. ун-та, 1961. - 98 с.

14 Кузьмина Н.В., Кухарев Н.В. Психологическая структура деятельности учителя. - Гомель: ГГУ, 1976. - 57 с.

15 Огородников И.Т. Актуальные проблемы исследований педагогической подготовки учителей в высшей школе // Сов. педагогика. - 1975. – №2. - С. 87-94.

16 Щербаков А.И. Психологические основы формирования личности советского учителя в системе высшего педагогического образования. - Л.: Просвещение, 1967. - 226 с.

17 Красовский Б.Д. Формирование организаторских умений как часть профессиональной подготовки студентов педагогических вузов: автореф. ... канд. пед. наук. - Киев, 1973. - 31 с.

18 Минияров В.М. Формирование организаторских способностей у студентов педагогических институтов игровыми средствами и методами физического воспитания: метод. рекомендации. - М., 1978. - 12 с.

19 Забияко М.Ю. Формирование организаторских умений воспитательной деятельности на основе игровой педагогической технологии: дис. ... канд. пед. наук. – Челябинск, 2004. – 146 с.

20 Иванова С.В. Психолого-педагогические условия формирования организаторских способностей будущих учителей начальных классов в педагогическом колледже: дис. ... канд. психол. наук. - Самара, 2013. - 243 с.

21 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. - Алматы: ғылым, 1998. - 320 с.

22 Дуйсенбаев К.А. Методологические основы конструирования содержания профессионально-педагогического образования учителей трудового профиля: автореф. ... док. пед. наук. – Алматы, 1997. - 49 с.

23 Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: Теориясы және практикасы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – 304 б.

24 Беркимбаев К.М. Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үрдісінің педагогикалық жүйесі: пед. ғыл. док. … дис. – Түркістан, 2006. – 283 б.

25 Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы: Полиграфия-сервис К, 2012. – 316 б.

26 Abildina S.K., Asetova Z.,Anesova A.Z.,Kystaubayeva Z.,Ryskeldina A. Spiritual Culture Formation of Young Teachers in the System of Higher Education: The Way for Social Maturity Development. Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment 8(4):650-656. November 2020. DOI:10.6000/2292-2598.2020.08.04.7

27 Kolumbayeva Sh., B.Atabekova,G.Onlanbekkyzy,A.Sadykova. The importance of social partnership in the development of the teachers’ competitiveness in the secondary education. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академия, «Білім» Ғылыми-педагогикалық журнал. ISSN 1607-2790 (PRINT), ISSN 2960-0642 (ONLINE), Астана- No4 (111) 2024 с.248-259 https://doi.org/10.59941/2960-0642-2024-4-248-258

28 Kosshygulova A,S., Kolumbayeva Sh., Aitenova E., Tanatova A., Zhekeyeva A. Ways of increasing students' self-organisation for self-study. Journal of Education and e-Learning Research. Vol.10, №4, 719-727, 2023, ISSN(E)2410-9991/ISSN(P)2518-0169https://doi.org/10.20448/jeelr.v10i4.5164 https://asianonlinejournals.com/index.php/JEELR/article/view/5164

29 Коменский Я.А., Локк Д., Руссо Ж.Ж., Песталоцци И.Г. Педагогическое наследие / сост. В.М. Кларин, А.Н. Джуринский. – М.: Педагогика, 1989.– 416 с.

30 Руссо Ж.Ж. Педагогические сочинения // В 2 т. Эмиль, или О воспитании / под ред. Г.Н. Джибладзе; сост. А.Н. Джуринский. - М.: Педагогика, 1981. – Т. 1. – 656 с.

31 Песталоцци И.Г. Трудовая народная школа // Избр. пед. соч.: в 2 т. - М., 1981. - Т. 1. - С. 249-321.

32 Ушинский К.Д. Труд в его психическом и воспитательном значении // Собр. соч. - М.; Л., 1948. - Т. 2. - С. 340-355.

33 Шацкий С.Т. Советская школа, ее теория и практика // Пед. соч. - М., 1964. - Т. 3. - С. 23.

34 Макаренко А.С. На педагогических ухабах // Соч. – М., 1957. - Т. 1. - С. 649-654.

35 Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям // Избр.пед.соч. – М., 1979. - Т.1. - 229 с.

36 Абай. Шығармаларының 2 томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 335 б.

37 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар / құрастырып, баспаға дайындаған Б.С. Сүлейменов. – Алматы: Қаз. ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1955. - 414 б.

38 Байтұрсынов А. Әліпби. – Алматы: Рауан, 1998. –120 б.; Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 169 б.

39 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 106 б.

40 Richardson M.W. Notes on the Rationale of Item Analysis // Psychometrika. – 1936. - №1. – P. 169-176.

41 Brindley J. Factors affecting task difficulty / in D. Nunan (ed.). Guidelines for the development of curriculum resource. - Adelaide: National Curriculum Resource Center, 1987. - P. 45-56.

42 Prabhu N.S. Second language pedagogy. - Oxford: Oxford university press, 1987. – 146 p.

43 Anderson A., Lynch T. Listening. - Oxford: Oxford University Press, 1988. – 149 p.

44 Ellis R. Task-Based Language Teaching and Learning. - Oxford: Oxford University Press, 2003. – 178 p.

45 Pedagogical tasks for shaping eflcollege student writers' critical thinking and self voicing // International Journal of Innovation in English Language Teaching and Research. – Hauppauge, 2012. - Vol. 1, №1. - P. 87-99.

46 Agnes Widyaningrum, Mursid Saleh, Warsono , Djoko Sutopo. Pedagogic Task BasedActivity to Develop Students’ Intercultural Communicative Competence // The Journal of Educational Development. JED. – 2018. - №6(3). - P. 291 – 301.

47 Кондаков Н.И. Логический словарь-справочник. - Изд. 2-е. – М.: Наука, 1975. – 721 с.

48 Фридман Л.М., Турецкий Е.Н. Как научиться решать задачи? – М.: Просвещение, 1984. – С. 3-21.

49 Гинецинский В.И. Предмет психологии: дидактический аспект: пособие для преподавателей. – М.: Логос, 1994. – 211 с.

50 Аванесов В.С. Теоретические основы разработки заданий в тестевой форме. - М., 1996. – 116 с.

51 Барр С. Россыпи головоломок / пер. с англ. – Изд. 3. - М.: Мир, 1987. – 415 с.

52 Пидкасистый П.И. Педагогика: учебное пособие. – М.: Российское педагогическое агенство, 1955. – С. 150-161.

53 Шамова Т.И. Управление үдеріссом формирования системы качеств знаний учащихся. – М.: Прометей, 1990. - 112 с.

54 Основы профессиональной педагогики / под ред. С.Я. Батышева и С.А. Шапоринского. - Изд. 2-е, перераб. и доп. проф. педагогика. - М.: Высш. Школа, 1977. - 504 с.

55 Зуев Д.Д. Школьный учебник. – М.: Педагогика, 1983. - С. 34-46.

56 Коробов Е.Т. Психолого-педагогические функции вопроса в обучении // Среднее специальное образование. - 1991. - №6. - С. 28-30.

57 Онищук В.А. Психолого-дидактические требования к знаниям и упражнениям в учебнике. Проблемы школьного учебника. – М.: Просвещение, 1975. - Вып. 3. - С. 130-137.

58 Костюк Г.С. Избранные психологические труды. - М., 1988. - 304 с.

59 Васильева З.И., Ахаян Т.К., Белозерцев Е.П. и др. Практикум по педагогике: учеб. пособие для студентов пед. ин-тов / под ред. З.И. Васильевой, - М.: Просвещение, 1988. – 144 с.

60 Аванесов В.С. Основы педагогической теории измерений // Педагогические Измерения. - 2004. - №1. - С. 15-21.

61 Гуськов Ю.К., Кобозев Н.Н. Задачи и задания по совершенствованию профессиональной подготовки учителей труда / под ред. Гуськова Ю.К. – М.: АПН СССР, 1989. - С. 58-65.

62 Зязюн И.А., Кривонос И.Ф., Тарасевич Н.Н. и др. Основы педагогического мастерства: учебн. пособие для пед. спец. высш. учеб. заведений / под ред. И.А. Зязюна. – М.: Просвещение, 1989. – 302 с.

63 Сабыров Т.С. Болашақ мұғалімдерді дидактикалық дайындығын жетілдіру. - Алматы 1999. – 153 б.

64 Беспалько В.П. Педагогика и профессивные технологии обучения. - М.: Изд-во Ин-та проф; М-ва образования, 1995. - 336 с.

65 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика, 1989. - 190 с.

66 Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике: Обучение на основе исследований, игр, дискуссий: Анализ зарубежного опыта. - Рига: Пед. центр «Эксперимент», 1994. - 176 с.

67 Щуркова Н.Е. Практикум по педагогической технологии. Профессиональная культура педагога. – М.: Педагогическое общество России, 1998. - 249 с.

68 Выготский Л.С. Педагогическая психология / под ред. В.В. Давыдова. - М.: Педагогика, 1991. - 480 с.

69 Гальперин П.Я. Типы ориентировки и типы формирования действий и понятий // Доклады АПН РСФСР. – 1958. - №2. – С. 15-29.

70 Леонтьев А.Н. Проблема деятельности в психологии // Вопросы философии. - 1972. - №3. - С. 103-106.

71 Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: Опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. – М.: Педагогика, 1986. – 146 с.

72 Зимняя И.А. Педагогическая психология: учеб. для вузов. - М.: МПСИ, 2010. - 448 с.

73 Джакупов С.М. Управление позновательной деятельностью студентов в үдеріссе обучения: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 157 с.

74 Таубаева Ш.Т., Мақсұтова И.О. Дидактикалық инновация: оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2020. – 368 б.

75 Таубаева Ш.Т. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: оқулық. Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 360 б.

76 Қастаев С.Қ. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың мәні // Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдығы даму кезеңдері, жетістіктері, міндеттері мен перспективалары: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. еңбектері. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2021. - 460 б.

77 Оскарссон Б. Базовые навыки как обязательный компонент высококачественного профессионального образовани // Оценка качества профессионального образования: доклад 5; Европейский фонд подготовки кадров. Проект ДЕЛФИ / ред. В.И.Байденко, Дж.ван Зантворта. – М., 2001. – С. 42-46.

78 Равен Джон. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / пер. с англ. – М.: Когито-центр, 2002.– 396 с.

79 Методические рекомендации по государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования на основе компетентностного подхода и конструированию на их основе учебных планов и программ в вузах Кыргызской Республики. – Бишкек, 2012. – 92 с.

80 Ключевые ориентиры для разработки и реализации образовательных программ в предметной области «Образование». – Бильбао: Университет Деусто, 2013. - 80 с.

81 Алферов Ю.С., Осовский Е.Г. К вопросу о профессиограмме севетского учителя // Советская педагогика. – 1971. - №2. -  С. 83-90.

82 Гоноболин Ф.Н. Книга об учителя. – М.: Просвещение, 1969. – 260 с.

83 Кузьмина Н.В. Очерки психологии труда учителя. Психологическая структура деятельности учителя и формирование его личности. – Л.: ЛГУ, 1967. – 183 с.

84 Миттельман Р.И. К вопросу о профессиограмме учителя начальной школы // В сб.: Профессиональная ориентация и консультация молодежи. МП УССР НИИ психологии. – Киев: радянська школа, 1966. - С. 99-102.

85 Щербаков А.И. Психологии труда и личности учителя. – Л., 1976. – 134 с.

86 Сластенин В.А. Профессиональная готовность учителя к воспитательной работе: Содержание, структура, функционирование // Үдерісс подготовки учителя в системе высшего педагогического образования: Межвуз. сб. науч. тр. / под ред. В.А. Сластенина. - М., 1982. - С. 10-28.

87 Каджаспирова Г.М. Культура профессионального самообразования педагога: пособие. - М., 1994. -  344 с.

88 Кастаев С., Бабаев Д., Ауезов Б. Историко-педагогические предпосылки формирования профессиональнй культуры будущих педагогов // Наука, новые технологии и инновации Кыргызстана. - 2021. - №3. - С. 234-247.

89 Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика: учеб. пособие для студентов пед. учеб. заведений. - М.: Академия, 2013. - 496 с.

90 Вершловский С.Г., Салохина С.Н. Профессиональная деятельность молодого учителя. - М., 1982. - 178 с.

91 Платонов К.К. Вопросы психологии труда. - М.: Изд-во Медгиз, 1962. - 219 с.

92 Спирин Л.Ф. Формирование профессионально-педагогических умений учителя-воспитателя. - Ярославль, 1976. - 146 с.

93 Красовский Ю.Д. Мир деловой игры: Опыт обучения хоз. руководителей. - М.: Экономика, 1989. - 173 с.

94 Уманский Л.И. Психология организаторских способностей: автореф. ... док. психол. наук. - М., 1968. - 31 с.

95 Уманский Л.И. Психология организаторской деятельности школьников: учебное пособие для студентов пед. ин-тов. - М.: Просвещение, 1980. - 160 с.

96 Елканов С.Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя. - М.: Просвещение, 1986. - 189 с.

97 Кузьмина Н.В. Методы системного педагогического исследования. - Л.: Ленингр. гос. ун-т ЛГУ, 1980. - 172 с.

98 Тюптя Л.Т. Формирование умений организаторской деятельности у будущих учителей: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. - Киев, 1979. - 207 с.

99 Станкин М.Н. Профессиональные способности педагога: Акмеология воспитания и обучения: кн. для учителей шк., преподавателей сред, спец. И высш. учеб. заведений. - М.: Флинта, 1998. - 364 с.

100 Кузовлев В.П. Профессиональная подготовка студентов в педагогическом вузе: дис. ... док. пед. наук. - М., 1999. - Т. 2. – 169 с.

101 Кузовлев В.П. Преподавание в вузе: наука и искусство // Педагогика. - 2000. - №1. - С. 52-57.

102 Шадриков В.Д. Психология деятельности и способности человека. - М.: Логос, 1996. - 320 с.

103 Ценч Ю.С. Развитие организаторской компетенции преподавателей в учреждениях среднего профессионального образования: дис. … канд. пед. наук: 13.00.08. – Челябинск, 2006. – 156 с.

104 Суранов В.Г. Формирование организаторской компетенции у студентов педагогического вуза в условиях студенческого клуба // Вестник ЧГПУ им. И.Я. Яковлева. - 2010. - Т. 1, №3(67). - С. 170.

105 Кастаев С.К., Беркимбаев К.М. Педагогикалық тапсырмалардың оқу-тәрбие үдерісіндегі түрлері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - 2020. - №10/2 (142). - Б. 231-237.

106 Ожегов С.И. Словарь русского языка: 70000 слов / под ред. Н.Ю. Шведовой. – Изд. 21-е, перераб. и доп. – М.: Рус.яз., 1989. – 924 с.

107 Аванесов В. Основы теории педагогических заданий http://testolog.narod.ru/EdMeasmt10.html#:~:text(қаралған күні 17.09.2023).

108 Бабакова Т.А. Общеучебные умения обучающихся как фактор адаптации к учебной деятельности в высшей школе // Непрерывное образование: XXI век. – 2017. – Вып. 2(18). – С. 39-59.

109 https://ru.wikipedia.org/wiki/% (қаралған күні 08.12.2023)

110 Пошаев Д.Қ. Оқытудың бірыңғай технологиясы: теориясы, әдіснамасы және практикасы. – Шымкент: Әлем, 2016. –178 б.

111 Abdigapbarova U., Yeshenkulova D., Kassimbekova B., Muratbaeva G., Kastayev S. Technology for forming students' ability to manage independent educational activities // Cypriot Journal of Educational Science. - 2022. – Vol. 17, №4. – P. 1106-1200.

112 Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. и др. Педагогика: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / под ред. В.А. Сластенина. - М.: Издательский центр "Академия", 2002. - 576 с.

113 Борытко Н.М., Соловцова И.А., Байбаков А.М. Педагогические технологии: учебник для студентов педагогических вузов / под ред. Н.М. Борытко. Сер. «Гуманитарная педагогика». - Волгоград: Изд-во ВГИПК РО, 2006. - Вып. 2. - 59 с.

114 Скульский Р.П. Учиться быть учителем. - М., 1986. - С. 25.

115 Зязюн И.А., Кривонос И.Ф., Тарасевич Н.Н. и др. Основы педагогического мастерства: учеб. пособие для пед. спец. высш. учеб. заведений / под ред. И.А. Зязюна. - М.: Просвещение, 1989. - С. 17.

116 Бакулевская С.С. Становление интеллектуально-творческой деятельности старшеклассника в үдеріссе решения эвристических задач: дис. … канд. пед. наук. - Волгоград, 2001. - С. 77–79.

117 Корзун А.В. Применение алгоритма анализа творческих задач для решения проблем преподавания курса на основе ОТСМ-ТРИЗ. - Минск, 2004 http://www.trizminsk.org/e/prs/ 232049.htm 19.02.2023.

118 Кисляков Н.И., Моногарова И.И., Мороз Т.Г., Щегольков Д.А. Алгоритм решения профессиональной педагогической задачи, направленной на педагогическую поддержку одаренных обучающихся // Современные проблемы науки и образования. - 2019. - №6. – С. 36-46.

119 Яруллин И.Ф. Педагогика: Практическая педагогика: Краткий конспект лекций. – Казань: Казанский (Приволжский) федеральный университет, 2013. – 136 с.

120 Селевко Г.К., Селевко А.Г. Социально-воспитательные технологии. - М.: Народное образование, 2002. - 176 с.

121 Арсеньев Ю.Н. Принятие решений. – М.: Юнити-Дана, 2003. – 272 с.

122 Большой толковый психологический словарь // В 2 т. – М., 2000. - Т. 1. – 139 с.

123 Ашихмин А.А. Разработка и принятие управленческих решений: формальные модели и методы выбора. – Изд. 3-е, стер. - М.: Издательство Московского государственного горного университета, 2004. - 80 с.

124 Анохин П. К. Принятие решения в психологии. - М., 1974. - С. 42.

125 Кулюткин Ю.Н. Эвристические методы в структуре решений. – М.: Педагогика, 1970. – 229 с.

126 Спирин Л.Ф. Теория и технология решения педагогических задач / под ред. П.И. Пидкасистого. - М.: Российское педагогическое агентство, 1997. – 174 с.

127 Рекомендации по проектированию и использованию оценочных средств при реализации основной образовательной программы высшего образования (ООО ВПО) нового поколения / сост. Е. И. Сафонова. – М.: РГГУ, 2013. – 75 с.

128 Пидкасистый П.И., Фридман Л.М., Гарунов М.Г.Психолого-дидактический справочник преподавателя высшей школы. - М.: Пед. общество России, 1999. - 352 с.

129 Краевский В.В. Проблемы научного обоснования обучения: Методологический анализ - М.: Педагогика, 1977. - С. 139-161.

130 Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования. - М.: Педагогика, 1982. - 160 с.

131 Гревцева Г.Я., Циулина М.В., Болодурина Э.А. и др. Интегративный подход в учебном үдеріссе вуза // Современные проблемы науки и образования. – 2017. – №5. – С. 10-61.

132 Каримов З.Ш. Теория и практика институциональной интеграции высшего профессионального педагогического образования на основе синтеза внешнего и внутреннего компонентов: автореф. ... док. пед. наук. - Уфа, 2009. - 46 с.

133 Яковлева Н.М. Подготовка студентов к творческой воспитательной деятельности. - Челябинск: Изд-во Челяб. гос. пед. ин-та, 1991. - 126 с.

134 Панферов В.Н. Интегративный подход в образовании // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. - 2003. - №6. – С. 36-46.

135 Галиев Т.Т., Кайкенова Ж., Кульгильдинова Т.А. Актуализация системного подхода и его внедрение в учебный үдеріс // Вестник КазНПУ имени Абая, Серия «Педагогические науки». - 2016. - №4(52). - С. 115-117.

136 Ильина Т.А. Структурно-системный подход к организации обучения. – М.: Знание, 1972. – 72 с.

137 Уемов А.И. Системный подход и общая теория систем // В кн.: Теория управления. Менеджмент: В 3 ч. Общая теория систем – основа теории управления: хрестоматия. – Минск: ГИУСТ БГУ, 2007. - Ч. 1. – 223 с.

138 Формирование системного мышления в обучении: учебное пособие / под ред. проф. З.А.Решетовой. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 344 с.

139 Галиев Т.Т. Опережающая подготовка специалистов: научно-методическое пособие. – Астана: Изд-во Парламент РК, 2017. – 320 с.

140 Aronson Elliot, Timothy D.Wilson. – Social Psychology, 2004. – 40 p.

141 Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека. – М.: Смысл, 2007. – 528 с.

142 Каган М.С. Введение в историю мировой культуры.– Спб.: Петрополис, 2003. - Книга 1. – 368 с.

143 Исаева Т.Е. Педагогическая культура преподавателя как условие и показатель качества образовательного үдерісса в высшей школе: дис. … док. пед. наук. – М., 2003. – 427 с.

144 Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя. - М., 2003. – 200 с.

145 Никандров Н.Д. Образование в үдерісse социализации личности» // Вестник УРАО. – 2008. - №5. – С. 56.

146 Кастаев С.К., Ауезов Б.Н. Методологические подходы к подготовке будущих педагогов в условиях инновационного обучения // Наука и жизнь Казахстана. - 2020. - №12/8(154). - С. 274-277.

147 Sagdullaev I.I., Ospanova B.A., Kaliyeva A.K. The reflexive mechanism of acme-creative activity of future specialist // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Педагогические науки». - Алматы, 2014. - №4(44). - P. 82-86.

148 Gore Going to the next level: How health librarians are engaging with critical appraisal // World Library and Information Conference (WLIC). – Lyon; France, 2014. - P. 81-84.

149 Ибрагимов Г.И. Компетентностный подход в профессиональном образовании // Образовательные технологии и общество. – 2007. - №3. – С. 361-365.

150 Шагатаева З.Е., Сарбасов Е.К. Научно-методические основы общетехнологических компетенций будущего преподавателя профессионального обучения на основе моделирования педагогической деятельности // Наука и жизнь Казахстана. - 2019. - №12(3). – С. 181-184.

151 Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 328 с.

152 Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения: методическое пособие. – М.: Народное образование, 1996. – 160 с.

153 Ашихмина Г.А. Методические подходы и проблемы использования информационно-коммуникационных технологий при разработке индивидуальных и групповых заданий для лабораторно-практических занятий в высшем образовании. - 2016 http:// www.tsutmb.ru/ nauka/ konferencii/ 2016/ plps_16/5/ashihmina.pdf 12.05.2023.

154 Конопацкая Е.А. Формирование общекультурных компетенций студентов-бакалавров в поликультурном образоваиельном пространстве вуза (на примере профессиональных дисциплин гуманитарной направленности): дис. ... канд. пед. наук. – Казань, 2015. – 226 с.

155 Бабина С.Н., Шарипова Э.Ф. Интегративный подход как условие формирование профессиональных компетенций учителей физики и технологии // Вестник Южно-Уральского государственного гуманитарно-педагогческого университета. – 2011. - №12(2). – С. 7-14.

156 Халмурадов Т.Н. Формирование интеллектуальных умений у учащихся 5-7 классов в үдерісse трудового обучения: дис. … канд. пед. наук. – М., 1992. – 17 с.

157 Лошак А.А. Педагогические условия овладения студентами умением планировать познавательную деятельность в учебном үдерісse: дис. ... канд. пед. наук. – Целиноград, 1982. - 164 с.

158 Милерян Е.А. Психология формирования общетрудовых политехнических умений. – М.: Педагогика, 1973. - С. 56-71.

159 Раев А.И. Психологические основы управления умственной деятельностью учащихся в үдеріссе обучения. – Л., 1971. - С. 12-28.

160 Платонов К.К. Структура и развитие личности. – М.: Наука, 1986. – 145 с.

161 Бабанский Ю.К., Поташник М.М. Педагогикалық үдерісті оптималдандыру (Сұрақтар мен жауаптар). - Алматы: Мектеп, 1984. – 152 б.

162 Усова А.В. Психолого-дидактические основы формирования у учащихся научных понятий. – Челябинск.: Челяб. ГПИ, 1979. – 160 с.

163 Платонов К.К. Вопросы психологии труда. - М.: Изд-во Медгиз, 1962. - 219 с.

164 Для описания надпредметных показателей обученности частично использован материал А.А. Елизаров. Педагогика: учеб. пособие / под ред. П.И. Пидкасистого. – Изд. 2-е. – М., 1996. – 163 с.

165 Шадриков В.Д. Введение в психологию: способности человека. - М.: Логос, 2002. - 160 с.

166 Якиманская И.С. Технология личностно-ориентированного образования. - М.: Сентябрь, 2000. - 176 с.

167 Шадриков В.Д. Способности человека; Акад. пед. и соц. наук; Моск. психол.-соц. ин-т. - М.: Ин-т практ. психологии; Воронеж: МОДЭК, 1997. - 285 с.

168 Рубинштейн С.Л. Человек и мир // Сборник. - СПб.: Питер, 2012. - 224 с.

169 Теплов Б.М. Способности и одаренность // Учен. зап. Гос. науч.-исслед. ин-та психологии. - М., 1941. - Т. 2. - С. 3-56.

170 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. - М.: Политиздат, 1975. - 286 с.

171 Краткий словарь по философии / под ред. И.В. Блауберга, И.К. Пантина. – Изд. 3-е., доработ. и доп. – М.: Политиздат, 1979. – 413 с.

172 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / жалпы ред. басқарған п.ғ.д., профессор А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2002. - 256 б.

173 Лузина Л.М. Педагогу о современных подходах и концепциях воспитания. – М.: Сфера, 2004. – 160 с.

174 Красовский Б.Д. Формирование руководителя нового типа // Проблемы теории и практики управления. – М., 1992. – №6. – С. 120.

175 Тюптя О. В. Формирование психологической готовности к социальной профессиональной деятельности (на примере специальности «Социальный педагог»): дис. … канд. психол. наук: 19.00.01. – Киев, 1999. – 252 с.

176 Оценка готовности студентов – будущих учителей труда к осуществлению политехнического образования, трудового воспитания и профориентации школьников / под ред. Ю.К. Васильева. – М.: АПН СССР, 1990. – 25 с.

177 Карпова А.Л. Формирование организаторских качеств педагога в үдеріссе профессиональной подготовки: дис. ... канд. пед. наук. - М., 2004. - 396 с.

178 Косов А.В. Психологические особенности организаторских умений и их развитие у будущих учителей: дис. ... канд. психол. наук. - М., 1996. - 140 с.

179 Лутошкин А.Н. Психология и педагогика социального воспитания // материалы II Всерос. науч.-практ. конф., посвященной 75-летию со дня рождения А.Н. Лутошкина. - Кострома: Костром, гос. ун-т им. Н.А. Некрасова КГУ, 2010. - 185 с.

180 Матвеева З.Г. Формирование организаторских умений младших подростков: автореф. ... канд. пед. наук. - Л., 1972. - 27 с.

181 Руденко И.Л. Формирование организаторских и коммуникативных умений будущего учителя (на примере студентов технолого-экономического факультета): дис. ... канд. пед. наук. - Махачкала, 1998. - 167 с.

182 Сапоровская В.Д. Планирование в организаторской деятельности подростков: автореф. ... канд. пед. наук. - Ярославль, 1966. - 13 с.

183 Ярославова Г.Ю. Формирование организаторских умений будущего учителя в условиях студенческого педагогического отряда: дис. ... канд. пед. наук. - Челябинск, 2007. - 196 с.

184 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы ред. басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

185 Казахско-русский словарь: около 50000 слов / под ред. чл.корр. НАН РК Р.Г. Сыздыковой, проф. К.Ш. Хусаин. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 962 с.

186 Орысша-қазақша сөздік / жалпы ред.басқ. Ғ.Ғ. Мұсабаев. 65000 сөз (А-О). – Алматы: Қазақ Совет Энциклопелиясы, 1978. – Т. 1. – 576 б.

187 Куликова Е.А. Образовательный интернет-ресурс как средство активизации обучающей деятельности педагогов начального профессионального образования: дис. ... канд. пед. наук. - Екатеринбург: Российский государственный профессионально-педагогический университет, 2010. - 180 с.

188 Асадуллин Р.М. Формирование личности будущего учителя как субъекта педагогической деятельности: дис. ... док. пед. наук. - М., 2000. - 358 с.

189 Кулюткин Ю.Н. Психологическая природа деятельности педагога. Творческая направленность деятельности педагога / под ред. Ю.Н. Кулюткина, Г.С. Сухобской. - Л., 1978. - С. 7-10.

190 Раченко И.П. НОТ учителя: Кн. для учителя. – Изд. 2-е., перераб. и доп. - М.: Просвещение, 1989. - 237 с.

191 Рогов Е.И. Учитель как объект психологического исследования: пособие для шк. психологов по работе с учителем и пед. коллективом. - М.: ВЛАДОС, 1998. - 496 с.

192 Қастаев С.Қ. Мұғалімнің педагогикалық қабілеттері мазмұнындағы ұйымдастырушылық іс-әрекеттер // Қазақстанның Педагогикалық Ғылымдар Академиясының хабаршысы. - 2021. - №1. - Б. 44-50.

193 Емельянов Ю.Н. Социально-психологические исследования организаторского потенциала руководителя: автореф. ... канд. психол. наук. - Л., 1975. - 19 с.

194 Ковалев А.Г. Коллектив и социально-психологические проблемы руководства. - М.: Проспект, 2001. - 431 с.

195 Мясищев В.Н. Психология отношений // Избр. психол. тр. - М.: МПСИ; Воронеж: МОДЭК, 2011. - 400 с.

196 Озира В.Ю. Практический менеджмент: комплекс, учеб. пакет: орг. как объект упр. - М.: Высш. ин-т упр., 2000. - 29 с.

197 Афанасьев В.Г. Общество: системность, познание и управление. - М.: Политиздат, 1981. – 432 с.

198 Гвишиани Д.М. Организация и управление / предисл. П.Г. Бунича; Моск. ин-т экономики, политики и права. - М.: Изд-во МГТУ, 1998. - 331 с.

199 Волков И.П. Много ли в школе талантов? - М.: Знание, 1989.-78 с.

200 Кричевский Р.Л. Психология лидерства: учеб. пособие. - М.: Статут, 2007. - 541 с.

201 Шпалинский В.В., Распопов И.В., Ткачук В.И.Основы психолого-педагогических исследований: учеб. пособие. - Днепропетровск: ДГУ, 1989. - 67 с.

202 Ломов Б.Ф. Вопросы общей, педагогической и инженерной психологии. - М.: Педагогика, 1991. - 290 с.

203 Handoyo P.W. Pedagogical tasks for shaping eflcollege student writers' critical thinking and self voicing // International Journal of Innovation in English Language Teaching and Research. – Hauppauge. – 2012. - Vol. 1, № 1. - P. 87-99.

204 Психолого-педагогический словарь для учителей и руководителей общеобразовательных учреждений. – Ростов н/Д.: Феникс, 1998. – 544 с.

205 Самылкина Н.Н. Современные средства оценивания результатов обучения. Педагогическое образование. – М.: БИНОМ; Лаборатория знаний, 2007. – 172 с.

206 Циркуляр по Санкт-Петербургскому учебному округу. – 1901. - №5. – С. 218.

207 Аванесов В.С. Методологические и теоретические основы тестового педагогического контроля: дис. … док. пед. наук. - Спб. гос. ун-т, 1994. – 339 с.

208 Ортаев Б.Т. Педагогикалық тапсырмалар: 050120 – Кәсіптік білім мамандығына арналған: оқу-әдістемелік құрал. – Түркістан: «Тұран» Қ.А.Ясауи ат. ХҚТУ, 2008. - 92 б.

209 Абдуллина Г.Т., Торыбаева Ж.З. Проектирование системы педагогических заданий в ракурсе формирования интеллектуальных умений будущего учителя http://www.rusnauka.com/7_NITSB_2012/Pedagogica /2_103340.doc.htm 19.02.2023.

210 Аванесов В.С. и др. Основы педагогики и психологии высшей школы» / под ред. А.В.Петровского. - М.: МГУ, 1986. – 303 с.

211 Аванесов В.С. Основы научной организации педагогического контроля в высшей школе. - М.: МИСиС, 1989. – 167 с.

212 Аванесов В.С. Принципы педагогического контроля http://testolog.narod.ru/Theory44.html 18.05.2023.

213 Груденов Я.И. Психологическое обоснование целесообразности широкого использования задач, не имеющих решений // Новые исследования в педагогических науках. – 1964. - Вып. 2. – 212 с.

214 Аванесов В.С. Композиция тестовых заданий. - М.: Центр тестирования, 2002. - 237 с.

215 Гендина Н.И., Колкова Н.И. Нормативно-методическое обеспечение учебного үдерісса в вузе. Стандарты высшего образования. - Кемерово, 1998.– 170 с.

216 Аванесов В.С. Применение тестовых форм в Rasch Measurement //Педагогические измерения. – 2005. - №4. - С. 2-16.

217 Аванесов В.С. Форма тестовых заданий. - М.: Центр тестирования. 2005. – 156 с.

218 Ортаев Б.Т., Исаев А.И., Туна С. Болашақ мұғалімдердің бақылау іскерліктерін қалыптастыру қажеттілігі // Ясауи университетінің хабаршысы. - 2020. - №2. - Б. 148-159.

219 Бабакова Т.А. Система заданий для самостоятельной учебной деятельности обучающихся как средство становления познавательной компетенции (на материале педагогических дисциплин) // Непрерывное образование: XXI век. – 2020. – Вып. 3, №31. – С. 14-20.

220 Лузина Л.М. Педагогу о современных подходах и концепциях воспитания. – М.: Сфера, 2004. – 160 с.

221 Оценка готовности студентов – будущих учителей труда к осуществлению политехнического образования, трудового воспитания и профориентации школьников / под ред. Ю.К. Васильева. – М.: АПН СССР, 1990. – 25 с.

222 Большая советская энциклопедия (БСЭ). – Изд. 3-е. // В 30 т. - М.: Сов. энциклопедия, 1970-1978. - Т. 12. - 760 с.

223 Гальперин П.Я. Психология как объективная наука: избр. психологич. тр. / под ред. А.И. Подольского. - М.; Воронеж: Институт практической психологии; МОДЭК, 1998. - 480 с.

224 Подласый И.П. Педагогика: учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений. - М.: Просвещение: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1996. - 630 с.

225 Усова А.В., Бобров А.А. Формирование у учащихся учебных умений. - М.: Знание, 1987. - 80 с.

226 Абдуллина О.А. Мониторинг качества профессиональной подготовки // Высшее образование в России. - 1998. - №3. - С. 21.

227 Андрухив Л.В. Формирование у будущих экономистов умения работать с информацией: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.08. - Астрахань: АГУ, 2008. - 19 с.

228 Ким Н.П. Формирование умения организации самоподготовки школьников у будущих учителей: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. — Челябинск: ЧГПИ, 1991. - 194 с.

229 Кучугурова Н.Д. Контроль учебно-познавательной деятельности обучающихся (технология формирования умения). - М., 2006. – 128 с.

230 Попов Г.Х. Оценка работников управления / под ред. Г.Х. Попова. - М.: Моск. рабочий, 1976. - 352 с.

231 Суворова С.Л. Формирование гностических умений у студентов в үдеріссе профессионально-педагогической подготовки: дис. ... канд. пед. наук. - Челябинск: ЧГПУ, 1999. - 166 с.

232 Суходольский Г.В. Основы психологической теории деятельности. - Л.: ЛГУ, 1988. — 166 с.

233 Фролова Е.В. Формирование учения организации учебной работы с учащимися в малых группах в развивающем обучении у будущих учителей начальных классов: дис. ... канд. пед. наук. - Челябинск: ЧГПУ, 1999. - 172 с.

234 Беркимбаев К.М., Кастаев С.К. Теоретические основы исследования профессионально-компетентной подготовки личности будущего учителя // Актуальные научные исследования в современном мире: Материалы международной научно-практической конфенции. – София; Болгария, 2018. – Т. 7. – С. 65-69.

235 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы баспасы, 2009. – 328 б.

236 Гершунский Б.С. Философия образования для 21 века (В поисках практико-ориеитированных образовательных концепний). Рос. Акад. образования. - М.: Совершенство, 1998. - 606 с.

237 Омаров Б.С. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру (ұлттық спорт материалында): филос. док. (PhD) … дис. - Түркістан, 2015. – 199 б.

238 Білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі «Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі УЕ-ХҚТУ-030-2019» https://ayu.edu.kz/wp-content/uploads/2020/11/bilim-beru-ba-darlamasyn-zirleu-erezhesi-2020.pdf 17.08.2023.

239 Kastayev S., Ortayev B., Auyezov B., Gulnara J., Zhidekul S., Shyryn A. Formation of the ability to organise learning technologies of future teachers through innovative methods // World Journal on Educational Technology: Current Issues. - 2022. – Vol. 14, №5. – P. 1305–1316.

240 Berkimbayev K.M., Abuseitov B.Z., Kastaev S.K. The necessity of improving online training // Innovations and modern pedagogical technologies in the education system: materials of the IX international scientific conference. – Prague: Vědeckovydavatelské centrum «Sociosféra-CZ», 2019. – 138 p.

241 Қастаев С.Қ. Педагогикалық тапсырмалардың оқу-тәрбие үдерісіндегі түрлері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. - 2020. – №10/2(142). – Б. 231-238.

242 Het F.W. The Case Study Handbook. - Boston: Harvard Business School Press, 2007; Gomm R., Hammerseley M., Foster P. Case Study Method. - London: Sage Publications, 2006. - Vol. 8.

243 Ортаев Б.Т. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. док. ... дис. – Түркістан. 2010. - Б. 140-141.

244 Жолдасбекова С.А. Жоғары оқу орнында болашақ еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2006. - 268 б.

245 Kastayev S., Berkimbayev K., Ibragim K., Jumagulova G., Tusseyev M. Formation of future teachers' ability to organise educational activities on the basis of pedagogical tasks // Cypriot Journal of Educational Science. - 2022. – Vol. 17, №7. – P. 2290-2302.

246 Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика: учебник для вузов - СПб: Питер, 2000. - 304 с.

247 6В0109 – Физика. Білім беру бағдарламасы. – Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, 2019. – 44 б.

248 6В01505 – Биология. Білім беру бағдарламасы. – Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, 2019. – 46 б.

249 6В0109 – Физика. Білім беру бағдарламасы. – Шымкент: ОҚМПУ, 2019. – 44 б.

250 6В01505 – Биология. Білім беру бағдарламасы. – Шымкент: ОҚМПУ, 2019. – 46 б.

251 6В0109 – Физика. Білім беру бағдарламасы. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚУ, 2019. – 44 б.

252 6В01505 – Биология. Білім беру бағдарламасы. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚУ, 2019. – 46 б.

253 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, 2000. – 384 б.

254 Пошаев Д.Қ. Педагогикалық мамандыққа кіріспе: оқу құралы. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2011. – 112 б.

255 Жұмабекова Ф.Н. Педагогикалық мамандыққа кіріспе: оқулық. - Алматы, 2020. – 145 б.

256 Күнпейіс Ж. Педагогика (Тәлім-тәрбие негіздері): оқу-әдістемелік кешен. – Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2013. – 340 б.

257 Набуова Р.А., Жубандыкова А.М. Бағалаудың өлшемдік технологиялары: оқу құралы. – Алматы, 2019. – 260 б.

258 Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері: оқу құралы. – Алматы, 2013. – 448 б.

259 Оспанбаева М.П. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 б.

260 Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: учебник для студ. пед. вузов // В 2 кн. Общие основы. Үдерісс обучения. – М.: Гуманит.изд.центр ВЛАДОС, 1999. – Книга 1. – 576 с.

261 Methods, Techniques and Tools of Diagnostics of Competences // Cross-Border Seminar. - War- saw, 2013. - 144 p.

262 Ожегов С.И. Словарь русского языка / под ред. Н.Ю.Шведовой. - М.: Русский язык, 1978. - 846 с.

263 Галкина Е.А. Критерии оценивания учебных достижений // Биология в школе. - 2006. - №7. - С. 18-21.

264 Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного үдерісса: метод. основы. - М.: Просвещение, 1982. - 192 с.

265 Пошаев Д.Қ. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері: оқу құралы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2011. - 184 б.

266 Иванов В. Педагогическая деятельность: проблемы, сложности // Высшее образование в России. - 1997. - №4. - С. 44-49.

267 Даржания А.Д. Критерии и уровни сформированности организационно-управленческих умений у студентов профессионального колледжа // Молодой ученый. - 2009. - №11(11). - С. 273-277.

268 Исаев А.И. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау: филос. док. (PhD) ... дис. – Түркістан, 2023. – 194 б.

269 Словарь русского языка // В 4 т. РАН, Ин-т лингвистич. Исследований / под ред. А. П. Евгеньевой.Фундаментальная электронная библиотека – Изд. 4-е, стер. - М.: Рус. яз.; Полиграфресурсы, 1999 https://feb-web.ru/feb/mas/mas-abc/20/ma451202.htm?cmd=0&istext=1 12.02.2023.

270 Вертаев А.В. Формирование компетенции принятия оптимальных управленческих решений у курсантов вузов внутренних войск МВД России с использованием метода служебно-боевых ситуаций: дис. … канд. пед. наук. - СПб., 2015. - 279 с.

271 Зельдович Б.З., Сперанская Н.М., Фаенсон М.И. Практический менеджмент: учеб. пособие. - М., 2001. - 196 с.

272 Питюков В.Ю. Основы педагогической технологии: учебно-практ. пособие. – М.: Рос.пед.агентсво, 1997. - 174 с.

273 Bloom B.S. Taxonomy of Educational Objectives. - N.Y., 1971. - 98 p.

274 Шектибаев Н.А. «Ядро және элементар бөлшектер физикасы» элективті курсын оқыту барысында болашақ физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту әдістемесі: филос. док. (PhD) … дис. – Түркістан, 2021. – 208 б.

# ҚОСЫМША А

Кесте А. 1- Міндеттерді шешудің негізгі кезеңдері

| Авторлары | Міндеттерді шешу кезеңдері |
|---|---|
| Сластенин В.А. | 1. Постановка задачи на основе анализа ситуации и конкретных условий;<br>2. Конструирование способа педагогического взаимодействия;<br>3. Осуществление плана решения задачи на практике;<br>4. Анализ результатов решения задачи. |
| Спирин Л.Ф. | 1. Анализ возникающей ситуации;<br>2. Осознание и формулирование педагогической задачи как задачи системы;<br>3. Разработка программы решения задачи системой;<br>4. Осуществление непосредственного управления педагогической системой в үдеріссе решения задачи;<br>5. Анализ результатов решения педагогической задачи и определениестепени достижения поставленных целей. |
| Альтшуллер Г. ТРИЗ-технология | 1. Точно понять задачу;<br>2. Сформулировать противоречие и идеальный конечный результат;<br>3. Составить модель задачи;<br>4. Поискать в каждой части модели задачи ресурс для решения задачи;<br>5. Применить приемы разрешения противоречий;<br>6. Сформулировать несколько решений (творческие задачи имеют много правильных решений);<br>7. Выбрать самое сильное решение;<br>8. Проанализировать: почему задача появилась, что надо сделать, чтобы подобные задачи больше не появлялись, почему пришлось ее так долго решать,чему меня научила эта задача. |
| Джойнер Р. | 1. Определение желаемого результата;<br>2. Анализ текущей ситуации;<br>3. Анализ причин, приведших к текущей ситуации;<br>4. Анализ всех возможных путей достижения желаемого результата;<br>5. Выбор пути, который приведет к результату наиболее эффективно и повлечет за собой дальнейшее развитие человека;<br>6. Реализация решения, текущий анализ, корректировка;<br>7. Выработка планов дальнейшего развития |
| Мескон М., Альберт М., Хедоури Ф. | 1. Диагноз проблемы;<br>2. Вормулировка ограничений и критериев для принятия решения;<br>3. Выявление альтернатив;<br>4. Оценка альтернатив; 5.<br>Окончательный выбор решения. |
| Мильнер Б.З. | 1. Выделение и определение проблемы;<br>2. Поиск информации и альтернатив решения;<br>3. Выбор среди альтернатив;<br>4. Принятия решения. |

| | |
|---|---|
| Поршнев А.Г. | 1. Появление (постановка) проблемы;<br>2. Выявление факторов и условий её решения;<br>3. Разработка (выбор) решения;<br>4. Оценка, принятие и организация выполнения решения. |

# ҚОСЫМША Б

## №1 Педагогикалық тапсырма. Сабаққа дайындалу және оны өткізу

Тапсырманы орындау кезінде келесідей схеманы басшылыққа алуға болады.

Сабақтың кеңінен ашылып жазылған жоспар-конспектісін құрастырыңыз. Жоспарды құрастыру үшін:

- бағдарламаны, күнтізбелік жоспарды пайдаланумен бөлім (тарау) бойынша сабақтар жүйесіндегі сабақтың орнын анықтау;
- жаңа терминдерді, еңбек тәсілдері мен операцияларын бөліп көрсетумен сабақтың тақырыбы бойынша оқу материалдарын зерделеу;
- берілген сабақта қалыптастырылатын ұғымдарды, білім мен іскерліктерді белгілеу;
- сабақтың тәрбиелеуші, дидактикалық және дамытушы мақсаттарын анықтау;
- еңбек объектісін таңдау, қажетті материалдар мөлшерін белгілеу;
- қондырғыларды, жұмыс және бақылау-өлшеу, бейімдеу құралдарын іріктеу;
- көрнекі құралдарды, техника-технологиялық құжаттарды таңдау;
- сабақтың құрылымын, оқу жұмыстарының ұйымдастыру формаларын анықтау;
- барлық құрылымдық элементтерде тәрбиелік міндеттерді ұйымдастыруды және шешуді ойластыру;
- барлық құрылымдық элементтерде дамытушы міндеттерді жүзеге асыру тәсілдерін қарастыру;
- оқушылардың білімін тексеруді ұйымдастыруды жоспарлау (ойластыру);
- бағдарламалық бақылау құралдарын мақсатты түрде пайдалану мүмкіндіктерін шешу;
- оқушылардың шығармашылық тәсілін талап ететіндей білім мен іскерлігін тексеру үшін тапсырма әзірлеу;
- оқуға оқушылардың қызығушылығын тудыратындай және ықпал ететіндей тәсілдерді әзірлеу;
- оқушыларды техника-технологиялық мағлұматтармен таныстыру, техникалық және көрнекі құралдарды, проблемалық ситуацияларды, техникалық, технологиялық есептерді және оқушылардың жаңа оқу материалдарын игеруге жол ашу (дидактикалық құралдарды пайдалану әдістемесін ойластыру);
- оқушылардың жаңа оқу материалдарын меңгеру және танымдық іс-әрекеттерін белсендіру тәсілдерін әзірлеу;

- қондырғыларды, приборларды, құрал-саймандарды лабораториялық-практикалық жұмыстарды өткізу үшін дайындау және сабақты өткізу әдістемесін ойластыру;
- оқушылардың еңбек іскерліктерін қалыптастыру, экрандық құралдарды, тренажерларды пайдалану әдістемесін ойластыру;
- кіріспе, ағымдық және қорытынды нұсқау берудің формасы мен мазмұнын әзірлеу;
- оқушылардың практикалық және өзіндік жұмысын ұйымдастыруды, оларды қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекке қатыстыру тәсілдерін ойластыру;
- бағалау критерийлерін белгілеу және дайындау;
- кәсіптік бағдар беру жұмыстарын өткізу әдістемесін ойластыру

қажет.

Кеңінен ашылып жазылған жоспар-конспектіні құрастыру кезінде арнайы әдебиеттерді пайдалану қажет.

**№ 2 Педагогикалық тапсырма. Талдау жасау, бағалау және нақты сабақтың тәрбиелік, дидактикалық және дамытушылық мақсаттарын таңдауды жақсарту бойынша ұсыныстар беру.** Тапсырманы орындау кезінде басшылыққа алуға болатын схемаға мыналар жатқызылады:

1. Сабақтың тәрбиелік, дидактикалық және дамытушылық мақсаттары.
2. Сабақтың тәрбиелік, дидактикалық және дамытушылық мақсаттарға оқу материалдарының, жаттығулардың, практикалық жұмыстардың сәйкестік дәрежесі.
3. Сабақтың тәрбиелік, дидактикалық және дамытушылық мақсаттарының өзара байланыстылығы бар ма? Нақты сабақта олардың органикалық бірлігін қарастыруға болады ма?
4. Мақсатты таңдауды жақсарту және берілген сабақ үшін олардың нәтижеге жету тәсілдерін ұсыну.

**№ 3 Педагогикалық тапсырма. Сабақты ұйымдастыруға талдау жасау және оны жақсарту бойынша ұсыныс беру.**

Тапсырманы орындау кезінде келесідей схеманы басшылыққа алуға болады.

1. Сабаққа оқу кабинетінің дайындығы: қол еңбегі кабинетінің санитарлық-гигиеналық жағдайы, қондырғылардың, құрал-саймандардың жағдайы, құрал-саймандар мен материалдардың саны және олардың сабақтың мақсатына сәйкестігі.
2. Оқу және технологиялық құжаттардың саны, сапасы және олардың мақсатқа сәйкестігі: еңбектік тапсырмалар, көрнекі құралдар, технологиялық және нұсқау карталары, жұмыс сызбасы, техника қауіпсіздігінің ережелері.
3. Оқушылардың қатысуы, олардың сабаққа дайындығы: арнаулы киімдердің саны және олардың жағдайы, теориялық және практикалық дайындығы, білімі және ішкі тәртіп ережелерін, техника қауіпсіздігін, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтауы.

4. Материалдарды өңдеуді оқытудағы сабақты ұйымдастыруды жетілдіру бойынша нұсқаулар әзірлеу.

**№ 4 Педагогикалық тапсырма. Оқушылардың білімі мен іскерлігін тексеруді ұйымдастыру әдістемесін зерделеу және білім мен іскерлікті бақылау жүйесін жетілдіру бойынша нұсқауды әзірлеу.**

Тапсырманы орындау кезінде басшылыққа алуға болатын схема.

1. Білім мен іскерлікті тексеру мақсаты.
2. Тексерудің пайдаланған түрінің мақсатқа сәйкес келуі.
3. Сұрақтардың, еңбектік тапсырмалардың мазмұны және қойылуы: тексеру мақсатының сәйкестілігі, олардың бірмәнділігі және анықтылығы, өткен оқу материалдарын қамтуы.
4. Білім мен іскерлікті тексеру әдістері, олардың тиімділік дәрежесі.
5. Тексерудің оқушыларды қамтуы, оның тереңдігі, практикалық бағыттылығы. Тексеру кезіндегі оқушылардың белсенділік дәрежесі.
6. Оқушылардың сұрақтарға берген жауаптарының сапасы. Білім мен еңбектік іскерліктердегі кемшіліктерді анықтап, шешімін ұсыну.
7. Тексерудің қорытындысын шығару: жауаптарды талдау, бағалау критерийлері, бағалаудың объективтілігі, тексерудің дидактикалық мақсатын жүзеге асыру тәсілдері.
8. Білімді тексерудің жаңа оқу материалдарын зерделеумен байланысы.
9. Білім мен іскерлікті тексеруді ұйымдастыру мен өткізуді жақсарту бойынша нұсқаулар әзірлеу.

**№ 5 Педагогикалық тапсырма. Жаңа оқу материалдары мазмұнына және оны баяндау әдістемесіне талдау жасау.**

Тапсырманы орындау кезінде басшылыққа алуға болатын схема:

1. Бағдарламаға сәйкестікте қалыптастырылатын ұғымдар, білімдер мен іскерліктердің тізімі.
2. Оқу материалының ғылыми бағыттылығы, оның өмірмен, практикамен байланысы.
3. Оқушылардың оқу іс-әрекеті мотивінің тәсілдері және олардың тиімділігі.
4. Оқыту әдістерін пайдалану, олардың мақсатпен сәйкестігі және тиімділігі.
5. Баяндаудың жүйесі және реттілігі: интербелсенді тақтаны, оқытудың техникалық құралдарын (ОТҚ), көрнекі құралдарды пайдалану, баяндаудың образдылығы және жетімділігі, оқушылардың баяндауға қатысуы, оқу материалдарының ілгеріде зерделенген және басқа пәндермен байланысы.
6. Проблемалық ситуацияларды тудыру, оларды шешудің тәсілдері. Техникалық, технологиялық тапсырмалардың қойылуы және оларды шешу тәсілдері. Оқу жұмыстарына оқушылардың қатысуы, олардың белсенділік деңгейі.
7. Оқу материалдарын бекітуді ұйымдастыру және оның әдістемесі.
8. Оқу материалдарын баяндау тәсілдерін жетілдіру бойынша нұсқаулар.

**№ 6 Педагогикалық тапсырма. Оқушылардың сабақ үдерісіндегі белсенділік деңгейіне талдау жасау.**

Тапсырманы орындау кезінде басшылыққа алынатын схема.

1. Мұғалімнің оқыту мақсаттарына сәйкес пайдаланған танымдық іс-әрекетті мотивациялаудың тәсілдері.
2. Зейінді ұйымдастыру тәсілдері: мұғалімнің сыртқы түрі, мимикасы және пантомимикасы, үні (тон), сабақтың ырғағы (ритм) және қарқыны, сабақтың мақсатына сәйкес көрнекі құралдардың ашықтығы, жаңалығы; мұғалім сөзінің эмоциялық қанықтығы, бейнелілігі; баяндау реттілігі және логикалылығы.
3. Жаңа оқу материалдарын қабылдауға дайындық тәсілі, олардың тиімділігі және мақсатқа сәйкестілігі.
4. Тірек білімдерді көкейкесті ету тәсілдері.
5. Оқу материалдарын меңгерудегі жаттығулар, олардың мазмұны және мақсатқа сәйкестілігі.
6. Оқушылардың белсенділігін арттыру бойынша нұсқаулар.

**№ 7 Педагогикалық тапсырма. Практикалық жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізуге талдау жасау.**

Тапсырманы орындау кезінде төмендегі схеманы басшылыққа алыңыздар.

1. Жұмысты өткізуге дайындық: жабдықтардың, құрал-саймандардың, техника-технологиялық құжаттардың болуы.
2. Оқу бағдарламасына еңбек объектілерінің сәйкестілігі.
3. Техника-технологиялық құжаттардың мазмұны мен сапасы: тапсырмалардың безендірілуі, анықтылығы, шамаға лайықтылығы және бірмәнділігі, графикалық бейнелеулердің сәйкестілігі, өзіндік бақылау жасау үшін нұсқаулардың толықтығы және шамаға лайықтылығы.
4. Оқушылардың практикалық іс-әрекеттерін мотивациялау тәсілдері, олардың тиімділігі.
5. Нұсқаулардың мазмұны мен толықтығы: нұсқау түрі, баяндалуының негізділігі, логикалылығы және реттілігі, нұсқаулардың кезеңдерге бөлінуі, өзіндік бақылау тәсілдерінің көрсетілуі.
6. Оқушылардың практикалық жұмыс үдерісі: мақсаттардың қойылуы, оқушылардың саналы әрекеттерінің деңгейі, оқушылардың еңбек операцияларын орындауы, өзіндік бақылау, қауіпсіздік ережелерін сақтауы, жұмыс орнын ұйымдастыруы.
7. Оқушылардың практикалық жұмыстарын талдау және бағалау.
8. Практикалық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу бойынша нұсқаулар.

**№8 Педагогикалық тапсырма. Болашақ мұғалімдердің жеке дидактикалық іскерліктері бойынша даярлығын анықтау (Б.Барсайдың еңбегі бойынша).**

Тапсырманы орындаудың схемасы.

1.Оқу бағдарламасына сәйкес тарауды, тақырыпты меңгерудің мақсатын анықтау.

2. Сабақта өтілетін материалдың мақсатын анықтау үшін әртүрлі дидактикалық амалдарды қолдану.

3. Оқушылардың оқу мақсатын түсінуін және қабылдауын қамтамасыз ету.

4. Білімді меңгеруде мақсат пен ынтаның қабысуына қол жеткізу.

5. Оқушының өзін-өзі тәрбиелеуінде сыртқы ынталандыруды (мотивацияны) бірте-бірте өзіндік ішкі ынталануға ауыстыруды тәрбиелеуді жүзеге асыру.

6. Оқу ақпаратын қабылдаудың қайнар көздерін дұрыс іріктеу.

7. Оқушыларды оқу материалын қабылдауға дайындау.

8. Қабылдау үдерісінде оқушыларды белсендіру.

9. Оқушыларға ақыл-ой қызметінің әдіс-тәсілдерін үйретуде арнайы жұмыс жүргізу.

10. Құбылыстар, үдерістер, фактілер арасындағы ішкі байланыстарды ашу.

11. Оқушыларда ғылыми ұғым қалыптастыру.

12. Білімді есте сақтау мен оның мазмұнының өзара тәуелділігін қамтамасыз ету.

13. Өтілгенді есте ұзақ сақтауды қамтамасыз ету.

14. Өтілген оқу материалын ой елегінен өткізуде белсенділікке үйрету.

15. Өтілген материалды қайталауды тиімді ұйымдастыру.

16. Практикалық тапсырмаларды орындау кезінде теорияға сүйене білуді ұйымдастыру.

17. Оқушылардың бұрынғы білімін жаңа материалды меңгеруге қолдануға үйрету.

18. Оқушыларды білімді шығармашылықпен ұштастыруға жұмылдыру.

19. Білімді қолдану амалдарының оқу материалдарының ерекшеліктеріне тәуелділігін ескеру.

20. Оқушыларда өзін-өзі бақылау дағдысын дамытудың арнайы амал – тәсілдерін пайдалану.

21. Білімді меңгерудің әр кезеңіндегі бақылаудың міндеттері мен мазмұнын дұрыс анықтау.

22. Бақылаудың әртүрлі тәсілдерін қолдану.

23. Бақылауды нақты ұйымдастыру.

24. Білімді меңгеруді бақылау барысында алынған нәтижені талдау.

25. Талдау кезінде алынған ақпаратқа дер кезінде өзгеріс енгізу.

Болашақ мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке даярлығын анықтауды педагогикалық практика барысында немесе әдістеме пәнінен «сынақ сабақтарын өту» барысында анықтауға болады.

### Деңгейлік тапсырмалар

Оқу тапсырмалары:

1) Оқушыларды білім беру материалымен алғашқы таныстыру үшін берілетін тапсырмалар:

- зерттелетін объектіні бақылауды жүзеге асыруды жазып көрсетіңіз;

- оқулықпен және кітаппен жұмыс жасау барысын көрсетіңіз;
- кітаптардан дәйексөздер жазуды түсіндіріңіз;
- кестелер мен графиктер жасауды түсіндіріңіз;

2) Оқушылардың жаңа білімдерді ереже, заң, ұғым ретінде меңгеруі үшін берілетін тапсырмалар:

- оқылған шығармаға логикалық жоспар құрастыруды жазып көрсетіңіз;
- фактілер мен құбылыстарды салыстыруды түсіндіріңіз;
- қойылған сұрақтарға жауаптар даярлауды көрсетіңіз және т.б.;

3) Оқушылардың дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру үшін берілетін тапсырмалар:

- жаттығуларды орындаудың тәртібін көрсетіңіз;
- пән мазмұнына байланысты өлшеу және есептеудің алгоритмін жазыңыз;
- есептер шығаруға үлгі әзірлеңіз;
- шығарма жазудың талаптарын көрсетіңіз;

4) Оқушылардың меңгерген білімін, іскерлігі мен дағдыларын бекіту үшін ұсынылатын тапсырмалар (қайталау, жаттау, білімді жүйеге келтіру және т.б.);

5) Оқушылардың алған білімді практикада қолдануы үшін берілетін тапсырмалар әзірлеңіз:

- конструкциялау және көрнекі құралдарды даярлау;
- әртүрлі мазмұндағы практикалық жұмыстарды орындау, оның ішінде, физикалық еңбекті, өлшеуді, механизмдерді бөлшектеу мен жинауды талап ететін, мектеп үлескесінде жұмыс жасау және т.б.);

6) Оқушылардың білімді, іскерлік пен дағдыны тексеруге бағытталған тапсырмалар:

- жазбаша және графикалық бақылау жұмыстары;
- бақылау сипатындағы лабораториялық және практикалық сабақтар және т.б.).

(Т.А. Бабакованың тапсырма үлгілері бойынша)

**I. Білімді көбейтуге байланысты репродуктивті тапсырмалар:**

1. Ақпаратты жаңғыртуға арналған тапсырмалар:

- ұғымдардың анықтамалары;
- педагогикалық объектілер мен құбылыстардың сипаттамалары;
- іс-әрекет әдістері туралы білім.

2. Бағдарламаланған тапсырмалар (әр түрлі - дұрыс жауаптарды таңдау, жетіспейтін сөздерді енгізу, топтарға бөлу, пайымдауларды бағалау, графикалық, кестелерді толтыру және т.б.).

**II. Өнімді, жаңа өнімді алу үшін білім мен іскерліктерді логикалық және шығармашылық қолдануды талап ететін тапсырмалар:**

3. Тапсырмалар проблемалы (оқу мәселелерін шешу үшін білімді шығармашылық қолдануды талап етеді).

4. Логикалық дағдыларды қолдануға арналған тапсырмалар:

- Тұжырымдаманың анықтамасын құру;
- салыстыру;
- жіктеу;

- талдау, синтез;
- жүйелеу;
- дәлел.

**5. Ақпаратты қайта кодтауға, мәтіндік ақпаратты графикалық түрде ұсынуға арналған тапсырмалар (графикалық модельдеу):**
- құрылымдық-логикалық схемаларды құрастыру;
- тірек конспектілерін (схемалық және символдық модельдер)орындау;
- эскиз жасау;
- ақпараттың символдық көрінісі;
- ассоциациялар мен ассоциативті қатарларды құру;
- ақыл-ой картасын орындау;
- салыстыру кестесін құру.

6. **Ситуациялық талдауға арналған тапсырмалар:**
- педагогикалық жағдайларды талдау (педагогикалық міндеттерді шешу);
- іс әдісі.

7. Жобалау тапсырмалары:
- оқу тапсырмаларын жобалау;
- оқу презентацияларын жобалау;
- оқу және тәрбие жағдайларын (сабақтарды) жобалау.

8. **Оқу-зерттеу іскерлігін іске асыруға арналған тапсырмалар:**
- дәлелді пайымдау;
- бастапқы дереккөздің рефератын орындау;
- гипотезаны тұжырымдау;
- дайын мәтін бойынша аннотация жасау;
- дайын мәтін бойынша тезистер құрастыру;
- ғылыми-әдістемелік жобаны орындау;
- конференцияда сөз сөйлеуді дайындау;
- конференцияда сөз сөйлеу үшін презентация дайындау.

9. **Оқу және ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу тапсырмалары:**
- мәтіндегі ғылыми терминдерді (педагогикалық) бөліп көрсету;
- мәтінді таңбалау;
- шығармашылық әдістерді қолдану (мысалы, Э.Де Бононың «Ойлаудың алты қалпағы» техникасы).

**III. Жеке қасиеттерді, өзіндік танымдық іс-әрекеттің үдерісі мен нәтижелерін өзін-өзі бағалауға бағытталған рефлексивті бағалау тапсырмалары:**

10. Жеке қасиеттерді бағалауға арналған тапсырмалар (мысалы, педагогикалық іскерліктер).

11. Өзінің оқу іс-әрекетінің нәтижелерін бағалауға арналған тапсырмалар (Оқу тапсырмасының құрылымында).

12. Портфолио арқылы пән (модуль) бойынша дербес оқу іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау.

13. Басқа студенттердің нәтижелерін бағалау (мысалы, жобаларды немесе портфолионы қорғау кезінде «қоғамдық сараптаманы» жүзеге асыру арқылы).

## ҚОСЫМША В

**«Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру» тақырыбы бойынша анкеталық сұрақтар**

1. Оқушылардың оқу іс-әрекеті - .... .
2. «Оқу іс-әрекеті» мен «оқыту іс-әрекеті» ұғымдарының (мазмұндық) ерекшеліктері бар ма? Болса жазып көрсетіңіз.
3. Мұғалімнің оқыту іс-әрекеті дегенімізді қалай түсіндіресіз?
4. «Педагогикалық іс-әрекет» ұғымын қалай түсінесіз?
5. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекет түрлерін атап көрсетіңіз.
6. «Мұғалімнің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігі» ұғымын қалай түсіндіресіз?
7. Мұғалімнің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігін жүзеге асыру кезеңдерін жазып көрсетіңіз.
8. Оқытуды жүзеге асырудағы мұғалімнің құрастырушылық (конструкторлық) әрекеттің мазмұнын сипаттаңыз.
9. Оқушылардың оқу іс-әрекетін жүзеге асырудағы ұйымдастырушылық іс-әрекеттің мазмұнын сипаттаңыз.
10. Оқыту үдерісіндегі мұғалімнің рефлексивті-талдау іс-әрекетінің мазмұнын сипаттаңыз.

## ҚОСЫМША Г

### Анкета
### «Менің мұғалімдік мамандығын таңдаған себебім»

Құрметті білім алушы (болашақ мұғалім), біздің зерттеу жұмысымызға қатысып және қажетті ақпарат беруіңізді сұраймыз. Төменде жазылған пікірлерді мұқият оқып және олардың әр қайсысымен келісетіндігіңізді немесе келіспейтіндігіңізді белгілеңіз. «Менің мұғалімдік мамандығын таңдаған себебім ...»:

1 Мұғалім ретінде өзімді желтілдіргім келеді:
келісемін келіспеймін

2 Әскерге баруды қаламаймын (жігіттерге арналған сұрақ):
келісемін келіспеймін

3 Басқа баратын жер жоқ:
келісемін келіспеймін

4 Жоғары білімім болғанын қалаймын:
келісемін келіспеймін

5 Маған қызықты, көп білгім келеді:
келісемін келіспеймін

6 Мұғалім, оқытушы болғым келеді:
келісемін келіспеймін

7 Оқу оңай:
келісемін келіспеймін

8 Педагогикалық қызметте қалғым келеді (кәсіби іс-әрекетте):
келісемін келіспеймін

9 Жағдай солай болды:
келісемін келіспеймін

10 Балаларды жақсы көремін:
келісемін келіспеймін

11 Педагогикалық қабілеттерімді сезінемін:
келісемін келіспеймін

12 Қоғамға пайдалы болғым келеді:

келісемін келіспеймін

13 Педагог мамандығын беделді санаймын:

келісемін келіспеймін

Енді аталған пікірлерді Сіз үшін маңыздылығына орай жоғарыдан төмен қарай тізіңіз.

«Менің биология немесе физика білім беру бағдарламасына түскен себебім ...»

1 .................................... 8. ..................................
2 .................................... 9. ..................................
3 .................................... 10..................................
4 .................................... 11. ................................
5 .................................... 12. ................................
6 ...................................... 13. ................................
7 ......................................

Сұрақ-жауапқа қатысқандығыңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Оқу іс-әрекетінің мотивтері

Құрметті білім алушы (болашақ мұғалім), біздің зерттеуімізге қатысып және қажетті ақпаратты беруіңізді сұраймыз. Сіздің оқу іс-әрекетіңіздегі мотивтердің маңыздылығына қарай тізбектеп, «Мотивтер» бағанасын толтыруыңыз керек. Мысалы, оқу үдерісінде бірінші орынға Сіз жоғарғы баға алу ниетін, екінші орынға - шәкіртақы алуды, үшіншісіне – көбірек жаңаны және қызықты (білімдерді) білуді қоясыз.

Кесте Г. 1 - Оқу іс-әрекетінің мотивтерін анықтау кестесі

| Мотивтер | Орын |
|---|---|
| Пәнді оқытуға немесе оқытушыға қызығушылық | |
| Болашақ кәсіп үшін ұйымдастырушылық бойынша білімнің «маңыздылығы» | |
| Педагогикалық ұйымдастырушылық іскерліктері бойынша дайындықтың мәні | |
| Көп білім алуға, дүниетанымын кеңейтуге, жалпы мәдени деңгейді арттыру ниеті | |
| Емтихан немесе сынақ тапсыру, нашар баға алу үрейі және онымен байланысты жағымсыз салдарлар | |
| Тағы не? | |

Сауалнамаға қатысқаныңызға рахмет.

Өзіңіз туралы мағлұмат беруіңізді сұраймыз.

Факультет - Курс -

Мамандық - Жасыңыз-

Жынысыңыз-

Аты-жөніңіз (қалауыңызбойынша)

Кәсіби іс-әрекетті мотивациялау
(К.Замфир әдістемесі А.А.Реанның жаңартуымен)

Құрметті білім алушы (болашақ мұғалім), біздің зерттеуімізге қатысып және қажетті ақпаратты беруіңізді сұраймыз. Кәсіби іс-әрекеттің төменде келтірілген мотивтерді оқып шығып, олардың Сіз үшін маңыздылығына бес ұпайлық көрсеткішпен баға беріңіз.

Кесте Г. 2 - Кәсіби іс-әрекетті мотивациялау кестесі

| Кәсіби іс-әрекеттің ынталары | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шамасы өте төмен | шамасы айтарлықтай төмен | Аз, бірақ Шамасы нашар | Жеткілікті шамада | Өте Үлкен шамада |
| Ақша табысы | | | | | |
| Жұмыста ілгерілеу талпынысы | | | | | |
| Басшы немесе ұжым тарапынан сынға ұшырамау талпынысы | | | | | |
| Ықтимал жазалар мен жағымсыз жағдайларға ұшырамау ниеті | | | | | |
| Әлеуметтік бедел мен басқалар тарапынан сыйлы болу қажеттілігі | | | | | |
| Үдерістен немесе жұмыс нәтижесінен қанағаттану | | | | | |
| Осы іс-әрекетте өзін толығымен көресту | | | | | |

Нәтижелерді өңдеу. Ішкі мотивация (ІМ) және сыртқы оң (СОМ) және сыртқы теріс (СТМ) мотивациялар келесі түйінді мәнге сәйкес көрсеткіштер есептеледі.

ІМ=(6 баған бағасы +7 баған баға)/2;

СОМ=(1 баған бағасы +2 баған баға + 5 баған бағасы)/3;

СТМ=(3 баған бағасы +4 баған бағасы)/2;

Мотивацияның әрбір типінің көрсеткіштерімен көрінуі 1-ден 5-ке дейінгі сандар аралығында болады (соның ішінде бөлшек сан болуы да мүмкін).

Нәтижелердің түсіндірмесі. Алынған нәтижелер негізінде тұлғаның ынталық мотивациясының кешені анықталады, яғни ІМ, СОМ мен СТМ деген мотивтің үш түрінің арасындағы арақатынас түрі анықталады.

Ең нашар мотивациялаушы кешен: СТМ>СОМ>ІМ

## Тұлғаның өзін-өзі бағалау тесті
## (Н.В.Бордовская мен А.Л.Реан әдістемесі)

Құрметті білім алушы (болашақ мұғалім), біздің зерттеуімізге қатысып және қажетті ақпаратты беруіңізді сұраймыз. Кейбір ережелерді сақтай отырып, төмендегі кестені толтырыңыз:

«Кіршіксіз» бағанасын Сізге ұнаған тұлғалық қасиеттерді басшылыққа алып толтырасыз;

«Мен» бағанасын бірінші орында сіздегі ең дамыған қасиетті, екінші орында - алдыңғысынан нашарлау дамыған тұлғалық қасиеттеріңізді басшылыққа алып толтырасыз.

Кесте Г. 3 - Тұлғаның өзін-өзі бағалау кестесі

| Кіршіксіз | Тұлға қасиеттері | «Мен» | Айырмашылық | |
|---|---|---|---|---|
| | | | D | d2 |
| | Көнбістік | | | |
| | Батылдық | | | |
| | Ашушаңдылық | | | |
| | Өжеттілік | | | |
| | Мазасыздық | | | |
| | Шыдамдылық | | | |
| | Қызығушылық | | | |
| | Пассивтілік | | | |
| | Бейтараптылық | | | |
| | Ықыластылық | | | |
| | Байқампаздылық | | | |
| | Қырсықтық | | | |
| | Баяуқимылдаушылық | | | |
| | Шешімқабылдауқиындығы | | | |
| | Белсенділік | | | |
| | Көңілділік | | | |
| | Надандық | | | |
| | Қасарысушылық | | | |
| | Бейғамдылық | | | |
| | Ұяңдық | | | |

Қатысқаныңызға алғыс білдіреміз.

Өзара байланыс коэффициенті келесі өрнекпен есептеледі: R=1-0,00075<d

Коэффициент 1-ге жақын болған сайын (0,7-ден 1,0 дейін), өзін бағалауы жоғары және керісінше. Біржақты өзін бағалау туралы 0,4-тен 0,6-ға дейінгі коэффициент дәлелдейді.

# ҚОСЫМША Д

Кесте Д. 1- Болашақ мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігінің эмоционалды-құндылықтық сала көрсеткіштері

| Білім алушының әрекеттері | Жоғары | Оорта | Төмен |
|---|---|---|---|
| Қабылдауы (түйсінуі) | | | |
| - оқудың қажеттілігін түйсінуі; | 3 | 2 | 1 |
| - оқу тобында өзін қоршағандардың пікірлерін мұқият тыңдайды, негізгі факторлардың маңыздылығын түсінетіндігін көрсетеді; | 3 | 2 | 1 |
| Жауап беруі | | | |
| - оқытушының берген педагогикалық тапсырмаларды орындауды өз еркімен жүзеге асыруы; | 6 | 4 | 2 |
| - оқу тобы ішінде туындаған мәселелерді талқылауға қатысауы; | 6 | 4 | 2 |
| Құндылықтарды таңдауы | | | |
| - алдына мақсат қоюы, бір жетістікке жетуді қалауы; | 9 | 6 | 3 |
| - өз көзқарасы мен идеалдарын жақтауда жоғарғы сенім көрсетуі | 9 | 6 | 3 |
| Құндылықтарды қалыптастыруы | | | |
| - өзінің әрекеттеріне деген жауапкершілігі; | 12 | 8 | 4 |
| - өзінің сүйікті мамандығының ерекшеліктерін айқындауға тырысуы; | 12 | 8 | 4 |
| Құндылықтардың әрекеттерде көрінуі | | | |
| -оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруда өзіндік әрекетін және дербестік танытуы; | 15 | 10 | 5 |
| - бірлесе жұмыс жасауға ынта танытады; | 15 | 10 | 5 |
| | 90 | 60 | 30 |
| | 9,0 | 6,0 | 3,0 |

Нәтижелерді өңдеу:

Орта ұпай жинақталған ұпайдың жалпы санының критерийлер қатынасымен анықталады.

Рангілеу шамалары:

Жоғары деңгей - 76-90 ұпай (7,6-9,0);

Орта деңгей: - 46-75 ұпай (4,6-7,5);

Төмен деңгей: - 30-45 ұпай (3,0-4,5).

# ҚОСЫМША Е

Кесте Е. 1 - Оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігінің ішкі құраушылары

| Іскерліктер | Жоғары | Орта | Төмен |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Аналитикалық (талдау) | | | |
| - қалыптасқан педагогикалық жағдаятты, проблеманы талдай білуі; | 3 | 2 | 1 |
| - оқыту іс-әрекетін тұтас немесе оның элементтерін талдауы және бағалауы, оны жетілдіру жолдарын іздей білуі; | 3 | 2 | 1 |
| - жұмысты қорытындылай білу; | 3 | 2 | 1 |
| - оқыту іс-әрекетінің тиімділігін талдай білу; | 3 | 2 | 1 |
| - өз іс-әрекетін талдай және бағалай білу; | 3 | 2 | 1 |
| - оқушылармен бірлескен талдау жасай білу; | 3 | 2 | 1 |
| - орын алған, туындаған қиындықтарды талдау және қорытынды шығару; | 3 | 2 | 1 |
| Жобалау (құрастырушылық) | | | |
| - оқытудың нақты мақсаттарын тұжырымдау; | 3 | 2 | 1 |
| - қойылған мақсаттарға байланысты міндеттерді бөліп көрсету; | 3 | 2 | 1 |
| - оқыту іс-әрекетін жоспарлау, құрастыру; | 3 | 2 | 1 |
| - оқу пәні бойынша конспекті әзірлеу (пән сабақтарының оқу материалдарының мазмұнын оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес анықтау және құрастыру); | 3 | 2 | 1 |
| - оқу жұмыстары үшін ғылыми-техникалық және басқада ақпараттарды іріктеу және оларды дидактикалық тұрғыдан қайта өңдеу; | 3 | 2 | 1 |
| - пән сабақтарының бағыттылығын қамтамасыз ететін ұйымдастыру формалары мен әдістерін жоспарлау және пайдалану; | 3 | 2 | 1 |
| - оқушылардың интеллектуалдық әрекеттері құрылымын жоспарлау; | 3 | 2 | 1 |
| - пән сабақтарына сәйкес оқу тапсырмаларын анықтау және құрастыру; | 3 | 2 | 1 |
| - оқыту іс-әрекетінің нақты нәтижесін және алынған шешімдердің салдарын болжау; | 3 | 2 | 1 |
| Коммуникативтік | | | |
| - оқушылармен дұрыс, өзара қарым-қатынас орнату; | 3 | 2 | 1 |
| - өзара байланысты перцептивтік, интерактивті және нақты қарым-қатынас іскерліктерін жүзеге асыру; | 3 | 2 | 1 |
| - оқыту әдістері мен тәсілдерін меңгеру; | 3 | 2 | 1 |
| - практикалық жұмыс тәсілдерін көрсету; | 3 | 2 | 1 |
| - оқу материалдарын тарқата түсіндіру; | 3 | 2 | 1 |
| Жұмылдыру | | | |
| - оқушылардың баяндауын, іс-әрекетін ұйымдастыру; | 3 | 2 | 1 |
| - әртүрлі оқу жұмыстарына оқушыларды қатыстыру; | 3 | 2 | 1 |
| - оқушылардың қол жеткізген нәтижелерін есепке алу және оны бағалауға оқушыларды жүйелі қатыстыру; | 3 | 2 | 1 |

Е 1 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| - шығармашылық белсенділікті көрсете білу, идеяларды, ұсыныстарды алға жылжытуда, практикалық міндеттерді шешуде жігерлі болу, талапшыл әрекет ету; | 3 | 2 | 1 |
| - оқушылармен қарым-қатынас орната алу; | 3 | 2 | 1 |
| - қиын жағдайларда оқушылардың оқу іс-әрекеттерін бақылау; | 3 | 2 | 1 |
| - тапсырманы орындау жолдарын табу; | 3 | 2 | 1 |
| Дамытушылық | | | |
| - оқушылардың танымдық үдерістерін, сезімдерін, ерік-жігері мен жеке ерекшеліктерін дамыту үшін проблемалық жағдаяттар (мәселе әзірлеу) мен шарттар жасау; | 3 | 2 | 1 |
| - танымдық дербестік пен шығармашылық ойлауды, логикалық және функционалдық қатынастарды орнату қажеттіліктерін ынталандыру; | 3 | 2 | 1 |
| Бағдарлаушылық | | | |
| - оқу іс-әрекетіне тұрақты қызығушылықты ояту; | 3 | 2 | 1 |
| - оқушы танымдық әрекетін дамытуға бағытталған бірлескен шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру. | 3 | 2 | 1 |
| Рефлексивтік | | | |
| - өзіне қатысты бақылау-бағалауды жүзеге асыруы; | 3 | 2 | 1 |
| - меңгерілген білімге, орындаған іс-әрекетіне, оқыту нәтижелеріне талдау жүргізуі және өзіндік баға беруі; | 3 | 2 | 1 |
| - мақсатқа сәйкес нәтижеге қол жеткізудегі іс-әрекетін бағалауы. | 3 | 2 | 1 |
| | 10 5 | 70 | 35 |

Нәтижелерді өңдеу:

Орта ұпай жинақталған ұпайдың жалпы санының критерийлер қатынасымен анықталады.

Рангілеу шамалары:

Төмен деңгейге – 1-1,5 (35-52) ұпай ;
Орта – 1,6-2,4 (53-87) ұпай;
Жоғары – 2,5-3,0 (88-105) ұпай;

**ҚОСЫМША Ж**

**Педагогикалық тапсырмалар**



# ҚОСЫМША И

## Жұмыс бағдарламасы

Ф. 7.03-06

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

AUEZOV UNIVERSITY 1943

**Коммерциялық емес акционерлік қоғам «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»**

«БИОЛОГИЯ» КАФЕДРАСЫ

**Бекітемін**
«Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» жоғары мектебінің деканы
________ Н.К.Мадияров
«01» 01 2020 ж.

**ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**
**(SYLLABUS)**
**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР ТЕХНОЛОГИЯСЫ» ПӘНІ БОЙЫНША**

| | |
|---|---|
| ББ мамандық атауы және шифры: | 6В01505-Биология |
| Курс: 2_, Семестр: 4_ | Тобы (топтары): ЕП-18-13К |
| Оқыту форматы: | 100% онлайн |
| Кредит саны: | 3_____ |
| Барлық сағат саны: | 90_______ сағат |
| Байланыс: | 45________ сағат |
| - лекциялар | 15________сағат |
| - практикалық сабақтары | 15________сағат |
| - ОСӨЖ | 15________сағат |
| - СӨЖ: | 15________сағат |
| - ағымдық: | 50________сағат |
| - аралық: | 10________сағат |
| Межелік бақылау: | 7 және 15 апта |
| Емтихан | 4______семестр |

**Сіздің оқытушыңыз:** Кастаев Серік Қанатұлы, магистр, оқытушы,
Кабинет: __. Корпус №___
ОСӨЖ кестесі сабақ кестесі бойынша_
Платформа: ZOOM, идентификатор номер: 654 448 2144, пароль: 0000
E-mail: kastaev_s@mail.ru ватсап 8702-192-85-52, және т.б.

Шымкент, 2020ж

# ҚОСЫМША К

## Акт

**Бекітемін**
**М. Әуезов атындағы ОҚУ**
**«Жаратылыстану ғылымдары-**
**педагогикасы» жоғары**
**мектебінің деканы,**
**п.ғ.к., доцент Мадияров Н.К.**
**____________________**
**«29» __01__ 2020ж.**

Оқу – әдістемелік құралдарды оқу үдерісіне

**ЕНДІРУ АКТІСІ**

Біз, PhD докторант С.Қ. Қастаевтың студенттерге арналып жасалған оқу-әдістемелік құралын М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Жаратылыстану ғылымдары-педагогикасы» жоғары мектебі, «Физиканы оқытудың әдістемесі мен теориясы» кафедрасында оқу үдерісіне ендірілгенін растаймыз.

«Педагогикалық тапсырмалар (*мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған*)» оқу әдістемелік құралы. Шымкент 2020ж.

Бұл оқу – әдістемелік құралын оқу үдерісіне ендіру болашақ мұғалімдердің кәсіби білімдері мен ұйымдастырушылық іскерліктерінің артуын септігін тигізді. Студенттердің өзіндік жұмыстарының сапасы мен өз мамандығына деген қызығушылықының арта түсуіне тигізетін пайдасы жоғары деп есептейміз.

«Физиканы оқытудың әдістемесі
мен теориясы» кафедрасының
меңгерушісі ф-м.ғ.к. Саидахметов П.А.

**Бекітемін**
**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік**
**педагогикалық университеті**
**«Физика-математика»**
**факультетінің деканы,**
**п.ғ.к., Ибашова А.Б.**
**______________**
**«29» ______ 2020ж.**

Оқу – әдістемелік құралдарды оқу үдерісіне

**ЕНДІРУ АКТІСІ**

Біз, PhD докторант С.Қ. Қастаевтың студенттерге арналып жасалған оқу-әдістемелік құралын Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, «Жаратылыстану» факультеті, «Физика» кафедрасында оқу үдерісіне ендірілгенін растаймыз.

«Педагогикалық тапсырмалар (мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған)» оқу әдістемелік құралы. Шымкент 2020ж.

Бұл оқу – әдістемелік құралын оқу үдерісіне ендіру болашақ мұғалімдердің кәсіби білімдері мен ұйымдастырушылық іскерліктерінің артуына септігін тигізді. Студенттердің өзіндік жұмыстарының сапасы мен өз мамандығына деген қызығушылықының арта түсуіне тигізетін пайдасы жоғары деп есептейміз.

«Физика» кафедрасының
меңгерушісі п.ғ.к., доцент м.а Орманова Ғ.К.

# ҚОСЫМША Л

## Куәлік



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

**КУӘЛІК**

**2024 жылғы «8» қараша № 51281**

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):
**КАСТАЕВ СЕРИК КАНАТОВИЧ**

Авторлық құқық объектісі: **әдеби туынды**

Объектінің атауы: **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР (мұғалімдердің оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған)**

Объектіні жасаған күні: **15.05.2024**

Құжат түпнұсқалығын http://www.kazpatent.kz/ru сайтының "Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады https://copyright.kazpatent.kz

Подлинность документа возможно проверить на сайте kazpatent.kz в разделе «Авторское право» https://copyright.kazpatent.kz

ЭЦҚ қол қойылды

С. Ахметов